



**ҚазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

ESG-күн тәртібі:

# ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР ТРЕНДІНДЕ

2021 ЖЫЛҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

# МАЗМҰНЫ


## ЕСЕП ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

### ФИБОНАЧЧИ САНЫ


Алтын қатынас (кейде өнер мен математикада Фибоначчи санын осылай атайды) табиғатта кеңінен қолданылуына байланысты, қоршаған әлемнің құрылымын реттейтін және өмірді дамуға бағыттайтын ғаламның ең үйлесімді заңдарының бірі болып саналады.

Қоршаған шындықты әрқашан жақсартуға ұмтылған адам мұндай үйлесімділіктің эстетикасын заңның табиғатын тұрақтандырушы ретінде қабылдайды.

ҚМГ орнықты даму туралы есептері ҚМГ-нің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі электрондық және интерактивті форматтағы веб-сайттарында көруге болады.



Есеп туралы	14
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	16
Басқарма Төрағасының үндеуі	18



Компания туралы	21
Компанияның жаңа стратегиясы және біздің мақсаттарымыз	27
Төмен көміртекті даму бағдарламасы	29
Бағдарлама туралы	29
Негізгі бағыттар және күтілетін нәтижелер	30
Климаттың өзгеруі. Парникті газдар шығарылымы	34
Энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу	38




Біздің орнықты дамуды басқаруға деген көзқарасымыз	41
Есептің маңызды тақырыптарын айқындау	45
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	47
Бастамалар және мүшелік	48
ТДМ қол жеткізудегі Компанияның үлесі туралы	52
Жаңа ESG рейтингі	57


# ЖАҢАНДЫҚ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР ТРЕНДІНДЕ



Біздің басқару тәсіліміз	59
Экологиялық менеджмент жүйесі	59
Экологиялық көрсеткіштер	63
Атмосфералық ауаны қорғау	70
Шикі газды ұтымды пайдалану	71
Су ресурстарын қорғау және суды ұтымды пайдалану	72
Қалдықтармен жұмыс істеу және жерді қалпына келтіру	76
Жұмыс алаңдарын жабу және қалпына келтіру	79
Теңіз ұңғымаларын басқару	80
Мұнайдың төгілуін болдырмау және жою	80
Биоалуантүрлікті сақтау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қолдау	82
Экологиялық төлемдер мен шығындар	89



Корпоративтік басқару	121
Цифрлық трансформациялаудың жетістіктері	136
Әдеп және адалдық	140
Әдепке жатпайтын мінез-құлық туралы кеңестерге жүгіну тетіктері	141
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	143
Экономикалық нәтижелілік	145
Құрылған және бөлінген экономикалық құн	146
ҚМГ Салықтық есеп саясаты	147
Инвестициялық жобаларды іске асыру	152
Сатып алу практикасы	156
Бәсекелестікке қарсы мінез-құлық	161
Әлеуметтік-экономикалық сәйкестік	161



Басқаруға біздің көзқарасымыз	91
Жұмыспен қамту	93
Тең мүмкіндіктер және персоналды ынталандыру	96
Адам құқықтарын сақтау және әлеуметтік қолдау	97
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау	102
Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы	107
COVID-19 пандемиясына ден қою – өндірістегі қауіпсіздік	109
Персоналды дамыту	111
Персоналды экологиялық менеджмент мәселелері бойынша оқыту	116
Біздің қауымдастықтар	118



Тәуелсіз тексеру жайлы есеп	164
1-қосымша. Есеп беру шекаралары, өзгерістер, ескертпелер	166
2-қосымша. Экологиялық индикаторлар	168
3-қосымша. GRI Content Index мазмұнының көрсеткіші	171
4-қосымша Аббревиатуралар мен қысқартулар	183
Байланыс ақпараты	188

# МҰНАЙ МЕН ГАЗ ӨНДІРУ

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

102-1, 102-2, 102-7, 102-8, OG1




### PRMS ҚОРЛАРЫ 2P САНАТЫ

млн т.м.б.




### МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ

мың тонна




### ТАБИҒИ ЖӘНЕ ІЛЕСПЕ ГАЗ

млн м<sup>3</sup>



### СО<sub>2</sub> ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ

1 000 тонна КСШ-ға тонна





## ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

2021 жылы көмірсутек шикізаты қорларының жиынтық өсімі негізінен «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚМГ Қашаған Б.В.» және «Қаражанбасмұнай» АҚ кен орындары есебінен 39,2 млн тоннаны құрады. КСШ қорлары өсімінің негізгі үлесі Өзен кен орнын жете барлау бойынша нәтижелерге тиесілі.

Қазіргі уақытта Компанияның операциялық активтерінде мұнай өндірудің 73%-ы жеті негізгі кен орнына тиесілі: Өзен және Қарамандыбас («Өзенмұнайгаз» АҚ), Қаламқас және Жетібай («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ), С. Нұржанов және Шығыс Молдабек («Ембімұнайгаз» АҚ), Қаражанбас («Қаражанбасмұнай» АҚ).

# ТАСЫМАЛДАУ


## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

102-1, 102-2, 102-7, 102-8, OG1




### МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ магистральдық құбырларымен

мың тонна



### ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ магистральдық құбырларымен

млн м<sup>3</sup>




\* Газ тасымалдау бойынша 2021 жылғы көрсеткіштер 2021 жылғы 1 қаңтардан 8 қарашаға дейін көрсетілген

## КАСПИЙ АЙМАҒЫ



### КАСПИЙ ӨҢІРІНДЕ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

мың тонна




## ҚАРА ЖӘНЕ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗДЕРІ



### МҰНАЙДЫ ТЕҢІЗ АРҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

мың тонна





## ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

ҚТКФ 2021 жылы өзінің танкерлік флотымен Каспий өңірінде 537 мың тонна мұнай тасымалдады, бұл жоспарлы көрсеткішке қатысты 99% (540 мың тонна) құрайды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қара және Жерорта теңіздерінде мұнай тасымалдау бойынша өндірістік көрсеткіштердің орындалуы 9 318 мың тоннаны немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты 185% (5 040 мың тонна) құрады.

Жалпы көлемнің 2 718 мың тоннасын жеке флот және 6 600 мың тоннасын жалға алынған кемелер тасымалдаған.


Ашық теңіздерде тасымалданғаны:

- Қара теңіздегі мұнай тасымалы – 3 546 мың тонна;
- Жерорта теңізіндегі мұнай тасымалы – 5 772 мың тонна.

# ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

102-1, 102-2, 102-7, 102-8, OG1



## ҚР ӨНДІРІЛГЕН ҚМГ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ



## СЕРВИС



ЖЕР ҮСТІ ЖӘНЕ ӘУЕ КӨЛІГІ



ТЕҢІЗ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ҚОЛДАУ



БҰРҒЫЛАУ ЖӘНЕ БІРІКТІРІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕР



МҰНАЙ-ГАЗ ЖАБДЫҚТАРЫН ӨНДІРУ



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ



ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



МҰНАЙ ТӨГІЛУІНЕ ДЕН ҚОЮ СЕРВИСІ



АУЫЗ СУ МЕН ТЕҢІЗ СУЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ



ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ  
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ Т. Б.





## ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

### *ӨЖБҚ модификациясы*

«Сәтті» өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысы (ӨЖБҚ) — бұл әлемдік стандарттарға сәйкес тұтастай Қазақстанда салынған алғашқы бұрғылау қондырғысы. ӨЖБҚ судың тереңдігі 5-тен 80 метрге дейін болғанда тереңдігі 6 000 метрден астам теңіз ұңғымаларын бұрғылауды жүзеге асыруға қабілетті 3 тіректегі В классындағы Kerrel FELS конструкциясына жатады.

2019-2021 жылдары Баку қаласында Caspian Drilling Company Ltd компаниясы базасының аумағында ӨЖБҚ модификациясы жүргізілді. ӨЖБҚ модификациясы оның жүк көтергіштігін 453-тен 680 тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

2021 жылы ӨЖБҚ BP компаниясының Shallow Water Absheron Peninsula құрылымында Каспий теңізінің әзірбайжан секторында бұрғылау операцияларына кірісті.

Жобаны іске асыру ҚМГ-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік берді, теңіз бұрғылау көшбасшыларының қатарына кіруге және әлемдік өлшемдерге сәйкес өндірістік персоналдың кәсіби даярлық деңгейін жақсартуға мүмкіндік берді.




# 1500

**КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ МЕН АРНАЙЫ  
ТЕХНИКАНЫҢ 1,5 МЫҢНАН АСТАМЫ  
СЕРВИСТІК БАҒЫТТА ЖҰМЫС  
ІСТЕЙДІ.**


# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

102-1, 102-2, 102-7, 102-8, OG1




\*ҚТГ-ны есепке алмағанда





**ҚазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ



# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК


## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

102-1, 102-2, 102-7, 102-8, OGI



### ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

млрд теңге




### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

%




### ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР КОЭФФИЦИЕНТІ

жұмыс уақытын жоғалтумен (LTIR)



### ӨЛІМ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ КОЭФФИЦИЕНТІ

(FAR)



### ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

%



### ЖЫЛДЫҚ ОРТАША САНЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ САҒАТ


бір қызметкерге





**ҚазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

SS




# БАСҚАРУ

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

102-1, 102-2, 102-7, 102-8, OG1

SUSTAINALYTICS  
RATED

### ESG РЕЙТИНГІ



■ ESG рейтингі ■ ESG-тәуекел-рейтингі


рwc

### КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ



### ПАЙДА

млрд теңге




### ЕЛ БЮДЖЕТІНЕ САЛЫҚТАР МЕН БАСҚА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР

млрд теңге



### САТЫП АЛУ

млрд теңге



### САТЫП АЛУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ

%





**ҚазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

G



## ЕСЕП ТУРАЛЫ

102-32, 102-46, 102-50, 102-52, 102-54, 102-56

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) орнықты даму саласындағы өз қызметі туралы есептілікті дайындауды 2008 жылдан бастап жыл сайынғы негізде жүргізіп, 2012 жылдан бастап есептілікті Жаһандық есептілік бастамасына (Global Reporting Initiative – GRI) сәйкес жариялап келеді.

Мүдделі тараптар алдында өз қызметінің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ жыл сайын орнықты дамуға, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жауапкершілікке өзінің көзқарасын жариялайды.

Осы Есеп Global Reporting Initiative Sustainability Reporting Standards: Core option (негізгі нұсқа) орнықты даму саласындағы есептілікті дайындау жөніндегі халықаралық басшылығына, сондай-ақ GRI G4 Oil and Gas Sector Disclosures мұнай-газ компанияларына арналған салалық қосымшаны сәйкес дайындалды.

Есепте 2021 күнтізбелік жылға арналған ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы шоғырландырылған ақпарат ұсынылған (есепте – ҚМГ, Компания, Компаниялар тобы деп аталады)<sup>1</sup>.

Есептің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғаларды қамтиды ([бөлімдер бойынша есептілік шекараларының егжей-тегжейлі сипаттамасы Есепке 1-қосымшада 166-бетте берілген](#)).

Компанияның қаржылық жағдайы мен өндірістік қызметінің нәтижелері Компанияның тиісті блоктарының ұйымдастырушылық қолдауымен Компанияның шоғырландырылған деректері пайдаланыла отырып ұсынылған. Осы Есепті дайындау кезінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша жасалған ҚМГ басқарушылық және аудиттелген қаржылық есептілігі пайдаланылды.

Есепті дайындау процесі, маңызды тақырыптарды айқындау және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

туралы [«Орнықты дамуды басқару» \(41-бет\)](#) бөлімінде толығырақ айтылған.

Көрсеткіштер бойынша деректерді салыстыру және салыстырмалау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ақпарат бірнеше жыл ішіндегі динамикада ұсынылған.

ҚМГ Орнықты дамуы туралы есебі ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және корпоративтік интернет-сайтта жариялау және баспа нұсқасын тарату арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі.

ҚМГ-ның орнықты дамуы туралы есептер электрондық форматта мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ҚМГ веб-сайтында қолжетімді:

[http://www.kmg.kz/kaz/ustoichivoe\\_razvitie/reports/](http://www.kmg.kz/kaz/ustoichivoe_razvitie/reports/).



Есептің интерактивті нұсқасы ҚМГ сайтында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылған [http://www.kmg.kz/kaz/ustoichivoe\\_razvitie/reports/](http://www.kmg.kz/kaz/ustoichivoe_razvitie/reports/).



Орнықты даму саласындағы халықаралық бастамаларды басшылыққа ала отырып, ҚМГ БҰҰ Жаһандық шартының (бұдан әрі – БҰҰ ЖШ) қағидаттарын ұстанады және өз қызметіне Орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ОДМ) интеграциялайды.

<sup>1</sup>ҚМГ мен «Самұрық-Қазына» АҚ арасында жасалған 11.03.2021ж. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі – ҚТГ) 100% жай акцияларын сенімгерлікпен басқару шартының 3.6-тармағына сәйкес Сенімгерлікпен басқарушы ҚМГ-мен белгілі бір құқықтар мен міндеттерді іске асыруды келісуге міндетті болатын мәселелер тізбесі айқындалды. Бұл тізімге еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, адами ресурстарды басқару және әлеуметтік жауапкершілік, сондай-ақ сатып алу қызметі бойынша шешімдер қабылдау мәселелері кірмеген. Сондай-ақ ҚМГ ДК 09.09.21ж. № 14/2021 (18-тармақ) шешіміне сәйкес ҚТГ 2021 жылғы қарашада Қор пайдасына иеліктен шығарылды және осы сәттен бастап бұл актив ҚМГ шоғырлануына кірмейді. Осыған байланысты, осы бөлімдер бойынша есептегі ақпарат ҚТГ-ны қоспағанда, ҚМГ тобы бойынша ұсынылды және осы актив бойынша ақпарат жеке ұсынылды.



# **ТҰРАҚТЫ ДАМУ** **МАҚСАТТАPЫ**




## БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары

АДАМ ҚҰҚЫҚТАPЫ	1-қағидат	Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.
	2-қағидат	Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
ЕҢБЕК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАCТАPЫ	3-қағидат	Іскерлік топтар бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс.
	4-қағидат	Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс.
	5-қағидат	Іскерлік топтар балалар еңбегін толық жоюды қолдауы тиіс.
	6-қағидат	Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.
ҚОРШАҒАН ОРТА	7-қағидат	Іскерлік топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс.
	8-қағидат	Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
	9-қағидат	Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс.
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІC-ҚИМЫЛ.	10-қағидат	Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

2006 жылдан бастап ҚМГ БҰҰ ЖШ мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады және БҰҰ ЖШ он қағидатына және 17 ОДМ-ға адалдығын қолдайды.

Компанияның Орнықты даму туралы жыл сайынғы есебі БҰҰ Жаһандық шарты шеңберіндегі ілгерілеу туралы біздің хабарламамыз болып табылады және <https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/6810> сілтемесі бойынша қолжетімді.



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

2021



**Кристофер Джон Уолтон**

Директорлар кеңесінің Төрағасы

## Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2021 жылғы орнықты дамуы туралы есебін ұсынамын.

Есепті кезеңді қорытындылай келе, **Компанияның орнықты дамуына байланысты жылдың негізгі жетістіктері мен өзгерістерін** атап өткім келеді.

### ҚМГ жаңа стратегиясы

2021 жылы біз ҚМГ-нің онжылдық кезеңге арналған жаңа даму стратегиясын бекіттік.

Компанияның Пайымы мен Миссиясы біздің орнықты даму қағидаттарына бейілділігіміз бен болашақ ұрпаққа деген қамқорлық туралы мәлімдемені қамтиды, ал төрт стратегиялық мақсат орнықты даму басымдықтарының призмасы арқылы құрылған.

«Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын үдемелі азайту» деген стратегиялық мақсаттарымыздың бірі орнықты даму жүйесін жетілдіруді көздейді, бұл Компанияның негізгі бизнес-процестеріне ESG қағидаттарын интеграциялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### Төмен көміртекті даму

Компанияның Даму стратегиясын іске асыруды қолдау, сондай-ақ климаттық күн тәртібінің маңыздылығын ұғына отырып, біз ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеп, бекіттік. Компания өндірістің энергия сыйымдылығын және көміртегі сыйымдылығын азайту және жаңартылатын энергия көздерін дамыту арқылы 2019 жылғы шығарындылар деңгейінен 2031 жылға қарай көмірқышқыл газы шығарындыларын 15%-ға азайтуға қол жеткізуді көздеп отыр. Аталған жұмысты жүйелеу үшін Компанияда Төмен көміртекті даму департаменті құрылды.

### Экология жылы

Жаңа экологиялық талаптар мен жаһандық үрдістерге сәйкес шаралар қабылдау мақсатында 2021 жыл Экология жылы болып жарияланды. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шаралар іске асырылды. Жаңа экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес ҚМГ-нің экологиялық саясаты жаңартылды, Компанияның табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі шараларды сақтау бойынша міндеттемелері күшейтілді. Суды тазарту және тұщыландыру бойынша бірнеше ауқымды жобалар іске асырылып жатыр.

### ESG рейтингі

2021 жылы біз «Sustainalytics» халықаралық рейтингтік агенттігі тарапынан орнықты даму саласындағы күш-жігеріміздің лайықты бағасын алдық. Компанияның рейтингі 72 балға дейін жақсарды, тәуекел-рейтингі жоғары 34,5 балдан орташа 28,4 балға дейін төмендеді.

Компания ESG-рейтингін алу бойынша Қордың портфельдік компаниялары арасында пионер болып табылады. Біздің мақсатымыз – осы көрсеткіш бойынша қол жеткізілген жоғары нәтижелілікті сақтау.

### ҚМГ-нің ОДМ қол жеткізудегі үлесі

Біз БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарының (ОДМ) халықаралық бастамасын қолдаймыз. Компания өзінің бизнес-процестеріне ҚМГ үшін басым болып табылады алты ОДМ-ны интеграциялады. Біздің ОДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесіміз бойынша бастамаларымыз бен жұмыс нәтижелеріміз корпоративтік сайтта жарияланған.

### Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау нәтижелері бойынша ҚМГ корпоративтік басқару рейтингі ВВ-дан ВВВ бағасына дейін көтерілді. Аудиторлар Компания жұмысындағы «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі», «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит», «Орнықты даму» және «Ашықтық» компоненттері бойынша оң өзгерістерді атап өтті.

Директорлар кеңесінің жанындағы Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеттің жұмысы аясында 2021 жылы бес отырыс өткізіліп, орнықты дамуға байланысты 52 мәселе қаралды.

### Адами капиталды дамыту және әлеуметтік жауапкершілік

Компанияның қызметкерлердің құқықтары саласындағы басқару жүйесін кешенді жақсарту және олардың денсаулығын қорғау жөніндегі шараларды күшейту мақсатында біз «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың Адам құқықтары және қоғаммен қатынастар саласындағы саясатын, сондай-ақ Персоналдың денсаулығын басқару жөніндегі бағдарламаны әзірледік.

Цифрлық трансформациялау аясында ҚМГ тобы персоналын кәсіпорындар қызметін үздіксіз жақсартуға тарту, ұқыпты өндіріс мәдениетін

қалыптастыру, цифрлық сауаттылықты арттыру бойынша бірнеше жоба табысты іске асырылып келеді. Мысалы, Lean 6 Sigma бағдарламасы өндіруші компаниялардың қызметкерлерін жобалық басқару бойынша сертификаттаудан басқа, оларды экономикалық нәтиже алып, үлкен инвестицияларды қажет етпейтін қарапайым жақсартуларды үнемі іздеуге және енгізуге ынталандырады. 2021 жылы мұнай өндіруде 13 LSS жобасы іске асырылды. Бұған дейін LSS әдістемесі мұнай өңдеу зауыттарында сәтті енгізілді. Бағдарлама аясында 2016 жылдан бастап МӨЗ-де барлығы 156 жоба іске асырылды.

Атырау мұнай өңдеу және Павлодар мұнай-химия зауыттарында, сондай-ақ «ПетроҚазақстан Ойл Продактста» МӨЗ операторларының ұқсас жағдайларда авариялық және штаттық жағдайларды пысықтау үшін компьютерлік тренажер кешендері (КТК) енгізіліп жатыр, бұл адами факторға байланысты нақты өндірістерді іркілістерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

«Qazaqstan Project Management Awards» ұлттық байқауының қорытындысы бойынша Lean 6 Sigma жобасы «Мұнай өңдеу және мұнай-химия» бизнес бағытында 2021 жылғы Қазақстандағы ең үздік жоба болып танылды, ал КТК енгізу жобасы 3-ші орынға ие болды.

### Жобаларды басқару

Біз орнықты даму қағидаттарын қолдануды ескере отырып, жобаларды басқару процестеріндегі маңызды өзгерістерді бастадық. ESG-критерийлері бойынша жобаларды бағалауды қолдана отырып, корпоративтік құжаттарды жаңарттық, қызметкерлерді GPM P5 (Green Project Management) стандарты бойынша жобалар мен тәуекелдерді бағалаудың практикалық құралдарын қолдану бойынша оқыттық. Жобаларды бағалау процесін қайта құру арқылы біз барлық ESG-тәуекелдерді ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша шешім қабылдауға тырысамыз.

Қорытындылай келе, біздің барлық стейкхолдерлерімізге, атап айтқанда, осынау қиын кезеңде бізбен бірге жұмыс істеген серіктестерімізге алғыс айтқым келеді. Орнықты даму жолында ниеттестеріміздің барын жоғары бағалаймыз.

Құрметпен,  
**Кристофер Джон Уолтон**  
Директорлар кеңесінің Төрағасы

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



**Мағзұм Мырзағалиев**

Басқарма Төрағасы

## Құрметті оқырмандар!

Соңғы жылдары біз қаржылық, сондай-ақ өндірістік салада бізге әсер еткен бірқатар оқиғалармен бетпе-бет келдік. 2021 жылы COVID-19 пандемиясының салдарымен күресті жалғастыра отырып, өндірістің тоқтауына жол бермедік.

2022 жылдың басынан бастап Компания бірқатар елішілік және геосаяси сын-тегеуріндерге тап болды. Бұл оқиғалар Компанияның қызметіне, сондай-ақ, әлемдік энергия ресурстары нарығына да айтарлықтай әсерін тигізді.<sup>2</sup>

2021 жылы жаңа сын-тегеуріндерді ескере отырып, ҚМГ-нің онжылдық кезеңге арналған жаңа Даму стратегиясы бекітілді, стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде «Орнықты даму және өндірістің көміртегі сыйымдылығын үдемелі азайту» айқындалды. Сондай-ақ Компанияның көміртегі ізін азайту саласындағы негізгі тәсілдер мен шараларды жүйелеу мақсатында біз 2022-2031 жылдарға арналған төмен көміртекті дамыту бағдарламасын әзірледік.

Біз 2031 жылға қарай CO<sub>2</sub> тікелей және жанама шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден 15%-ға, өндірістің көміртегі мен энергия сыйымдылығын кемінде 10%-ға азайтуды, ҚМГ үлесіне жалпы қуаты кемінде 300 МВт ЖЭК жобаларын іске асыруды көздеп отырмыз.

Орнықты даму көрсеткіштерін басқару жүйесін жетілдіру және негізгі ESG-тәуекелдерді ұғыну үшін біз ESG критерийлерін компания қызметіне интеграциялауды жалғастырдық. «Sustainalytics» халықаралық агенттігі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орнықты даму саласындағы рейтингінің тәуекел көрсеткішін 34,5-тен 28,4 балға дейін жақсартты, бұл халықаралық мұнай-газ нарығындағы елеулі ESG тәуекелдерді басқарудағы ҚМГ-нің мықты позициясының айғағы.

<sup>2</sup> Елішілік және геосаяси сын-тегеуріндер: 2022 жылғы қаңтардың басындағы ҚР-дағы төтенше жағдай және 2022 жылғы ақпандағы РФ мен Украина арасындағы қақтығыс, сондай-ақ көптеген батыс елдері тарапынан РФ-ға қарсы кейінгі көптеген санкциялар.

Компания осы оқиғаларды есепті кезеңнен кейінгі түзетілмейтін оқиғалар ретінде бағалайды, олардың сандық әсерін ағымдағы сәтте жеткілікті дәрежеде сенімділікпен бағалау мүмкін емес. Қазіргі уақытта ҚМГ басшылығы өзгеріп отырған микро- және макроэкономикалық жағдайлардың Компанияның қаржылық жағдайына және орнықты даму саласындағы қызметінің нәтижелеріне ықтимал әсеріне талдау жүргізіп жатыр.

Сыртқы сын-тегеуріндерге байланысты уақытында қабылданған 2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шаралар Компанияға қаржылық тұрақтылықты біртіндеп сақтауға және пандемияға дейінгі кезеңнің қаржылық көрсеткіштері деңгейіне оралуға мүмкіндік берді. Есепті кезеңде таза пайда 1 197 млрд теңге болды. Сонымен қатар, ҚМГ ең ірі салық төлеушілердің бірі бола отырып, 2021 жылы ел бюджетіне 787 млрд теңге салық және басқа да міндетті төлемдерді төледі.

ҚМГ-нің тағы бір басты міндеті отандық өндірушілерді қолдау және тауарлар мен қызметтерді сатып алуда жергілікті қамтуды ұлғайту болып табылады. Қазақстандық компаниялардан ҚМГ компаниялар тобы бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 1 216 млрд теңгені құрады, сатып алудағы жергілікті қамту үлесі 78% болды.

Өндірісте COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын азайту және аурудың алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жалғасуда, компаниялар тобы бойынша эпидемияға қарсы іс-қимыл бойынша барлық қажетті ұйымдастыру іс-шаралары жүргізіліп жатыр және тиісті кешенді шаралар қабылдануда. Есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің 76% вакцинацияланды.

Компания қызметінің маңызды басымдығы қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету. Компания өндірістегі қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету бойынша жұмысқа ерекше көңіл бөледі.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша Компанияда өткен жылмен салыстырғанда еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың саны 7%-ға азайды. Өкінішке орай, адам өлімімен аяқталған бір жазатайым оқиға болғанын, Румыниядағы «Petromidia» МӨЗ-де болған өрттің салдарынан біздің 3 жұмыскеріміз қайтыс болғанын атап өткен жөн. Тергеу қорытындысы бойынша алда осындай оқиғаларға жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылданды, жұмыскерлердің қауіпсіздігін күшейту шаралары бойынша түзету іс-шараларының егжей-тегжейлі жоспары әзірленді.

Дағдарыстың әсеріне қарамастан, біз өндірістік жұмыскерлер үшін барлық жұмыс орындарын сақтап қалдық және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмысты жалғастырып жатырмыз.

Ішкі әлеуметтік бағдарланған бағдарламаларды іске асыру біз үшін аса маңызды. Оларды ілгерілетуде, бірінші кезекте, Компания жұмыскерлері үшін қолайлы

жағдайлар жасауға баса назар аударылады. Бұл материалдық ынталандыру, кәсіби өсуді бекіту және арттыру, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары. ҚМГ өз жұмыскерлеріне кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсынады. ҚМГ кәсіпорындарының ұжымдық шарттарында жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлер үшін отыз бестен астам әлеуметтік қолдау түрі көзделген.

Әлеуметтік шиеленістің алдын алу, еңбек даулары мен жанжалдардың туындауы мәселелері ерекше назарда. Компанияның кәсіподақтармен өзара іс-қимылы әлеуметтік серіктестік аясында жүзеге асырылады. ҚМГ тобында жергілікті кәсіподақтарды есептегенде ҚМГ қызметкерлерінің мүдделерін қорғайтын 28 кәсіподақ комитеті жұмыс істейді. Барлық ҚМГ компаниялар тобында келісім комиссиялары құрылып, жұмыс істеп жатыр. ҚМГ-нің барлық өндірістік кәсіпорындарында әрбір жұмыскердің кәсіпорын басшылығына сұрақтармен жүгіну және уақтылы жауап алу мүмкіндігі регламенттелген, жылына екі рет жүйелі түрде бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен есеп беру кездесулері, басшылардың кәсіподақтармен кездесулері өткізіліп отырады.


ҚМГ өз қызметін жүзеге асыратын өңірлерде жыл сайын жергілікті даму бастамаларына қолдау көрсетіп отырады. 2021 жылы өңірлердегі әлеуметтік жобаларды, соның ішінде Жаңаөзен қаласын дамытудың кешенді жоспары аясындағы жобаларды қаржыландыру үшін 5 миллиардтан астам теңге бөлінді.

Жұмыскерлердің құқықтарын мүлтіксіз сақтау, қызметкерлердің еңбек жағдайларын үнемі жақсарту, сатып алу рәсімдерінің ашықтығы, өнеркәсіптік қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға қойылатын жоғары талаптар және корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері біз үшін дамудың басты басымдықтары болып қала береді. «Жаңа Қазақстанды» таңдай отырып, біз осы мәселелерді басқаруда жаңа стандарттар мен тәсілдерді таңдаймыз

Құрметпен,  
**Мағзұм Мырзағалиев**  
Басқарма Төрағасы

2021

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – көмірсутектерді барлау мен өндіруден, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап, мамандандырылған сервистік қызметтер көрсетуге дейінгі толық өндірістік циклді жүзеге асыратын бірегей тігінен біріктірілген мұнай-газ операторы.

ҚМГ «Ел экономикасының мұнай-газ секторында мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 248 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 811 қаулысына сәйкес құрылды. ҚМГ «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы», «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының және «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» акционерлік қоғамының құқықтық мирасқоры болып табылады. ҚР Үкіметі атынан ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті ҚМГ құрылтайшысы болып табылады.

ҚМГ акционерлері: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) (90,42%) және «ҚР Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі (9,58%).

ҚМГ компаниялар тобының құрамына дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ға тиесілі 110 компания кіреді, оның ішінде 56 компания ҚР аумағында орналасқан.

Қалған активтер Румыния, Грузия, Швейцария, Нидерланды, Канада, Болгария, Молдова, Ресей, Түркия, Ұлыбритания, БАӘ, Британдық Виргин аралдары, Маршалл аралдары, Багамалар, Бермудтар сияқты елдерде орналасқан.

Топтағы заңды тұлғаларды қысқарту, оның ішінде қосалқы холдингтерді тарату/қайта ұйымдастыру есебінен қысқарту жекешелендіру бағдарламалары мен дивестициялар шеңберінде жүргізіледі.

2020 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңа «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын» бекітті (ҚР Үкіметінің 29.12.2020 ж. №908 қаулысы), оның шеңберінде ҚМГ құрылымына кіретін 48 (қырық сегіз) компанияны шығару көзделген, оның 22-сі (жиырма екеуі) Дивестициялар бағдарламасына енгізілген.

2021 жылғы 9 желтоқсанда ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен (19/2021 хаттама 28-тармақ) 2021 жылғы 04 қарашадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ стратегиялық емес активтерінің бекітілген тізбесіне (Дивестициялар бағдарламасы) өзгерістер енгізілді, ол 2021-2025 жылдар аралығындағы кезеңде 47 компанияны шығаруды көздейді.

## ҚМГ акционерлері:



90,42%

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ)



9,58%

«ҚР Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі

Дивестиция бағдарламасы аясында 2021 жылы 6 компания сатылды:


1. «Технологиялық көлікті басқару және ұңғымаларға қызмет көрсету» ЖШС қатысу үлесінің 100%-ы
2. «Семсер өрт сөндіруші» ЖШС қатысу үлесінің 99,8%-ы
3. «ҚазМұнайГаз-Инжиниринг» ЖШС қатысу үлесінің 100%-ы
4. Rominserv Valves Ialfo S.R.L қатысу үлесінің 100%-ы
5. Palplast S.A. қатысу үлесінің 98,82%-ы
6. «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС қатысу үлесінің 49,99%-ы

6 компания таратылды:

1. Rompetrol Albania Sh.A.
2. Rompetrol Albania Downstream
3. Rompetrol Albania Wholesale
4. Rompetrol Distribution Albania
5. Rompetrol Ukraine LTD
6. Agat LTD

2021 жылғы 9 қарашада ҚМГ мен «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) арасында жасалған 2021 жылғы 3 қарашадағы ҚТГ жай акцияларының 100%-ын сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес ҚТГ акциялары Қордың пайдасына берілді.

### ҚҰН ЖАСАУДЫҢ ӨНДІРІСТІК ТІЗБЕГІ






Осыған байланысты ҚМГ құрылымынан 14 компания шығарылды:

1. «ҚазТрансГаз» АҚ
2. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ
3. «Интергаз Орталық Азия» АҚ
4. «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС
5. «АвтоГазАлматы» ЖШС
6. «Бейнеу-Шымкент» газ құбыры» ЖШС
7. «Азиялық газқұбыры» ЖШС
8. «Азиялық газқұбыры-Хоргос» ЖШС (50%)
9. «ҚазТрансГаз-Бішкек» ЖШҚ
10. «Амангелді Газ» ЖШС
11. «Qazaq Gas Qurylys» ЖШС
12. KTG Finance B.V
13. «КазМунайГаз-Сервис NS» АҚ
14. «Отан Газ» ЖШС

Каучук өндіру жобасын «Татнефть» ЖАҚ-мен бірлесіп жүзеге асыру мақсатында «Бутадиен» ЖШС-ға қатысу үлесінің 25%-ы сатып алынды.

2021 жылы барлығы: 20 компания сатылды, 6 компания таратылды, 1 компания сатып алынды.



## ҚМГ РЕСУРСТАРЫНАН ӨНДІРІЛГЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ЖЕТКІЗУ ҮЛЕСІ МЕН БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛЕ ОТЫРЫП ЭКСПОРТТАУ

р/с №	Мұнай өнімдері	2021 жылдың 12 айындағы нақтысы		
		көлемі, т	Елдер	Үлес, %
1	Мазут	541 967	Еуропа	100%
2	ТАЖҚ*	165 724	Еуропа	100%
3	Тазалығы жоғары Параксилол	25 172	Қытай	100%
4	Жазғы дизель отыны, К4, К5, Е-К4	19 198	Еуропа	34%
		28 461	Өзбекстан	50%
		9 465	Тәжікстан	17%
5	Бензол	3 523	Ресей	100%
6	Жиынтық Кокс	28 790	Қытай	59%
		20 121	Ресей	41%
7	Қыздырылған Кокс	10 819	Қытай	65%
		5 918	Ресей	35%
8	Күкірт	12 069	Еуропа	71%
		4 885	Африка, Нигерия	29%
9	Газ (Бутан)	489	Тәжікстан	50%
		482	Ресей	50%
<b>Барлығы:</b>		<b>877 083</b>		

2021

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) далалық ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын тиіп жөнелтуді жүзеге асырады, сондай-ақ жылыту кезеңінде әлеуметтік-өндірістік объектілер мен мекемелерді мазутпен қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ ҚМГ «ҚМГ-Аэро» ЖШС арқылы және биржалық сауда-саттық арқылы 2021 жылы 9 жергілікті әуежай мен авиакомпания, сондай-ақ 7 коммерциялық компания үшін авиациялық отын өткізді:

- «Астана халықаралық әуежайы» АҚ
- «Әулие-Ата халықаралық әуежайы» АҚ
- «Шымкент әуежайы» АҚ
- «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ
- Deutsche Lufthansa Aktiengesellschaft (Германия)
- Aerofuels Overseas Limited (Ресей)
- «Эйр Астана» АҚ
- «QAZAQ AIR» АҚ
- «Scat» АҚ
- «ҚазАвиаСпас» АҚ
- «Винес Трейдинг» ЖШС
- «Asia Invest Industries» ЖШС

### ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

Jet-A1 авиаотын өндірісі

2020 жылдан бастап ҚР барлық МӨЗ JET-A1 халықаралық класты авиаотын өндіруге технологиялық дайын.

Бұл ретте мыналар назарға алынады:

- Отандық авиакомпаниялардың әуе кемелерінің JET A-1 маркалы авиаотынды пайдалануға дайындығы;
- Халықаралық нарыққа жеткізу мүмкіндігі;
- ҚР әуежайларының тартымдылығын арттыру;
- ҚР әуежайларының жанармай құю кешендерін халықаралық стандарттар бойынша дамыту мүмкіндігі.

ТС-1 және РТ маркалы авиаотындарымен салыстырғанда JET A-1 маркалы авиаотынның негізгі артықшылықтарының бірі JET A-1 маркалы авиаотынның жақсартылған өрт, жарылыс қауіпті қасиеттері болып табылады.

Мұнай өнімдерінің қалған көлемі сырттан сатып алушыларға ішкі нарықта және экспортқа сатылады.

2021 жылдың 1-тоқсанында ҚМГ дизель отынын (57 мың тонна) экспорттады. Ашық түсті мұнай өнімдері экспорты көлемінің 2020 жылмен салыстырғанда 79%-ға төмендеуі ҚР ішкі нарығында тұтынудың өсуіне байланысты.

2021 жылы мұнай өнімдерін экспорттық жеткізу құрылымында қара мұнай өнімдерін Еуропаға жөнелту басым болды. Дизель отынының, мұнай химиясының, кокстың, күкірттің және бутанның көлемі Еуропаға, Қытайға, Нигерияға, Ресейге, Өзбекстан мен Тәжікстанға жеткізілді.

ҚМГ кейіннен үш мұнай өңдеу зауытында (батыста Атырау МӨЗ, шығыста Павлодар МХЗ және республиканың оңтүстігінде «ПҚОП» ЖШС МӨЗ (Шымкент қаласы)) өңдеу үшін 2021 жылы Батыс

Қазақстанда орналасқан төрт еншілес мұнай өндіруші компаниядан мұнай сатып алды.

Мұнай мен оны өңдеу бойынша қызметтердің жалпы құны 423 млрд теңгені құрады.

ҚР Энергетика министрлігі бекіткен мұнай жеткізу кестесіне сәйкес ҚМГ 2021 жылдың тамыз айынан бастап Шымкент қаласындағы «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС МӨЗ-де (бұдан әрі – ПҚОП) мұнай өңдеуге және өндірілген мұнай өнімдерін сатуға кірісті. 2021 жылдың қорытындысы бойынша ПҚОП-та барлығы 147 мың тонна ҚМГ мұнай өңделді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында мұнай өнімдерінің биржалық саудасына белсенді түрде кірісті. 2021 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша электрондық сауда алаңдарында сұйытылған мұнай газы көлемінің 75%-ы және ашық түсті мұнай өнімдері көлемінің 10%-ы сатылды.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨНДІРІЛГЕН ҚМГ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН КӨТЕРМЕ САУДАДА ӨТКІЗУ, МЫҢ ТОННА

Өнім	2019			2020			2021		
	ішкі нарық	экспорт	барлығы	ішкі нарық	экспорт	барлығы	ішкі нарық	экспорт	барлығы
Бензин	789	37	826	647	163	810	1195	0	1195
Дизель отыны	1028	0	1028	930	115	1045	1291	57	1348
Авиациялық отын	85	0	85	65	0	65	120	0	120
Маэут	188	469	657	211	402	613	241	542	783
Вакуумдық газойль	0	167	167	0	155	155	0	166	166
Битум	65	0	65	87	0	87	83	0	83
Кокс	40	51	91	61	57	118	79	66	145
Күкірт	2	13	15	6	5	11	3	17	20
Бензол	0	12	12	0	19	19	0	4	4
Параксиллол	0	55	55	0	90	90	0	25	25
Сұйытылған газ	114	0	114	133	1	134	162	1	163
Пеш отыны	7	0	7	6	0	6	4	0	4
Технологиялық отын	0	0	0	0	0	0	382	0	382
Өзге	14	0	14	15	0	15	18	0	18
<b>Барлығы</b>	<b>2 332</b>	<b>804</b>	<b>3 136</b>	<b>2 161</b>	<b>1 007</b>	<b>3 167</b>	<b>3 577</b>	<b>877</b>	<b>4 454</b>

Елдің ішкі нарығы отандық өндірістегі мұнай өнімдерімен 100% қамтамасыз етілді.

Кеден одағының 013/2011 «Автомобиль және авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы» техникалық регламентіне (бұдан әрі – КО ТР) сәйкес шығарылатын отынның сапасы К4 және К5 экологиялық кластарына (Еуро-4 және Еуро-5 аналогтары) сәйкес келеді.

КО ТР сәйкес автомобиль бензинінде және дизель отынында құрамында металл бар қосындыларды (құрамында марганец, қорғасын және темір бар қосындыларды) қолдануға жол берілмейді, күкірт мөлшері 50 мг/кг артық емес, бензол 1% артық емес болып белгіленді.

ҚР МӨЗ-дерін жаңғыртудың мақсаты – шығарылатын мотор отындарының сапасын К-5 класс деңгейіне дейін (Евро-5 стандарт аналогы) арттыру.

Бұл ретте, көлік құралдары қозғалтқыштарының жұмысы кезінде пайдаланылған газдардан адам денсаулығына антропогендік әсердің басым көзі болып табылатын шығарылатын мотор отындарында зиянды заттардың құрамы төмендеді:

- күкірт бойынша 10 есе (күкірт тотығының түзілу көзі);
- хош иісті заттар бойынша 1,5 есе (күйе түзілу көзі);
- бензол бойынша 5 есе (бензопереннің пайда болу көзі – канцероген, 1-қауіптілік класына жатады).

Сондай-ақ, 2021 жылы «АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «ПКОП» ЖШС, «СП «Сaspi Bitum» ЖШС-да 2031 жылға дейін энергия, ресурс үнемдеу және атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

**Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында шығарылатын өнімнің сапасы туралы ақпарат МӨЗ-дің ресми сайттарында қолжетімді:**

[https://www.pnhz.kz/product/quality\\_of\\_product/](https://www.pnhz.kz/product/quality_of_product/)



<https://www.anpz.kz/production/product/>



[http://www.petrokazakhstan.kz/kaz/pages/processing\\_subdivision\\_kaz.html](http://www.petrokazakhstan.kz/kaz/pages/processing_subdivision_kaz.html)



**Компанияның өндірістік қызметі мен қаржылық нәтижелері туралы толығырақ 2021 жылғы жылдық есепте баяндалған**



[www.kmg.kz/kaz/investoram/reporting-and-financial-result](http://www.kmg.kz/kaz/investoram/reporting-and-financial-result)

# КОМПАНИЯНЫҢ ЖАҢА СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ БІЗДІҢ МАҚСАТТАРЫМЫЗ

102-16, 102-44

Тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы бола отырып, ҚМГ өзінің алдына қойылған міндеттерді табысты шешеді, елдің күш-жігерін мұнай-газ саласын одан әрі дамытуға шоғырландырады және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуде Үкіметке жәрдемдеседі.

2017 жылға дейін Компания инвестициялар мен сатып алулар есебінен қарқынды өсу стратегиясын іске асырды, оларды қаржыландыру қарыз капитал арқылы жүргізілді, бұл ҚМГ борышының жоғары деңгейінің негізгі себебі болды. Компания ірі активтерді сатып алып, көмірсутектер қорын өсіре алды, мұнай өңдеу қуаттарын жаңғырта алды, мұнай мен газды ел ішінде және ҚР аумағынан тыс тасымалдау және экспорттау үшін жаңа инфрақұрылымды кеңейтіп, құра алды. Бұл экономиканың қарышты дамуын қамтамасыз етті және елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосты.

Компанияның 2018 жылы қабылдаған Даму стратегиясы біртіндеп органикалық өсуге бағытталған және негізінен қаржылық орнықтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Осы жылдар ішінде Компания өзінің алдында тұрған орта мерзімді міндеттерін негізінен шешті.

2020 жылы әлемдік дағдарыстың жағымсыз салдарын еңсеру мақсатында ҚМГ 2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шараларды әзірледі. ҚМГ ОПЕК+ келісімі шеңберінде мұнай мен конденсат өндіруді

қысқарту бойынша өзіне алған міндеттемелерді ҚМГ толық орындады, қызметтің барлық бағыттарында өндірістік процестің үздіксіздігін қамтамасыз етті, қаржылық орнықтылығын сақтап қалды, даму жобаларына инвестицияларды жалғастырып, болашақ өсу үшін әлеуетін сақтап қалды. Әлемдік трендтердің өзгеруі, стейкхолдердің мүдделеріндегі жаңа стратегиялық міндеттер, сондай-ақ Компанияның жаңа мүмкіндіктері 2021 жылы ҚМГ-нің өзінің Даму стратегиясын өзектендіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп, оның барысында таяудағы 10 жылдық кезеңге – 2031 жылға дейін басым мақсаттар қалыптастыруына себеп болды.

Компания экономикаға, экологияға және қоғамға өз ықпалының маңыздылығын сезінеді және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік басымдықтардың, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы міндеттердің келісімділігін қамтамасыз ету мақсатында Компанияның негізгі бизнес-процестеріне орнықты даму қағидаттарын интеграциялауды жалғастырады.

Таяудағы он жылда Компанияның өсуі ресурстық базаның өсуі, ағымдағы өндірістің тиімділігі, жаңа бөліністерді дамыту, заманауи технологияларды енгізу және көміртегі ізін қысқарту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

## ПАЙЫМЫ

Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және орнықты даму қағидаттарына сай келетін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағдарланған тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы.

## МИССИЯСЫ

Біз энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстанның дамуы мен өркендеуі үшін болашақ ұрпаққа деген қамқорлықпен табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды игереміз.

## МАҚСАТЫ

Компанияның пайымына сәйкес **төрт стратегиялық мақсат** айқындалды.

1. Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база.
2. Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру.
3. Бизнесі ертараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту.
4. Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын үдемелі төмендету.

2021

**Акционерлер үшін барынша көп пайданы қамтамасыз ету Мұнай-газ секторында мемлекет мүдделерін сақтау**

Акционерлер мен мемлекет үшін нәтиже

**Қаржылық тұрақтылық. Кредиттік рейтинг.**

ҚМГ-ның тұрақты міндеті

### 1-МАҚСАТ

Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

### 2-МАҚСАТ

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

### 3-МАҚСАТ

Бизнесі ертараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту

### 4-МАҚСАТ

Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын үдемелі төмендету

Стратегиялық мақсаттар

Қызметтің барлық бағыттары бойынша орнықты даму

Қызметкерлердің денсаулығын басқару

Энергетикалық көшу және көміртегі ізін азайту

4-ші стратегиялық мақсатты орындауға арналған стратегиялық бастамалар

1. CO<sub>2</sub> тікелей және жанама шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден 15%-ға төмендету
2. Өндірістің көміртегі мен энергия сыйымдылығын кемінде 10%-ға төмендету.
3. ҚМГ үлесіне жалпы қуаты кемінде 300 МВт болатын ЖЭК жобаларын іске асыру

2031 жылға қарай 4-стратегиялық мақсатты іске асырудың негізгі нәтижелері



# ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

102-15, 102-44

## БАҒДАРЛАМА ТУРАЛЫ

Бүгінгі таңда климаттың өзгеруіне қарсы күрес, өнеркәсіпті көміртектендіру әлемдік саяси, инвестициялық және сауда күн тәртібіне берік енген. Көміртегі ізін азайту жаһандық жылынуға қарсы күресте маңызды фактор болып табылады.

Көміртектендірудің орнықтылығы мен ұзақ мерзімділігі Париж климаттық келісінде бекітілген, оның жаһандық мақсаты – климаттың өзгеруінің өсуін 2100 жылға дейін 1,5 С-тан асырмай ұстап тұру. Сондай-ақ, 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 55%-ға төмендету мақсатын көздейтін ЕО-ның климаттық саясатын қатаңдату арқылы жүзеге асырылады. Осы саясатты іске асыру үшін Еуропалық Одақ көміртекті көп қажет ететін өнімдер импортына шекаралық көміртекті реттеуді енгізуді жоспарлап отыр.

Өз кезегінде, Қазақстан Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізу жолында күш-жігерді жандандыру және амбицияларды өрістету бойынша жаһандық күн тәртібін қолдайды және 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға қысқартуға ерікті үлес қоспақ.

Өткен жылдың қараша айында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев климаттық амбициялар жөніндегі саммитте сөз сөйлеп, Қазақстанның 2060 жылға

қарай климаттың өзгеруімен күресуге және көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге дайын екенін мәлімдеді. Мемлекет басшысы мәлімдеген мақсатты іске асыру үшін 2060 жылға қарай Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі доктрина әзірленуде.

2021 жылғы 13 қазанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қолдауымен Нұр-Сұлтан қаласында Мемлекет басшысы Қ. Қ. Тоқаевтың қатысуымен «Париж келісімінің мақсаттарына және Қазақстанның көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жолдары» атты халықаралық конференция өтті. Конференция жұмысына БҰҰ-ның жоғары лауазымды тұлғалары, халықаралық сарапшылар, іскерлік орта мен азаматтық қоғамның, қаржы институттарының өкілдері, даму бойынша әріптестер мен БАҚ өкілдері де қатысты. Төменкөміртекті тақырыптарға арналған көрмеде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы А.С. Айдарбаев Қасым-Жомарт Кемелұлына біздің компаниямыздың көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсаттары мен жолдарын таныстырды.

<https://akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomart-tokaev-komirteginе-beytaraptykka-kol-zhetkizu-zhonindegi-halykaralyk-konferenciya-ga-katysty-1393320>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ елдің төмен көміртекті дамуы жөніндегі мемлекеттік саясатты қолдау, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2021 жылғы 24 мамырдағы № 47 р және 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 32-р хаттамалық



тапсырмаларын орындау үшін «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – «ҚазМұнайГаз» ҰК » АҚ) 2022-2031 жылдар кезеңіне арналған төмен көміртекті даму бағдарламасын (бұдан әрі – ТКДБ, Бағдарлама) әзірледі, оны Компанияның Директорлар кеңесі 2021 жылғы 4 қарашада бекітті.

Бағдарлама ҚМГ-ның төмен көміртекті дамуының бірыңғай негізін айқындайды және Компанияның көміртегі ізін азайту саласындағы қызметін жүйелейді.

Негізгі мақсат – ҚМГ-ның климаттық амбицияларын айқындау, қолда бар әлеуетті талдау, дамудың негізгі бағыттарын айқындау және Компанияның дайындық деңгейін арттыру арқылы көміртегі ізін азайту саласындағы негізгі тәсілдер мен шараларды жүйелеу болып табылады.

## НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Бағдарламаның құрылымы бес негізгі бөлімнен тұрады (көміртекті реттеуді талдау және негізгі трендтер, ҚМГ ІГ шығарындыларын түгіндеу, сценарийлік модельдеу, ТКДБ стратегиялық бағыттары, іске асыру тетігі).

Бағдарламаның кіріспе бөлімі бірінші кезекте ҚМГ-ның негізгі сауда серіктестерін қоса алғанда, халықаралық және ұлттық климаттық реттеуді, олардың Компанияның орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін сақтауға әсерін талдауға арналған, бұл ҚМГ-ның төмен көміртекті дамуының негізгі алғышарттарын айқындады.

Ағымдағы жағдайды талдау және Бағдарламаны одан әрі әзірлеу үшін базалық желіні айқындау мақсатында парниктік газдар шығарындыларына егжей-тегжейлі түгіндеу жүргізілді.

Түгіндеу тікелей (Score 1) және жанама (Score 2) шығарындылар бойынша жүргізілді.

- Тікелей – бұл ҚМГ меншігіндегі көздердегі өндірістік процестер кезінде көмірсутек отынын жағумен және еріксіз ұшпа шығарындылармен байланысты парниктік газдардың шығарындылары;
- сырттан жеткізілетін электр және жылу энергиясын, ыстық су мен буды тұтынумен байланысты жанама шығарындылар.

Осы бағдарламаның мақсаттары үшін тікелей шығарындыларда CO<sub>2</sub> ғана ескеріледі.

Базалық жыл ретінде 2019 жыл таңдалды, өйткені ол экономикалық дағдарыс әсер еткен 2018 жылдан және коронавирустық инфекцияның пандемиясы әсер еткен 2020 жылдан айырмашылығы ҚМГ компаниялар тобының әдеттегі операциялық қызметіне жақын.

Түгіндеу нәтижесінде жиналған деректер базасында ҚМГ дамуының сценарийлік моделі жасалды. Модельде үш сценарий қарастырылды – базалық, жасыл даму сценарийі және төмен көміртекті даму сценарийі.

Модель ҚМГ ЕТҰ «Business as usual» сценарийі кезінде ІГ шығарындыларының 2030 жылға дейінгі өзгеруінің әртүрлі динамикасын көрсетеді деп болжайды. Барлық активтер бойынша ІГ шығарындыларының жалпы өсімі 2019 жылға қарағанда шамамен 4% құрайды. Бұл ретте модельдің болжамы талданатын деректердің шектеулілігіне байланысты болашақта жоспарланатын мұнай-газ химиясы жобалары ескерілмей келтірілген.

Жасыл сценарийде энергия тиімділігі, электрлендіру, сондай-ақ жаңартылатын энергетиканы пайдалану жөніндегі шаралар арқылы активтердің ағымдағы операциялық құрылымын сақтай отырып, ІГ шығарындыларын азайту көзделеді.

Төмен көміртекті даму сценарийінде жоғарыда көрсетілген шараларға сүтегі өндіру, көміртекті ұстау және сақтау технологияларын, белсенді офсеттік саясатты (климаттық жобаларды дамыту) белсенді енгізу жобалары қосылады. Алайда, елдің жаңа технологияларға дайындығы бойынша ағымдағы жағдайды, көміртегі бағасының төмен деңгейін, рұқсаттық және заңнамалық базадағы жекелеген олқылықтарды, инфрақұрылымның нашар дамуын және т.б. ескере отырып, көрсетілген бағыттар көп инвестицияны қажет етеді, бірақ 2031 жылға қарай көміртегі ізін төмендету тұрғысынан айтарлықтай нәтиже бермейді.

Баяндалғанды ескере отырып, энергия тиімділігі шаралары мен ЖЭК-ке назар аударыла отырып, 2031 жылға дейін неғұрлым перспективалы сценарий ретінде жасыл даму сценарийі таңдалды.

Сонымен қатар, перспективалы бағыттар қолайлы жағдайлар туындаған жағдайда, кейіннен масштабтау үшін құзыреттер мен не өз әлеуетін арттыру мақсатында пилоттық режимде тестіленуі тиіс. Бағдарлама шеңберінде көрсетілген шаралар «көміртексіздендірудің қосымша шаралары» жеке блогына бөлінген.




Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ елдік саясат пен ҚМГ даму болжамдарын ескере отырып, Компания үшін жасыл даму сценарийі шеңберінде қол жеткізуге болатын мақсат 2019 жылғы шығарындылар деңгейінен 2031 жылға қарай көмірқышқыл газының

шығарындыларын 15%-ға немесе CO<sub>2</sub> 1,6 млн тоннаға қысқарту болып табылады.


Суретте көрсетілген мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін негізгі шаралар көрсетілген.

## ҚМГ 2022-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

### МАҚСАТЫ



### НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР



### ҚОСЫМША ШАРАЛАР

#### СУТЕК ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМУ:

- ҚМГ әлеуетін өсіру үшін сутек пайдалану бойынша Құзырет орталығын құру
- сутек ұтқырлығы бойынша пилоттық жоба

#### КӨМІРТЕКТІ ҰСТАУ ЖӘНЕ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ (CCS):

- КИН ұлғайту әлеуетін талдаумен бірге пилоттық жоба

#### ОРМАН-КЛИМАТТЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ:

- 2000 га (жылына 10-16 мың т. CO<sub>2</sub>-бал.)

#### ФАКЕЛДЕРДЕ РУТИНАЛЫҚ ЖАҒУ:

- 29,8 мың т CO<sub>2</sub>-бал.

#### МЕТАННЫҢ КЕМІН БОЛДЫРМАУҮШІН LDAR ЕНГІЗУ

Көмірқышқыл газының шығарындыларын CO<sub>2</sub> экв 1,6 млн тоннаға азайту ЖЭК ні белсенді пайдалану есебінен қамтамасыз етілетін болады, олардың энергия балансындағы үлесі 2031 жылға қарай 2019 жылғы деңгейден 15%-ға ұлғаюы тиіс, сондай-ақ ҚМГ операциялық процестерінің энергия тиімділігін арттыру есебінен де қамтамасыз етіледі. Энергия тиімділігі бойынша қолда бар әлеуетті айқындау мақсатында ҚМГ қолда бар және әлеуетті шараларға талдау жүргізді. Іс-шаралар бірыңғай тізілімге жинақталған, ол инвестициялар, энергия ресурстарын үнемдеу әлеуеті, ІГ шығарындыларын азайту және енгізуден болатын қаржылық әсер параметрлері бойынша көміртексіздендіру бағдарламасын серпінді жаңартуға мүмкіндік береді.

Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру шеңберінде ҚМГ объектілердің белгіленген қуаты кемінде 300 мВт болатын ЖЭК жобаларын іске асыруды жоспарлап отыр (2031 жылға қарай жиыны), ол үшін ЖЭК саласындағы жобаларды іске асыру бойынша әлеуетті әріптестермен (оның ішінде ірі халықаралық компаниялармен) келіссөздер жүргізілуде. Қазіргі уақытта ҚМГ 2021 жылғы 26 шілдедегі Eni S.P.A. ірі итальяндық мұнай-газ компаниясымен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, оның шеңберінде ЖЭК объектілерін салу және пайдалануға беру бойынша бірқатар жобаларды бірлесіп іске асыру жоспарлануда. <https://www.kmg.kz/kaz/press-centr/press-relyiz/>



Бұдан басқа, 2021 жылы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «Самұрық-Қазына» АҚ, «КазМұнайГаз» ҰК АҚ және Total Eren S.A Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Қол қойылған құжат Қазақстан аумағында жалпы қуаты шамамен 1 ГВт болатын жел энергиясын пайдаланатын гибриді электр станцияларын дамытуға, қаржыландыруға, салуға және пайдалануға бағытталған. <https://www.kmg.kz/kaz/press-centr/press-relyiz/>



ТКДБ негізіне енген жоғарыда аталған іс-шаралардан басқа, ҚМГ Компанияның төмен көміртекті дамуының ұзақ мерзімді стратегиясында перспективалы болуы мүмкін көміртексіздендірудің қосымша шараларын әзірледі. Оларға мыналар жатады:

- көміртекті ұстау және сақтау саласындағы жобаларды іске асыру (CCS);
- сутегі энергетикасын дамыту;
- орман-климаттық жобалар.

Бұл жобалар Компанияның көміртегі ізін азайтуға қосымша үлес қосуды қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді перспективада ҚМГ үшін бизнестің жаңа бағыттары болуы мүмкін. Осыған байланысты ағымдағы кезеңде ҚМГ көрсетілген бағыттарды пилоттауға кірісті. **«Пилоттық» жобаларды іске асыру Компанияның әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді және ұзақ мерзімді перспективада ҚМГ-ның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.** Қазірдің өзінде ҚМГ көміртегі диоксидін (CCUS) ұстау, сақтау және өндірілген мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру үшін CO<sub>2</sub> айдау әлеуетін айқындау жөніндегі пилоттық жобаны әзірлеу және іске асыру бойынша жұмыс жүргізуде, бұл 2031 жылға дейін орта мерзімді перспективада мыналарға мүмкіндік береді:

1. Өндірілген мұнай резервуарларына немесе су тұтқыш жиектерге ұстап алу және айдау есебінен ҚМГ өнеркәсіптік объектісінде парниктік газдар шығарындыларының деңгейін төмендету.
2. Технологияларды сынақтан өткізу (көміртегі диоксидін (CCUS) ұстау, сақтау жөніндегі жобаларды іске асыру және оларды кейіннен масштабтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық және рұқсаттық базасын қалыптастыру үшін нәтижелерді пысықтау).

Осы жұмыс шеңберінде әлеуетті объект-көздерді бөле отырып, ЕТҰ-да CO<sub>2</sub> шығарындылары көздерінің скринингін жүргізу, өндірілген мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру үшін CO<sub>2</sub> айдау бойынша перспективаларды зерделеу және бағалау, кейіннен эксперименттік объектіні жобалау, салу және пайдалануға беру арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау (таңдалған локацияның ерекшелігін ескере отырып) болжанып отыр. ҚМГ активтерінде скрининг жүргізу жөніндегі жұмыстардың алдын ала кезеңін 2023 жылы аяқтау жоспарланып отыр, бұл 2024-2025 жылдары жобаның бірінші кезеңін (зерттеу және жобалау) іске асыруға мүмкіндік береді.

Қызметтің осы бағыты бойынша құзыреттілікті арттыру үшін 2021 жылғы қыркүйекте «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Шелл Қазақстан Б.В.» компаниясы Көміртекті ұстау, кәдеге жарату және сақтау технологиясын (CCUS) дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандум көміртекті ұстау мен кәдеге жаратудың негізгі критерийлерін айқындау және әзірлеу мақсатында CCUS технологиясын пайдалану бойынша пилоттық жобаны іске асыру үшін әлеуетті мүмкіндіктерді бірлесіп зерделеуді көздейді. Құжат тараптардың ұзақ мерзімді өзара тиімді әріптестігін нығайтуға, сондай-ақ Париж келісімі шеңберінде республика қабылдаған парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі міндеттемелерге қол жеткізу жөніндегі Қазақстанның күш-жігерін қолдауға бағытталған. Қол қойылған құжат шеңберінде «Шелл» техникалық сарапшылары ұқсас CCUS жобаларды іске асырудағы халықаралық тәжірибесімен бөлісуге ниетті.



ҚМГ дайындық жұмыстары Қазақстанда сутегі энергетикасын дамыту бағытында жүргізілуде. Осы жұмыстың нәтижесінде 2023 жылдан кешіктірмей Қазақстан аумағында сутегі ұтқырлығы бойынша пилоттық жобаны іске асыру жоспарлануда, бұл технологияларды сынақтан өткізуге мүмкіндік береді және Қазақстан Республикасының сутегі отыны саласындағы заңнамалық және рұқсаттық базасын қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Осы бағытты дамыту мақсатында 2021 жылғы 12 қазанда «Эр Ликид Мунай Тех газа» ЖШС-мен (көлік секторындағы сутегі бастамаларын дамытуға бағытталған Air Liquide бөлімшесі) Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Ынтымақтастық сутегі қозғалтқышы бар автомобильдерге арналған сутегі құю станциясын (СҚС) салу бойынша тараптардың өзара іс-қимылын көздейді. Бұл технология Қазақстанда алғаш рет ұсынылады.

Air Liquide-тің сутекті жеткізудің барлық тізбегі бойынша: өндірістен бастап соңғы тұтынушыларға арналған қосымшаларды сақтауға, таратуға және дамытуға дейін құзыреттілігі мен тәжірибесі бар. Бүгінгі таңда компания бүкіл әлем бойынша 120-дан астам сутегі құю станцияларын жобалап, орнатты.

<https://www.kmg.kz/kaz/press-centr/press-relizy/>

Сондай-ақ, 2021 жылғы 29 қазанда сутегі энергетикасы бойынша перспективалық жобаларды іске асыру шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен Linde технологиялық компаниясы арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Тараптар Қазақстандағы таза энергетика саласындағы ынтымақтастық пен жобаларды бірлесіп әзірлеу туралы уағдаласты. Ынтымақтастықтың бірінші кезеңі шеңберінде табиғи газды шикізат ретінде («көгілдір» сутегі және «көгілдір» аммиак) және/немесе су электролизін («жасыл» немесе «көгілдір» сутегі және «жасыл» немесе «көгілдір» аммиак) пайдалана отырып, сутегі мен аммиакты өндіру мүмкіндігі зерделенетін болады. Техникалық-экономикалық негіздеме жүргізіліп, сәтті келісімдерге қол жеткізілгеннен кейін Қазақстан аумағында «жасыл» сутегі мен «жасыл» аммиак өндіру жобасын іске асыру жоспарлануда.

<https://www.kmg.kz/kaz/press-centr/press-relizy/>



## КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ. ПАРНИКТІ ГАЗДАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ

103-1, 103-2, 103-3, 305-1, 305-2, 305-4, 305-5, 305-6, 305-7

Біз табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтай отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалана отырып және табиғат қорғау қызметін үнемі жетілдіре отырып, өз қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін барынша азайту жөніндегі шараларға бірінші кезекте назар аударамыз. Табиғи ресурстарды ұқыпты және ұтымды пайдалану, экологиялық тәуекелдерді барынша азайту біздің басымдықтарымыз болып табылады. Нысаналы бағдарламалар шикі газды алауларда жағуды азайтуға, жаңартылатын энергия көздері негізінде «жасыл» энергетиканы дамытуға және жалпы энергия тиімділігін арттыруға бағытталған.

ҚМГ корпоративтік орталық деңгейінде парниктік газдар шығарындылары және атмосфераға ластаушы заттар саласындағы еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметін басқарады, эмиссияларға рұқсат, парниктік газдар шығарындыларына квота, шикі газды жағуға рұқсат сияқты қызметті жүргізуге барлық қажетті рұқсат беру құжаттарын уақтылы алуды бақылайды.

Атмосфералық ауаға әсерді азайту саласындағы бағдарламалар: өндіруші секторда шикі газды дамыту және өңдеу бағдарламаларын орындау, мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту бағдарламасы, тасымалдау секторында Жаңа объектілерді салу кезінде жаңа қолжетімді технологияларды қолдану және т. б. бағдарламаларды кезең-кезеңімен орындау атмосфераға ластаушы заттар мен парниктік газдардың үлестік шығарындыларын қысқартуға, шикі газдың пайдалы пайдаланылуын арттыруға әкеледі.

ҚМГ компаниялар тобындағы Шығарындыларды басқару саясаты жұмыс істейді, онда атмосфераға зиянды әсерді төмендету жөніндегі қызметті басқарудың негізгі қағидаттары айқындалған:

1. қызметін заңнамалық талаптарға және Компанияның өзге де міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте жүзеге асыру;
2. шығарындылардың белгіленген нормативтерін және ластаушы заттар шығарындыларына лимиттерді,

ТҚДБ Іске асыру шеңберінде ҚМГ табиғи шешімдерге негізделген жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, ҚМГ жалпы ауданы 2 000 га болатын орман климаттық жобаларды дамыту мақсатын қойды. Компания орман өсіру жобасы көміртекті сіңіруге қарсы күресте оң нәтиже беріп қана қоймай, сонымен қатар климаттың өзгеруіне бейімделу шараларына өз үлесін қосуы керек деп болжайды.

Қазіргі уақытта ҚМГ Павлодар орман мекемесінің аумағында орналасатын Павлодар қаласының жасыл аймағын құруды жоспарлап отыр. Бүгінгі таңда бұл аумақ 7 533,0 га құрайды, оның ішінде 4 532,0 га орманды жерлер. Халықты жасыл екпелермен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекетаралық стандарттарға сәйкес дала аймағында (Павлодар облысының аумағы) тұратын 1 мың адамға 20 га орман тиесілі болуы тиіс.

Осылайша, 333 мың адамнан астам халқы бар Павлодар қаласының жасыл аймағы кемінде 6 670 га болуы тиіс. Орман алқабының қазіргі дефицитін ҚМГ өз жобасы шеңберінде жабуды жоспарлап отыр.

- парниктік газдар шығарындыларына квоталарды сақтау;
3. рөлдер мен міндеттерді нақты бөлу, құзыреттілікті арттыру, оқыту және хабардар болу;
  4. шығарындыларды тұрақты есепке алуды, түгендеуді және мониторингілеуді жүргізу;
  5. көмірсутек шикізатын өндіру кезінде шикі газды тұрақты жағуды тоқтату;
  6. парниктік газдар шығарындыларын азайту және «көміртегі ізін» азайту жөніндегі іс-шараларды жүргізу;
  7. көміртегі активтерін басқару;
  8. шығарындыларды басқару жөніндегі қызметті тұрақты жақсарту.

Біз ұлттық заңнаманың, алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттардың талаптарын, Компанияның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ішкі құжаттарының және басқа да ішкі корпоративтік құжаттардың ережелерін ұстанамыз, экологиялық тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды жүргіземіз, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз іс-қимылдарымыздың айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз етеміз.

Біз атмосфералық ауаға әсерді төмендету бойынша өндірістік объектілердің қызметін жақсарту жұмыстарын жалғастырудамыз. Біз өліміздің нормативтік заңнамалық базасын жетілдіруге белсенді қатысамыз, эмиссияларды басқару жөніндегі жұмыс тобының отырыстарын өткіземіз, климаттың өзгеруіне байланысты форумдарға, конференцияларға қатысамыз, шығарындыларды азайту стратегиясын іске асыруда өз қабілеттерімізді арттыру үшін біліміміз бен дағдыларымызды жетілдіреміз.

ҚМГ ұзақ мерзімді Даму Стратегиясында климаттық аспектілер бойынша мынадай басым бағыттар айқындалды:

1. парниктік газдардың атмосфераға шығарындыларын басқару;
2. ілеспе мұнай газын күнделікті алауда жағуды қысқарту;
3. өндірілген өнім көлеміне шығарындылардың қарқындылығы бойынша көрсеткіштерді жақсарту және энергия тиімділігін арттыру;
4. метанның ағып кетуін азайту;
5. жасыл жобаларды қаржыландыруды ұлғайту.

Климаттың өзгеруіне қарсы күрестің жаһандық тренді бүкіл әлемдегі компаниялардың қызметіне көбірек әсер етеді. ҚМГ қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және орнықты даму қағидаттарына жауап беретін 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті. ҚМГ даму стратегиясына сәйкес көміртегі ізін азайту мақсатында төмен көміртекті даму Компания дамуының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

ҚМГ мемлекет декарбонизацияға алған бағытты қолдай отырып, 2022-2031 жылдар кезеңіне арналған өзінің төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірледі және бекітті, оның мақсаты 2019 жылмен салыстырғанда көміртегі ізін 15%-ға төмендету болып табылады. Климаттың өзгеруі мәселелері стратегиялық деңгейде бақыланады: Директорлар кеңесі, ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті.

Біз энергияға өсіп келе жатқан әлемдік сұранысты қанағаттандыру үшін мұнай және табиғи газ өндіруді ұлғайтуға ұмтыламыз, осыған байланысты табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтай отырып, табиғат ресурстарды ұтымды пайдалана отырып және табиғат қорғау қызметін үнемі жетілдіре отырып, өз қызметіміздің қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайту жөніндегі шараларға бірінші кезекте назар аударамыз.

Біз сыртқы ортаның өзгерістерін және мүдделі тараптардың сұраныстарын ескере отырып, атмосфералық ауаға шығарындыларды қысқарту бойынша ұзақ мерзімді мақсаттарды айқындауды жоспарлап отырмыз.

## Парниктік газдар шығарындылары

305-1, 305-4, 305-3, 305-6



2021 жылы Carbon Disclosure Project алаңында 2020 жылға арналған Климаттық сауалнама жарияланды, ол Румыния мен Грузиядағы еншілес ұйымдарды қоса алғанда, ҚМГ-ның барлық активтері бойынша парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының көлемі туралы деректерді қамтиды.

Есепке көмірқышқыл газы (CO<sub>2</sub>), метан (CH<sub>4</sub>), азот оксиді (N<sub>2</sub>O) кіреді. Парниктік газдардың тікелей шығарындылары жөніндегі деректер әрбір ЕТҰ бойынша аккредиттелген тәуелсіз ұйымдардың қорытындыларымен расталған. 2021 жылғы Ақпарат CDP есебінде 2022 жылдың III тоқсанында ашылады. Ақпаратты ашу кезінде біз жүйелілік пен салыстырмалылық принципін ұстанамыз. Біз ақпаратты ашудың толықтығын арттыру және 3-деңгейдің жанама шығарындылары бойынша есептілік салаларын кеңейту бойынша үздіксіз жұмыс істейміз.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша 2021 жылы парниктік газдардың (CO<sub>2</sub>) тікелей шығарындыларының көлемі CO<sub>2</sub> 6,9 млн тоннаны (CO<sub>2</sub> экв 11,4 млн тонна) құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден сәл жоғары.

2021



<b>1-деңгей</b>					
<b>ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАР</b>					
<b>Қызмет бағыттары бойынша бөлу</b>			<b>2019</b>	<b>2020</b>	<b>2021</b>
Өндіру	млн т CO <sub>2</sub> экв*	3,8	4,1	4,3	
Өңдеу	млн т CO <sub>2</sub> экв*	4,8	6,2	6,1	
Тасымалдау	млн т CO <sub>2</sub> экв*	6,6	5,5	0,2	
<b>Елдер бойынша бөлу</b>					
Қазақстан	млн т CO <sub>2</sub> экв*	14,2	14,9	9,9	
Румыния	млн т CO <sub>2</sub> экв*	1,0	0,9	0,7	
Грузия	млн т CO <sub>2</sub> экв*	0,007	0,01	0,01	
<b>Парниктік газдар түрлері бойынша шығарындыларды бөлу</b>					
CO <sub>2</sub>	млн т CO <sub>2</sub>	9,7	8,7	6,9	
CH <sub>4</sub>	млн т CO <sub>2</sub> экв*	5,5	6,6	3,2	
N <sub>2</sub> O	млн т CO <sub>2</sub> экв*	0,02	0,5	0,5	
<b>2-деңгей</b>					
<b>ЖАНАМА ШЫҒАРЫНДЫЛАР</b>					
	млн т CO <sub>2</sub> экв*	3,4	3,5		
<b>3-деңгей</b>					
<b>САТЫЛҒАН ӨНІМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДАН</b>					
	млн т CO <sub>2</sub> экв*	71,7	61,3		

Ақпарат CDP Климаттық сауалнамасында 2022 жылдың 3-тоқсанында ашылады <https://www.kmg.kz/kaz/investoram/reporting-and-financial-result/>

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 2021 жылы парниктік газдардың (CO<sub>2</sub>) тікелей шығарындыларының көлемі 2,6 млн тонна CO<sub>2</sub> (7,4 млн тонна CO<sub>2</sub> экв.), бұл 2020 жылдың көрсеткішінен 24%-ға жоғары.

CO<sub>2</sub> шығарындыларының қарқындылығы 1 000 тонна өндірілген көмірсутек шикізатына 102 тоннаны құрады, бұл Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер

қауымдастығының (IOGP) салалық орташа көрсеткішінен 10%-ға төмен, ол 1 000 тонна КСШ-ға 113-ті құрайды.

**СО<sub>2</sub> ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ****CH<sub>4</sub> ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ**

Парниктік газдар шығарындылары қарқындылығының өсуі парниктік газдар шығарындыларын есептеу тәсілдерінің өзгеруімен байланысты.

Компания өз қызметінде климаттың өзгеруіне әсер ететін озонды бұзатын заттардың шығарылуын жүзеге асырмайды. Мерзімді бақылау және мониторинг жүргізіледі. Климаттың өзгеруі мәселелері тәуекелдерді сәйкестендіруді және қоршаған ортаға жүктемені азайту жөнінде шаралар қабылдауды талап етеді.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі  
Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрауышы

болып табылады және стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін әлеуетті тәуекел оқиғаларын уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және азайтуға бағытталған. Компания климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді ескереді және өз қызметінің барлық кезеңдерінде қоршаған ортаға әсерді және парниктік газдар шығарындыларын барынша төмендеті отырып, тұрақты болашаққа өз үлесін қосуға ұмтылады. Корпоративтік тәуекелдер тізілімі климаттың өзгеруіне байланысты жаңа тәуекелмен кеңейтілді. Біз тоқсан сайын Директорлар кеңесінің алдында ОТОС саласындағы тәуекелдер туралы есеп береміз.

Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер	Төменкөміртекті экономикаға көшуге байланысты тәуекелдер	<p><b>Саяси және нормативтік-құқықтық тәуекелдер</b> (мысалы, парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін көміртегі бағасын белгілеу/көтеру тетіктерін енгізу; мемлекеттің шығарындылардың үлестік коэффициенттерін пайдалану арқылы ғана квоталарды бөлу әдісіне көшуі, соның салдарынан кейбір кәсіпорындарда квоталар тапшылығы туындауы мүмкін; шығарындыларды төмендету үшін энергия тұтынуды қысқарту; энергия тиімді шешімдер қабылдау; парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін энергия тұтынуды пайдалану тиімділігін арттыру және Жерді пайдаланудың неғұрлым тұрақты әдістерін ілгерілету).</p> <p><b>Нарықтық тәуекел</b> (климатқа байланысты белгілі бір тауарларға, өнімдерге және қызметтерге сұраныс пен ұсыныстың өзгеру қаупі).</p> <p><b>Технологиялық тәуекел</b> (ЖЭК, энергия тиімді технологиялар, FT, көміртекті ұстау және сақтау технологиялары және декарбонизацияның өзге де технологиялары сияқты жаңа технологияларды әзірлеу және пайдалану).</p> <p>Төменкөміртекті экономикаға көшуге оның үлесі не осы ауысудан жалтаруы тұрғысынан мүдделі тараптардың компанияны қабылдауын өзгертуге байланысты <b>бедел тәуекелдері</b>.</p>
	Климаттың өзгеруінің физикалық әсеріне байланысты қауіптер	<p>Циклондар, дауыл, су тасқыны сияқты төтенше ауа-райының әсерінен болатын <b>қысқа мерзімді қауіптер</b>.</p> <p>Климаттық модельдердегі ұзақ мерзімді өзгерістерден туындаған <b>жүйелі (со-зылмалы) тәуекелдер</b> (мысалы, жоғары ауа температурасының ұзақ кезеңі, теңіз деңгейінің көтерілуі және жағалау ұңғымаларының су басуы).</p>

## ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

### Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру

103-1, 103-2, 103-3

ҚМГ компаниялар тобында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын жалғастыруда. ҚМГ корпоративтік орталығы энергия тұтыну және энергия тиімділігі көрсеткіштері бойынша деректерді жинайды және талдайды, прогресті қадағалайды және жақсарту үшін мүмкіндіктерді сәйкестендіреді, өткен кезеңмен және саланың ұқсас компанияларының көрсеткіштерімен (IOGP) бенчмаркинг жүргізеді.

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» халықаралық стандартының едіснамасына негізделеді, ол осы қызметте жүйелі басқару бойынша үздік жалпыға танылған халықаралық практика болып табылады.

### Энергия ресурстарын тұтыну

302-1, OG3


2021 жылы барлығы 118,0 млн ГДж<sup>3</sup> отын-энергетикалық ресурстар (2020 жылға қарағанда 1%-ға артық), оның ішінде электр энергиясы – 12,8 млн ГДж, жылу энергиясы – 4,3 млн ГДж, мотор отыны – 1,2 млн ГДж, қазандық – пеш отыны – 99,7 млн ГДж тұтынылды (бұл ретте табиғи газ энергия ресурстарын жалпы тұтынудың 24%-ын және ІМГ 24%-ын құрайды). Энергия тұтыну көлемі үш бизнес-бағыт арасында бөлінген: «Мұнай және газ өндіру», «Мұнай тасымалдау» және «Мұнай және газ өндеу».

2021 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша меншікті өндірілетін энергия көлемі 466,8 млн кВт электр энергиясын және 3 985 мың Гкал жылу энергиясын құрады.

Инновациялық технологияларды қолдану және ЖЭК пайдалану мұнай-газ саласындағы салыстырмалы түрде жаңа, бірақ соған қарамастан перспективалы бағыт болып табылады.

2021 жылы ЖЭК, қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес АМӨЗ және ММГ «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС-нің жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген өз қажеттіліктеріне 7 264 мың кВт көлемінде электр энергиясын сатып алды. 2021 жылы аумақты жарықтандыру үшін ПКОП күн панельдерімен электр энергиясын өндіру 47 мың кВт сағатты құрады.

### ОТЫН ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУ, %



Ескертпе: ҚТГ-да 2021 жылдың 10 айында тұтыну – 48,45 млн ГДж отын-энергетикалық ресурстарды, оның ішінде электр энергиясын – 0,26 млн ГДж, мотор отынын – 0,26 млн ГДж және табиғи газды – 47,9 млн ГДж құрады.

<sup>3</sup> ҚТГ ескергенде, 2021 жылы энергия тұтыну бойынша деректер 166,4 млн ГДж болды.



## Ұйымнан тыс энергияны тұтыну

302-2

Қазіргі уақытта біз ұйым ішінде ғана энергетикалық ресурстарды тұтынудың есебін жүргіземіз, осыған байланысты ұйымнан тыс энергияны тұтыну осы есепте көрсетілмеген.

2021 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша 49 іс-шара орындалды, отын – энергетикалық ресурстардың жылдық жоспарлы үнемделуі 0,34 млн ГДж, заттай көріністе-5,3 млн кВт электр энергиясы және 8 107 мың м<sup>3</sup> табиғи газды құрады.

## Энергия сыйымдылығы

302-3

## Энергияны тұтынуды азайту

302-4

ҚМГ компаниялары тобының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіруді және тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ меншікті, оның ішінде ІМГ пайдалана отырып, генерациялау көздерін дамыту.

2021 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша көмірсутектерді өндіру бағыты бойынша орташа энергия тұтыну өндірілген КСС тоннасына 2,4 ГДж құрады, бұл Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) көрсеткішінен 58%-ға жоғары қалып отыр, ол 2020 жылы өндірілген көмірсутектердің тоннасына 1,4 ГДж құрады. Мұнай өндіруде энергия ресурстарын нақты тұтынудың артуы, ең алдымен, жетілген кен орындарында өндірістің сулануының артуымен байланысты, өйткені өндірілетін сұйықтықтың нақты тығыздығы және, тиісінше, өндірудің механикаландырылған әдістеріне тұтынылатын энергия артады.

OG3


## ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

ҚТГ-ға енгізілген ЖЭК тиімді жұмыс істеді 2021 жылы ҚТГ компаниялар тобы бойынша көздер бойынша бөле отырып, өндірілетін (өндірілетін) жаңартылатын энергияның жалпы көлемі мынаны құрады:

- 2021 жылы жылу сорғыларымен геотермалдық (жылу) энергия өндіру – 678,54 Гкал құрады. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға арналған Waterkotte типті геотермалдық жылу сорғылары жұмыс істейді.
- ҚТГ бойынша күн панельдерімен электр энергиясын өндіру 2021 жылы – 109 068 кВт\*сағ құрады.
- «ИЦА» АҚ инженерлік-техникалық орталығының аумағын жарықтандыру үшін күн панельдерімен электр энергиясын өндіру – 7 776 кВт сағат.
- «Тереңөзек» АГРС және «Жосалы» АГРС, «Қызылорда» МГҚБ тазарту құрылғыларын іске қосу тораптарында орнатылған күн панельдерімен электр энергиясын өндіру – 5 092 кВт сағат.
- «Қазақстан – Қытай» МГҚ желілік бөлігіндегі кран тораптарында орнатылған күн панельдерімен электр энергиясын өндіру – 96 200 кВт сағат.
- 2021 жылы аумақты жарықтандыру үшін ПКOP күн панельдерімен электр энергиясын өндіру 47 мың кВт сағатты құрады.

2021

# ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ















- 1-қағидат Іскерлік орта Халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарының қорғалуын қолдауы және құрметтеуі тиіс.
- 2-қағидат Іскерлік орта Адам құқықтарының бұзылуына қатыспауы тиіс.
- 4-қағидат Іскерлік орта мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жоюды қолдауы тиіс.
- 6-қағидат Іскерлік орта Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс
- 8-қағидат Іскерлік орта қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауға тиіс
- 10-қағидат Іскерлік орта сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы тиіс



## БІЗДІҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

102-15, 103-1, 103-2, 103-3, 201-2


Біздің орнықты даму аспектілерін басқару жөніндегі тәсілдемеміз орнықты дамудың мынадай қағидаттарын енгізуге негізделеді:

-  АШЫҚТЫҚ
-  ЕСЕПТІЛІК
-  АЙҚЫНДЫҚ
-  ӘДЕПТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ
-  МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН  
ҚҰРМЕТТЕУ
-  ЗАҢДЫЛЫҚ
-  АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ
-  СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІК
-  МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ
-  ЖЕКЕ МЫСАЛ

ҚМГ мынадай элементтерді қамтитын орнықты даму саласындағы тиімді басқару жүйесін құруға ұмтылады:

- басқарудың барлық деңгейлерінде Компанияның орнықты даму қағидаттарын ұстануы;
- орнықты дамудың үш аспектісі бойынша сыртқы және ішкі жағдайды талдау: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік;
- әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы орнықты даму саласындағы тәуекелдерді анықтау;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау және стейкхолдерлер картасын жасау;
- орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ПӘК анықтау;
- орнықты даму саласындағы басым бағыттарды (бастамаларды) іске асыру;
- орнықты дамудың негізгі бизнес-процестерге интеграциясы;
- компания қызметкерлерінің орнықты даму саласындағы біліктілігін арттыру;
- орнықты даму бойынша жыл сайынғы есеп беру процесін ұйымдастыру;
- орнықты даму саласындағы нәтижелілікті өлшеу;
- орнықты даму процесін жетілдіру.

## ҚМГ-ДАҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ



**ҚМГ Директорлар кеңесі** орнықты даму қағидаттарын енгізуге және ТДМ-ға қол жеткізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады. Компанияның орнықты дамуы туралы жыл сайынғы шоғырландырылған есепті бекітеді.

**ҚМГ ДК ҚКЕҚОҚОДК** орнықты даму мәселелерін, ОДМ қол жеткізу мәртебесін қарауды және ұйымдастыруды, орнықты даму саласындағы саясатты бекіту жөніндегі ұсынымдарды, ҚМГ-ның орнықты дамуы туралы жыл сайынғы есепті, бекітілуі ДК құзыретіне жататын орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын және өзге де ішкі құжаттарды дайындауды, орнықты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттерін енгізуді, басқару жүйесін қалыптастыруды жүзеге асырады орнықты даму, орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ПӘК-ті айқындау саласында, ҚМГ-да орнықты дамудың енгізілуін бақылауды жүзеге асыру, ҚМГ-ның негізгі процестеріне орнықты дамудың интеграциялануы.

**ҚМГ Басқармасы** компанияда орнықты даму даму саласындағы қағидаттарды, саясаттарды, стандарттарды және іс-шаралар жоспарын тиісінше іске асыруды және енгізуді жүзеге асырады. Орнықты даму саласындағы қызметтің мониторингін, орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ-ның орындалуын және ТДМ-ға қол жеткізуді бағалауды жүзеге асырады.

**ҚМГ Басқарма төрағасының орнықты даму мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары** орнықты даму саласындағы бастамалар бойынша мақсаттар

мен ҚНҚ-ға қол жеткізу жөніндегі тәсілдерді үйлестіруді және орнықты даму саласындағы корпоративтік стандарттардың іске асырылуын бақылауды, орнықты даму саласындағы есептің дайындалуын және ТДМ-ға қол жеткізуді бақылауды жүзеге асырады.

**ҚМГ-ның Стратегия және инвестициялар портфелін басқару департаментінің орнықты даму секторы** орнықты дамуды басқару және ТДМ-ға қол жеткізуді басқару жүйесінің бастамашылығына, үйлестірілуіне және енгізілуіне, оның компанияның бизнес-қызметіне интеграциялануына жәрдем көрсетуге, орнықты даму мәселелері бойынша әдіснамалық қолдау көрсетуге, орнықты даму саласындағы есепті жыл сайын дайындау мен бекітуге жауап береді, орнықты дамуды басқару саласындағы жауапты құрылымдық бөлімшелерге оның саласындағы тәуекелдерді басқару, мүдделі тараптардың картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуде, сондай-ақ орнықты даму саласындағы оқыту мәселелері.

**ҚМГ құрылымдық бөлімшелері** орнықты даму саласындағы жүйені енгізуді, ОДМ-ға қол жеткізу жөніндегі бастамаларды іске асыруды, ішкі және сыртқы ахуалды талдауды, орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындауды, мүдделі тараптардың/стейкхолдерлердің картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуді, орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыруды, халықаралық стандарттарға сәйкес орнықты даму саласындағы есеп үшін ақпарат дайындауды жүзеге асырады.

**ҚМГ-ның барлық қызметкерлері,** әрқайсысы өз деңгейінде жеке мінез-құлық және тиісті саясаттар мен стандарттарды сақтау арқылы орнықты даму және ТДМ қол жеткізу саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізеді.

ҚМГ өзінің даму стратегиясында орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге, операциялық қызметке және шешімдер қабылдау процестеріне интеграциялауға бағытталған стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде өндірістің көміртекті сыйымдылығын тұрақты дамытуды және үдемелі азайтуды айқындады.

Орнықты даму және өндірістің көміртегі сыйымдылығын төмендету жөніндегі стратегиялық мақсатты іске асыру нәтижесі жоғары ESG көрсеткіштеріне қол жеткізуді, мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас сапасын жақсартуды, көміртекті реттеуді қатаңдату шеңберінде парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыруды, өзі қатысатын өңірлерді сумен қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік жобаларды іске асыруды қамтамасыз ететін орнықты дамуды басқару жүйесін құру болуға тиіс.

Біз ESG критерийлерін компанияның қызметіне біріктіруді жалғастырамыз, бұл орнықты даму көрсеткіштерін басқару жүйесін жетілдірудің және негізгі ESG-тәуекелдер мен мүмкіндіктерді түсінудің қажетті шарты болып табылады.

**Біз өз қызметімізге ERP-қағидаттарды енгізуге кешенді және жүйелі түрде жақындап келеміз, осылайша 2021 жылы мынадай іс-шаралар бойынша прогреске қол жеткізілді:**

- Екінші жыл қатарынан «Sustainalytics» халықаралық рейтинг агенттігі тәуелсіз бағалаудан сәтті өтті. ҚМГ-ның ESG-рейтингі 69-дан 72 балға дейін көтерілді және рейтингтің ESG-тәуекелі 34,5 балдан (тәуекелдің жоғары деңгейі) «орташа тәуекелдің» 28,4-деңгейіне дейін айтарлықтай төмендеді.
- «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару рейтингісінің тәуелсіз диагностикасы өтті. Жүргізілген іс-шаралар диагностикасының қорытындысы бойынша ҚМГ-ның Орнықты даму рейтингін бағалау В-ден (2018) BBB-ға (2021) дейін көтерілді.
- 2021 жылға арналған орнықты даму көрсеткіштері бойынша Компания қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен алғаш рет корпоративтік ҚНК – ESG-рейтингі бекітілді. Бекітілген ҚНК мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізілді.

- 2021 жылы ҚМГ департаменттері директорларының пәк-іне ҚМГ компаниялар тобы бойынша ластаушы заттардың, парниктік газдардың шығарындыларын азайту, су үнемдеу және энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын және 2030 жылға дейінгі нысаналы көрсеткіштерді бекітуге байланысты көрсеткіштер енгізілді.
- 2022 жылғы 7 маусымда **ҚМГ Директорлар кеңесінің жыл сайынғы орнықты даму отырысы** өткізілді. Онда орнықты даму саласындағы басым мәселелер: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төмен көміртекті даму бағдарламасының жоспарлары мен міндеттері, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орнықты дамудың басым мақсаттарын енгізу мәртебесі, орнықты даму саласындағы жыл сайынғы есептілік қаралды. Орнықты дамудың жыл сайынғы арнайы отырыстарына шығарылатын мәселелер компания үшін өте маңызды және орнықты дамудың өзекті мәселелеріне және олармен байланысты проблемаларды шешуге назар аударуға көмектеседі.
- **Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінде орнықты даму жүйесін енгізуге шолу тұрақты негізде жүргізіліп отырады.** Жалпы, 2021 жылы Комитеттің 5 отырысы өткізіліп, онда 52 мәселе қаралды, комитет отырысының қорытындысы бойынша 115 шешім мен тапсырма қалыптастырылды. 2021 жылы Комитеттің негізгі назары еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, ESG (Environmental – Social – Governance) аспектілерін стратегиялық басқару, сондай-ақ орнықты даму жүйесін енгізу мәселелеріне аударылды.
- Орнықты даму қағидаттарын іске асыруға өзінің бейілділігін растай отырып:
  - **Компанияның жаңа Экологиялық саясаты** бекітілді;
  - **ҚМГ-ның ESG-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары** әзірленді және бекітілді;
  - ҚМГ-ның декарбонизациялау саласындағы өзіндік тәсілдерін әзірлеу мақсатында **Төмен көміртекті даму жөніндегі жобалық офис** құрылды;
  - Компанияның **Төмен көміртекті даму бағдарламасы** әзірленді және бекітілді.
- Орнықты даму мәдениетін арттыруға көп көңіл бөлінеді. Корпоративтік орталық пен ЕТҰ қызметкерлері үшін тұрақты негізде орнықты даму бойынша оқыту курстары өткізіледі.



## ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

«Тоталь» компаниясы қорының қолдауымен IFP (Франция мұнай институты) «Энергопереход: декарбонизацияланған болашаққа инновациялар» («Energy Transition: Innovation Towards a Low – Carbon Future») тақырыбына арналған Massive Open Online Course (МООС-жаһандық Ашық онлайн Курс) үшінші сериясын іске қосты. Курс жоғары сапалы сандық оқытуды және тегін сертификаттауды ұсынды. Оқыту 5 аптаға созылды.

Онлайн курстың мақсаты жаһандық жылынумен байланысты климатқа әсер етуді төмендетуге бағытталған декарбонизацияланған энергияны біріктірудің техникалық тұжырымдамалары мен инновациялық сын-тегеуріндерін түсіну болды.

Оқу курсына ҚМГ-нің 35 қызметкері де қатысты. Курсты аяқтаған соң қатысушылар сертификаттарға ие болды.



## ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

«ҚазМұнайГаз» орнықты жобалық басқару қағидаттарын ұстанады 2021 жылдың желтоқсан айында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлері «Компанияның тұрақты дамуы және жобалық портфельді енгізу мен бағалаудың практикалық құралдары» тақырыбында оқытылды. Тренингті жобаларды басқару бойынша халықаралық сарапшы, IPMA жобаларды басқару халықаралық қауымдастығының вице-президенті, Ресей және ТМД елдеріндегі Green Project Management жаһандық ұйымының атқарушы директоры Оксана Клименко өткізді.

Green Project Management жаһандық әдістемесіне негізделген бағдарлама барысында қатысушылар компанияның жобалық портфелін басқаруға қатысты тұрақты даму тұжырымдамасымен танысты, тұрақты жобаларды басқару қағидаттарымен танысты.

Тұрақты даму тұжырымдамасын жобаларда, бағдарламалар мен портфельдерде қолданудың үздік практикалары ретінде бағалаудың, тәуекелдерді төмендетудің және жобалардың табыстылығын арттырудың практикалық құралдарын игерді.

Бағдарлама барысында GPM P5TM халықаралық стандарты негізінде жобалар портфелін іріктеу және бағалау әдістеріне және GPM prisms (Projects integrating Sustainable Methods) әдіснамасын, GPM 3600 жобаларын бағалау модельдерін қолдануға және GPM PSM3TM ұйымдастыруға ерекше назар аударылды.

GPM P5™ стандарты (People, Planet, Prosperity, Products and Processes) – жобаларды, бағдарламалар мен портфельдерді басқаруға орнықты дамуды қамтамасыз ету қағидаттары мен құралдарын қамтитын өлемдегі жалғыз әдістеме. Стандарт жобада да, жасалған өнімді кейіннен пайдалану кезінде де тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін жобалар мен процестер бойынша 100-ден астам көрсеткіштерді біріктіреді.



## ЕСЕПТИҢ МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРЫН АЙҚЫНДАУ

102-47


Есепте маңызды тақырыптарды бағалау және ашу үшін сыртқы және ішкі мүдделі тараптардың (стейкхолдерлер) деректері талданды. Жүргізілген рәсімдердің нәтижелері бойынша әлеуетті тақырыптар тізімінің 24 тақырыбының ішінен маңыздылық матрицасы жасалды.

### Маңызды тақырыптарды бағалау құрылымында таразыларды бөлу

Маңыздылық матрицасын салу үшін тиісінше көлденең және тік осьтерде ішкі және сыртқы көрсеткіштердің нәтижелері пайдаланылды. Матрицада қолданылатын бағалау шкаласы 1-ден 5 балға дейінгі диапазонды құрайды.

Мүдделі тараптар үшін онлайн сауалнама Google Forms платформасының базасында дайындалды. Сауалнамаға акционерлердің, ҚМГ КО, ЕТҰ, өнім берушілердің, қауымдастықтардың, жергілікті мемлекеттік органдардың, банктердің, серіктестер мен клиенттердің өкілдері қатысты. Орнықты дамудың әрбір тақырыбын маңыздылық дәрежесі бойынша 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалау ұсынылды, мұнда 1 – «маңызды емес», 2 – «маңыздылықтың болмашы дәрежесін», 3 – «маңыздылықтың орташа дәрежесін», 4 – «маңыздылықтың салыстырмалы жоғары дәрежесін», 5 – «маңыздылықтың ең жоғары немесе сыни дәрежесін» білдіреді.

Төменде 24 тақырыптың маңыздылық матрицасы берілген.



Осы матрица төменде берілгендей сол немесе өзге де тақырыптардың маңыздылық деңгейі бойынша 4 шартты аймаққа (квадрантқа) бөлінген.

- **4-квадрант** – өте маңызды тақырыптар (2,5 астам сыртқы және ішкі стейкхолдерлерді бағалау);
- **3-квадрант** – сыртқы стейкхолдерлер үшін маңызды, бірақ ішкі стейкхолдерлер үшін маңызды емес тақырыптар (сыртқы стейкхолдерлерді бағалау 2,5 артық және ішкі стейкхолдерлерді бағалау 2,5 кем);
- **2-квадрант** – ішкі стейкхолдерлер үшін маңызды, бірақ сыртқы стейкхолдерлер үшін маңызы аз тақырыптар (сыртқы стейкхолдерлерді бағалау кемінде 2 және ішкі стейкхолдерлерді бағалау 2,5-тен астам);
- **1-квадрант** – маңызы аз тақырыптар (кемінде 1 сыртқы және ішкі стейкхолдерлерді бағалау 2,5 кем).

## МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР

1	<b>GRI-201</b>	Экономикалық нәтижелілік
2	<b>GRI-202</b>	Нарықтарға қатысуы
3	<b>GRI-203</b>	Тікелей емес экономикалық әсерлер
4	<b>GRI-204</b>	Сатып алу практикасы
5	<b>GRI-205</b>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
6	<b>GRI-207</b>	Салықтар

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР

1	<b>GRI-302</b>	Энергия
2	<b>GRI-303</b>	Су және ағынды сулар
3	<b>GRI-304</b>	Биоәртүрлілік
4	<b>GRI-305</b>	Шығарындылар
5	<b>GRI-306</b>	Қалдықтар
6	<b>GRI-307</b>	Экологиялық сәйкестік
7	<b>GRI-308</b>	Жеткізушілерді экологиялық бағалау

### ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР

1	<b>GRI-401</b>	Жұмыспен қамту
2	<b>GRI-402</b>	Еңбек қарым-қатынастары
3	<b>GRI-403</b>	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
4	<b>GRI-404</b>	Қызметкерлерді оқыту
5	<b>GRI-405</b>	Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
6	<b>GRI-406</b>	Кемсітушілікке жол бермеу
7	<b>GRI-407</b>	Қауымдастықтар бостандығы және ұжымдық шарттар
8	<b>GRI-410</b>	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы
9	<b>GRI-413</b>	Жергілікті қауымдастықтар
10	<b>GRI-414</b>	Өнім берушілерді әлеуметтік бағалау
11	<b>GRI-417</b>	Маркетинг және өнімдер мен қызметтер туралы ақпараттандыру



## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

102-40, 102-42, 102-43

Біз мүдделі тараптармен белсенді диалог қағидатын іске асыра отырып, өз қызметіміздің ашықтығы мен айқындығының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Біз компания жұмысының барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты жыл сайын ашып көрсетеміз. Бұл бізге өз қызметіміздің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап, Қазақстан ішінде де, шетелде де мұнай мен мұнай өнімдерін өткізгенге дейін толық өндірістік циклді жүзеге асырады және мұнай-газ секторында мемлекеттің мүддесін білдіреді. Қызметтің күрделі құрылымы мен түрлеріне байланысты ҚМГ мүдделі тараптардың кең тобымен өзара әрекеттеседі.

### Мүдделі тараптарды айқындау

ҚМГ мүдделі тараптармен диалогты және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жолға қою және қарым-қатынасты басқару бойынша шараларды тұрақты негізде қабылдайды.

ҚМГ-де тәуелділікті (тікелей немесе жанама), міндеттемелерді, жағдайды (жоғары тәуекел аймақтарына ерекше назар аудара отырып), әсерді, әртүрлі (алуан түрлі) перспективаларды ескере отырып, тәуекелдер мен саралауды есепке ала отырып жасалған Мүдделі тараптардың картасы бекітілді. Қойылған міндеттерді тиімді іске асыру үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарлары жасалып жатыр.



## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ӘДІСТЕРІ МЫНАЛАРДЫ ҚАМТИДЫ:

Өзара іс-қимыл деңгейі	Өзара іс-қимыл әдістері
<b>Консультациялар:</b> Екіжақты өзара іс-қимыл; мүдделі тараптар ұйымдардың сұрақтарына жауап береді	Сауалнамалар; фокус-топтар; мүдделі тараптармен кездесулер; жария кездесулер; семинарлар; коммуникация құралдары арқылы кері байланысты ұсыну; консультациялық кеңестер
<b>Келіссөздер</b>	Әлеуметтік серіктестік қағидаттары негізінде ұжымдық келіссөздер
<b>Тартылуы</b> Екіжақты немесе жан-жақты өзара іс-қимыл; барлық тараптардан тәжірибе мен білімді арттыру, мүдделі тараптар мен ұйымдар тәуелсіз әрекет етеді	Жан-жақты форумдар; консультациялық панельдер; консенсусқа қол жеткізу процесі; шешімдерді бірлесіп қабылдау процесі; фокус-топтар; кері байланысты ұсыну схемалары
<b>Ынтымақтастық</b> Екіжақты немесе жан-жақты өзара іс-қимыл; тәжірибе мен білімді бірлесіп арттыру, шешімдер мен шаралар қабылдау	Бірлескен жобалар; бірлескен кәсіпорындар; серіктестік; мүдделі тараптардың бірлескен бастамалары
<b>Өкілеттіктер ұсыну</b> Мүдделі тараптар (егер қолданылса) басқаруға қатысады	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелерін басқаруға, стратегияға және операциялық қызметке ықпалдастыру

2021

ҚМГ мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл кезінде AA1000SES Stakeholder Engagement Standard сияқты халықаралық стандарттарды қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың ең үздік практикасын қолданады.

## БАСТАМАЛАР ЖӘНЕ МҮШЕЛІК

102-12, 102-13

### Бастамалар



#### Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ІМГ тұрақты жалындатып жағуды толық тоқтату» бастамасы

ҚМГ 2015 жылы аталған бастаманы қолдады. Ол үкіметті, мұнай компанияларын және 2030 жылдан кешіктірмей ілеспе мұнай газын (ІМГ) тұрақты жалындатып жағу тәжірибесін тоқтату үшін ынтымақтасуға келіскен даму ұйымдарын біріктіреді. Біздің мақсатымыз – ІМГ тиімді пайдалану және кәдеге жарату деңгейін арттыру, ең аз

дегенде жалындатып жағу мәліметі. Біз Дүниежүзілік банкке қол жеткізген прогресс туралы жыл сайын есеп береміз.



#### Жаһандық метан бастамасы

ҚМГ Есептіліктің жаһандық бастамасын (ЖМБ) қолдайды және Орнықты даму туралы есеп шеңберінде барлық мүдделі тараптарға өзінің экологиялық қызметі туралы ақпаратты ұдайы жариялайды. 2017 жылы ҚМГ метан шығарындыларын азайту бойынша ҚМГ қызметі шеңберінде ЖМБ жобалық желісіне қосылды, ол метан шығарындыларын азайту бойынша, сондай-ақ метанды қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі жобаларға мүдделі жеке сектор субъектілерінің, қаржы мекемелері

мен басқа да үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың есіп келе жатқан қоғамдастығын білдіреді.



### CDP климаттық бағдарламасы

2021 жылы ҚМГ алғаш рет Румыния мен Грузиядағы еншілес ұйымдарды қоса алғанда, ҚМГ барлық активтері бойынша парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының деректерін қамтитын CDP (Carbon Disclosure Project) Климаттық бағдарламасы шеңберінде 2020 жылғы парниктік газдар шығарындылары бойынша есепті жариялады. Алғаш рет 2019 жылдың қорытындысы бойынша CDP су қауіпсіздігі бойынша сауалнама жарияланды.



### Қазақстанның мұнай-газ компанияларының экологиялық жауапкершілік рейтингі



Экологиялық көрсеткіштерді жақсарту бойынша, сондай-ақ осы саладағы ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде ҚМГ Дүниежүзілік жабайы табиғат қорының (WWF), Creon Group және АКРА рейтингтік агенттігінің тәуелсіз сарапшыларының бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпараттарының ашықтығы рейтингінде бесінші жыл қатарынан бірінші орын алып отыр. Компания бизнестің экологиялық жауапты жолымен жүруді жалғастыруда, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін дамытады, аталған мәселе бойынша барлық мүдделі тараптармен диалог жүргізеді, сол арқылы Компанияның Экологиялық саясатында көрсетілген өз міндеттемелерін орындайды.

### Каспий өңірінің қоршаған ортасын қорғау жөніндегі бастама («CEPI» Caspian Environmental Protection Initiative)

2020 жылдың қыркүйегінде Баку қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы, BP Exploration (Caspian Sea) Limited, Equinor Apsheron AS және TOTAL E&P Absheron B. V арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум Каспий өңірінің қоршаған ортасын қорғау жөніндегі бастаманы құруды көздейді. Бастаманың негізгі мақсаттары қоршаған ортаны қорғау және өңірде жұмыс істейтін халықаралық мұнай компанияларын бірлесіп зерттеу үшін алғашқы платформа құру болып жарияланды. Қатысушы компаниялардың қызметі Каспий өңірінің экологиялық орнықтылығына қатер төндіретін климаттың өзгеруі проблемасын шешу және қоршаған ортаға парниктік газдар мен зиянды заттар шығарындыларының алдын алу мақсатында бірлескен белсенді күш-жігерге бағытталатын болады. 2021 жылы ҚМГ CEPI бастамасына қатысушылардың бірқатар кеңестеріне қатысты.



### Мұнайдың авариялық төгілуін жоюға дайындықты қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік бастама/Oil Spill Preparedness Regional Initiative (OSPRI)

Бастаманың мақсаты мұнай өнеркәсібіне және аймақ үкіметтеріне мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі танылған, сенімді, интеграцияланған және орнықты ұлттық, өңірлік және халықаралық шешімдерді қабылдауға ықпал ететін бірлескен жұмысқа жәрдемдесу және қолдау болып табылады. Бастама экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша мұнай-газ өнеркәсібінің Дүниежүзілік қауымдастығы IPIECA арқылы ([www.ipieca.org](http://www.ipieca.org)). ([www.ipieca.org](http://www.ipieca.org)). OSPRI / РИГЛАРН IPIECA үшін *халықаралық теңіз ұйымымен (IMO – [www.imo.org](http://www.imo.org))* және басқа да халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта мұнайдың төгілуіне әзірлігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу бойынша халықаралық күш-жігерлерін іске асырудың өңірлік құралы болып табылады.



### «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігімен («МГКА» РҚБ) өзара әрекеттесу бастамасы

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» миссиясы – саладағы ардагерлердің интерактивті қарым-қатынасы үшін жағдайлар жасау, мұнай-газ өнеркәсібін дамытуға, өндірістік салада олардың әлеуеті мен тәжірибесін пайдалануға бағытталған олардың кәсіби және әуесқой қызығушылықтарын қанағаттандыру, қоғамның өміріне белсене қатысу, мұнайшылардың жас ұрпағына өмірлік және кәсіби тәжірибесін беру.

2021 жылы «КазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» РҚБ арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум аясында мұнай-газ кешені ардагерлерінің практикалық тәжірибесін, ғылыми-техникалық және зияткерлік әлеуетін пайдалану туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. «КазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай-газ саласы ардагерлерінің Сараптамалық кеңесі құрылды. Кеңестің негізгі міндеттері мынадай мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады: мұнай-газ саласын технологиялық және цифрлық дамыту саласында ҚМГ стратегиялық бағдарламаларын іске асыру, мұнай-газ саласын дамытуға байланысты қоғамдық бастамаларды талқылау, мұнай-газ саласын нормативтік-құқықтық реттеу үшін сараптамалық ұсынымдар әзірлеуге қатысу, ҚМГ өндірістік қызметіне елеулі түрде ықпал ететін мәселелер бойынша сараптамалық қорытындыларды

әзірлеу, ҚМГ өндірістік қызметін жүзеге асыруға талдамалық, сараптамалық, ақпараттық және консультациялық қолдау көрсету болып табылады.

## Мүшелік



### «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетикалық кешен ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы

ҚМГ басшылығы Қауымдастықтың бірнеше комитеттері мен жұмыс топтарының жұмысына қатысады. KAZENERGY экология, әлеуметтік жауапкершілік және ашықтық мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесіне төрағалық ету ҚМГ үшін Қазақстанның мұнай-газ саласындағы орнықты даму мәселелерін ілгерілетуге мүмкіндік болып табылады.

ҚМГ мен «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Меморандум ҚР заңнамасын жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу; юриспруденция саласындағы актуалды мәселелерге арналған дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар және т. б. өткізу сияқты құқықтық қызметтің осындай маңызды бағыттарында бірлескен қызметті көздейді.





### «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасы

ҚМГ мен «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы арасында құқықтық мәселелер бойынша ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

Келісім тараптардың заңнаманы жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу, төреліктегі коммерциялық дауларды шешуді кеңейту және т. б. сияқты құқықтық қызметтің осындай маңызды бағыттарында өзара іс-қимылды көздейді.



### БҰҰ Жаһандық шарты

Біздің орнықты даму қағидаттарына бейілділігімізді көрсету БҰҰ Жаһандық шартына мүшелік, сондай-ақ Жаһандық шарт қағидаттарын ілгерілету бойынша ҚМГ-нің қол жеткізген прогресі және орнықты даму саласындағы 17 жаһандық мақсаттар туралы хабарлама ретінде БҰҰ ЖШ сайтында орнықты даму саласындағы есепті жыл сайын орналастыру болып табылады.

## ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

### ҚМГ ESG-АҚПАРАТТЫ АШУ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША PWC KAZAKHSTAN РЕЙТИНГІСІНІҢ ТОП-50-ДЕ БІРІНШІ ОРЫНДА

«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ екінші жыл қатарынан корпоративтік есептердегі қаржылық емес ақпаратты ашу бойынша үздік 50 компания рейтингінде бірінші орын алып отыр. Рейтингті 96 ұйым арасында PwC Kazakhstan компаниясы өткізді. Зерттеу шеңберінде жылдық есептерде және 2021 жылы жарияланған қазақстандық компаниялардың тұрақты дамуы туралы есептерде ESG-ақпараттың сапасы мен қолжетімділігі бағаланды. Рейтингтің мақсаты: қазақстандық компаниялардың ESG-ақпаратты қалай ашатынын бағалау, үздік тәжірибелерді анықтау және одан әрі дамыту үшін ұсынымдар беру. Рейтинг әдістемесі 76 өлшемшарттан тұрады. Әрбір өлшемшартқа баға беріледі (1-ден 10-ға дейін). Бағалау өлшемшарттары тұрақты дамуды басқару, әлеуметтік саясат, экологиялық әсер ету және корпоративтік басқару сияқты ашылу бойынша блоктарды қамтыды. Сонымен қатар, ақпараттың презентациясының анықтығы мен сапасы үшін қосымша ұпайлар берілді. «Қазақстандық компаниялардың есептерінде ESG-ақпаратты ашу сапасы өсіп келеді. Ашу сапасының ең елеулі өсуі «Тұрақты дамуды басқару» блогы бойынша байқалады, онда ESG-саясатының сипаттамасы, тұрақты даму саласындағы тәсілдер мен стратегиялардың ашылуы бағаланды. Компаниялар көбінесе халықаралық бастамаларды ұстанады. Көптеген компаниялар БҰҰ-дың Тұрақты даму мақсаттарын қолдайтындықтарын мәлімдеді (2020 жылдың қорытындысы бойынша 46%, 2019 жылдың қорытындысы бойынша 30%)», – делінген PwC Kazakhstan есебінде.

Рейтингпен мына сілтеме бойынша танысуға болады:

<https://www.pwc.com/kz/en/assets/pdf/top-50.pdf>



### IOGPRM ұнай мен газдың халықаралық өндірушілер қауымдастығы

2018 жылдан бастап ҚМГ IOGPRM ұнай мен газдың халықаралық өндірушілер қауымдастығының толық құқықты мүшесі болды. Біздің еңбекті қорғау және ҚОҚ бойынша статистикамыз жалпыға қолжетімді болып табылады және біздің көрсеткіштеріміз бүкіл әлем бойынша 75-тен астам ұнай-газ компанияларының көрсеткіштерімен салыстырылатын болады. Біздің мақсатымыз – осы Top 20 үздік компаниялар тізіміне кіру.



### «EcoJerg» қазақстандық өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығы

ҚМГ-нің бірқатар еншілес және тәуелді ұйымдары 2021 жылдың соңында «EcoJerg» қазақстандық өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығына кірді. Қауымдастықтың мақсаты мемлекеттік саясаттың бағыттары, мүдделі жұртшылық арасындағы теңгерімді тәсілдемені және экономикалық әлеуетті дамыту қажеттілігін ескере отырып, ортақ мүдделерді білдіру және қорғау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметке жәрдемдесу үшін кәсіпкерлік қоғамдастық пен азаматтық қоғамды шоғырландыру болып табылады.



### Oil Spill Response Limited (OSRL) мұнайдың авариялық төгілуін жоюды қамтамасыз етуге арналған халықаралық қауымдастық

Oil Spill Response Limited (OSRL) – 1985 жылы құрылған, мұнай төгілімдерін жоюға маманданған және бүкіл әлем бойынша өз қызметтерін ұсынатын британдық компания. Жүзден астам әлемдік компаниялар OSRL мүшелері болып табылады. Компания тек ашық теңіз бен жағалау суларында ғана емес, мұнай ластануының алдын алуға және жоюға баса назар аударады.

## ТӘЖІРИБЕДЕН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

### KASE 2020 Жылға арналған жылдық есептер байқауының қорытындысы бойынша ұйымдарды марапаттады

Қазақстан қор биржасы (KASE) 2022 жылдың 15 наурызында 2020 жылға арналған жылдық есеп беру конкурсының қорытындысы бойынша ұйымдарды марапаттау рәсімін өткізді. «2020 жылғы тұрақты даму туралы үздік есеп» номинациясы бойынша «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ жеңімпаз атанды.


<https://kase.kz/ru/news/show/1478877>



## ТДМ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ КОМПАНИЯНЫҢ ҮЛЕСІ ТУРАЛЫ


ҚМГ-нің стратегиялық мақсаттарын назарға ала отырып, Компания БҰҰ тұрақты дамуының басым 6 мақсаты мен 14 міндеттен айқындалды. Мақсаттар мен міндеттер ҚМГ-де жүзеге асырылатын стратегиялық және бизнес бастамалармен үйлеседі.

Оларды жүзеге асыру Компанияның БҰҰ-дың тұрақты дамуының жаһандық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін анықтайды [https://www.kmg.kz/kaz/ustoichivoe\\_razvitie/nash\\_podhod/](https://www.kmg.kz/kaz/ustoichivoe_razvitie/nash_podhod/)


### ҚМГ-ДА ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ


ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ	БАСЫМ МІНДЕТТЕР	ҚМГ ҮЛЕСІ
 <p><b>КЕЗ КЕЛГЕН ЖАСТАҒЫ БАРЛЫҚ АДАМДАР ҮШІН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӨЛ-АУҚАТҚА ЫҚПАЛ ЕТУ</b></p>	<p>3.6. 2020 жылға қарай бүкіл әлемде жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім мен жарақат санын екі есеге азайту</p>	<p><b>«Сапарларды басқару» жобасы</b></p> <p>Көлік қауіпсіздігінің деңгейін арттыру, қауіпсіз жүргізу мәдениетін және бірыңғай орталықтандырылған цифрлық платформаны құру мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ-та «Сапарларды басқару» пилоттық жобасы іске асырылды, оны 2022 жылдан бастап ҚМГ-нің басқа еншілес және тәуелді ұйымдарына тираждау жоспарланып отыр.</p> <p><b>Нәтижесі</b></p> <p>«Ембімұнайгаз» АҚ-тың 418 көлік құралы GPS терминалдарынан жылдамдық режимі, жүргізушінің қауіпсіздік белдігін пайдалануы, фараларды қосу, бірден жылдамдық қосу және тежеу бойынша бақыланады.</p>
	<p>3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтуды, оның ішінде қаржылық тәуекелдерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қол жеткізуді және барлығына қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету</p>	<p><b>Персоналдың денсаулығын басқару</b></p> <p>ҚМГ-де персоналдың денсаулығына қамқорлық жасау және өмір сүру сапасын арттыру мақсатында Персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасы жасалады, оның негізгі үш бағыты болады:</p> <p>Пандемиямен және оның салдарымен күрес.</p> <p>Кәсіби аурулардың алдын алу.</p> <p>Қызметкерлердің салауатты өмір салтына деген ынтасы мен хабардарлығын арттыру.</p> <p><b>«Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы</b></p> <p>Бағдарлама ең алдымен физикалық белсенділікті арттыруға және дұрыс емес тамақтану әдеттерін жоюға бағытталған.</p> <p><b>Нәтижесі</b></p> <p>ҚМГ қызметкерлерінің 100%-і денсаулықты сақтандыру бағдарламасымен және вакцинациялау мүмкіндігімен қамтылған.</p>
	<p>3.9. 2030 жылға қарай қауіпті химиялық заттардың, ауаның, судың және топырақтың ластануы мен улануының салдарынан өлім мен аурудың санын едәуір қысқарту</p>	<p>Өнеркәсіптік қауіпсіздік (ӨҚ), еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚОҚ) талаптарын сақтау бойынша жұмыскерлердің көшбасшылығы және бейілділігі кодексі енгізілуде және іске асырылуда.</p> <p>«Қорғау» картасы қауіпті жағдайды/қауіпті мінез-құлықты/қауіпті әрекетті/қауіпті факторды анықтауға және олар туралы ақпараттандыруға бағытталған.</p> <p><b>Нәтижесі</b></p> <p>2021 жылы қауіпті химиялық заттардың әсерінен және ауаның, судың және топырақтың ластануы мен улануынан бірде-бір өлім мен ауру жағдайы тіркелген жоқ.</p> <p>Толығырақ ақпарат <b>«Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау»</b> бөлімінде берілген.</p>

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ	БАСЫМ МІНДЕТТЕР	ҚМГ ҮЛЕСІ
 <p><b>7 ҚЫЗГАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ</b></p> <p><b>БАРЛЫҚ АДАМДАР ҮШІН АРЗАН, СЕНІМДІ, ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ</b></p>	<p>7.1. 2030 жылға қарай арзан, сенімді және қазіргі заманғы энергиямен жабдықтауға жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету</p> <p>7.б. 2030 жылға қарай дамушы елдерде, атап айтқанда неғұрлым төмен дамыған елдерде, шағын аралдық дамушы мемлекеттерде және теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде олардың тиісті қолдау бағдарламаларын ескере отырып, барлығын осы заманғы және орнықты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту</p>	<p>Топтың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ жеке генерациялау көздерін, оның ішінде ЖЭК пайдалана отырып дамыту.</p> <p>2031 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді</p> <p><b>ЖЭК жобаларын дамыту:</b> мегаваттық класты ЖЭК жобалары; коммуналдық-тұрмыстық секторда пайдалануға арналған ЖЭК жобалары; өндірістің технологиялық циклына енгізілетін ЖЭК жобалары; жасыл электр энергиясын сатып алу.</p> <p><b>Нәтижесі</b> 2031 жыл: Энергия менеджменті қызметтерінің ЕТҰ-ды 100% қамтуы; энергия сыйымдылығының 2019 жылғы деңгейден 10% төмендеуі; 15 % – ҚМГ электр тұтыну балансындағы ЖЭК үлесі</p> <p>Толығырақ ақпарат <a href="#">«Төмен көміртекті даму бағдарламасы»</a> бөлімінде берілген.</p>
 <p><b>8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ</b></p> <p><b>ТҰРАҚТЫ, ЖАН-ЖАҚТЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ, ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНІМДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘНЕ БАРЛЫҒЫНА ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ</b></p>	<p>8.5. 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлер, оның ішінде жастар мен мүгедектер үшін толық және өнімді жұмыспен қамтуды және лайықты жұмысты және құндылығы бірдей еңбек үшін тең ақы төлеуді қамтамасыз ету</p> <p>8.6. 2020 жылға қарай жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдылары жоқ жастардың үлесін едәуір қысқарту</p> <p>8.8. Еңбек құқықтарын қорғау және еңбекші көшіп-қонушыларды қоса алғанда, барлық еңбекшілер, әсіресе көшіп-қонушы әйелдер мен тұрақты жұмыспен қамтылмаған адамдар үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу</p>	<p><b>«ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ компаниялар тобына көпфункционалды жалпы қызмет көрсету орталығын құру» жобасы</b></p> <p>ҚМГ компаниялар тобындағы жалпы қосалқы процестерді ҚМГ тобының жекелеген компанияларынан шығару және орындау үшін бірыңғай қызмет көрсету орталығына ауыстыру есебінен өнімділікті арттыруға (сапа, мерзімдер), ашықтық, басқарылу, анық деректерді талдау) бағытталған.</p> <p>ҚМГ бизнесі күнделікті және қайталанатын функциялардан арылады, қосылған құны жоғары негізгі процестерге шоғырланады.</p> <p><b>Нәтижесі</b> 2024 жыл: ҚМГ-нің 26 компаниясының функциялары ЖБО-ға ауыстырылды.</p>
	<p>8.6. 2020 жылға қарай жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдылары жоқ жастардың үлесін едәуір қысқарту</p> <p>8.8. Еңбек құқықтарын қорғау және еңбекші көшіп-қонушыларды қоса алғанда, барлық еңбекшілер, әсіресе көшіп-қонушы әйелдер мен тұрақты жұмыспен қамтылмаған адамдар үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу</p>	<p><b>«Жас Өркен»</b></p> <p>ҚМГ компаниялар тобында «Жас Өркен» жас мамандарды ротациялау бағдарламасы жұмыс істейді. «Жас Өркен» бағдарламасының мақсаты – Қазақстанның талантты жастарын дамыту.</p> <p><b>Нәтижесі</b> Бағдарламаларды іске асыру кезеңінде ҚМГ тобы бойынша «Жас Өркен» бағдарламасы бойынша ротациядан б1 жас маман өтті, олардың 15-і жұмысқа орналастырылды, «Цифрлық жаз» бағдарламасы бойынша 18 жас маман, оның ішінде жұмыс істеп жүрген студенттер, бағдарламаның 3 түлегі жұмысқа орналастырылды.</p> <p><b>Әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік қағидалары</b> ҚМГ ЕТҰ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау олардың ұжымдық шарттарында және әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларында айқындалады. ҚМГ компаниялар тобының барлық кәсіпорындары бойынша әлеуметтік қолдаудың түрлері мен нормаларын біріздендіру мақсатында ҚМГ ЕТҰ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік қағидалары қабылданды.</p> <p>Толығырақ ақпарат <a href="#">«Персоналды дамыту»</a> бөлімінде берілген.</p>

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ	БАСЫМ МІНДЕТТЕР	ҚМГҮЛЕСІ
 <p><b>9</b> ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ</p> <p><b>ТҰРАҚТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУ, БАРЛЫҒЫН ҚАМТИТЫН ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРҒА</b></p>	<p>9.1. Экономикалық даму мен адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында баршаға арналған арзан және тең құқылы қолжетімділікті қамтамасыз етуге ерекше назар аудара отырып, өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, тұрақты және орнықты инфрақұрылымды дамыту</p>	<p>ҚМГ цифрлық трансформациялау бағдарламасы ғылыми зерттеулерді кеңейтуге, өнеркәсіптік секторлардың технологиялық мүмкіндіктерін жетілдіруге ықпал етеді. ҚМГ ғылыми зерттеулерге және осы саладағы жергілікті әлеуетті арттыруға қомақты қаражат инвестициялайды. Өнеркәсіптік өрараптандыруды қамтамасыз ету үшін отандық технологиялық қуаттарды дамыту елдегі климаттық жағдайға да оң әсер етеді.</p> <p><b>«АВАІ ақпараттық жүйесін әзірлеу» жобасы</b></p> <p>ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпаратын Big Data платформасындағы бірыңғай дерекқорда орталықтандыруды, сондай-ақ жасанды интеллект пен машиналық оқытуды қолдана отырып, оны өңдеуді және талдауды көздейді.</p> <p>АВАІ ақпараттық жүйесі – 20 автономды модуль, олардың әрқайсысы нақты өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған.</p> <p><b>Нәтижесі</b></p> <p>АВАІ бес пилоттық модулі әзірленді және сыналды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>«АВАІ деректер базасы»;</li> <li>«Визуализация орталығы»;</li> <li>«Асқынулардың мониторингі»;</li> <li>«Технологиялық режим»;</li> <li>«Терең сорғы жабдықтарын таңдау».</li> </ul> <p>Толық ақпаратты <b>«Цифрландыру және трансформация»</b> бөлімінен таба аласыз</p>
	<p>9.4. 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза және экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді неғұрлым кеңінен қолдану есебінен олардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің қатысуымен орнықты ете отырып, қайта жабдықтау</p>	<p>2031 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді.</p> <p><b>Нәтижесі 2031 жыл:</b></p> <p>Энергия менеджменті қызметтерінің ЕТҰ-ды 100% қамтуы; энергия сыйымдылығының 2019 жылғы деңгейден 10% төмендеуі.</p> <p>Толығырақ ақпарат <b>«Төмен көміртекті даму бағдарламасы»</b> бөлімінде берілген..</p>



ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ	БАСЫМ МІНДЕТТЕР	ҚМГҮЛЕСІ
 <p><b>КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕ ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ</b></p>	<p>13.2. Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын ұлттық деңгейдегі саясатқа, стратегияларға және жоспарлауға енгізу</p> <p>13.3. Білім беруді, ақпаратты таратуды және адамдар мен мекемелердің климаттың өзгеруінің өткірлігін жұмсарту және салдарын әлсірету, оларға бейімделу және ерте алдын алу бойынша мүмкіндіктерін жақсарту</p>	<p><b>Төмен көміртекті даму</b></p> <p>Төмен көміртекті даму бойынша жобалық кеңсе құрылды.</p> <p>Сутегі энергетикасы және CO<sub>2</sub> ұстау, сақтау және қайта өңдеу бойынша құзыреттілік орталығын құру пысықталуда.</p> <p><b>Жасыл кеңсе</b></p> <p>Корпоративтік «жасыл» бағыт белсенді дамып келеді және қалдықтарды бөлек жинауды енгізу, кеңсе үй – жайларында суды және энергияны үнемдеу және т. б. сияқты «жасыл кеңсе» принциптері кезең-кезеңімен енгізілуде.</p> <p><b>Нәтижесі</b></p> <p>2031 жылға қарай:</p> <p>ПГ шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден 15%-ке төмендету;</p> <p>көміртегі сыйымдылығын 2019 жылғы деңгейден 10%-ке төмендету;</p> <p>нөлдік тұрақты түрде шикі газды алауда жағу.</p> <hr/> <p><b>Шығарындыларды басқару жөніндегі саясат</b></p> <p>Компанияда Шығарындыларды басқару жөніндегі саясат бекітілді, ол сегіз негізгі принциптен тұрады, олардың алтауы климаттың өзгеруі мәселелеріне тікелей қатысты және тұрақты алау жағуды толық тоқтатуға бағытталған.</p> <p><b>CDP</b></p> <p>Компания көміртегі ізін есептейді және климаттық сауалнаманы CDP (бұрын – Carbon Disclosure Project) алаңына орналастырады.</p> <p><b>Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD)</b></p> <p>Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобы TCFD ұсыныстарына сәйкес климаттық тәуекелдерді ашу.</p> <p><b>Нәтижесі</b></p> <p>Компанияның экологиялық саясаты бекітілді.</p> <p>ҚМГ-ге CDP – «С» климаттық рейтингісі берілді.</p> <p>Толығырақ ақпарат <a href="#">«Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған»</a> ортаны қорғау бөлімінде берілген.</p>

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ	БАСЫМ МІНДЕТТЕР	ҚМГ ҮЛЕСІ
 <p><b>ҚҰРЛЫҚТЫҢ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ЖӨРДЕМДЕСУ, ОРМАНДАРДЫ ҰТЫМДЫ БАСҚАРУ, ШӨЛЕЙТТЕНУГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС, ЖЕРДІҢ ТОЗУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ КЕРІ БҰРУ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ ЖОҒАЛТУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ</b></p>	<p>15.3. 2030 жылға қарай шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу, шөлейттену, құрғақшылық және су тасқыны әсер еткен жерлерді қоса алғанда, тозған жерлер мен топырақты қалпына келтіру және бүкіл әлемде жердің жағдайын нашарлатпауға тырысу</p>	<p>ҚМГ ластаушы заттардың төгінділерін азайтуға және табиғи көздерден су алуды азайтуға бағытталған жобалар мен іс-шараларды іске асыруда:</p> <p><b>CDP</b> Компания су ізін есептейді және су қауіпсіздігі жөніндегі салалнаманы CDP алаңына орналастырады.</p> <p><b>TAZALYQ</b> АМӨЗ Атыраудың қоршаған ортасының жағдайын жақсартуға бағытталған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді жүзеге асыруда.</p> <p><b>Тұщыландыру зауыттарын салу</b> Қабаттық суды тұщыландыру зауыты Маңғыстау облысын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешудегі бірегей жоба болып табылады. Зауыт өңірді дамыту үшін жылына кемінде 6,2 млн м<sup>3</sup> көлемінде Еділ суының көлемін босатады. Маңғыстау облысының «Кендірлі» демалыс аймағы ауданындағы тұщыландыру зауыты. Болжамды қуаты тәулігіне 50 мың м<sup>3</sup> суды құрайды.</p> <p><b>Жерді қалпына келтіру</b> Компанияда «тарихи» мұнай қалдықтарын қалпына келтіру және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жұмыстары жүргізілуде.</p> <p><b>Нәтижесі</b> TAZALYQ: Жайық өзенінен су алудың 10%-ке төмендеуі, зауыт-та тазартылған зауыт ағындарын қайта пайдалану – 15%. 2024 жыл: «тарихи» мұнай қалдықтарын толық жою, Компанияның мұнаймен ластанған аумақтарын тазарту және қалпына келтіру.</p>
	<p>15.5. Табиғи мекендеу ортасының тозуын тежеу жөнінде маңызды шараларды дереу қабылдау, биологиялық әртүрліліктің жоғалуын тоқтату және 2020 жылға қарай жойылып кету қаупі төнген түрлердің сақталуын және жойылуын болдырмауды қамтамасыз ету</p>	<p><b>Орман-климаттық жобалар</b> ҚМГ-нің 2031 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасы шеңберінде құрлық экожүйелерін сақтауға қолайлы әсер ететін орман-климаттық жобаларды іске асыру жоспарлануда. «Ембімұнайгаз» АҚ мен «Атырау МӨЗ» ЖШС көгалдандыру жұмыстарын жүргізе бастады.</p> <p><b>Биоәртүрлілікке әсер ету салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар иерархиясы</b> Компанияда өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезінде төрт негізгі іс-қимылды ескере отырып, биоәртүрлілікке әсер ету салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар иерархиясы қолданылады: әлеуетті елеулі тікелей әсер етудің алдын алу, азайту, қалпына келтіру және орнын толтыру.</p> <p><b>Нәтижесі</b> 2031 жыл: 2 000 га алаңда орман-климаттық жобаларды іске асыру.</p>

## ЖАҢА ESG РЕЙТИНГІ

103-1, 103-2


Біз Компанияның қызметіне тұрақты даму көрсеткіштерін басқару жүйесін жетілдіру және негізгі ESG-тәуекелдер мен мүмкіндіктерді түсіну үшін қажетті шарт болып табылатын ESG өлшемшарттарын біріктіруді жалғастырдық.

Sustainalytics халықаралық агенттігі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тұрақты даму саласындағы рейтингісінің тәуекел көрсеткішін 34,5-тен 28,4 балға дейін жақсартты, бұл ҚМГ-нің халықаралық мұнай-газ нарығындағы ESG елеулі тәуекелдерін басқарудағы күшті позицияларын көрсетеді.

### ҚМГ ESG тәуекел рейтингісі

(2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

**28,4** Орташа тәуекел



ҚМГ-нің ESG-рейтингі ықтимал 100 балдың ішінен 69-дан 72 балға дейін көтерілді. ESG-рейтингісінің құрамдас бөліктері бойынша ҚМГ мынадай бағаларға ие болды: экологиялық құрамдас бөлік 69-дан 74-ке дейін, әлеуметтік құрамдас бөлік 70-тен 72-ге дейін, корпоративтік басқару – 67-ден 72-ге дейін көтерілді. Бұл компанияның мұнай-газ компаниялары арасында әлемдегі тұрақты даму саласындағы іңайтарлықтай жоғары екенін көрсетеді.

Sustainalytics ESG компанияларына экология, әлеуметтік жауапкершілік және басқару саласындағы тәуекелдерін, сондай-ақ бәсекелестермен салыстырғанда осы тәуекелдерді басқару мүмкіндігін бағалау арқылы рейтинг береді. Sustainalytics рейтингісі туралы толық ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://www.sustainalytics.com/esg-rating/kazmunaygas-nc-jsc/1028382256>



#### "Sustainalytics" халықаралық рейтинг агенттігі (Амстердам, Нидерланды)

Sustainalytics – бұл экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы жетекші тәуелсіз зерттеу компаниясы, бүкіл әлемдегі инвесторларға жауапты инвестициялық стратегияларды әзірлеуге және енгізуге көмектесетін рейтингтік және аналитикалық компания.

Біз Sustainalytics беделді агенттігі ҚазМұнайГаз-ды тұрақты даму саласындағы көшбасшылардың бірі ретінде бағалағанына көңіліміз толады. Біз өз қызметімізге ESG-принциптерді енгізуге кешенді және жүйелі түрде жақындап келеміз: Компанияның Экологиялық саясаты бекітілді, ҚМГ-нің декарбонизация саласындағы өз тәсілдерін әзірлеу мақсатында Төмен көміртекті даму жөніндегі жобалық кеңсе құрылып, ол кейіннен Компанияның Даму стратегиясына біріктірілді,

Компанияның Төмен көміртекті даму бағдарламасы әзірленді.

Біздің алдымызда тұрақты даму саласындағы жоғары стандарттарды қолдау бойынша үлкен сын-қатер тұр. Бизнесі жүргізуге жауапты тәсілді таңдай отырып, ҚМГ жаһандық ESG-мақсаттарға қол жеткізудегі өзінің ниетін растайды.



#### АНЫҚТАМА РЕТІНДЕ

ESG-рейтинг (Environmental, social and Governance) – бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін, сондай-ақ Компаниядағы корпоративтік басқару тәуекелдерін бағалау.

ESG рейтингісі инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде инвесторлар үшін стратегиялық құрал болып табылады және компанияның ұзақ мерзімді кезеңдегі тұрақтылығын анықтау үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға көмектеседі.

2021

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК





7-қағидат

Іскерлік топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс.

8-қағидат

Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.

9-қағидат

Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс.



## БІЗДІҢ БАСҚАРУ ТӘСІЛІМІЗ

103-1, 103-2, 103-3

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Жаңа экологиялық талаптар мен жаһандық үрдістерге сәйкес шаралар қабылдау мақсатында Компания 2021 жылды Экология жылы деп жариялады. ҚМГ тұрақты даму принциптеріне бейілділікті және қатысатын өңірлерде қоршаған орта және әлеуметтік тұрақтылық мәселелері бойынша жауапкершілікті мойындайды.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі мақсаттар (бұдан әрі – ӨҚ, ЕҚОҚ) ҚМГ компаниялар тобының 2031 жылға дейінгі даму стратегиясымен (бұдан әрі – Стратегия) тікелей байланысты. Стратегия экологиялық жауапкершілікті арттыру жөніндегі стратегиялық бастамаларды көздейді. ҚМГ компаниялар тобы үшін қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі басым бағыттар атмосфералық ауаға шығарындыларды басқаруды, шикі газды алауда жағуды қысқартуды, су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын басқаруды және жерді рекультивациялауды, биоәртүрлілікті сақтауды қамтиды.

ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік принципін ұстанады. Жаңа Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес экологиялық ақпаратты жинауды, жинақтауды, сақтауды, талдауды және таратуды қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы ҚМГ Экологиялық саясаты жаңартылды. Компанияның табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, биоалуантүрлілікті

сақтау бойынша шараларды сақтау жөніндегі міндеттемелері қосымша күшейтілді.

Компанияда сегіз негізгі принциптен тұратын Шығарындыларды басқару саясаты бекітілді, олардың алтауы климаттың өзгеруі мәселелеріне тікелей қатысты, тұрақты алау жағуды толық тоқтатуға бағытталған.

Шикі газды тұрақты жағу көлемін барынша азайту мақсатында Компания 2015 жылы Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын толық кәдеге жарату» бастамасын қолдады. Атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту бойынша біздің маңызды міндеттеріміздің бірі ілеспе мұнай газын пайдалы қолдану мен кәдеге жаратуды арттыру, газды алауда жағуды барынша азайту болып табылады. Осы бастама шеңберінде шикі газды жағу көлемдері бойынша есептілік жыл сайын Дүниежүзілік банктің ҚР өкілдігіне тапсырылады.

2018 жылы Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт қабылданды, ол ҚМГ-ның су ресурстарын пайдалану бөлігіндегі басты принциптерін – 8 «су» принципін негіз етіп алады және су ресурстарын басқару тәсілін жүйелейді. Біз су ресурстарын пайдалануда қатаң принциптерді ұстанамыз. Қазір біз тұщы су көлемін халықтың пайдасына босату үшін өндірістік қажеттіліктер үшін сарқынды және тұзды суларды тазарту жөніндегі бірнеше ауқымды жобаларды іске асыруға кірістік.

## Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша менеджмент жүйесі (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ)


Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша менеджмент жүйесі (МЖ) Қазақстан Республикасы заңнамасының, ISO 14001 және ISO 45001 салалық және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес, үздік әлемдік практикалар мен тәсілдерді, Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығының (IOGP) ұсынымдарын пайдалана отырып әзірленген және көшбасшылық, мақсатқа қол жеткізу, тәуекелдерді басқару және тұрақты жетілдіру сияқты іргелі принциптерге негізделетін 10 басты элементті қамтиды.

2006 жылдан бастап ҚМГ-де ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны

қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында біріктірілген басқару жүйесі енгізілді. Энергия тұтынудың елеулі деңгейі бар ЕТҰ ISO 50001 стандартына сәйкестікке сертификатталған. ИСО тиімділігін тәуелсіз аудиторлар үнемі растап отырады.

ҚМГ менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі бойынша ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке сертификатталды.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (ӨҚ, ЕҚОҚ) саласындағы басқару бойынша алдыңғы қатарлы және үздік тәжірибелерді ескере отырып, ӨҚ, ЕҚОҚ



басқару процестеріне барлық деңгейдегі басшылар мен жұмыскерлерді тарту және бейілділік дәрежесін арттыру үшін компанияда комитеттердің үш деңгейлі жүйесі енгізілген және жұмыс істейді:

- бірінші деңгей – ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті (ҚЕҚОҚТДК);
- екінші деңгей – ҚМГ деңгейіндегі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ комитеті;
- үшінші деңгей – ЕТҰ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитеттері.

2019 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ деңгейінде еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті жұмыс істейді. 2021 жылы ҚМГ

осы Комитеттің және Комитет жанындағы сарапшылар тобының жұмысына белсенді қатысты. Комитет пен Сараптама тобының жұмысы шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары белсенді түрде тәжірибе алмасады және ӨҚ, ЕҚОҚ қамтамасыз ету саласында, оның ішінде пандемияға қарсы іс-қимыл бөлігінде бірыңғай тәсілдерді әзірлейді. ҚМГ-нің ӨҚ, ЕҚОҚ қамтамасыз ету және пандемияға қарсы іс-қимыл саласындағы көптеген тәсілдерін басқа портфельдік компаниялар ең үздік практика ретінде қабылдады.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған орта мәселелері жөніндегі есептер ай сайын ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстарында, егжей – тегжейлі ақпараттық есептер – ҚМГ Директорлар кеңесінің ҚЕҚОҚТДК-да қаралады.

<b>Ішкі бақылау және жақсарту</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ЕҚОҚ бойынша бағалауды басқару жүйесі.</li> <li>• ЕҚОҚ комитеттерінің жүйесі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• HSE Compliance and RT Audits.</li> <li>• ЕҚОҚ мәдениетін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешені.</li> </ul>
<b>Мониторинг</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ЕҚОҚ бойынша есеп беру қағидалары.</li> <li>• ЕҚОҚ бойынша қозғалыс қауіпсіздігін автоматтандыру.</li> <li>• ЕҚОҚ бойынша ҚНҚ жүйесі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқиғаларды тексеру рәсімі.</li> <li>• «Авариялардың себептерін тексеру» автоматтандырылған модулі.</li> <li>• Салыстырмалы талдау.</li> </ul>
<b>Өткізу</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Денсаулық сақтауды басқару жүйесі</li> <li>• Көлік қауіпсіздігі бағдарламасы.</li> <li>• Дағдарыс жағдайларын басқару стандарты.</li> <li>• Метанның ағып кетуін анықтау бағдарламасы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қалдықтарды басқару стандарты.</li> <li>• Сумен қамтамасыз етуді басқару стандарты.</li> <li>• Энергия пайдалану тиімділігінің жол картасы.</li> </ul>
<b>Өндірістің тұтастығы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</li> <li>• LOTO.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өндірістік процестің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі.</li> </ul>
<b>Тәуекелдерді басқару</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тәуекелдерді басқару жүйесі.</li> <li>• EIA тәуекелдерін бағалау стандарты.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық қадағалау бағдарламасы».</li> </ul>
<b>Мүдделі тараптар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мердігерлер бойынша стандарт.</li> <li>• Мердігерлердің есептілігі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Көпшілік тыңдаулар.</li> </ul>
<b>Стандарттар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Үздік әлемдік практикаларға негізделген ЕҚОҚ стандарттарын әзірлеу және енгізу.</li> </ul>	
<b>Курс</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ЕҚОҚ саясаты.</li> <li>• Көлік саясаты.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Алкоголь саясаты.</li> <li>• Атмосферадағы шығарындыларды басқару саясаты.</li> </ul>
<b>Стратегия</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жұмыста қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Экологиялық жауапкершілік.</li> </ul>
<b>Мақсаттар</b>	<p>Нөл:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• оқыс оқиғалар;</li> <li>• төгілулер;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• төгінділер;</li> <li>• күнделікті жағу.</li> </ul>
<b>Басшылық</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Басшылықтың қызығушылығы: басшылар форумы, SPE.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ЕҚОҚ бойынша комитеттердің үш деңгейлі жүйесі.</li> </ul>

2021 жылы ҚЕҚОҚТДК отырыстарында келесі негізгі тақырыптар егжей-тегжейлі талқыланды:

- қалдықтарды басқару және тарихи Қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі меморандумды орындау туралы;
- денсаулық сақтау және еңбек гигиенасын басқару жүйесі туралы;
- ҚМГ мердігерлік ұйымдарын басқару туралы;
- атмосфералық ауаға шығарындыларды басқару туралы.

Тоқсан сайынғы негізде экологиялық тәуекелдерді, климаттың өзгеруіне және су ресурстарының тапшылығына байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы тәуекелдерге мониторинг жүргізіледі. ҚМГ қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерді үнемі талдайды, мұнай-газ саласындағы жетекші халықаралық қауымдастықтардың (IOGP, CDP) ұқсас көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізеді. Компания экологиялық аспектілерге және экологиялық тәуекелдерді бағалауға ерекше назар аударады.

2. мердігерлерді біліктілік алды іріктеу (сауалнама жүргізу, техника мен жабдықтың, мамандардың біліктілігінің, құжаттаманың ҚТ, ЕҚОҚ талаптарына сәйкестігіне аудит жүргізу);
3. мердігерлердің міндеттемелері және ҚМГ саясаттары мен стандарттарын мүлтіксіз сақтауы;
4. бар тәуекелдерге мөлшерлес барлық деңгейлерде ҚМГ жұмыскерлері мен мердігерлердің ӨҚ, ЕҚОҚ бойынша құзыреттерін қамтамасыз ету және оларды оқыту арқылы тұрақты арттыру;
5. мердігерлердің жұмыстарды жүргізудің немесе қызметтер көрсетудің барлық сатыларында тәуекелдерді басқаруды көздейтін ӨҚ, ЕҚОҚ жоспарын әзірлеуі;
6. техника мен жабдықтың, мамандардың біліктілігінің, құжаттаманың ӨҚ, ЕҚОҚ талаптарына сәйкестігіне жұмылдыру алды аудитін жүргізу;
7. ҚМГ жұмыскерлерінің, мердігерлердің (қосалқы мердігерлердің) және мүдделі тараптардың ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы тәуекелдер туралы хабардар болу деңгейін және коммуникацияны арттыру;
8. мердігерлердің ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы нәтижелілік көрсеткіштерін бағалау және жақсарту шаралары.

Бұдан басқа, Компания ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы проблемалық мәселелерді талқылау және коммуникацияны арттыру үшін тұрақты түрде форумдар, мердігерлік ұйымдардың қатысуымен кездесулер өткізеді.

Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті 1 млн адам-сағатқа LTIR (LOST TIME INJURY RATE) – 2021 жылы мердігерлік ұйымдардың қатысуымен – 0,27 құрады.

Мердігерлік ұйымдардың қатысуымен 100 млн адам сағатқа өлім жағдайларының коэффициенті – FAR (FATALITY ACCIDENT RATE) 2021 жылы – 0,00 құрады.

Мердігерлік ұйымдар бойынша деректерді жинау процесі құру сатысында. Жүйе жылдан жылға жетілдірілетін болады.

## Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл

403-9

Компания ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілерінде мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің барлық кезеңдерінде тәуекелдерді анықтауға, бағалауға және төмендетуге негізделген ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдарды басқару процестерін жақсартуға ұмтылады.

Мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл кезінде аса маңызды талаптар мыналар болып табылады:

1. Компанияның барлық деңгейдегі басшыларының ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы көшбасшылығы, бейілділігі және жауапкершілігі;

## МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БОЛҒАН ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР МЕН ӨЛІМ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ КОЭФФИЦИЕНТІ

Көрсеткіш	2020 <sup>4</sup>	2021 <sup>5</sup>	IOGP <sup>6</sup>
1 млн адам-сағатқа жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті	0,00	0,27	0,22
100 млн адам-сағатқа өлім жағдайларының коэффициенті	0,00	0,00	0,54

<sup>4</sup> Деректер жоқ.

<sup>5</sup> ҚТГ және оның құрылымдық бөлімшелерін есепке алмағандағы деректер.

<sup>6</sup> 2020 жылға қолжетімді IOGP көрсеткіштері (<https://www.iogp.org/>).



ЕТҰ-да өз бетінше жүргізілген ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдарды басқару жүйесі бойынша нәтижелілік көрсеткіштерін бағалаудың GAP-талдауы жүйе дамуының оң деңгейін көрсетті.

GAP-талдау деректерін растау және оларды верификациялау үшін ЕТҰ-да мердігер ұйымдарды

басқару жүйелеріне аудит жүргізу жоспарланған, олардың негізінде ұсынылған деректер мен осы аудиттерді салыстыру жүргізілетін болады, ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы мердігер ұйымдарды басқару жөніндегі жүйені дамытудағы негізгі тежеуші факторлар (жүйелі себептер) айқындалады.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

102-11, 103-1, 103-2, 103-3

ҚМГ компаниялар тобының өндірістік қызметі қоршаған ортаға әсерді азайтуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және биоәртүрлілікті сақтауға бағытталған.

Біз табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қатысу өңірлерінде қолайлы экологиялық ахуалды сақтау үшін қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінеміз және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды, энергия және ресурс үнемдеуші, қалдығы аз, экологиялық қауіпсіз технологияларды, жабдықтарды, материалдарды енгізу, климаттың өзгеруіне бейімделу жөнінде шаралар қабылдау және қоршаған ортаға ықтимал залалды өтеу есебінен қоршаған ортаға әсерді дәйекті азайтуды қамтамасыз етуге міндеттенеміз.

Соңғы жылдары шикі газдың пайдалы пайдаланылуын арттыру бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылды, нәтижесінде бұл көрсеткіш жақсартылып, 98%-ті құрады. Біз сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобы бойынша атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын қысқарта алдық. Мұнай

қалдықтарын, оның ішінде тарихи қалдықтарды кәдеге жарату және ластанған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар орындалуда. Жүргізіліп жатқан және жоспарланған іс-шаралардың арқасында жерүсті табиғи көздерінен су тұтыну азаяды және сарқынды сулардың сапалық құрамы жақсарады. Маңғыстау облысында тұщыландыру зауыттары салынауда.

### 2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

1. SO<sub>x</sub> шығарындыларының қарқындылығы – 0,22 (IOGP – 0,19)
2. NO<sub>x</sub> шығарындылардың қарқындылығы – 0,24 (IOGP – 0,29) (<https://www.iogp.org/>)
3. Ілеспе мұнай газын (ІМГ) жағу қарқындылығы – 2,1 (IOGP – 8,0)
4. ІМГ пайдалану коэффициенті – 98%
5. Тарихи қалдықтарды және мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіру: 540,5 мың тонна (2020 жылы – 558,4 мың тонна)
6. CDP климаттық рейтингі: «С»
7. Су қауіпсіздігі рейтингі CDP: «В-»

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, КСШ ӨНДІРУ Б. 3. 1 МЫҢ ТОННАҒА ТОННА

Жыл	SO <sub>x</sub> шығарындыларының қарқындылығы	NO <sub>x</sub> шығарындыларының қарқындылығы	Шикі газды жағу қарқындылығы	Шикі газды кәдеге жарату деңгейі, %
2019	0,20	0,21	2,95	97
2020	0,23	0,22	2,20	98
<b>2021</b>	<b>0,22</b>	<b>0,24</b>	<b>2,09</b>	<b>98</b>

## ҚМГ компаниялар тобындағы экология жылы

Экология жылы шеңберінде тарихи мұнай қалдықтарын кәдеге жарату және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жөніндегі жұмыстар сияқты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шаралар іске асырылды. ҚМГ корпоративтік орталығы ҚМГ компаниялар тобы жұмыскерлерінің балалары арасында суреттер байқауын өткізді.



2021



Бірінші кезеңде барлық ЕТҰ балалар суреттерінің ішкі байқауларын өткізді. ҚМГ Еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаменті корпоративтік орталық жұмыскерлері арасында «Экология балалардың көзімен» тақырыбында балалар суреттерінің конкурсын өткізді.



Байқаудың екінші кезеңіне ҚМГ компаниялар тобының барлық жеңімпаздары қатысты, финалистерді онлайндауыс беру арқылы анықтады. Жеңімпаз – Нұрасыл Бердалы.





ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП



ҚМГ ЕТҰ Экология жылы шеңберінде өткізілетін барлық іс-шараларды белсенді қолдады, сондай-ақ жұмыскерлер арасында қоршаған ортаны қорғау мәселелерін насихаттау бойынша жұмыстар күшейтілді, мерзімді сенбіліктер, қызметкерлер балаларының сурет конкурстарын өткізу, ағаш отырғызу акцияларына қатысу, атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту бойынша іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, табиғатты қорғау бағдарламаларын іске асыру және төмендегідей басқа да іс-шараларды қолдады:

- «Жер сағаты» халықаралық экологиялық акциясы;
- қатысатын өңірлердің аумақтарын абаттандыру және санитарлық тазарту жөніндегі айлық;
- «Бірге – таза Қазақстан» республикалық акциясы;
- «Өз ағашыңды отырғыз» экологиялық акциясы;
- «Пластиктен жасалған құбыжық» облыстық экологиялық байқауы;
- жұмыскерлер тұрақты негізде аумақты тазалау және жинау жұмыстарын жүргізді;
- жалпықалалық сенбіліктерге қатысты
- санитарлық-қорғау аймақтары аймақтары (СҚА) ағаштар отырғызылды.

2021



2021 жылдың 17 қыркүйегінде 191 елде «World Cleanup day 2021» дүниежүзілік тазалық күні өтті. Осы жаһандық қозғалыс және «Бірге – таза Қазақстан!», сондай-ақ ҚМГ Экология жылы аясында Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданының әкімдігімен бірлесіп ағаш отырғызу бойынша іс-шара ұйымдастырылды. Компания қызметкерлері 18 қыркүйектегі жалпықалалық сенбілік барысында елордада 100-ге жуық қарағай отырғызды.

Экологиялық жауапкершілікке бейілділік ҚМГ ЕТҰ-дағы көгалдандыру жұмысында да көрініс тапқан. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың орман қорында 2 миллиардтан астам ағаш және Қазақстан халқына жолдауында айтылған елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызуға қатысты тапсырмасын орындау шеңберінде, сондай-ақ Кешенді жоспарды орындау шеңберінде Атырау облысында орналасқан ҚМГ ЕТҰ-да 2021-2024 жылдарға арналған «Ірі мұнай компанияларының көгалдандыру жұмыстарын жүргізуі» іс-шарасын іске асыру көзделген.



ҚМГ-нің барлық ЕТҰ-да санитарлық-қорғау аймақтары аумағында және орналасқан өңірлерде жасыл желектерді отырғызу бойынша жұмыстар жүргізілді. Мысалы, «Қаражанбасмұнай» АҚ жұмыскерлері Қаражанбас кен орны мен Маңғыстау облысының бірқатар әлеуметтік маңызы бар объектілерінің аумағында санитарлық



тазарту жұмыстарын жүргізіп, 3 000 түп көшет отырғызды. «ПМХЗ» ЖШС санитарлық-қорғау аймағының аумағында 21,5 гектар алаңда 6 680 ағаш отырғызды. Өнеркәсіптік алаң аумағында кәсіпорын жұмыскерлері 84 ағаш отырғызды.

Атырау облысының әкімдігі мен «Ембімұнайгаз» АҚ арасында 2021 жылдың сәуір айында жалпы ауданы 243,2 га болатын «Атырау облысының аумағында көгалдандыру жұмыстарын жүргізу туралы» меморандумға қол қойылды. Көгалдандыру бағдарламасы аясында «Бөлінген жер учаскесінде топырақ-ізвестіру жұмыстарын жүргізу» іс-шарасы орындалды. Жүргізілген топырақ-ізвестіру жұмыстарының және отырғызуға жарамды учаскелерді айқындау қорытындылары бойынша аумақты көгалдандыру бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

«АМӨЗ» ЖШС 2021 жылдың сәуір айында Атырау облысының әкімдігімен бірге қол қойылған «Атырау қаласының аумағында көгалдандыру жұмыстарын жүргізу



туралы» меморандум шеңберінде Атырау қаласының аумағында жалпы ауданы 1 420,9 га, оның ішінде 860,9 га «Тухлая балка» булану алаңы учаскелері бөлінді. Меморандум шарттарын орындау мақсатында зауыт 560 га алаңда орман өсіру саласында тәжірибесі мен ғылыми білімі бар ғылыми-зерттеу компаниясын тартты. Тексеру нәтижелері бойынша бөлінген учаске көгалдандыруға жатпайды және жаңа учаскені анықтау бойынша жұмыстар жүргізіледі. Көгалдандыру үшін қосымша жер учаскесі анықталғаннан кейін зауыт оны абаттандыру және көгалдандыру жобасын әзірлейді, сметалық құны мен жұмыс көлемі, сондай-ақ жұмыс кестесі анықталады. «АМӨЗ» ЖШС зауыттың батыс бөлігіндегі санитарлық-қорғау аймағы (СҚА) аумағында ауданы 5 га учаскені абаттандыру және көгалдандыру бойынша қосымша жұмыстар жүргізді (көгалдандыру бөлігінде СҚА негіздемесінің бекітілген жобасына кірмейтін).

Сондай-ақ қызметкерлер тұрақты негізде аумақты тазалау және жинау жұмыстарын жүргізді.



## Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым жобалар

### «TAZALYQ» жобасы

«TAZALYQ» жобасы «АМӨЗ» ЖШС сарқынды суларды тазарту құрылыстарын жаңғыртуды, сондай-ақ «Тухлая булка» булану алаңдарын рекультивациялауды көздейді.

### «Қаражанбас кен орнында қабатты суды тазарту зауытын салу» жобасы

Қаражанбас кен орнында қабатты суды тазарту зауытын салу кен орнындағы су көзінің жетіспеушілігі проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

### «Экологиялық мониторингтің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» жобасы

Ол әртүрлі экологиялық есептерді қалыптастыру және тапсыру, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шараларды жоспарлау кезеңінде қолданылады. Мақсаты нақты және сенімді деректер алу, тиімді экологиялық саясат жүргізу, сондай-ақ даму бағдарламаларын әзірлеу үшін қажетті толық және өзекті экологиялық ақпаратты қалыптастыру болып табылады.

## «Тарихи» мұнай қалдықтарын қалпына келтіру және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту

«Тарихи» мұнай қалдықтарын толық кәдеге жарату және 2024 жылға дейін қоса алғанда мұнаймен ластанған жерлерді тазарту.

### ҚМГ-дегі «Жасыл кеңсе» принциптері

«Жасыл кеңсе» принциптері барлық ресурстарды үнемді тұтынудан және қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуден тұрады. ҚМГ «Жасыл кеңсе» талаптарын енгізу бойынша жұмыс жүргізуде, олар жұмыс жағдайларын, жайлылықты үнемі жақсарту, еңбек өнімділігін, дизайн мен сәулетті, көгалдандыруды, демалыс үшін мүмкіндіктерді арттыру іс-шараларын қамтиды.

Бүгінгі таңда келесі іс-шаралар енгізілді:

- кабинеттерде, дәліздерде, фойеде, паркингте қағаз, пластик, шыны және металл қалдықтарын бөлек жинауға арналған экоурналар орнату;
- «Изумрудный» БО фойесінде, лифтілерде орнатылған дисплейлерде әр айдың қорытындысы бойынша қалдықтарды бөлек жинау жөніндегі бейнероликті ойнату;
- жұмыс күнінің соңында жұмыскерлердің мониторларында компьютерлер мен техниканы ажырату қажеттілігі туралы қалқымалы терезе;
- ағаштарды сақтау қажеттілігі туралы ұрандары бар жапсырма, қағазға басып шығару көлемін азайту, екі жақты және ақ-қара басып шығаруды пайдалану, құпия ақпараты жоқ шимай парақтардың артқы жағына бейресми құжаттарды басып шығару;
- жұмыскерлердің ағзасын дербес компьютерлердің зиянды әсерінен қорғау мақсатында ДК-ден 5 минутқа назарды ауыстыру және сағат 11.00 және 16.30-да жаттығу жасау қажеттілігі туралы қалқымалы терезе түріндегі опция орнатылған;
- ҚМГ жұмыскерлері үшін «Экология» тақырыбына 2021 жылғы күнтізбе шығарылды;
- хабардар болуды және ақпарат беруді арттыру бойынша науқан жүргізілуде, «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы бойынша плакаттарды, брошюраларды, бейне және презентацияларды ішкі тарату жүргізілуде;
- жаңадан қабылданған қызметкерлерді бейімдеу жөніндегі «Кіріспе нұсқама» бағдарламасына кеңседе қалдықтарды бөлек жинауға арналған экоурналар бойынша слайдтар және т.б. қосылды.

«Жасыл кеңсе» принциптерін іске асыру шеңберінде ҚМГ корпоративтік орталығында «2019 жылғы деңгеймен салыстырғанда жазу қағазын тұтынуды 3%-ке төмендету» мақсаты белгіленді. 2021 жылы 3 059 бума қағаз пайдаланылды, бұл жоспарланған 4 000 бума көрсеткішінен 23,5%-ке төмен, сондай-ақ белгіленген мақсаттан 75%-ке төмен болды (2019 жылы 12 228 бума пайдаланылды).

## Көзделіп отырған шаруашылық қызметті экологиялық бағалау

Компания ниет білдіру туралы мәлімдемеден бастап құрылыс және пайдалану жобаларына дейін жобаның өмірлік циклының барлық сатыларында көзделіп отырған



шаруашылық қызметке экологиялық бағалау жүргізеді, бұл заңнама талаптарына және үздік әлемдік практикаларға сәйкес келеді. Біз жергілікті қоғам өкілдерімен үнемі байланыста боламыз және жобаларды жоспарлау және іске асыру кезінде олардың пікірлерін ескереміз. Жобалаудың әрбір кезеңінде мүдделі тараптар өкілдерінің қатысуымен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі, онда барлық мүдделі тараптардың ҚОӘБ жобаларына қол жеткізуін қамтамасыз етеді, ескертулер мен нұсыныстарды тіркеу жүргізіледі. ҚМГ компаниялар тобының ҚОӘБ барлық жобалары мемлекеттік экологиялық сараптама объектісі болып табылады және мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді. 2021 жылы жергілікті қоғамдастықпен және қоғамдық ұйымдармен 24 кездесу және 34 қоғамдық тыңдау өткізілді, өндірістік объектілерге баспасөз турлары өткізілді. Коронавирустық инфекцияға байланысты төтенше жағдайға байланысты шектеулер енгізілгендіктен, оффлайн қоғамдық тыңдаулар саны азайды.

2021 жылы Компанияда Директорлар кеңесі **қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша Корпоративтік стандартты** бекітті. Стандарт көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау процесінің корпоративтік принциптерін айқындайды, ҚМГ компаниялар тобының, ҚМГ компаниялар тобы жұмыскерлері мен мердігерлерінің, оның ішінде қызметі техникалық құжаттаманы және қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарын әзірлеумен, қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары бойынша қоғамдық пікірді есепке алуды ұйымдастырумен және жүргізумен, сондай-ақ эмиссияларға рұқсат алумен байланысты жобалау ұйымдарының қызметін регламенттейді.

## Қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл

2021 жылы біздің МӨЗ-дің бірінде:

- зауытта аймақтық қоғамның, жергілікті экологиялық ҰЕҰ мүдделерін білдіру;
- кәсіпорынның өндірістік қызметінің экологияға әсерін бақылау және бұл туралы тұрғындарға ақпарат беру;
- тұрғындардың зауыт басшылығына қойған сұрақтарына жауап беру;
- АМӨЗ мен жұртшылық арасында сындарлы диалог орнату мақсатында эко-омбудсмен жұмыс істей бастады.

Эко-омбудсмен 2021 жылдың желтоқсанында зауыт басшыларының, облыстың экология департаментінің, облыстық мәслихат депутаттарының, өңірдің экологиялық ҰЕҰ өкілдерінің, блогерлердің, белсенділердің және «облыс бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамының» және т.б. қатысуымен «АМӨЗ» ЖШС қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау барысы туралы» жұртшылықпен есеп беру кездесуін ұйымдастырды.

Зауыт басшылығы мен қоғам белсенділері арасында сындарлы және ашық диалог жүргізіліп, олар өздерін қызықтырған барлық сұрақтарға құзыретті жауап алды.

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

305-5, 305-7

«Қызметтің барлық бағыттары бойынша тұрақты даму» стратегиялық бастамасын қолдау үшін Компания қоршаған ортаны ластауға байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік ПРИНЦИПІН ұстанады және қызметін ұлттық табиғат қорғау заңнамасына және үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес жүзеге асырады. ҚР жаңа экологиялық заңнамасының міндеттерін орындау шеңберінде Экологиялық саясат жаңа редакцияда әзірленді. ЕТҰ өндірістік қызметі шеңберінде ҚМГ компаниялар тобындағы атмосфералық ауаға шығарындыларды басқару саясатын басшылыққа алады.

Қоршаған ортаға әсерді азайтудың негізгі бағыттарының бірі Компанияның өндірістік қызметі процесінде атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту болып табылады. Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар шеңберінде мынадай жұмыстар орындалады:

- Мұнай қыздыру пештеріндегі техникалық ескірген жанарғыларды ауыстыру кезең-кезеңімен жүргізілуде;
- Газды кешенді дайындау және өңдеу қондырғылары салынууда;
- Көмірсутектердің булануын болдырмау үшін тік мұнай резервуарлары үшін понтондарды орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

- Мұнайды жылыту пештерінде және т.б. ластаушы заттар шығарындыларының каталитикалық бейтараптандырғыштарын орнату жүзеге асырылады.

Өріктау учаскесінде немесе құрлықтың ерекше қорғалатын аумақтарымен шектесіп жатқан жерлерде Шығыс Өріктау кен орнында бағалау ұңғымасының құрылысы және Оңтүстік Өріктау кен орнының көлбеу-бағытталған бағалау ұңғымасының құрылысы басталды. Жерасты суларына әсер ету факторлары жерасты суларының ластану көзіне айналатын ұңғымаларды тікелей бұрғылау болып табылады. Ластаушы заттар өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар жиналатын жер үсті учаскелерінен, мазутталған аумақтардан, мұнай мен қабаттағы суларды сақтау учаскелерінен сүзгіден өткізілетін атмосфералық шөгінділері бар жерасты суларына түсуі мүмкін. Осыған байланысты ҚМГ жер асты суларын қорғауға және олардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болдырмауға бағытталған бірқатар шараларды алдын ала қабылдайды. Жерасты суларының қабаттарын 80-85 метр тереңдікке дейін түсірілген кондукторлардың көмегімен оқшаулауды қамтамасыз ететін ұңғымалардың конструкциясы, сондай-ақ қолданыстағы және ықтимал ластану учаскелерінде жерасты суларының орналасу жағдайларын, деңгейі мен сапасын тұрақты режимдік бақылауды ұйымдастыру көзделген.

Аумақтарды өнеркәсіптік игерудің биоалуантүрлілікке әсерінің тағы бір факторы орнитофауна үшін елеулі қауіп төндіретін электр беру желілері болып табылады. Әуе желілерінің электр беру желісі (ӘЭЖ) құстардың мекендейтін табиғи орындарына басып алып және көбінесе олардың жаппай өлуінің себебіне айналып, тұрақты түрде кеңейтілуде. Әсіресе бұл мәселе ормансыз дала және жартылай шөлейт аймақтарда мекендейтін жыртқыш құстар үшін маңызды, онда ӘЭЖ тіректері осы құстар үшін телім ретінде неғұрлым тартымды.

Құстарға арналған электр қондырғыларының қауіптілігі жоғары учаскелерін анықтау және зерттеу арнайы зерттеулер барысында немесе өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде жүзеге асырылады. Электр берудің әуе желілерінде (6-10 кВ ЭБЖ) құстардың электр тогымен зақымдануынан өлімін болдырмау үшін арнайы полимерлі құстардан қорғау құрылғылары (ҚҚК) орнатылады. ҚҚК-ның бұл түрі шетелде кеңінен қолданылуына қарамастан, Қазақстан аумағында енді ғана пайдаланыла бастады. Оның артықшылығы ҚҚК-ның барлық элементтері диэлектрлік материалдардан жасалған. ҚҚК орнату күрделі дайындық жұмыстарын алдын ала орындауды



(дәнекерлеу, траверсті бұрғылау және т.б.) қажет етпейді. Ал ток өткізгіш сымды оқшаулау құстардың қатысуымен қауіпті тұйықталуды болдырмауды қамтамасыз етеді.

Мысалы, ҚТО-да 6-10 кВ электр беру әуе желілеріне күрделі жөндеу жүргізу кезінде өзінің нормативтік мерзімі өткен АС-50/8 типті болат-алюминий сымын СИП-3 типті өзін-өзі қамтамасыз ететін қорғалған сымға ауыстыру жүргізіледі. Күрделі жөндеу жұмыстары шеңберінде 223 км СИП-3 сым орнатылды. Өзін-өзі қамтамасыз ететін қорғалған сымдарды қолдану құстарды жалаңаш өткізгіш бөліктерден оқшаулау функциясын орындайды, бұл

құстарды электр тогының соғуынан және олардың өлуінен қорғайды.

2021 жылдың қазан айында ҚМГ сарапшылары «Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ ұйымдастырған «ҚР-дағы сирек кездесетін жыртқыш құстардың заманауи мәселелері» тақырыбындағы онлайн пікірталас алаңына қатысты. Биоәртүрлілікті сақтау, ЛЭП-та құстардың өлуі, құстардың көші-қоны, сирек кездесетін түрлердің популяциясы, Кіші Талдықөл көлінің проблемасы бойынша өзекті тақырыптар талқыланды.

	Құрлықтағы операциялар		Теңіз операциялары	
	2020	2021	2020	2021
Биоәртүрлілікке арналған учаскелер ҚОӘБ немесе ұқсас құжатпен жабылған (%)	100	100	100	100
Экологиялық мониторинг тұрақты түрде жүргізілетін учаскелер (%)	100	100	100	100
Жойылған ұңғымаларға тұрақты мониторинг жүргізілетін жойылған ұңғымалары бар учаскелер (%)	100	100	100	100

Біздің әрқайсымыз қарапайым қағидалар арқылы еліміздің биоалуандылығын сақтауға үлес қоса алады:

- Көшеге және табиғатқа қоқыстарды тастамау;
- Қоршаған ортаға ұқыпты қарау;
- Заңсыз аң аулаумен және балық аулаумен айналыспау;
- Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде биоалуантүрлілікті сақтауға ерекше назар аудару;
- Уәкілетті тұлғаларға хабарлау жолымен, сондай-ақ [hse@kmg.kz](mailto:hse@kmg.kz) мекенжайына ақпаратты жіберіп, заңды және жеке тұлғалар тарапынан экологиялық заңнаманың бұзушылықтары туралы хабарлау;
- Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктердің бар-жоғын сол учаскеде суретке түсіру және геолокация белгілеу жолымен тіркеу және мына мекенжайға [hse@kmg.kz](mailto:hse@kmg.kz) жіберу;
- Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау бойынша акциялар мен бағдарламаларға қатысу;
- Өз бастамаларыңыз, идеяларыңыз бен жобаларыңызды мына мекенжайға [hse@kmg.kz](mailto:hse@kmg.kz) жіберіңіз.

## Теңізде төгінділердің алдын алу

Мұнайдың авариялық төгілуін жоюға (МАТЖ) ұдайы әзірлік біз үшін сөзсіз басымдық болып табылады. Каспий теңізі бірегей табиғи объект болып табылады, оның экокүйесі тұйықтығына байланысты мұнаймен ластануға өте сезімтал. Біз теңіз мұнай операцияларын жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздікке жоғары талаптар қоямыз: жұмыстардың кез келген түрлері басталғанға дейін келісімшарттық аумақтарда фондық экологиялық зерттеулер жүргіземіз және біздің әлеуетті әлеуметтік және экологиялық әсерімізді бағалаймыз, сондай-ақ операциялар жүргізу кезінде және одан кейін әсер ету мониторингін, эмиссиялар мониторингін және авариялық жағдайлар мониторингін жүзеге асырамыз. Теңізде бұрғылау операциялары басталар алдында біз мұнайдың барлық ықтимал авариялық төгілуін жоюға тұрақты әзірлікті қамтамасыз етеміз. Жұмыстар аяқталғаннан соң біз жойылған ұңғымаларға үздіксіз экологиялық мониторинг жүргіземіз. Келісімшарттық аумақтарда жойылған ұңғымалардың мониторингі атмосфералық ауаның сапасын, теңіз суының ластануын және түптік шөгінділерді, биоалуантүрліліктің жай-күйін бақылауды, сондай-ақ зертханалық-талдау жұмыстарын, жойылған ұңғымалардың сағаларын фото және бейнетүсіруді қамтиды.

Теңіздегі операциялар кезінде біз мынадай қағидаларды мүлтіксіз ұстаймыз:

- Жобалық шешімдерді қатаң сақтау;
- «Нөлдік ағызу» қағидаты – барлық қалдықтар мен сарқынды сулар жағаға шығарылады;
- Барлық жүзу құралдарын балық қорғау құрылғыларымен және мұз суының болмауымен қамтамасыз ету;
- 1 сәуірден 15 шілдеге дейін уылдырық шашу кезеңінде өндірістік операцияларды жүргізуге тыйым салу;
- Өндірістік кемелерден балық аулауға тыйым салу;
- Ұңғымаларды сынауға және көмірсутек шикізатын түнгі уақытта жағуға тыйым салу;
- Пайдаланудың арнайы режимін сақтау.

МАТЖ бойынша қызмет көрсету үшін «Жамбыл Петролеум» ЖШС, «KMG Systems&Services» ЖШС, «Қазтеңізкөлікфлоты» ЖШС және шаруашылық жүргізу құқығындағы «Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі» республикалық мемлекеттік кәсіпорны тұлғасында консорциуммен шарт жасасты. Бағалау ұңғымасын салу кезеңінде МАТЖ кемелері «Caspian Explorer» ЖБҚ-дан 500 метрлік аймақта болады.



## МҰНАЙДЫҢ АВАРИЯЛЫҚ ТӨГІЛУІН ЖОЮ КЕЗІНДЕ ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫН ДАМУДЫ ЖӨНІНДЕГІ БАСТАМА

2021 жылғы 8 қазанда ҚМГ ЕТҰ Маңғыстау облысының Баутино кентінде теңіз операцияларын қолдау (ТОҚБ) базасында «KMG Systems&Services» ЖШС (бұдан әрі – KMGSS) «Kaspiige qamqorlyq/ Каспийге қамқорлықпен» еріктілер қозғалысы бастамышылық жасаған компанияның шеңберінде мұнайдың ықтимал авариялық төгілу салдарын жою (МАТЖ) кезінде еріктілер үшін тренинг ұйымдастырды. Оқыту курсынан 18 ерікті, сондай-ақ Маңғыстау облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаментінің (ТЖД) 5 қызметкері өтті. Тренинг бағдарламасы қоршаған орта компоненттерінің мұнаймен ластану салдарын жоюдың базалық негіздері бойынша теориялық және практикалық бөлімдерді қамтиды. Тренинг аясында еріктілер МАТЖ жабдықтарымен және оның жұмыс қағидаттарымен танысты, төгілуді жою тәсілдері туралы білді, сондай-ақ жабдықпен өз қолымен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды, оның ішінде арнайы бондарды өрістетуге қатысты.

**«Kaspiige qamqorlyq/Каспийге қамқорлықпен қарау»** ерікті қозғалысы Мемлекет басшысының 2020 жылғы бастамасы шеңберінде құрылған және Атырау мен Маңғыстау облыстарының тұрғындары – туған өлкенің қоршаған ортасы мен биоресурстарын сақтау үшін ерікті және риясыз көмек көрсету ниетімен

біріккен ниеттестер қатарынан ерікті қозғалысын қалыптастыруды қамтиды.

Осы мақсаттар үшін KMG SS жергілікті ЖОО студенттері мен жергілікті халықты МАТЖ жанындағы еріктілер ретінде оқыту мен тартуды тұрақты негізде жүргізуге, ақпаратпен, әдістемелік және басқа әдебиеттермен алмасуды қамтамасыз етуге, оқыту өткізу үшін тиісті алаңдарды (кабинеттер/ конференц-залдар және т.б.), еріктілік қозғалысында медиа және PR-қолдауды ұйымдастыруға, сондай-ақ МАТЖ саласындағы ынтымақтастықты кеңейту үшін еріктілікті біріктіруге жәрдемдесуге ниетті.




## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР МЕН ШЫҒЫНДАР

Экологиялық тәуекелдерді тиімді басқару үшін Компания табиғатты қорғау қызметін басқару тәсілдерін үнемі жетілдіріп отырады және қоршаған ортаны қорғауға қажетті ресурстарды бөледі.

Экологиялық шығындар нормативтік эмиссиялар үшін салық төлеуді, табиғат қорғау іс-шараларына арналған шығындарды, сақтандыруды, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өтемақы іс-шараларын, қоршаған ортаға әсердің алдын алуға арналған инвестицияларды және т.б. қамтиды. Біз тарихи қалдықтарды өңдеуге және ластанған жерлерді қалпына келтіруге арналған бюджетті ұлғайттық. 2015 жылғы кезеңнен бастап қалдықтарды қайта өңдеуге инвестициялар 3 есе ұлғайды және қоршаған ортаны қорғауға арналған барлық шығыстардың үштен бірінен астамын құрайды. 2021 жылы эмиссия үшін салық төлемдерінің көлемі тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануда тұрған өндіруші ЕТҰ-лардың бірінде газды жалындатып жағу есебінен өсті. 2021 жылы қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар 33,4 млрд теңгені құрады, ол 2020 жылға қарағанда 12 млрд артық. Шығындардың негізгі бөлігі мұнай қалдықтарын өңдеуге, таза технологияларды енгізуге және тазарту қондырғыларын жаңғыртуға жұмсалды.

### ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ МЕН ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ



Ескертпе. ҚТГ бойынша 2021 жылғы 10 айдағы экологиялық төлемдер мен шығындар 6,6 млрд теңгені құрады, оның ішінде қалдықтарды өңдеу – 0,0803 млрд теңге, басқа да экологиялық шығындар – 0,27 млрд теңге, эмиссия үшін нормативтік төлемдер – 6,3 млрд теңге.

## Экологиялық заңнама талаптарына сәйкестігі

103-1, 103-2, 103-3, 307-1


Біз Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өндірістік қызметімізді жүргізуге және қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылдауға тырысамыз.

Компания өндірістік объектілерде Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасына сәйкессіздіктерді анықтау бойынша, заңнама талаптарына қандай да бір сәйкессіздікті болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін проблемалық мәселелерді айқындау және тәуекелдерді басқару бойынша жұмысты жалғастырады.

### ҰСЫНЫЛҒАН ЖӘНЕ ТӨЛЕНГЕН АЙЫППҰЛДАР

Бұл кестеде ұсынылған және төленген айыппұлдардың сомалары көрсетілген.

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЫППҰЛДАР



\*2021 жылғы желтоқсанда «ҚазақОйл Ақтөбе» ЖШС 5,9 млрд теңге сомаға залал келтірді, онымен ҚОА келіспейді. Шағымдану жұмыстары басталды.

Ескертпе: ҚТГ бойынша 2021 жылғы 10 айдағы экологиялық айыппұлдар 29 млн теңгені құрады, оның 29 млн теңгесі төленді.

2021

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК





- 1-қағидат Іскерлік топтар халықаралық танылған адам құқықтарын қорғауды қолдауға және құрметтеуге тиіс.
- 2-қағидат Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
- 3-қағидат Іскерлік топтар бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс.
- 4-қағидат Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс.
- 5-қағидат Іскерлік топтар балалар еңбегін толық жоюды қолдауы тиіс.
- 6-қағидат Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.



## БАСҚАРУҒА БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

102-7, 102-8, 103-1, 103-2, 103-3, 401-1, 401-2, 401-3, 404-3

Біздің кадр саясатымыздың тұжырымдамасы ҚМГ Тобында адами капиталдың құнын арттыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Осы мақсатқа қол жеткізу мынадай HR міндеттерді іске асыруды көздейді:

- **корпоративтік мәдениетті дамыту және басшылардың дағдыларын арттыру** – сабақтастыққа, нәтижеге бағдарлануға және өзіне жауапкершілік алуға дайындыққа назар аударатырып, меритократия және «коммерциялық» ойлау қағидаттарында корпоративтік мәдениетті дамыту. Көшбасшылық құзыреттерді дамыту;
- **HR функциясын біріздендіру және тиімділігін арттыру** – ҚМГ стратегиясын іске асыруға толыққанды қолдау көрсететін клиентке бағдарланған HR-функциясын құру. ҚМГ-ге дейінгі ең үздік әлемдік және ішкі тәжірибелерді ескеретін HR процестері мен стандарттарын біріздендіру. Автоматтандыру бойынша біріздендірілген шешімдер арқылы бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Қосылған құн әкелмейтін күнделікті операцияларды Жалпы қызмет көрсету орталығына беру;
- **бизнесінің қажеттіліктерін ескере отырып, персоналдың сапалық құрамын арттыру** – лауазымдарға қойылатын өзекті біліктілік талаптарын айқындау, жүйелі процестер (іріктеу, дамыту, бағалау және т.б.), сондай-ақ жекелеген жобалар (лауазымға қойылатын талаптарға сәйкестікті бағалау сияқты) арқылы қызметкерлердің осы талаптарға сәйкестігін

қамтамасыз ету. Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті персоналдың негізгі құзыреттерін күшейту (мысалы, «Upstream-да адами капиталды дамыту» бағдарламасы, жобалық және инвестициялық басқарудың құзыреттерін дамыту бағдарламалары, компанияның IPO-ға тиімді шығуы үшін құзыреттер және т. б.);

- **тартылудың және әлеуметтік тұрақтылықтың оң деңгейіне қол жеткізу** – тұрақты өлшеулер, жоспарларды әзірлеу және іске асыру арқылы тартылу мен әлеуметтік тұрақтылықты басқарудың жүйелендірілген тәсіліне баса назар аударуды күшейту. Тарту (60% немесе одан да көп) және әлеуметтік тұрақтылық (61% немесе одан да көп) бойынша оң мәндерге қол жеткізу және ұстап тұру;
- **сыйақыларды тартудан бастап сабақтастыққа және басқаруға дейінгі таланттарды басқарудың кешенді жүйесін енгізу** – ҚМГ тобының тиімді және әлеуетті қызметкерлерін ұстап қалу, ілгерілету және негізгі позицияларға тағайындау мақсатында персоналдың ашықтығын, шарттары мен уәждемесін қамтамасыз ететін таланттарды басқару жүйесін енгізу. Таланттарды басқарудың кешенді жүйесінің негізгі элементтері:
  - жалдау кезіндегі ашықтық пен объективтілік;
  - сыйақы деңгейлерінің қызметті және нарықты бағалау нәтижелеріне тәуелділігі;
  - негізгі ұстанымдарға сабақтастығы;
  - таланттарды анықтау және кадр резервін дамыту;

- қызметкерлердің бизнестің тиімділігі мен қажеттіліктерін бағалау нәтижелеріне негізделген даму жоспарларының болуы;
- ҚМГ тобындағы негізгі позицияларға іріктеу кезінде ішкі кандидаттарға басымдық беру.
- **өнімділікті арттыру үшін адам санын тиімді басқару** – ҚМГ-нің ағымдағы және нысаналы қажеттіліктерін ескере отырып, адами ресурстарды тиімді жоспарлау және болжау. Адам санының бірыңғай нормалары мен нормативтерін әзірлеу, экономикалық негізделген құралдар арқылы санды оңтайландыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыру (мысалы, бейінді емес функцияларды шығару) және персоналды жұмыс күші артық және жұмыс күші тапшы ұйымдар арасында қайта бөлу.

Кадр саясатының тұжырымдамасы мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1. **Қызметкерлер мен ҚМГ мүдделерінің теңгерімі** – ҚМГ-нің кадр саясатын және персоналды басқару саласындағы басқа да регламенттеуші құжаттарын қалыптастыру кезінде қызметкерлердің де, ҚМГ-нің де мүдделерін тең дәрежеде ескеру қажет;
2. **ҚМГ бүкіл тобы үшін бірыңғай кадр саясаты** – персоналды басқару саласындағы қызмет пен даму бағыттары ҚМГ тобының барлық компаниялары үшін бірыңғай болуға тиіс;
3. **HR рөлінің әкімшілік қолдаушыдан бизнеске арналған стратегиялық функцияға ауысуы** – HR тек әкімшілік қолдау функциясын ғана емес, бизнес үшін стратегиялық серіктес болуы тиіс;
4. **Бизнес үшін қосылған құнды құру** – HR функциялары қызметкерлері өзінің күнделікті жұмысында олардың жұмысының нәтижелері ішкі клиент үшін қосылған құнды қаншалықты құратындығын ескеруі және осыған сүйене отырып, олардың жұмысына басымдық беруі қажет;
5. **Оңтайлы ұйымдастыру құрылымы мен қызметкерлер саны** – HR-функциясы саладағы үздік тәжірибелер негізінде Компанияда барынша оңтайлы ұйымдастыру құрылымын құруы және еңбек өнімділігін арттыру үшін ҚМГ-ні тұрақты жетілдіруге ықпал етуі тиіс;
6. **Бизнесті және еңбек нарығының жағдаятын негізге ала отырып, адам санын жоспарлау** –

қызметкерлер саны мен шығындарын жоспарлау еңбек нарығының жағдаятын ескере отырып, бизнес-бағыттардың жоспарлары мен қажеттіліктеріне негізделуі тиіс;

7. **Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын ұдайы жетілдіру** – HR-функциясы қазіргі заманғы оқыту бағдарламаларын зерделеу және оларды оқыту процесіне енгізу және дамыту арқылы қызметкерлер мен басшылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын мен құзыреттерін тұрақты жетілдіру үшін барлық қажетті жағдайларды жасауы тиіс;
8. **70-20-10 үлгісі бойынша өзін-өзі оқытатын ұйымды құру** – қызметкерлер өздерінің үздіксіз дамуы үшін: (1) күрделі міндеттерді шешу, жобаларға қатысу, қашықтықтан оқыту (барлық оқудың 70%-ы) арқылы жұмыс орнында оқыту, (2) кері байланыс, коучинг, тәлімгерлік (2) арқылы әріптестермен және басшылармен өзара іс-қимыл жасау, (3) семинарларға, тренингтерге, конференцияларға, лекцияларға және өзге де дамыту іс-шараларына қатысу (барлық оқудың 10%) арқылы дербес жауапты болуы тиіс;
9. **Персоналды басқарғаны үшін басшылардың жауапкершілігі** – барлық деңгейдегі басшылар персоналды басқаруға жауап береді, ал HR-функциясы қажетті қолдау көрсетеді және құралдарды ұсынады;
10. **Қызметкерлердің стратегиялық мақсаттарға бірлесіп қол жеткізуіне тарту мәдениетін құру** – HR-функциясы ҚМГ-нің барлық деңгейлеріндегі стратегиялық, операциялық және өндірістік мақсаттардағы қызметкерлердің түсіністік, қызығушылық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;
11. **Қызметкерлерді ынталандыру үшін жағдайлар жасау** – HR-функциясы процестерді, жүйелерді қалыптастырып, қызметкерлерді әртүрлі нысандар мен әдістермен тиімді ынталандыруды қамтамасыз ету үшін қажетті құралдарды ұсынуы тиіс;
12. **Заңнаманы бұзуға жол бермеу** – HR-функция еңбек қатынастарын рәсімдеу, өзгерту және бұзу кезінде ҚМГ пайдаланатын ішкі құжаттарды, қағидалар мен рәсімдерді әзірлеу және пайдалану кезінде заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз етуі тиіс.

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

2021 жылы ҚМГ қатысатын өңірлерде өндірістік қызметті тоқтатуға жол бермеді және елде 55 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз ете алды.

2021 жылдың аяғында қызметкерлердің нақты саны ҚМГ компаниялар тобы бойынша 44 650 адамды, аутстаффинг – 2787 адамды құрады.

Компания қызметінің бағыты ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайларымен байланысты болатынын ескере отырып, ерлер үлесі 82%-ды, әйелдер үлесі 18%-ды құрайды.

Персоналдың жалпы санындағы өндірістік персоналдың үлесі 92%-ды, әкімшілік-басқару персоналының үлесі 8%-ды құрайды.

### 2019-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %

жылдар	2019	2020	2021
ерлер	82	81	82
әйелдер	18	19	18

Ескертпе: 10 айдағы ҚТГ ерлер – 11 141 адам. 10 айдағы ҚТГ әйелдер – 2 318 адам.

### ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ЖЫНЫСЫ ЖӘНЕ САНАТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %

Қызметкерлер санаттарының атауы	Ерлер	Әйелдер	Жалпы адам санының әр санатындағы қызметкерлердің үлесі, %
Басшылар	82	18	11
Мамандар	60	40	20
Жұмысшылар	88	12	69

Ескертпе:

10 айдағы ҚТГ басшылары – 1 501 адам, ерлер – 1 297 адам, әйелдер – 230 адам.

10 айдағы ҚТГ мамандары – 3 836 адам, ерлер – 2 543 адам, әйелдер – 1 355 адам


10 айдағы ҚТГ жұмысшылары – 7 323 адам, ерлер – 7 159 адам, әйелдер – 330 адам.

### ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ САНАТТАР БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР



92% – өндірістік персонал  
8% – ӘБП

### ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР



82% – ерлер  
18% – әйелдер

2021 жылы ҚМГ компаниялар тобында басшы әйелдердің үлесі ҚМГ компаниялар тобындағы басшылардың жалпы санының 18%-ын, мамандардың жалпы санынан әйелдердің 40%-ын мамандар, жұмысшы кәсіптерінің жалпы санынан әйелдердің 12%-ын жұмысшылар құрады. Өткен жылмен салыстырғанда әйелдердің үлесі өзгерген жоқ.

Жас санаты бойынша қызметкерлердің негізгі үлесі 31-ден 50 жасқа дейінгі топта – 59%-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі 81%-ын, әйелдердің үлесі – 19%-ын құрайды.

50 жастан асқан қызметкерлердің саны персоналдың жалпы санының 29%-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі 81%, әйелдер – 19%-ды құрайды.

30 жасқа дейінгі жастардың үлесі персоналдың жалпы санының 12%-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі 86%-ын, әйелдердің үлесі 14%-ын құрайды.

### ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР



- 12% – 30 жасқа дейін
- 59% – 31-ден 50 жасқа дейін
- 29% – 50 жастан жоғары

### 2019-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ҚМГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, %

Жасы	2019	2020	2021
30 жасқа дейін	14	12	12
31-ден 50 жасқа дейін	59	60	59
50 жастан жоғары	27	28	29

Ескертпе: ҚТГ 2021 жылғы 10 ай ішінде: 30 жасқа дейін – 2 373 адам, 31 жастан 50 жасқа дейін – 7 890, 50 жастан жоғары – 3 198 адам.

### 2019-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАҢАДА ЖАЛҒА АЛЫНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %

Жылдар	2019	2020	2021
қабылданған қызметкерлердің %	7	8	9

Ескертпе: 10 ай ішінде ҚТГ – 2 %

2021 жылы жаңадан жалға алынған қызметкерлердің саны 4 266 адамды<sup>7</sup> немесе орташа тізімдік санның 9%-ын құрайды.

Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны 2 936<sup>8</sup> адамды немесе орташа

тізімдік санның 6%-ын құрады, оның ішінде жас санаттары бойынша: 30 жасқа дейін – 29% (2020 жылы 24%, 2019 жылы 22%), 31-ден 50 жасқа дейін – 44% (2020 жылы 48%, 2019 жылы 49%), 50 жылдан астам – 27% (2020 жылы 28%, 2019 жылы 29%).

Жылдар	2019	2020	2021
ҚМГ компаниялар тобы бойынша тұрақтамау коэффициенті	7%	6%	6%

\*Қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті =  $A/B \cdot 100$ , мұнда А – есепті кезеңнің аяғында тараптардың келісімі бойынша немесе қызметкердің кінәсінен өз бастамасы бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлердің саны; В – есепті кезеңдегі орташа тізімдік саны.

<sup>7</sup> ҚТГ 10 ай ішінде – 1 649 адам.

<sup>8</sup> ҚТГ 10 ай ішінде – 496 адам.



### ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ЖАҢАДАН ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР




- 43% – 30 жасқа дейін
- 46% – 31-ден 50 жасқа дейін
- 11% – 50 жастан жоғары

Бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген қызметкерлер саны есепті кезеңнің соңында 768<sup>9</sup> адамды құрады, бұл ретте әйелдердің үлесі 95%-ды, ерлердің үлесі 5%-ын құрайды.

Компанияның барлық қызметкерлерінің 43% есепті кезеңде нәтижелілік бағалаудан өтті (2020 жылы 54%,

### ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕ ЖАҢАДАН ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР



- 81% – ерлер
- 19% – әйелдер

2019 жылы 48%). Оның ішінде: әйелдер – 20%, ерлер – 80%. Қызметкерлер санаттары бойынша бөлінген: басшылар – 11%, мамандар – 25%, жұмысшылар – 64%.

Есепті кезеңде жүктілігі және босануы бойынша демалыстағы әйелдер 231<sup>10</sup> адамды құрайды.



<sup>9</sup> 10 ай ішінде ҚТГ – 332 адам.


<sup>10</sup> 10 ай ішінде ҚТГ – 42 адам.

**ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ ЖАС САНАТТАРЫ БОЙЫНША ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР**



- 29% – 30 жасқа дейін
- 44% – 31-ден 50 жасқа дейін
- 27% – 50 жастан жоғары


**ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕ**




- 82% – ерлер
- 18% – әйелдер

**БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫСТА ЖҮРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР**

2021



**2019-2021 ЖЫЛДАРЫ ЖҮКТІЛІГІ ЖӘНЕ БОСАНУЫ БОЙЫНША ДЕМАЛЫСТА ЖҮРГЕН ӘЙЕЛДЕР**



## ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ЖӘНЕ ПЕРСОНАЛДЫ ҢНТАЛАНДЫРУ

103-1, 103-2, 103-3, 202-1, 202-2, 405-1, 405-2

ҚМГ компаниялар тобында гендерлік айырмашылықтарға байланысты базалық жалақыда және сыйақы төлеу жүйесінде айырмашылықтар жоқ. ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарындағы жалақы деңгейі лауазымға байланысты, яғни бір лауазымда жұмыс істейтін ерлер мен әйелдер бірдей жалақыны және ұйымдағы еңбекақы төлеу қағидаларында көзделген өзге де төлемдерді алады.

Біздің қызметкерлерді ынталандыру тәсіліміз лайықты еңбекақы деңгейін қамтамасыз ету және барлық қызметкерлердің құқықтарын сақтау қағидаттарына жасалады. Еңбекақы төлеу жүйесіндегі барлық өзгерістер мүдделі тараптардың пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып енгізіледі.

Жоғары басқару органы мен басшы құрам үшін жалақыны есептеу жүйесі нәтижелілікке, ынталандыруға, еңбек өнімділігін арттыруға және қызметтің тиімділігіне шоғырланған және ҚНҚ-ге қол жеткізу қорытындылары бойынша қысқа мерзімді сыйақы элементтерін қамтиды. Үздік әлемдік практикаларға сәйкес басшы қызметкерлердің нәтижелілік көрсеткіштері Топтың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік міндеттерін көрсетеді.

«Барлау және өндіру» бизнес-бағытындағы компанияларда бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесі (ЕТБЖ) енгізілді, оның мақсаты барлық бөлімшелерде еңбекақы төлеудің бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету және қызметкерлердің еңбек нәтижелеріне мүдделілігін күшейту болып табылады. Осы жүйеде қызметкерлерге өтемақы төлемдері, үстеме ақылар мен қосымша ақылар берілетін бірқатар жағдайлар көзделген; мұндай өлшемшарттардың бірі Өңірлік коэффициент –

ауыр климаттық жағдайлары бар өңірлерде жұмысты орындауға байланысты қосымша шығыстар мен еңбек шығындарын өтеу мақсатында жалақының салыстырмалы түрде ұлғаю көрсеткіші болып табылады. Осы коэффициенттің ең жоғары мәні Маңғыстау мен Атырау облыстарына тура келіп отыр.

Топтағы бастапқы деңгейдегі жалақының ұлттық заңнамада белгіленген 2021 жылғы ең төменгі жалақыға қатынасы 5:1 шегінде (2020 және 2019 жылдары 6:1).

Жергілікті халық өкілдері қатарынан<sup>11</sup> жалданған қатысу өңірлеріндегі жоғары дәрежелі басшылардың<sup>12</sup> үлесі<sup>13</sup> 87%-ды құрайды (2020 жылы – 87%, 2019 жылы – 86%).

Басшылық құрамға кіретін қызметкерлердің үлесі қызметкерлердің жалпы санының 11%. Оның ішінде әйелдер – 18% (2020 жылы 18%, 2019 жылы 16,5%), ерлер – 82% (2020 жылы 82%, 2019 жылы 83,5%).

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

103-1, 103-2, 103-3, 406-1, 407-1, 408-1, 409-1

### Әлеуметтік тұрақтылық

Компания ҚР еңбек заңнамасының талаптарын қатаң орындайды және оның нормаларын бұзбайды, оларға сәйкес ешкім тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдері, тұрғылықты жері, жасы немесе жеке кемшіліктер, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге тиесілілігі себептері бойынша еңбек құқықтарын іске асыру кезінде қандай да болмасын кемсітушілікке ұшырай алмайды. Есепті кезеңде кемсіту фактілері тіркелген жоқ.

Біз балалар еңбегін пайдаланбаймыз, мәжбүрлі еңбекті қолданбаймыз, олардың нәсіліне, дініне және жынысына қарамастан, барлық қызметкерлер тең құқықтары бар деп танылады.

Компанияның әрбір қызметкерінің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға

тең мүмкіндіктері бар. Бұдан басқа, Компания қызметкерлермен ұжымдық шартты жасасу, өзгерту, толықтыру жөніндегі келіссөздерге белсенді қатысады, келіссөздер жүргізу мерзімдерін қатаң сақтайды және тиісті бірлескен комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етеді, келіссөздер жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынады, ұжымдық шарт ережелерінің талаптарын қатаң орындайды.

Еңбек заңнамасына сәйкес кез келген қызметкердің өзінің өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге қатысуға және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеуге, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен таныстыруға құқығы бар.

Компанияның қызметінде қауымдастық бостандығына арналған құқықтарды қандай да бір шектеу және қызмет түрлері немесе аумақтық белгісі бойынша ұжымдық келіссөздер жүргізу көзделмеген. Біз әлеуметтік жауапты компания ретінде осы құқықты толығымен қолдаймыз

<sup>11</sup> Жоғары дәрежедегі басшы – бірінші басшы және оның орынбасарлары.

<sup>12</sup> Қатысу өңірі – операциялық қызметті жүргізу өңірі (облыс, аудан).

<sup>13</sup> 10 айдағы ҚТГ – 100%.

және біріктіруде қызметкерлердің бостандығына арналған құқығын іске асыру үшін қолайлы орта құрамыз.

Біріздендіру мақсатында Ұжымдық шарттың үлгілік нысаны әзірленді, ол еңбекақы төлеуді ұйымдастыру, әлеуметтік қолдау көрсету, еңбек жағдайлары, жұмыс және демалыс режимі және т.с.с. үшін бірыңғай қағидаттарды белгілейді. Ұжымдық шарттың үлгі нысанында ұжымдық еңбек даулары туындаған жағдайда оларды шешу алгоритмі қадамдық түрде жазылған. ҚМГ Тобы бойынша ұжымдық шарттарды әзірлеуге қойылатын үлгілік талаптар еңбек қатынастарын заңнамалық негізде құруға, қызметкерлер үшін жеңілдіктерді негізсіз арттыруға немесе азайтуға жол бермеуге, қақтығыстарды болдырмау және шиеленіс шешу мақсатында еңбек даулары туындаған кезде жүйелі іс-қимылдарды ұсынуға мүмкіндік береді.

ҚМГ тобына кіретін кәсіпорындардың еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында Компания ЕТҰ қызметкерлері арасында наразылық пен шиеленістің туындауының алдын алуға бағытталған шаралар кешенін іске асырып жатыр. Қабылданған шаралар кәсіпорындардағы жағдайды бақылауға және өндірістік процестің үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мәселен, еңбек ұжымдарының әлеуметтік тұрақтылығын қолдауға қызметкерлерді әлеуметтік қолдау мәселелері айтарлықтай үлес қосады.

Бүгінгі таңда ҚМГ тобы бойынша 24<sup>14</sup> өндірістік кәсіпорында ұжымдық шарттар жасалған. 2021 жылы ұжымдық шарттармен қамтылған ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің саны шамамен 43<sup>15</sup> мың адамды құрады (2020 жылы 56 066, 2019 жылы 58 710 адам) (ҚТГ мен оның ЕТҰ-сын есепке алмағанда).

ҚМГ кәсіпорындарының барлық ұжымдық шарттарында қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлер үшін әлеуметтік қолдаудың небәрі отыз бес түрі қарастырылған.

## Әлеуметтік пакет

ҚМГ өз қызметкерлеріне әлеуметтік жәрдемақылар, кепілдіктер мен өтемақылардың алуан түрін (еңбек демалысына сауықтыруға арналған материалдық көмек, жүктілікке және босануға байланысты төлемдер, 1,5 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыста болған қызметкерлерге ай сайынғы төлемдер, еңбек ету қабілетінен жалпы айрылуына, мүгедектік алуына байланысты басқа жұмысқа ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда еңбек шартын бұзу кезіндегі өтемақы, жерлеуді ұйымдастыруға қызметкердің қайтыс болуына байланысты біржолғы төлем, өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан қаза тапқан қызметкердің отбасына біржолғы төлемді қамтитын кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсынады. Сондай-ақ Компания науқастанған жағдайда ерікті медициналық сақтандыруға және Қазақстанның балалар сауықтыру лагерлерінде қызметкерлердің балаларының демалысын ұйымдастыруға әлеуметтік кепілдіктер береді.

Бұдан басқа, қызметкерлерге әлеуметтік қолдаудың қосымша түрлері ұсынылуы мүмкін. Әлеуметтік көмектің аталған түрлері ұжымдық шарттарда бекітілген, не кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген. Мұндай төлемдерге мерейтой, зейнет жасына жетуіне байланысты, неке қиылуына байланысты төлемдер, некеге тұрған кездегі қысқа мерзімді демалыстар, баланың тууына байланысты, туған-туыстарының қайтыс болуына байланысты жалақысы сақтала отырып, емделуге және медициналық операцияларға ақы төлеуге, егер емделуге жұмсалған шығындар сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, мүгедек қызметкерлерге, қызметкердің мүгедек балаларына, көп балалы және аз қамтылған отбасыларына және т.б. жатады.

2021 жылы ҚМГ тобында барлық әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер сақталып, ұжымдық шарттарға сәйкес төленді. Жалпы алғанда, 2021 жылы қызметкерлер мен жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау 22 млрд теңгеден астам сомаға көрсетілді. Ағымдағы жылы қызметкерлерді әлеуметтік қолдау мөлшерін азайту жоспарланбаған.

Еңбек жағдайларын өзгерткен кезде Компания қызметкерді күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді. Компания қызметіндегі маңызды өзгерістерге қатысты хабарлаудың ең аз кезеңі 4 аптаны құрайды.

<sup>14</sup> 10 ай ішінде ҚТГ – 7 шарт

<sup>15</sup> 10 ай ішінде ҚТГ – 13 110 адам.

ҚМГ үшін ішкі әлеуметтік бағдарланған бағдарламаларды іске асыру ерекше орын алады. Оларды ілгерілетуде, бірінші кезекте, Компания қызметкерлері үшін қолайлы жағдайлар жасауға баса назар аударылады. Бұл материалдық ынталандыру, кәсіби өсуді бекіту және арттыру, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары. Әлеуметтік шиеленістің алдын алу, еңбек даулары мен жанжалдардың туындауы мәселелері ерекше назар аймағында.

## Ішкі коммуникациялар

Қызметкерлермен және олардың өкілдерімен тұрақты сындарлы байланыс орнатылған. Ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі «кері байланыстың» тиімділігін арттыруға бағытталған. Кәсіпорындардың бәрінде әлеуметтік, тұрмыстық, өндірістік мәселелерді талқылау бойынша еңбек ұжымдарымен басшылықтың міндетті жоспарлы кездесулері өткізілуде.

Ішкі коммуникациялар жүйесінің негізгі міндеті қызметкерлерді қызметтің мақсаттары мен міндеттері туралы уақтылы хабардар ету, ұйымдағы ағымдағы жағдайды қызметкерлерге жеткізу, сондай-ақ қызметкерлердің көтерген мәселелерін «тыңдау» мүмкіндігі болып табылады.

Ішкі коммуникациялардың негізгі құралдары бірінші басшының еңбек ұжымдарымен есеп беру кездесулері, кәсіпорын басшылығының кәсіподақтармен кездесулері, қызметкерлерді бірінші басшының жеке мәселелері бойынша қабылдауы және т. б. болып табылады.

Еңбекке ақы төлеу, әлеуметтік қолдау мәселелерінен басқа, қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйінің маңызды факторларының бірі еңбек жағдайлары, оның ішінде әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер болып табылады. Кен орындарында, әсіресе вахталық жұмыс әдісі қолданылатын жерлерде лайықты өмір сүру жағдайлары, санитарлық-гигиеналық үй-жайлар, асханалар, демалыс және тынығу, спорт орындары қамтамасыз етілген.

Бұдан басқа, 2021 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы әлеуметтік тұрақтылық индексіне (ӘТИ) жыл сайын өлшеу жүргізді. Жүргізілген әлеуметтік тұрақтылық зерттеулеріне сәйкес 2021 жылы Компаниядағы әлеуметтік тұрақтылықтың интегралдық көрсеткіші 79 процентті құрады.

Зерттеу қорытындысы бойынша барлық анықталған қауіпті аймақтар бойынша әрбір кәсіпорын бойынша әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіштерін анықтау барысында анықталған қауіпті аймақтарды азайту және алып тастау жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді, онда қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйіне әсер



ететін кәсіпорындар қызметі саласының анықталған проблемалары қамтылады (ішкі коммуникациялар, тамақтану сапасы, тұрмыстық жағдайлар, жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету, оқыту, мансаптық өсу және т. б.).

Сондай-ақ, 2021 жылы ҚМГ корпоративтік орталығының әкімшілік-басқару қызметкерлерін тарту және қанағаттандыру бойынша сауалнама жүргізілді, бұл есепті кезеңде 83% құрады (2020 жылы – 81%, 2019 – 62%).

ҚМГ-нің барлық өндірістік кәсіпорындарында әрбір қызметкердің кәсіпорын басшылығына сұрақтармен жүгіну және ішкі коммуникациялар құралдарын енгізу арқылы уақтылы жауап алу мүмкіндігі регламенттелген, оған сәйкес жылына екі рет бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен есеп беру кездесулері, басшылардың кәсіподақпен кездесулері жүйелі түрде өткізіп тұрады.

2021 жылы елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен есептік кездесулері онлайн форматта өткізілді.

Сондай-ақ ЕТҰ-да жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында тікелей коммуникациялардың тиімді тетіктерін құру және қолдау, ЕТҰ-дағы қызметтің мақсаттары мен міндеттері туралы қызметкерлерді уақтылы хабардар ету, кәсіпорындағы ағымдағы жағдайды жұмыскерлерге жеткізу, жұмыскерлерде кәсіпорынның оң бейнесін қалыптастыру, ЕТҰ-дағы еңбек ұжымдарында әлеуметтік-психологиялық ахуал параметрлерін қадағалау мақсатында ЕТҰ-ның бірінші басшылары жұмыскерлерді жеке мәселелер бойынша қабылдауды жүзеге асырады, әрбір ЕТҰ-да бірінші басшының блогы, корпоративтік ақпараттық сайты құрылды, еңбек ұжымдарына дейін корпоратившілік ақпаратты жеткізу үшін бейне хабарландыруларға арналған мониторлар орнатылды. Қызметкерлерді жедел хабарландырулармен және хабарламалармен хабардар ету үшін ақпараттық стендтер қолданылады.

Басшылық ЕТҰ кәсіподағымен ұжымдық шартты орындауға, еңбек тәртібінің жай-күйіне, еңбек ұжымының өтініштерін қарауға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне, әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақылар беруге және кәсіпорында басқа да әлеуметтік-маңызды мәселелерге қатысты неғұрлым өзекті мәселелер бойынша кездесулерді тоқсан сайын өткізіп тұрады.

## Кәсіподақтар

Компанияның кәсіподақтармен өзара іс-қимылы салалық және өңірлік деңгейлерде еңбек заңнамасымен белгіленген әлеуметтік әріптестік шеңберінде жүзеге асырылады. Салалық деңгейде өзара іс-қимылдың негізгі параметрлері (әлеуметтік кепілдіктер, еңбекті ұйымдастыру мәселелері, еңбекақы төлеу, жұмыспен қамту, гендерлік және жастар саясаты, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, еңбек жанжалдарының алдын алу мен шешу және т.б.) ҚР мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы 2020–2022 жылдарға арналған салалық келісімде айқындалған, оны әзірлеуге ҚМГ және оның кәсіпорындарының өкілдері белсенді түрде қатысты.

ҚМГ тобында жергілікті кәсіподақтарды ескере отырып, 28 кәсіподақ комитеті жұмыс істейді, олар 35 мыңнан астам қызметкердің мүдделерін қорғайды (**ҚТГ мен оның ЕТҰ-сын есепке алмағанда**).

Өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестік жөніндегі облыстық комиссиялар жұмыс істейді, олардың шеңберінде жұмыспен қамту және еңбекті қорғаудың өңірлік мәселелерінен басқа, нақты ұжымдық еңбек даулары да қарастырылады. ҚМГ-нің барлық компанияларында келісім комиссиялары құрылып, жұмыс істеуде.

## Қызметкерлердің денсаулығын басқару жөніндегі ҚМГ бағдарламасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясының «Орнықты даму және өндірістің көміртегі сыйымдылығын үдемелі төмендету» стратегиялық мақсаты шеңберінде «Персоналдың денсаулығын басқару» стратегиялық бастамасын іске асыру жоспарланды.

2021-2022 жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тоғыз ЕТҰ-да (ҚММ, ЕМГ, АМӨЗ, ҚТО, ҚТМ, ҚОА, ӨМГ, ММГ, КБМ) ерікті медициналық сақтандыру/қызмет көрсету және өнеркәсіптік медицина тұрғысынан денсаулықты басқару процестерінің диагностикасы жүргізілді.

Нәтижесінде ҚМГ қызметкерлерінің денсаулығын басқару бағдарламасы тұжырымдамасының жобасы үш негізгі бағытқа бағдарланған бастамалармен әзірленді:

- пандемиямен және оның салдарларымен күрес;
- кәсіби аурулардың алдын алу;

- сандық құралдарды қолдану арқылы қызметкерлердің салауатты өмір салтына деген ынтасы мен хабардарлығын арттыру.

Тұжырымдаманың мақсаты ҚМГ компаниялары тобында қызметкерлердің денсаулығын басқарудың ашық процесін құру және медициналық-профилактикалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру (денсаулықты сақтау, нығайту және жақсарту) болып табылады.

Компанияның медициналық қызмет көрсету және өнеркәсіптік медицина стандарттары шеңберінде 2022-2023 жылдары әзірлеуі тиіс персоналдың денсаулығын басқару жөніндегі ҚМГ бағдарламасының негізгі міндеттері:

- Қолданыстағы НҚА сәйкес және Компания тобы жұмысының ерекшелігін ескере отырып, пандемиямен және оның салдарымен күрестің індетке қарсы шараларын оңтайландыру;

- Кешенді тәсілдеме қағидаттарымен Компаниялар тобы қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетудің тиімді жүйесін енгізу және ҚР денсаулық сақтау саласында ұсынылатын медициналық қызметтердің барлық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы кәсіби аурулардың даму қаупін азайту;
- Компания қызметкерлерінің салауатты өмір салтына тартылуын және уәждемесін күшейту тетіктерін әзірлеу.



# ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

103-1, 103-2, 103-3, 306-3, 403-2

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдары өндірістік қызметтің, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қауіпті өндірістік факторларды ескерту нәтижелері қатысы бойынша қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығын белгілейді. ҚМГ компаниялары тобының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға бағытталған еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне қатысты жоғары басшылықтың көшбасшылығына және бейілділігіне негізделген. Компанияның және оның ЕТҰ басшылығы жазатайым оқиғалар мен аварияларға, алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын және жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалға қатысты мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады. Компания ұлттық заңнамадан басқа

халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарын сақтауға міндеттенеді.

## 2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Компания қызметінің маңызды басымдығы қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету болып табылады. ҚМГ стратегиялық бастамаларының бірі «Қызметтің барлық бағыттары бойынша орнықты даму» болып табылады, сондықтан компания әлемдік стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес өндірістегі қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа ерекше көңіл бөледі.

2021

### «Petromidia» МӨЗ өрт туралы, Румыния

2021 жылдың 2 шілдесінде сағат 12:15-те 122V8 шикізат сыйымдылығының жарылуы орын алып, Петромидия МӨЗ-де өрт басталды. Сағат 15:10-да өрт сөндірілді. Оқыс оқиғаның нәтижесінде 5 адам зардап шекті, оның ішінде 3 әріптес қайтыс болды; 2 әріптес толық қалпына келді. Зардап шеккен әріптестер мен олардың отбасы мүшелері Компания тарапынан қаржылық, медициналық және психологиялық қолдау алды.

#### Петромидия МӨЗ жұмысын қайта бастау

МӨЗ 2021 жылғы 24 қыркүйекте қайта іске қосылды – мұнай қондырғысында шикі мұнайды өңдеу процесі 83 күнге тоқтатылғаннан кейін (2021 жылғы 2 шілдеден 2021 жылғы 24 қыркүйекке дейін) және қайта қосуға тиісті рұқсат алғаннан кейін басталды. 2021 жылғы 24-28 қыркүйек аралығында негізгі қайта өңдеу қондырғылары (жұмсақ гидрокрекинг қондырғысы, нафтаны гидротазарту қондырғысы, каталитикалық крекинг қондырғысы (FCC), баяулатып кокстеу қондырғысы) сәтті іске қосылды. Жалғыз функционалды емес қондырғы – бұл 2021 жылдың 2 шілдесіндегі оқиғадан ең көп зардап шеккен ГОДТ және жаңартылған жоспарға сәйкес 2022 жылдың сәуірінде МӨЗ жоспарлы тоқтатылғаннан кейін қайта іске қосылатын болады.

### Іс-шаралар

Жұмыс барысында 20-дан астам компания жұмылдырылды, ал қондырғыларды қайта іске қосу үшін жұмыс істеген адамдардың жалпы саны 1000-ға жуық адамды құрады («Rompetrol Rafinare», «Rominserv» қызметкерлері және мердігерлік компаниялардың мамандары). Құбырларды тексеру, жөндеу және айтарлықтай ауыстыру жүргізілді, қажетті жабдықтар қалпына келтірілді. Сондай-ақ бақылау-өлшеу жабдығы мен автоматиканы, электр кабельдерін ауыстыру жүргізілді, әрбір қондырғыда пайдалану қауіпсіздігіне байланысты барлық элементтер мен жабдықтар тексерілді, ал зауыттың өндірістік персоналы қайта даярлаудан және қайта аттестаттаудан өтті.

### ЕКОҚҚ бойынша қабылданған шаралар

КМGI компаниясының және Петромидия МӨЗ басшылығымен HSE-ES конвенциясына түзетулермен қосымша оқыту бойынша шаралар жүзеге асырылды, операциялық персонал мен қосалқы мердігерлер үшін тәуекелдерді талдау, ОТОСБ жоспары, қалдықтарды басқару жоспары, операциялық персонал мен қосалқы мердігерлер үшін қоршаған ортаны қорғау бойынша қосымша оқыту, ЕҚОҚ өкілдерінің және КМGI басшылығының, мердігер және қосалқы мердігерлердің қатысуымен қауіпсіздік бойынша орталықтандырылған кеңес өткізілді. КМGI Румыния заңнамасы аясында



2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-де еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың саны өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға (2020 жылғы 30-дан 2021 жылы 28-ге дейін), зардап шеккен қызметкерлердің саны 2020 жылғы деңгейде төмендеді.

2021 жылы еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған бір жазатайым оқиға болды, онда 3 қызметкер

қайтыс болды («Petromidia» МӨЗ-дегі өрттің нәтижесінде, Румыния).

Жол-көлік оқиғаларының саны 47%-ға артты (2020 жылғы 15 оқиғадан 2021 жылы 22 оқиғаға дейін). Бұл ретте 2021 жылы орын алған 22 ЖКО-ның 10-ы үшінші тараптың кінәсінен болған. 2021 жылғы өрттер саны – 6 оқиға.

ЕҚ және ӨҚ негізгі көрсеткіштері*	Өлшем бірлігі	2019	2020	2021	Ауытқу 2021/2020	%
Жазатайым оқиғалар	Жағдай	41	30	28	-2	-7
Жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер	Адам	48	32	32	0	-
Жол-көлік оқиғалары	Оқиға	44	15	22	+7	47
Өрттер	Оқиға	10	6	6	-	-

\* 2021 жылдың 10 айындағы ҚТГ-де 3 жазатайым оқиға тіркелді, онда 4 адам зардап шекті.

апатты тергеу мәселесі бойынша ресми билікпен ынтымақтастық жасауда.

#### Сараптама

- Румыния прокуратурасының тапсырмасы бойынша Румынияның INSEMEX және KMGІ уәкілетті органы өрттің себептерін зерттеп жатыр: есепті алу мерзімі – а.ж. бірінші жартысында.
- Omniasis Vienna Insurance сақтандыру компаниясы зақымдану дәрежесі және өрт себептері бойынша есеп алды;
- ҚМГ ҰК Директорлар кеңесінің тапсырмасы шеңберінде KMGІ GEXCON компаниясынан өрттің себептері туралы тәуелсіз тергеу есебін және қауіпсіздік шаралары бойынша ұсынымдарды алды.

#### Алдын алу шаралары

GEXCON, KMGІ компаниясының ұсынымдары негізінде түзету іс-шараларының жоспары әзірленді. Қазіргі уақытта келесі бағыттар бойынша іс-шаралар орындалуда:

- «Петромидия» МӨЗ гидротазарту қондырғыларындағы қауіпсіздікті күшейту шаралары (жоғары қысымды жүйелерді қосымша қорғауды іске асыру);

- Өрт сөндіру жүйесін қалпына келтіру бағдарламасы (өрт сөндіру жүйесінің және алаңнан тыс инженерлік желілердің сенімділігі мен тұтастығын арттыру);
- Орталықтандырылған құлақтандыру жүйесі бойынша іс-шаралар (жоспар бойынша шұғыл қызмет құлақтандыру жүйесін жаңғырту және автоматтандыру);
- Жеке қорғану құралдары (ЖҚҚ) бойынша іс-шаралар (қызметкерлердің арнайы киімі стандартының нормаларына қойылатын талаптарды қатандату).

Болашақта осындай оқиғалардың алдын алу және технологиялық қауіпсіздікті басқаруды жақсарту үшін KMGІ қауіпті зерттеу және қызметкерлерді өндірісте болған және болуы мүмкін оқиғалар туралы хабардар ету үшін ақпараттық материалдар әзірледі.

KMGІ түзету іс-шараларының жоспары ҚМГ, АМӨЗ және ПМХЗ өндірісінің қауіпсіздігін басқару департаменттеріне жіберілді.

Алдыңғы оқыс оқиғалардан алынған сабақтар объектідегі өндірістік процестің қауіпсіздігін басқарудың бөлігі ретінде ҚМГ, АМӨЗ және ПМХЗ-ға жіберілді.

## ҚМГ-ДЕГІ ЖАЗАТАЙЫМ МЕН ӨЛІМ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ КОЭФФИЦИЕНТІ

Көрсеткіш*	2019	2020	2021	IOGP
Сағатына 1 миллион адамға шаққанда жұмыс уақытын жоғалтуымен жазатайым оқиғаларының коэффициенті	0,31	0,25	0,31	0,20
Сағатына 100 миллион адамға шаққандағы өлім оқиғаларының коэффициенті	1,28	0	2,93	0,56

\*Оның ішінде 2021 жылы ҚТГ бойынша жұмыс уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалардың коэффициенті: 0,18, өлім жағдайларының коэффициенті 4,51.

## Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару

306-3

2021 жылдан бастап Компанияда ҚМГ өндірістік объектілеріндегі (PSM) өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жүйесі кезең-кезеңімен енгізілуде, ол ірі апатты оқиғалардың (авариялар, оқыс оқиғалар, өрттер және жазатайым оқиғалар) пайда болуын болдырмауға бағытталған, мынаны қоса алғанда:


- активтер мен технологиялық жабдықтардың тұтастығын қолдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына, салалық стандарттарға, өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару саласындағы үздік әлемдік практикалар мен тәсілдемелерге (IOGP, OSHA) сәйкес қауіпсіз операциялық қағидаларды, нормалар мен рәсімдерді белгілеу;
- технологиялық тәуекелдерді анықтау және оларды болғызбау мен жұмсарту жөнінде тиісті шаралар қолдану;

- Компания қызметкерлері мен халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, қаржылық және құқықтық салдарларға, мүлік пен активтерге, бедел мен имиджге байланысты залалдар мен ысыраптарға жол бермеу болып табылады.

Компания инженерлік және басқару элементтерінің үйлесуі, тиімді және технологиялық жабдықтың герметикалығын жоғалтумен байланысты ірі апатты оқиғалардың алдын алуға және конструкциялардың құлауы, жарылыстар, өрттер, қиратушы шығарындылар мен қауіпті заттардың (химиялық заттар, мұнай және мұнай өнімдері) төгілуіне жол бермеу сияқтыларға бағытталғанына сенімді. Осы инженерлік және басқару элементтері жұмыс орнындағы қауіпсіздікті басқару үшін қажет етілетін талаптардан асып түседі, өйткені олар адамдарға, мүлікке және қоршаған ортаға әсер етеді.

## ҚОРҒАНЫС КЕДЕРГІЛЕРІ

### ҚАУІП-ҚАТЕР



Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жүйесін мониторингiлеу және талдау мақсатында Компанияда тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (ТНК) қолданылады:

- Нақты тұтастықты, жүйедегі іркілістерді, оқиғалар санын бақылауға, тіркеуге мүмкіндік беретін кешіктіру индикаторлары;
- Кедергілерді құрайтын қорғаныс және бақылау жүйелері мен механизмдерінің жұмыс қабілеттілігін

бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді жүйелі түрде өлшейтін озық индикаторлар.

Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жүйесін одан әрі енгізу үшін 2022 жылға Компанияның өндірістік объектілерінде аса маңызды қорғау шараларының/кедергілердің жұмыс істеуін тексеру бойынша бағалау парағын әзірлеу жоспарлануда.



## Көлік қауіпсіздігі

ЖКО статистикасы бойынша Компанияға тәуелді емес оқиғалардың туындау тәуекелінің факторлары бар екенін атап өткім келеді. Осындай факторлардың бірі біздің өндірістік объектілерімізге күн сайын іске қосылатын көлік құралдарының көп саны (10,5 мыңнан астам) болып табылады. Екінші фактор – Қазақстан Республикасының барлық аумағына шашыраңқы орналасқан

Компанияның еншілес ұйымдарының географиялық орналасуы, сондай-ақ олардың үшінші тараптың кінәсінен ЖКО туындау қаупі жоғары ірі қалалар мен елді мекендерде орналасуы. Атап айтқанда: 2021 жылы орын алған 22 ЖКО, 10 ЖКО жол қозғалысының басқа қатысушыларының кінәсінен туындаған.

ЖКО пайда болу тәуекелін төмендету мақсатында Компанияда көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша келесі шаралар кешені орындалды:

- Көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану шеңберінде, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін «Еншілес ұйымдардағы ЖКО-ның алдын алу тізбесі жөніндегі іс-шаралар жоспары» бойынша ұсынымдар жолданды.
- Кестеге сәйкес жүргізушілерге ҚР Жол қозғалысы ережелері және Компанияның жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану жөніндегі саясаты мен регламентінің актуалдандырылған корпоративтік құжаттары бойынша білімдерін тексерумен оқыту курстары өткізілді.
- Көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру мақсатында 2021 жылдың наурыз айында Компания мен мердігер ұйымдарда «Қауіпсіздік белдігі» профилактикалық іс-шарасы өткізілді.
- Компания мен еншілес ұйымдардың қызметкерлері арасында насихаттау және хабардарлықты арттыру және қауіпсіз жүргізу мәдениеті мақсатында 2021 жылғы қыркүйекте «Автокөлік құралдарын қауіпсіз жүргізу» тақырыбына бейнеролик түсіру жүзеге асырылды.
- Күзгі-қысқы кезеңнің басталуына және ЖКО жағдайларының маусымдық ұлғаюына байланысты жоғары қауіп-қатерге байланысты 2021 жылғы қарашада «Қысқы кезеңде қауіпсіз жол қозғалысы» профилактикалық іс-шаралары жүргізілді.

- Үздік халықаралық тәжірибелер, заманауи цифрлық шешімдер және процестерді автоматтандыру негізінде қауіпсіз жүргізу мәдениетін қалыптастыру арқылы «Ембімұнайгаз» АҚ-та «Сапарларды басқару» пилоттық жобасы қолға алынып, жүзеге асырылды. ЕМГ объектілерінде осы жобаның I кезеңін іске асыру аяқталды – автокөлік құралдарына арналған мониторингтің бірыңғай жүйесі енгізілді. 2022 ж. 1-тоқсанға жоспарланған II кезең «Бағдардан ауытқуды бақылау» бөлігінде функционалдық кеңеюін және мердігер компаниялардың автокөлік құралдарын мониторингілеудің бірыңғай жүйесіне қосылуды қамтиды.

2022 жылы көлік қауіпсіздігінің жай-күйін жақсартуға, ЖКО-ны қысқартуға, ақылды жоспарлау мен есепке алуға, сондай-ақ көлік құралдары мен ЖЖМ тиімділігін бақылау мен мақсатты пайдалануға бағытталған «Сапарларды басқару» жобасының таралымын көбейту жоспарлануда.

2022 жылы сондай-ақ OPITO, ROSPA және т. б. халықаралық аккредитациялар бойынша «Defensive driving» курсы бойынша Компания қызметкерлері (көлік қауіпсіздігі/жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі инженерлер) қатарынан жаттықтырушыларды оқыту жоспарлануда.



## Өрт қауіпсіздігі

2021 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша 6 өрт болды (2020 жылы ұқсас өрттер саны), оның ішінде 2 оқиға адам шығынымен (3 қаза тапқан және 1 зардап шеккен) және елеулі материалдық шығынмен ірі өрттер болып табылады.

Өрттердің туындау себептері мен мән-жайларын тексеру нәтижелері бойынша мынадай негізгі жүйелі себептер анықталды:

- жоғары басшылық пен желілік менеджерлердің нашар бейілділігі мен көшбасшылығы;
- қауіпсіздік мәдениетінің және басшылардың/жауапты қызметкерлердің құзыретінің төмен деңгейі;
- өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың жеткіліксіздігі;
- тәуекелді тиісті емес бағалау және «кедергілерді» басқару;
- жатақханалар мен вахталық кенттерде өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау бойынша оқу-жаттығу сабақтарының сапасыз өткізілуі.

### Өрт пен жанудың алдын алу және болдырмау үшін Компанияда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша келесі алдын алу шаралары қабылданды:

- Орын алған ірі өрттерден кейін дереу «Компаниядағы өрттердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс-шаралар» орындауға жіберілді, бұл ретте өндірістік объектілерде де, вахталық кенттерде де өрт-тактикалық сабақтар мен оқу-жаттығуларды өткізуге ерекше көңіл бөлінді.
- Еншілес ұйымдар ұсынған есептерді талдау нәтижелері бойынша 2021 жылғы қараша мен желтоқсанда Компанияның барлық бизнес-бағыттары бойынша жатақханалар мен вахталық кенттерде өрттердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс-шаралардың орындалуына ішінара тексерулер жүргізілді.
- Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылауды күшейту, Компанияның өрттерге жедел ден қою және оларды жоюға әзірлігін арттыру мақсатында қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді, сондай-ақ Компания объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі профилактикалық іс-шараларды кездейтін 2022-2024 жылдарға арналған кешенді жоспар әзірленді және бекітілді.
- ҚМГ компаниялар тобына кіретін ұйымдардың өрттердің алдын алуға және сөндіруге дайындығын тексеру және бағалауды жүзеге асыру қағидалары Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының, ҚМГ компаниялары тобындағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын, халықаралық стандарттар мен IOGP ұсынымдарын ескере отырып актуалдандырылды және қайта бекітілді.
- Өртке қарсы насихат және қызметкерлердің хабардарлығын арттыру мақсатында қызметкерлер мен келушілерге арналған өрт қауіпсіздігі бойынша жадынама әзірленді, сондай-ақ Компанияның офисінде 2021 жылғы 4 қазан мен 4 қараша аралығында өрт қауіпсіздігі айлығы өткізілді.
- Жаңа жылдық мерекелер мен ұзақ демалыс күндері өрттер мен жанудың туындау тәуекелін төмендету мақсатында және 2021 жылғы желтоқсанда Компанияның барлық бизнес-бағыттары бойынша өндірістік объектілерде де, вахталық кенттерде де өрт және электр қауіпсіздігі талаптарын сақтау бөлігінде қосымша шаралар қабылдау қажеттілігі туралы хат жолданды.

2022 жылға Компанияда өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін арттыруға бағытталған келесі бастамалар жоспарланған:

- Rompetrol-ға бөгде мамандандырылған компанияны тарта отырып, HAZOP талдау бойынша жаңа тәсілдемелерді енгізу;
- «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен Risk Based Inspection (RBI) әдісімен ықтимал қауіпті объектілер мен жабдықтарды анықтай отырып, тәуекелдерге кешенді бағалау жүргізу;
- Компанияның Басқарма төрағасы бекіткен 2022-2024 жылдарға арналған өрт қауіпсіздігі саласындағы кешенді жоспардың қысқа мерзімді іс-шараларын іске асыру;
- Мердігер ұйымдарды басқару процесі шеңберінде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің Компания объектілеріндегі өрттердің алдын алуға және сөндіруге әзірлігіне тексеру және бағалау жүргізу.


# ӨНДІРІСТІК САНИТАРИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ГИГИЕНАСЫ

103-1, 103-2, 103-3, 403-1, 403-3, 403-4, 403-5, 403-6, 403-7, 403-8, 403-9, 403-10

ҚР заңнамасының және қызметкерлердің денсаулығын қорғау, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес Компанияда денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасын басқару жүйесі енгізілді. Компания өндірістік процеске қарамастан өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және оларды сауықтыру бойынша белсенді саясат жүргізеді.

ЕТҰ қызметкерлері арасында жарақаттанумен байланысты емес өлім-жітім жағдайларының саны 2020 жылмен салыстырғанда 7 оқиғаға немесе 87,5%-ға артты. Негізінен бұл көрсеткіштердің артуы қызметкерлерде жүрек-қан тамырлары ауруларының және коронавирустық инфекцияның асқынуларының болуына байланысты болды.

## ЖАРАҚАТТАНУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ӨЛІМ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ САНЫ



15% – 2021  
8% – 2020  
13% – 2019

Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы басқару жүйесінде медициналық пункттерді қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару, шұғыл медициналық ден қоюды ұйымдастыру бойынша сәйкестікті бағалау құралдары көзделген.

Компанияның денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы басқару жүйесінің негізгі мақсаттары:

- қызметкерлердің денсаулығын сақтау және жақсарту үшін өндірістік процесті ұйымдастыру бойынша бірыңғай талаптарды белгілеу;
- еңбек гигиенасы мен эргономиканы, жұмыс орындарындағы өндірістік санитарияны жетілдіру арқылы қатерлерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) анықтау және азайту;
- қызметкерлердің денсаулығы үшін тәуекелдерді бағалауға және оларды азайтуға негізделген бақылаудың алдын алу шараларын қолдану;
- жұмыс және жұмыстан тыс уақытта қызметкерлердің салауатты өмір салтына жәрдемдесу және көтермелеу.

Компанияның денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы басқару жүйесінің жай-күйін бағалау және оны жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу жылына 2 рет (әр жарты жыл сайын) жүргізіледі.

Компанияда еңбек жағдайларын жақсарту және өндірістік объектілерде кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар кешені тұрақты негізде іске асырылады.

Жол картасы (бұдан әрі – ЖК) аясында қызметкерлердің денсаулығын басқарудың тиімділігін арттыру үшін ҚМГ компаниялар тобында 2021 жылғы маусымда жұмыс тобы құрылды, оған екі медициналық сарапшы тартылды.

ЖК іске асыру үшін ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне «Қазгермұнайгаз»; «Ембімұнайгаз»; «ҚазТрансОйл»; «АМӨЗ»; «Қазақойл Ақтөбе»; «Қазақтүрікмұнай» ЕТҰ-ларға барып, медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша талдау жүргізілді. «Қызметкерлердің денсаулығын басқару» бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыс атқарылды.

Осы бағдарламаны әзірлеу жөніндегі стратегиялық бастама ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған стратегиясына енді. Бағдарламаның негізгі үш бағыты бар:

- пандемиямен және оның салдарларымен күрес;
- кәсіби аурулардың алдын алу;
- қызметкерлердің салауатты өмір салтына деген ынтасы мен хабардарлығын арттыру.

2021 жылы мынадай іс-шаралар өткізілді:

1. ЕТҰ-да денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бағыты бойынша жауапты қызметкерлер тағайындалды;
2. қызметкерлердің денсаулық жағдайын ауысым алдында бақылауға және оларды жұмысты орындауға жіберуге қатысты шаралар күшейтілді;
3. қызмет көрсететін медициналық ұйым жағдайында созылмалы жүрек-қан тамырлары аурулары (ЖҚА) бар қызметкерлердің динамикалық бақылауының сақталуын бақылау қамтамасыз етіледі;
4. медициналық пункттердің медицина қызметкерлері ауысым алдындағы медициналық тексеру жүргізу үшін барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған;

5. тәуекел аймағындағы қызметкерлердің жас тобын анықтау үшін еңбек жағдайларын бағалау және тәуекелдерді бағалау жүргізіледі, қызметкерлердің денсаулығына қауіпті және зиянды өндірістік факторларды төмендету бойынша шаралар алдын ала қабылданады;
6. аурудың өршуі кезеңіндегі емдеу іс-шараларын, сондай-ақ олардың алдын алу жөніндегі емдеу шараларын қамтитын ЖҚА бастапқы профилактикасын жүргізу жөніндегі шаралар күшейтілді.

ҚМГ-нің негізгі күш-жігері ауыр жұмыстарда және еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге міндетті алдын ала (жұмысқа орналасу кезінде) және мерзімді медициналық тексерулер (тексерулер) жүргізуді қоса алғанда, шарттық міндеттемелер шеңберінде мамандандырылған ұйымдар көрсететін медициналық қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған.

ҚМГ компаниялар тобында кәсіби аурулар тіркелген жоқ.

## COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНА ДЕН ҚОЮ – ӨНДІРІСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – КВИ) таралуын болдырмау және таралуын мейлінше азайту, сондай-ақ өндірістік процестерге әсерін азайту мақсатында Компаниялар тобы бойынша эпидемияға қарсы іс-қимыл бойынша барлық қажетті ұйымдастыру іс-шаралары жүргізілуде және тиісті кешенді шаралар қабылдануда, оның ішінде:

- ҚМГ корпоративтік орталығы деңгейінде дағдарысты жағдайларды басқару жөніндегі командамен және ҚМГ еншілес ұйымдарындағы жедел штабтармен ахуалға тұрақты мониторинг және бақылау жүргізіледі және КВИ анықтау кезінде іс-қимыл алгоритмдерін іске қоса отырып, КВИ таратпау жөнінде қажетті басқарушылық шешімдер қабылданады, сондай-ақ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және бизнес-процестерді қалпына келтіру жоспарлары әзірленді;

- қайта даярлау алдында мердігерлермен бірге барлық ауысымдық персоналдың КВИ-ға зертханалық тексеру жүргізіледі және ЕТҰ қызметкерлерін жаппай тестілеу бойынша жұмыс жолға қойылды, қызметкерлердің аурудың қауіптілігін және эпидемиологиялық сақтық шараларын сақтауын сезіне отырып, пандемияға қатысты екпе егілді;
- бұқаралық іс-шараларды өткізуге шектеулер жалғасуда;
- персоналды қорғау және дезинфекциялық өңдеу үшін қажетті көлемде жеке қорғаныш құралдарымен және дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз ету жүзеге асырылады;
- ауырғандар күдікті немесе анықталған кезде іс-қимыл бойынша іс-шаралар енгізілді, барлық қызметкерлерге КВИ симптомдарының алғашқы белгілері, оң тест нәтижелері, сондай-ақ тест

нәтижелерін жасыру немесе бұрмалау және карантиндік режимдерді бұзғаны үшін жауапкершілік жөнінде дереу хабарлау туралы ескертілді;

- КВИ алдын алу және індетке қарсы шараларды сақтау үшін қызметкерлер арасында алдын алу шаралары (антисептиктерді қолдану, маскаларды пайдалану, әлеуметтік қашықтықты сақтау және температураны өлшеу), санитарлық-гигиеналық және дезинфекциялық жұмыстарды жүргізу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүзеге асырылуда;
- қызметкерлер арасында ошақтық аурулар туындаған кезде өндірісте жұмылдырылған персонал санын азайта отырып немесе резервтік бригадаларды жұмысқа енгізе отырып, карантиндік режим енгізіледі, сондай-ақ бұл мүмкін болған жерде персонал қашықтықтан форматына ауыстырылады.

Жалпы ҚМГ компаниялар тобы бойынша індетке қарсы іс-қимыл жөніндегі белгіленген регламенттерге сәйкес профилактикалық іс-шаралар кешенін және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді жүргізу жалғасуда.

Вакцинациялау жөніндегі мемлекеттік науқан басталысымен қызметкерлерді вакцинациялауды

ұйымдастыру және ынталандыру жөніндегі іс-шаралар жоспары енгізілді, оған сәйкес ұжымдық иммунитетті қалыптастыру және компаниялар тобының тұрақты үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін вакцинациялаудың маңыздылығын түсіндіру бойынша белсенді ақпараттық жұмыс жүргізіліп жатыр.

ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері вакцинаны тұрғылықты жері бойынша емханалардан және жеке медициналық мекемелерден алады. Ол үшін ҚМГ кәсіпорындарында барлық қажетті жағдайлар жасалған: вакцинация пункттері орталық офистерде, кен орындарындағы мамандандырылған пункттерде және медициналық орталықтарда ұйымдастырылған.

Көбіне қызметкерлер вакцинация науқанын жүргізуге оң көзқараспен қарайды және оған белсенді қатысуда. Екі компоненттің әрқайсысын алған кезде барлық қызметкерлерге ақылы демалыс күндері беріледі.

Бұл ретте санитарлық дәрігерлердің қолданыстағы қаулыларына сәйкес вакцинаның екі компонентін алған қызметкерлер ПТР-тесттен өтпей кен орындарына кедергісіз жіберіледі.

Бизнес бағыт	Қызметкерлер саны	Саны/ бірінші компонентпен вакцинацияланғандардың үлесі		Саны/толық вакцина алғандардың үлесі (екі компонент)	
ҚМГ КО	606	432	71%	416	69%
Мұнай өңдеу және мұнай-химия	5 545	5 207	94%	5 151	93%
Тасымалдау	7 894	7 176	91%	7 062	89%
Сервис	14 790	11 577	78%	10 884	74%
Барлау және өндіру*	36 646	25 447	69%	24 234	66%
<b>Топ бойынша жиыны:</b>	<b>65 481</b>	<b>49 839</b>	<b>76%</b>	<b>47 747</b>	<b>73%</b>

\*ІМЖ (ТШО, НККО, ҚПО) операторларының қызметкерлерін қоса алғанда

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компаниялар тобы бойынша 50 мың қызметкер (жалпы санының 76%) вакцинацияланды, оның ішінде 48 мыңы (73%) вакцинациялаудың толық курсын (екі компонентті) алды.

Сондай-ақ ЕТҰ-да, ҚМГ әкімшілік ғимараттарындағыдай, қызметкерлердің кіруі «Ashuq» қосымшасы арқылы жүзеге асырылады. Корпоративтік орталықта ҚББЖ

жүйесін (өткізу жүйесі) «Ashuq» ақпараттық жүйесімен интеграциялау сәтті іске асырылды («қызыл» немесе «сары» мәртебесі бар кіру рұқсаты автоматты түрде ҚББЖ жүйесімен бұғатталады, мәртебе «жасыл» немесе «көк» болып өзгерген кезде кіру қалпына келтіріледі).



## ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

103-1, 103-2, 103-3, 404-1, 404-2

ҚМГ тобында бекітілген кадр саясатына сәйкес персоналды оқыту мен дамытудың бірыңғай процесі енгізілді. Басшы қызметкерлерді, әкімшілік-басқару және инженерлік-техникалық персоналды оқытуға деген қажеттілік персоналдың тиімділігін тұрақты кешенді бағалау нәтижелері бойынша жасалған Жеке даму жоспарлары және құрылымдық бөлімшенің мақсаттарына сүйене отырып, қызметкерлердің тікелей басшылары мәлімдеген қажеттіліктер негізінде қалыптастырылады.

Өндірістік персоналды оқыту бизнестің кәсіби білімін, дағдылары мен қажеттіліктерін бағалау негізінде қалыптасады. Осылайша, қызметкерлерді оқытуды жоспарлау нақты реттелген және бизнестің нақты мақсаттары мен міндеттерімен өзара байланысты.

ҚМГ жыл сайынғы негізде персоналды оқытуды және дамытуды қамтамасыз етіп отырады, ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерін дамытудың жаңа тәсілдемелері мен бағдарламаларын қалыптастырады.

2021 жылы қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен өрт-техникалық минимум

бойынша міндетті оқу «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС платформасында өтеді.



**Компанияның құрылу тарихы мен құндылықтары, сондай-ақ орнықты даму мәселелері бойынша ақпаратты қамтитын бейімдеу курсы әзірленді. Бейімдеу курсы жаңадан қабылданған қызметкерлерге арналған.**

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы №23 қаулысының 2-тармағына сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген болатын.





**Осы іс-шаралар жоспары аясында тестілеу нәтижелерін ескере отырып, ҚМГ қызметкерлері үшін үздіксіз қазақ тілі курстары ұйымдастырылды.**

ҚМГ-де ISO халықаралық стандарттарына сәйкес төрт менеджмент жүйесі жұмыс істейді: сапа менеджменті жүйесі (ISO 9001); экологиялық менеджмент жүйесі (ISO 14001); денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі (ISO 45001) және ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі (ISO 27001).

Көрсетілген менеджмент жүйелері сертификаттаудан өтті, осылайша ҚМГ өзінің мүдделі тараптарына көрсетілетін қызметтердің сапасы, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік мәселелері басқарылатын жағдайларда, ұйымның бақылауында болатыны туралы мәлімдейді.



**ҚМГ-нің әрбір құрылымдық бөлімшесінде менеджмент жүйелерін жұмыс жағдайында ұстау үшін, сондай-ақ ИБЖ және АҚМЖ мәселелері бойынша жауапты қызметкерлер анықталды. 46 қызметкер қатысты.**

Комплаенс тәуекелдерді барынша азайту, сондай-ақ Компания мен оның қызметкерлерінің комплаенс саласындағы заңнамалық және этикалық нормаларды сақтау сапасын жүйелі бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде корпоративтік орталықтың **«Комплаенс-бақылау жүйесін ұйымдастыру және комплаенс тәуекелдерді басқару» тақырыбында оқыту ұйымдастырылды.**

Оқыту бағдарламасы мыналарды қамтиды: комплаенс бақылау жүйесіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаға қысқаша кіріспе (ҚР Заңы, УКВА, FCPA, Sapin II); мүдделер қақтығысы (декларациялау, реттеу); мемлекеттік органдармен және саяси маңызды тұлғалармен өзара іс-қимыл; іскерлік беделін жоғалту тәуекелі; комплаенс тәуекелдер және бақылау бизнес-процестерде (сатып алу, HR, m&a, маркетинг, т. б.); Компаниядағы «Жедел байланыс желісі» және басқалары.



**ЕТҰ және КО жоғары және орта буын басшылары үшін тиімді ойлау техникасы бойынша оқыту ұйымдастырылды.**

Модуль талдамалық құралдарды, тұжырымдамалық карталарды және ең бастысы стратегиялық менеджменттің практикалық құралдарын ашып көрсетеді.

Бағдарламаның кіші тақырыптары:

- Басқарушылық қызметтегі сыни ойлау;
- Стратегиялық менеджмент;
- Операциялық менеджмент;
- Интеллект карталар.

Инновациялық технологияларды өндіріске енгізу ҚМГ-нің басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Бүгінгі күні ҚМГ тобының өндірістік кәсіпорындары базасында өндірістік циклге цифрлық трансформацияны енгізудің бірыңғай тәсілдемесі қалыптастырылды және белсенді іске асырылуда.



**Топ-менеджментті цифрлық трансформациялау тақырыбына ену мақсатында ҚМГ «SKOLKOVO» Мәскеу басқару мектебімен бірлесіп, Сибур, Северсталь, Газпром сияқты ірі ресейлік өндірістік компанияларды цифрландыру бағытының басшылары қатарынан спикерлерді тарта отырып, «Цифрлық трансформацияны басқару» оқыту бағдарламасын іске асырды.**

Оқыту қорытындысы бойынша Бағдарламаның келесі мақсаттарына қол жеткізілді:

- Цифрлық трансформация тақырыбына ену (қажеттілік пен құндылықты түсіну);
- Цифрландыруға байланысты сала алдында тұрған негізгі сын-тегеуріндерді, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау;
- Озық бенчмарк-компаниялардың практикасын және цифрлық трансформацияның маңызды құралдарын зерделеу.

## **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының Көп функционалды жалпы қызмет көрсету орталығын құру**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының көпфункционалды жалпы қызмет көрсету орталығын құру» жобасының жол картасы аясында «Жалпы қызмет көрсету орталықтары» тақырыбында халықаралық практикалық конференцияларға қатысу ұйымдастырылды.

Оқыту қорытындысы бойынша Бағдарламаның келесі мақсаттарына қол жеткізілді:

- Process Mining сіздің автоматтандыру бағдарламаңызды қалай жақсарты алады.
- Болашақ кадрлар үшін адами капиталды дамытудың тұтас бағдарламасын әзірлеу.
- «РЖД» ААҚ Әлеуметтік-кадр орталығын цифрлық трансформациялау. Практикалық кейстер.
- Қысқа мерзімде ЖҚО құру.
- ЖҚО құру және дамыту кезіндегі өзгерістерді басқару.

Жаңа қаржы орталығын толығымен виртуалды режимде теңшеу. Кейс Trivium Packaging BSC.

- Таланттар нарығы. HR үшін ИИ, персоналды трансформациялаудың сәтті бағдарламасы, тұрақты кері байланыс және өнімділікті басқару.
- ЖҚО трансформациясы: Біз неге «клиентке бағдарланған» сөзін ұнатпаймыз.
- «Аутсорсинг қызметтерін жеткізушілер нарығына ЖҚО шығару: мүмкіндіктер мен қатерлер, қолдағандар мен қарсылар» тақырыбындағы панельдік пікірталас
- «Жөндеулерді сүйемелдеу – ЖҚО-дағы сараптамалық және техникалық функциялар».
- ЖҚО қызметтеріне арналған Бірыңғай АТ-платформасы
- HR Zero-ның алғышарты ретінде HR ЖҚО.
- Қашықтықтан жұмыс істеу жағдайында қызметкерлерді материалдық емес ынталандыру және команданы біріктіру жүйесін дамыту үшін геймификацияны енгізу
- «Жаңадан бастаушыларға кеңестер: ЖҚО құру алдында қандай қадамдар жасау керек» тақырыбындағы панельдік пікірталас.

Бір қызметкерге академиялық сағаттың орташа жылдық саны 16,7 сағатты<sup>16</sup> (2020 жылы 14,7 сағат, 2019 жылы 17,6 сағат), оның ішінде бір ер адамға – 16,4 сағатты (2020 жылы 14,6 сағат, 2019 жылы 18,0 сағат), бір әйелге – 18,6 сағатты (2020 жылы 16,0 сағат, 15,1 сағат, 2019 ж.) құрайды.

Сонымен бірге қызметкерлерді оқыту және дамыту жыныс белгісіне және атқаратын лауазымына қарамастан жүзеге асырылып жатқанын атап көрсетеміз.

## САНАТТАР БОЙЫНША БІР ҚЫЗМЕТКЕРГЕ САФАТТАРДЫҢ ОРТАША ЖЫЛДЫҚ САНЫ

САФАТ



- 20,4 сағат – басшылар
- 22 сағат – мамандар
- 14,8 сағат – қызметшілер

### ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН ОҚИТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

- Жеке тұлғалық-іскерлік оқыту
- Персоналды басқару
- Ішкі бақылау және аудит
- Экология, ЕҚжҚТ, МҚжТЖ
- Сатып алу қызметі
- Экономика және қаржы
- Корпоративтік басқару. Жобаларды басқару
- Құжаттамалық қамтамасыз ету
- Ақпараттық технологиялар
- Тілдік оқыту
- Медиация, келіссөз процесі бағдарламалары бойынша оқыту
- Өндірістік бағыттар бойынша оқыту
- Жұмыс кәсіптеріне оқыту
- Магистрлық бағдарламалар, шағын MBA
- Тағылымдама

<sup>16</sup> ҚТГ 10 ай ішінде – 8,6 сағат, бір ер адамға есептегенде – 7,9 сағат, бір әйелге есептегенде – 12,8 сағат.

## «МАНСАП» негізгі ұстанымдарына сабақтастық жоспарын қалыптастыру жобасы бойынша ақпарат

2020 жылы ҚМГ адами ресурстарды басқару департаменті ҚМГ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша сабақтастық жоспарын қалыптастыру әдіснамасын әзірлеп, ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінде қарады.

Осы әдіснамаға сәйкес ҚМГ компаниялар тобының негізгі ұстанымдарына сабақтастық жоспарын қалыптастыру бойынша «МАНСАП» пилоттық жобасы іске қосылды.



**Жоба бағалау рәсімдерінің қорытындылары бойынша лауазымдардың үш деңгейіне мұрагерлер пулын қалыптастыруды көздейді:**

**«А» пулы** – ҚМГ Басқармасы мүшелері мен ЕТҰ Бас директорының сабақтастық жоспары;

**«В» пулы** – ҚМГ/ЕТҰ басқарушы қызметкерлерінің сабақтастық жоспары;

**«С» пулы** – ҚМГ/ЕТҰ бөлімшелері басшыларының сабақтастық жоспары.

2021 жылдың қорытындысы бойынша, осы жоба шеңберінде:

- ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің (2021 жылғы 9 ақпандағы №1/2021 хаттама) шешімімен «А» пулы позициясында мұрагерлер пулы бекітілді;
- «А» пулының мұрагерлері үшін СКОЛКОВО МШУ-мен бірлесіп «Көшбасшылық білім беру бағдарламасын» дамыту бағдарламасы бекітілді және іске қосылды;
- ҚМГ Басқармасының (2021 жылғы 16 қыркүйектегі №31 хаттама) шешімімен «Б» пулының позициясында мұрагерлер пулы бекітілді;
- «С» пулының позициясында Сабақтастық жоспарын қалыптастыру үшін іріктеу рәсімдері өткізілді.

Резервті қалыптастыру ашық іріктеу негізінде басқару тиімділігін арттыруға және басшылардың құзыреттер деңгейін арттыруға бағытталған.



## ҚМГ компаниялар тобында жобаларды басқаруды оқыту

Жобалық басқаруды енгізу аясында 2020 жылдан бастап жобалық персоналдың құзыреттерін арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

Базалық курсты, жобалық басқарудың пәндік салаларын, жобаларды сараптауға, қызметкерлерді PMI мен IPMA халықаралық талаптары бойынша сертификаттауды оқытуды Компанияның орталықтандырылған корпоративтік орталығы жүзеге асырады, бұл ретте курстардың көпшілігін компанияның жеке жаттықтырушылары жүргізеді.



Жалпы, өткен екі жылда ҚМГ мен ЕТҰ-ның 1500-ден астам қызметкері, оның ішінде 2021 жылы – 400-ден астам қызметкер оқытылды. Сондай-ақ 2021

жылы ҚМГ мен ЕТҰ-ның 70-тен астам басшы қызметкерлері үшін жобаларды табысты іске асырудағы топ-менеджменттің рөлі туралы курс өткізілді.

Компания бірінші кезекте оқыту арқылы жобаларды басқарудың корпоративтік жүйесінің тұрақты жұмыс істеуіне және жобаларда нәтижелілікке қол жеткізуге болады деп санайды.



2021 жылы «Жаңару» жобасы аясында ҚМГ жоғары және орта буын басшыларын жобалық басқаруға корпоративтік оқыту ұйымдастырылды. Аталған оқытудың мақсаты ҚМГ жобалау мамандарының

пулын қалыптастыру, сондай-ақ шығындарды оңтайландыру және қызметкерлерді тек нақты қажеттілік (өндірістік қажеттілік) негізінде іріктеу және жіберу есебінен оқытудың тиімділігін арттыру болып табылады. Іске асыру кезеңінде КО-ның 17 қызметкері және ЕТҰ-ның 10 қызметкері білім алды.



## Студенттермен және жас мамандармен жұмыс

ҚМГ 2020 жылдың 1-тоқсанында өндірістік және дипломалды практикадан өту үшін Қазақстанның түрлі жоғары оқу орындарының 27 студентін қабылдады. COVID-19-ға байланысты шектеулер енгізілгеннен кейін студенттерді практикаға қабылдау тоқтатылды.

1. Өсіп келе жатқан жаһандану және өнеркәсіптегі үздіксіз өзгерістер аясында түлектерге қойылатын біліктілік талаптары тұрақты негізде кеңеюде. ҚМГ компаниялар тобы бойынша жаңа жас буын мамандарын даярлауға және білім алушылардың кәсіби қасиеттерін ашуға практикаға бағдарланған тәсілдемені дамыту және танымал ету мақсатында оқу орындарымен өзара іс-қимыл бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.



**Дуальды оқыту бағдарламасы іске асырылуда – кәсіпорындар мен оқу орындарының тығыз өзара іс-қимылы негізінде білікті қызметкерлерді даярлау: оқушылар**

**жұмыс орнында мамандық алуда. 2018 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде бағдарламаға оқу орындарының 244 оқушысы қатысты, олардың 98-і ҚМГ өндірістік кәсіпорындарында («Ембімұнайгаз» АҚ, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС) жұмысқа орналастырылды.**

2. Қазіргі уақытта іске асырылып жатқан Қазақстан Республикасының мұнай-химия өнеркәсібін дамыту бағдарламасын және Атырау облысында екі мұнай-газ-химия ауқымды зауытын іске қосуды назарға ала отырып, мұнай-химия бойынша заманауи білім беру кластрын «Сафи Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) базасында құру жөніндегі іс-шараларды белсенді түрде іске асыруда. «Атырау МӨЗ» ЖШС басшылығымен университеттің бұрынғы «Химия және химиялық технология» кафедрасының материалдық-техникалық базасы толық жаңғыртылды, дәрістік аудиториялар мен химиялық зертханалардың толық жаңартылуы, оларды жиһазбен және жабдықтармен жабдықтау, қолдау бөлмелерін жайластыру және жарақтандыру. Университет базасында мұнай-химия инженериясы және экология институты ашылды. Университет базасында студенттердің мұнай, газ және оларды

қайта өңдеу өнімдерін зерттеу процестерінде аспаптық физика-химиялық талдау әдістерін қолдануда практикалық дағдыларды игеру үшін қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықталған 12 жаңа зертхана орналасқан.

### 3. Жас Өркен және Цифрлы жаз жобалары



2017 жылы «Самұрық-Қазына» қорының бастамасы бойынша кәсіби ой-өрісі кең жаңа буын басқарушыларын қалыптастыру және

дамыту мақсатында «Жас Өркен» бағдарламасы және жас мамандарды Қор тобын цифрландыру жобаларына тарту мақсатында құрылған «Цифрлық жаз» бағдарламасы іске қосылды.

Бағдарламалардың басты артықшылығы – компанияның тәжірибелі қызметкерлері қатарынан тәлімгерлердің басшылығымен жедел даму. «Жас Өркен» бағдарламасы кезінде жас мамандар Қордың бүкіл Қазақстан бойынша 4 түрлі кәсіпорнында алмастырудан өтеді.



**Бағдарламаларды іске асыру кезеңінде ҚМГ тобы бойынша «Жас Өркен» бағдарламасы бойынша ротациядан 61 жас маман өтті, оның 15-і жұмысқа орналастырылды,**

**«Цифрлық жаз» бағдарламасы бойынша 18 жас маман, оның ішінде жұмыс істеп жүрген студенттер, бағдарламаның 3 түлегі жұмысқа орналастырылды.**

### Персоналды экологиялық менеджмент мәселелері бойынша оқыту

404-2

ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕжҚОҚ мәселелерін оқытудағы қажеттілік сұранысқа ие болып қалып отыр. Осыған байланысты персоналды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау бағыты бойынша міндетті оқыту, даярлау және біліктілігін арттыру басым болып табылады.



**2021 жылдан бастап «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС платформасында қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт-техникалық минимум бойынша ҚМГ КО қызметкерлерін міндетті оқыту жүргізілуде.**

Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша оқыту қолда бар меншікті оқу-курстық комбинаттар / орталықтар базасында «70/20/10» «жұмыс орнында / ішкі/сыртқы» оқыту моделі бойынша жүргізіледі. Тәжірибелі қызметкерлер арасында тәлімгерлік және ішкі жаттықтырушылық жөніндегі бағдарламалар іске асырылып жатыр, озық қызметкерлер арасында мастер-класстар мен тренингтер, түрлі конкурстар өткізілуде, бұл ішкі коммуникацияларды жетілдіруге және персоналды өз мамандығы бойынша үздік болуға ұмтылуға ынталандыруға мүмкіндік береді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-та (Жаңаөзен қ.), «ҚазТрансОйл» АҚ-та (Ақтау қ.), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-да (Павлодар қ.) және Oil Services Company ЖШС-да (Ақтау қ.) меншікті оқу-курстық комбинаттары/орталықтары бар.

Қызметкерлерге арналған қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша оқыту сессиялары, семинарлар мерзімді негізде өткізіледі. Сонымен қатар, 2021 жылдың қыркүйегінде ҚМГ ЕТҰ бас директорларының HSE форумында ҚМГ Директорлар кеңесі мен басқарма мүшелері үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органның және кодексті әзірлеушілердің қатысуымен ҚР жаңа Экологиялық кодексінің талаптары бойынша жеке оқыту сессиясы өткізілді.

## БІЗДІҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР

103-1, 103-2, 103-3, 413-1, 413-2, 203-1

ҚМГ еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында өндірістік қатысу өңірлерін дамытуға және халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге айтарлықтай ақша қаражатын бөлу көзделген, сондай-ақ облыстардың әкімдіктерімен жасалған келісімдер мен меморандумдар негізінде ҚМГ ЕТҰ қаражатты жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктерін негізге ала отырып, қаражатты бөлетін жергілікті атқарушы органдарға аударады. Бұдан басқа, ҚМГ Жаңаөзен қаласын дамытудың кешенді жоспарына (бұдан әрі – ДКЖ) сәйкес өз міндеттемелерін уақтылы орындайды. 2021 жылы осы мақсаттарға ҚМГ тобы бойынша 5 млрд астам теңге бөлінді, оның ішінде:

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 900 млн теңге бөлді.

«Ембімұнайгаз» АҚ «Тасшағыл» ауылында 300 орындық мәдениет үйінің құрылысына 200 млн теңге көлемінде; «Махамбет» ауылында 160 орындық спорт кешенінің құрылысына 132 млн теңгеден астам сомаға; «Асан» ауылында медициналық пункттің құрылысына 83 млн теңгеден астам сомаға қаржы бөлді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Маңғыстау облысының әкімдігімен қол қойылған Келісім шеңберінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға 300 млн теңге сомасында көмек көрсетті. Бұдан басқа, өңірдегі жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа қожалықтарынан бордақыланған малды сатып алу жолымен өңір халқын қолжетімді төмен нарықтық бағамен қолжетімді етпен қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ қуаңшылыққа байланысты облыстың ауыл шаруашылығына көмек көрсету мақсатында малға азық дайындау үшін көлік шығындарын өтеуге 100 тонна көлемінде дизель отынын бөлу жолымен 60 млн теңгеге жуық бөлінді.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның Қызылорда облысының инфрақұрылымына шамамен 145 млн теңге көлемінде қаржы бөлді.

«Қаражанбасмұнай» АҚ Маңғыстау облысының әкімдігімен қол қойылған келісім негізінде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 230 млн теңге аударды.

Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-ға 45 млн теңге, «ҚазақОйл Ақтөбе» ЖШС-ға 100 млн теңге бөлінді.

ДКЖ-да қабылданған әлеуметтік міндеттемелерді орындау мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласы әкімдігінің «Өзенинвест» МКК коммуналдық шаруашылық объектілерін ұстау бойынша қызметін кеңейту (350 жұмыс орнына дейін) бойынша шаралар қабылдау, Жаңаөзен қаласы жастары арасынан шыққан жұмысқа орналасқан азаматтар үшін Ақтау қаласының жатақханаларында тұрғаны үшін жалдау ақысын қаржыландыру, Жаңаөзен қаласы әкімдігінің «Өзенинвест» МКК қызметін кеңейту бойынша шаралар қабылдау, Жаңаөзен қаласы халқының әлеуметтік осал топтарын көшіру үшін кейіннен коммуналдық тұрғын үй қорына беруге Ақтау қаласында тұрғын үй сатып алу, жалпы сомасы 3 млрд теңге мөлшерінде осы кешендерді жобалауды ескере отырып, Жаңаөзен қаласында әмбебап спорт кешендерін салуға арналған шығыстарды қаржыландыру.

2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Қордың қайырымдылық саясаты және Қордың қайырымдылық бағдарламасы бекітілді, осыған сәйкес ҚМГ мен оның еншілес кәсіпорындары демеушілік және қайырымдылық көмекті дербес жоспарлай және көрсете алмайды.

Қайырымдылық саясатына сәйкес Қор компаниялары тобының барлық қайырымдылық қызметін «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады.

Қор қызметінің басым бағыттары:

- әлеуметтік және медициналық сектордағы адамдарға, қауымдастықтарға көмектесу;



- медиа, мәдени қауымдастықты дамыту, адам әлеуетін дамыту;
- қоғамның орнықты дамуындағы еңбек қатынастарын, ұлтаралық қатынастарды, инвестицияларды нығайту;
- Қор тобы бар өңірлерде әлеуметтік инвестициялардың өңірлік бағдарламасын іске асыру;
- Қордың және/немесе Қор тобының беделін нығайту және имиджін ілгерілету.

2021 жылы ҚМГ «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жобаларды қаржыландыру үшін қайырымдылыққа 2 079 млн теңге жұмсады.

Қор «Самұрық-Қазына» АҚ-тың барлық компаниялар тобынан халық үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық жобалар мен бағдарламаларды іске асырады. Қордың қызметі мемлекеттік органдардың, ҚР Үкіметінің және қоғамдық және әлеуметтік саясат саласындағы сарапшылардың жәрдемімен жүзеге асырылуда. Корпоративтік қордың қайырымдылық жобаларының әкімшілері конкурстық негізде айқындалған үкіметтік емес ұйымдар болып табылады. Қордың қызметі туралы толығырақ Сіз мына сілтеме арқылы біле аласыз: <http://sk-trust.kz/ru/about>.



2021

# БАҚҒАРУ





- 1-қағидат Іскерлік топтар халықаралық танылған адам құқықтарын қорғауды қолдауға және құрметтеуге тиіс.
- 2-қағидат Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
- 6-қағидат Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.
- 10-қағидат Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

102-18

Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ Жарғысына сәйкес ҚМГ Корпоративтік басқару құрылымы былайша көрінеді:

ҚМГ органдары:

1. **жоғары орган** – Акционерлердің жалпы жиналысы;
2. **басқару органы** – Директорлар кеңесі;
3. **атқарушы орган** – Басқарма;
4. «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ҚМГ және ҚМГ компаниялар тобының өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы саласындағы бағалауды жүзеге асыратын және олардың қызметін жетілдіру мақсатында консультация беретін орган – **орталықтандырылған Ішкі аудит қызметі болып табылады.**

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Компания қызметінің басым бағыттарын, даму стратегиясын айқындайды, ҚМГ корпоративтік басқару тиімділігін бағалайды және өзінің басқару функцияларын жүзеге асырғаны үшін Акционерлердің жалпы жиналысының алдында жауапты болады. Ағымдағы қызметті басшылыққа алуды өз кезегінде Директорлар кеңесіне есеп беретін Басқарма жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінде барынша маңызды мәселелерді қарау және ұсынымдарды дайындау үшін ҚМГ-де Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің ханында мынадай комитеттер жұмыс істеді:

1. Тағайындаулар және сыйақылар комитеті – Директорлар кеңесі мен Басқарманың сабақтастығын жоспарлау, ҚМГ органдарының қызметін бағалау, тиімді кадр саясатын, еңбекақы мен сыйақы төлеу жүйесін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚМГ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, кәсіби дамыту және оқыту бойынша міндеттер тобы үшін құрылған.
2. Стратегия және портфельді басқару комитеті – ҚМГ даму стратегиясы және инвестициялық саясаты, қызметінің басым бағыттары, ҚМГ инвестициялық тартымдылығын арттыру, ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметін жоспарлау және трансформациялау мониторингі мәселелері бойынша құрылды.
3. Аудит жөніндегі комитет – қаржы-шаруашылық қызметіне, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен анықтығына, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігіне тиімді бақылауды, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігіне бақылауды белгілеу үшін құрылған.
4. Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет – қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбек және қоршаған ортаны қорғау, орнықты даму және әлеуметтік-экономикалық даму қағидаттарын, әлеуметтік міндеттемелер мен бағдарламаларды енгізу, қызметтің үздіксіздігін және экологиялық тиімділікті қамтамасыз ету бойынша мәселелер тобын қарауға арналған. Аталған комитет ұйым көрсететін ықпал етудің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша бастамашылық жасауға, жан-жақты қарауға және шешімдер қабылдауға жауап береді.

## Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарға жауапкершілік

102-20

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма өз құзыреттері шеңберінде орнықты даму саласында тиісті жүйенің қалыптастырылуын және оның енгізілуін қамтамасыз етеді, бұл ретте лауазымды тұлғалар мен барлық қызметкерлер барлық деңгейде орнықты дамуға үлес қосады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша атқарушы орган деңгейінде орнықты даму мәселелерін шешу үшін жауапкершілік былайша бөлінді:

1. Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары: орнықты даму қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ететін орнықты даму саласында басқару жүйесін құру және енгізу, сондай-ақ Компанияның негізгі процестеріне, даму стратегиясына және шешімдер қабылдау процестеріне орнықты дамуды біріктіру мәселелері;
2. Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу мәселелерін қоса алғанда, орнықты дамудың экономикалық құрамдас бөлігі мәселелерінің кешенін шешуге жауап береді;
3. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры: еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚМГ стратегиясы мен саясаттарын қалыптастыру және іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ, жалпы алғанда, өндірістік қауіпсіздікті, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері;
4. Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры: процестерді іске асыру және орнықты дамудың еңбек, кадрлық және әлеуметтік аспектілерін басқару мәселелері.

Жоғарыда аталған тұлғалар ҚМГ Басқарма төрағасына есеп береді. Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге жауапты тұлғалардың есеп беруі нормативтік құжаттармен, ішкі бақылау рәсімдерімен және Компания қызметінің үздіксіздігімен егжей-тегжейлі реттеледі. Мәселен, даму жоспарларына сәйкес тұрақты

негізде мәселелер Басқарманың қарауына шығарылады, ол өз кезегінде Директорлар кеңесіне есеп береді. Бұл ретте Директорлар кеңесінің отырыстарында тиісті мәселелер қаралғанға дейін Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай бөлуге сәйкес Директорлар кеңесі үшін ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асырады:

- корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша функциялар мен іс-шаралардың орындалуын кешенді бақылау ҚМГ Директорлар кеңесінің аудит комитетіне бекітілген;
- ұйым көрсететін әсердің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша бастамашылық ету, жан-жақты қарау және шешімдер қабылдау, сондай-ақ ҚМГ-де орнықты дамудың енгізілуін бақылау ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитетіне бекітілген.

## Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша мүдделі тараптарға кеңес беру

102-21, 102-31, 102-32, 102-33, 102-34

Мүдделі тараптар мен Компанияның корпоративтік басқаруының жоғары органы арасында экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша консультациялар тұрақты негізде әртүрлі тәсілдермен жүргізіледі.

Мысалы, Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) жоғарыда көрсетілген лауазымды тұлғалардың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Мәселен, 2021 жылы Комитеттің 5 отырысы өткізіліп, онда 52 мәселе қаралып, Комитет отырыстарының қорытындылары бойынша 115 шешім мен тапсырма қалыптастырылды.

Комитет мынадай мәселелер бойынша ұсынымдарды әзірлейді және Директорлар кеңесіне ұсынады:

- Қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету.
- ҚМГ стратегиялық жоспарлауға және әлеуметтік-экономикалық дамуына орнықты даму қағидаттарын енгізу.

- Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттар шеңберінде ҚМГ әлеуметтік міндеттемелері мен бағдарламалары;
- ҚМГ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету.
- ҚМГ экологиялық тиімділігін қамтамасыз ету.

2021 жылы Комитеттің басты назарында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, ESG (Environmental – Social – Governance) аспектілерін стратегиялық басқару, сондай-ақ орнықты даму саласындағы есептілік мәселелері болды. Комитеттің 2021 жылғы күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге мыналарды жатқызуға болады:

- ҚМГ ESG (Environmental – Social – Governance) рейтингі.
- Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің талаптары.
- Атмосфералық ауадағы шығарындыларды басқару.
- Қалдықтарды басқару және тарихи қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі меморандумды орындау.
- ҚМГ мен оның бизнес-бірліктерінде орнықты даму жүйесін енгізу және орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу.
- ҚМГ-нің орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі.
- ҚМГ еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есептер.
- ҚМГ мердігерлік ұйымдарын басқару.
- «Petromidia» мұнай өңдеу зауытындағы оқыс оқиғаның мәртебесі.
- Батуми мұнай терминалының дизель отыны мен керосинді қабылдау және ауыстырып тиеу станциясындағы өртті тексеру.
- «KEGOC» АҚ сыртқы жеткізушісі тарапынан электр энергиясының ажыратылуына байланысты ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарының жұмысындағы іркілістер.
- ҚМГ компаниялар тобында жүргізілетін әлеуметтік саясат және ҚМГ кәсіпорындарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.
- 2022 жылға арналған орнықты дамуды енгізумен байланысты басшы қызметкерлер қызметінің негізгі уәжделік көрсеткіштерінің карталарын бекіту.
- COVID-19 бойынша ҚМГ-дегі жағдай туралы есептер.
- Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасын басқару жүйесі.

Бұдан басқа, Комитет 2021 жылы өзгесінен басқа, мынадай негізгі құжаттарды қарап, мақұлдады:

- 2022-2031 жылдар кезеңіне арналған ҚМГ-нің төмен көміртекті дамыту бағдарламасы;
- Жаңа редакциядағы ҚМГ экологиялық саясаты;
- ҚМГ компаниялар тобында қоршаған ортаға болжанған қызметтің әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі корпоративтік стандарт;
- ҚМГ-нің ESG рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Комитеттің жұмысына қатысу үшін Комитеттің отырысына дауыс беру құқығынсыз ҚМГ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үнемі шақырылды. ҚМГ Директорлар кеңесі Комитет әзірлеген ұсынымдардың әрқайсысын қабылдады.

Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемалар бойынша мүдделі тараптардың ауқымды тізбесіне кеңес беру Компанияның веб-сайты, жұртшылықпен өзара іс-қимыл жөніндегі қызмет (Баспасөз қызметі) арқылы, сондай-ақ орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу мәселелері бойынша сыртқы және ішкі мүдделі тараптармен бірге ҚМГ коммуникацияларының орталық арнасы болып табылатын орнықты даму туралы жыл сайынғы есепті шығару арқылы жүргізіледі. Сонымен бір уақытта ҚМГ-де мүдделі тараптармен және Компаниямен тиісті түрде диалог құруға мүмкіндік беретін коммуникациялардың түрлі тәсілдері бар. Мысалы, инвестициялық қоғамдастық үшін ақпарат арнайы порталда орналастырылады <https://kmg.kz/kaz/investoram/reporting-and-financial-result>, жұмысқа орналастыру мәселелері <http://work.kmg.kz> порталында орналастырылады, заңнама мен ҚМГ ішкі нормативтік құжаттарын бұзу мәселелері бойынша [doverie@kmg.kz](mailto:doverie@kmg.kz) сенім жүйесіне жүгінуге болады, құпия ақпарат беру жүйесі <http://www.sk-hotline.kz> интернет-порталы арқылы қолжетімді, сондай-ақ [ombudsman@kmg.kz](mailto:ombudsman@kmg.kz) омбудсмен қызметінің мәселелері бойынша функционалдық өзара іс-қимыл жүзеге асырылады, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау [hse@kmg.kz](mailto:hse@kmg.kz) және орнықты даму [sustainability@kmg.kz](mailto:sustainability@kmg.kz).

## Жоғары басқару органының және оның комитеттерінің құрамы

102-22, 102-23

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамы мынадай түрде ұсынылды<sup>17</sup>:

- Уолтон Кристофер Джон – Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз атқарушы емес директор;
- Айдарбаев Алик Серікұлы – ҚМГ Басқарма Төрағасы;
- Миллер Тимоти Глен – тәуелсіз атқарушы емес директор;
- Холланд Филип Малкольм – тәуелсіз атқарушы емес директор;
- Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – атқарушы емес директор, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі;
- Ақшолоақов Болат Оралұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
- Манкеев Мұхтар Наурызбайұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі.

2021 жылғы орнықты даму туралы есепті бекіту сәтінде ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамы мынадай түрде ұсынылды:

- Уолтон Кристофер Джон – Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз атқарушы емес директор;
- Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев – ҚМГ Басқарма Төрағасы;
- Миллер Тимоти Глен – тәуелсіз атқарушы емес директор;
- Холланд Филип Малкольм – тәуелсіз атқарушы емес директор;
- Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – атқарушы емес директор, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі;
- Жанәділ Ернар Бейсенұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
- Ауғанов Фибрат Қайратұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
- Хаирова Әсел Әнуарқызы – тәуелсіз атқарушы емес директор.

Есепті дайындау сәтінде ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы мынадай түрде ұсынылды (ҚМГ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 2 ақпандағы шешімі, №1/2022 хаттама):

### Аудит комитеті

- Уолтон Кристофер Джон, Комитет төрағасы
- Миллер Тимоти Глен
- Холланд Филип Малкольм

### Стратегия және портфельді басқару комитеті

- Холланд Филип Малкольм, Комитет төрағасы
- Уолтон Кристофер Джон
- Миллер Тимоти Глен
- Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы

### Тағайындаулар және сыйақылар комитеті

- Холланд Филип Малкольм, Комитет төрағасы
- Уолтон Кристофер Джон
- Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы

### Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет

- Миллер Тимоти Глен, Комитет төрағасы
- Уолтон Кристофер Джон
- Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы

Компания Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар саны бөлігінде Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес келеді, оған сәйкес тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-ын құрайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы Тәуелсіз директор болып табылады және ҚМГ Директорлар кеңесінің барлық комитеттерін тәуелсіз директорлар басқарады.

Есепті бекіту сәтінде ҚМГ Директорлар кеңесінің құрылымы келесідей:

- тәуелсіз директорлар – 4,
- «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілдері – 3;
- атқарушы органның басшысы (Басқарма төрағасы) – 1.

Директорлар кеңесінің сегіз мүшесінің ішінде (есепті дайындау кезінде) Қазақстан Республикасының азаматтары бес адам, Ұлыбритания – екі, Америка Құрама Штаттары – бір адам болып табылады.

<sup>17</sup> 2022 жылғы 11 қаңтарда ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Б.О. Ақшолоақовтың ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамынан шығу туралы өтініші алынды және 2022 жылғы 18 ақпанда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері Б.О. Ақшолоақов пен М. Н. Манкеевтің өкілеттіктері тоқтатылды, сондай-ақ оның орнына «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілдері ретінде ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері Ф.Қ. Ауғанов және Е.Б. Жанәділ сайланды. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының Шешіміне сәйкес 2022 жылғы 15 сәуірден бастап М. М. Мырзағалиев ҚМГ Басқарма Төрағасы болып тағайындалды және А. С. Айдарбаевтың орнына ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланды.

Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі үш жылды құрайды. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарау кезінде қатарынан алты жылдан астам мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Тәуелсіз директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам уақыт сайлана алмайды. Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, жыл сайын жүргізілуге тиіс. Бұл ретте, 2021 жылы ҚМГ-де жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының нәтижелері бойынша Компания акционерлердің өкілдері мен тәуелсіз директорларды Компанияның Директорлар кеңесінде неғұрлым ұзақ сақтау мақсатында акционермен тәсілді талқылау мүмкіндігін қарастыру туралы ұсыным алды. Сондай-ақ, өкілдердің өкілеттік мерзімін Компанияның таңдалған стратегиясының кезеңіне сәйкес келтіру мәселесін зерделеу қажеттілігі туралы ұсыныс берілді. Тәуелсіз консультанттың пікірі бойынша көрсетілгендер мынадай артықшылықтар бере алады: ұзақтығы бес-алты жыл жекелеген директорлардың өкілеттіктер мерзімі және олардың әртүрлі жылдардағы ротациясы Компанияның қызметі және оның корпоративтік басқару процестері туралы білімнің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінде ұзақ уақыт болу орындалатын жұмыстың сапасын арттыруға және Компанияның стратегиясын іске асыру жолында табысты ілгерілеуі үшін жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде ҚМГ мүддесінде және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімін сақтау қамтамасыз етіледі. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 54-бабының 4-тармағына және ҚМГ корпоративтік басқару кодексі 5-тарауының 9-тармағына сәйкес Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды, бұл ретте Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды. Директорлар кеңесінің мүшелері туралы барынша толық ақпарат ҚМГ веб-сайтында берілген:

[https://www.kmg.kz/kaz/kompaniya/korporativnoe\\_upravlenie/sovet\\_direktorov/](https://www.kmg.kz/kaz/kompaniya/korporativnoe_upravlenie/sovet_direktorov/)

### 31.12.21 ж. жағдай бойынша ҚМГ Басқармасының құрамы:

- Айдарбаев Алик Серікұлы – Басқарма Төрағасы;
- Абдулғафаров Дастан Елемесұлы – Басқарма Төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

- Берлібаев Данияр Әмірбайұлы – Басқарма Төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және Сарыарқа газ құбырын салу жөніндегі орынбасары;
- Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы – Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
- Марабаев Жақып Нәсібқалиұлы – Басқарма Төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары;
- Тиесов Данияр Сүйіншілікұлы – Басқарма Төрағасының мұнай өңдеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасары;
- Сәулебай Мәлік Оралұлы – бизнес-бағыттарды құқықтық сүйемелдеу департаментінің директоры.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы 2021 жылдың 28 қазанында ҚМГ Басқармасы Төрағасының лауазымына Алик Серікұлы Айдарбаевты, жалпы, ҚМГ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне тағайындау туралы шешім қабылдады (№49/21 хаттама).

2021 жылғы орнықты даму туралы есепті бекіту сәтіне ҚМГ Басқармасының құрамы мынадай түрде ұсынылды:

- Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы – Басқарма Төрағасы;
- Абдулғафаров Дастан Елемесұлы – Басқарма Төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;
- Зәкіров Болат Қалауияұлы – Басқарма Төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және Сарыарқа газ құбырын салу жөніндегі орынбасары;
- Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы – Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
- Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы – Басқарма Төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары;
- Мұнбаев Мұрат Керімбекұлы – Басқарма Төрағасының ірі мұнай-газ жобалары жөніндегі орынбасары;
- Қайырденев Арман Құрметұлы – Басқарма Төрағасының мұнай өңдеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасары;
- Лавренов Василий Сергеевич – Басқарма Төрағасының орынбасары.

ҚМГ Басқарма мүшелері туралы толығырақ ақпарат [https://www.kmg.kz/kaz/kompaniya/korporativnoe\\_upravlenie/pravlenie/](https://www.kmg.kz/kaz/kompaniya/korporativnoe_upravlenie/pravlenie/)

## Жоғары басқару органын номинациялау және іріктеу

102-24

### Директорлар кеңесінің мүшесіне кандидаттарды жылжыту және іріктеу тәртібі

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі Жарғыда және ҚМГ корпоративтік басқару кодексінде айқындалады, Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Директорлар кеңесі Тағайындау және сыйақылар комитетінің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады, сондай-ақ кандидатураларды іздеу және жалдауды жүзеге асыру кезінде ашықтық, әділдік және кәсібилік қағидаттарына негізделген. Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің және басқа тұлғалардың өкілдері ретінде сайлауға ұсынылғандар ішінен сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың өз функцияларын орындау және ұзақ мерзімді құнның өсуін және орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі болуы, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделі болуы тиіс. Директорлар кеңесінің төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады. Тәуелсіз директорларды іріктеу «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компаниялардың тәуелсіз директорларын іріктеудің бекітілген қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

### Мүдделер қайшылығы

102-25

Компаниядағы мүдделер қақтығысын реттеу бойынша негізгі процестер ҚМГ-нің директоры бекіткен ҚМГ мен оның ЕТҰ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларындағы мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатта, сондай-ақ іскерлік этика кодексінде көрсетілген.

Осы Саясат талаптарының сақталуы үшін жауапкершілік атқаратын лауазымына қарамастан әрбір Компания қызметкеріне және әрбір лауазымды тұлғаға жүктеледі.

Қазіргі уақытта компанияда қызметкерлерді және/немесе лауазымды тұлғаларды жұмысқа қабылдау/тағайындау/тағайындау және жаңа лауазымға тағайындау кезінде туындауы мүмкін мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты бастапқы ашу рәсімі енгізілген. Осы ашып көрсету

мынадай ақпаратты қамтиды: 1) ҚМГ және оның ЕТҰ контрагент – компанияларында/Бәсекелестерінде бенефициарлық иелену/үлестік қатысу және басшылық ету туралы мәліметтер; 2) ҚМГ және оның ЕТҰ контрагенттерінің немесе бәсекелестерінің жеке-дара және алқалы органдарына қатысуы туралы мәліметтер; 3) ҚМГ және оның ЕТҰ контрагенттерімен өзара іс-қимылы туралы мәліметтер; 4) ҚМГ және/немесе оның ЕТҰ-сына және т. б. тиесілі активтерді және/немесе бағалы қағаздарды сатып алу ниеті туралы мәліметтер. Мүдделер қақтығысының болуы және ҚМГ-нің комплаенс саласындағы саясаттарының және/немесе өзге де құжаттарының талаптары мен рәсімдерінің сақталуы, оның ішінде жұмысқа қабылдауға, басшы лауазымдарға тағайындауға кандидаттар ретінде қаралатын тұлғалармен «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының лауазымды тұлғаларында үлестестік белгілерінің болуы тұрғысынан, сондай-ақ жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу кезінде тексеру жүргізу көзделген. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес жоғарыда көрсетілген тұлғалардан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім жинау қосымша жүзеге асырылады.

### Мақсаттарды, құндылықтарды, миссияны және стратегияны айқындаудағы басқару органының рөлі

102-26

ҚМГ Директорлар кеңесі стратегиялық жоспарлау және ҚМГ даму стратегиясын іске асыру мәселелеріне белсенді қатысады.

Акционерлермен келісім бойынша атқарушы орган әзірлеген ұсыныстар негізінде Директорлар кеңесі қызметтің басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарды, бастамаларды, құндылықтарды, пайымы мен миссиясын, сондай-ақ Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамуына қатысты саясаты мен міндеттерін айқындайды.

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметінің басым бағыттарын айқындауға және ҚМГ-нің Даму стратегиясын бекітуге, сондай-ақ ҚМГ Даму стратегиясының іске асырылуына мониторингті жүзеге асыруға жауапты.

2021 жылғы 3 қарашада ҚМГ Директорлар кеңесі Компанияның 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекітті.



Стратегияны актуалдандыру процесі шеңберінде 3 стратегиялық сессия (Даму стратегиясы бойынша Директорлар кеңесінің жеке отырысы) өткізілді. 2020 жылғы қарашадағы Стратегиялық сессияда орнықты және төмен көміртекті даму жөніндегі әлемдік трендтерді және ҚТГ Компания құрылымынан шығару және мұнай-газ-химия бизнесіне кіру бөлігінде активтер портфеліндегі өзгерістерді ескере отырып, ҚМГ Даму стратегиясын актуалдандыру қажеттілігі туралы мәселе қаралды. Осы Стратегиялық сессияда ДК-нің әрбір мүшесі қаралып отырған мәселе бойынша өз көзқарасымен бөлісті және Компанияның таяудағы он жылға арналған дамуына қатысты тілектерін білдірді. Компанияның өндірістің көміртекті сыйымдылығын төмендетуге және жаңартылатын энергетика жобаларын дамытуға, сондай-ақ орнықты даму қағидаттарына бағытталған бағытын одан әрі күшейту туралы шешім бірауыздан қабылданды.

2021 жылғы мамырдағы Стратегиялық сессияда Директорлар кеңесі мүшелерінің назарына бұдан бұрын өткізілген талқылауларды ескере отырып, ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясының тұжырымдамасы, сондай-ақ ҚМГ-нің Төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеу және кейіннен іске асыру тәсілдемелері ұсынылды.

2021 жылғы 3 қарашада ҚМГ Директорлар кеңесі стратегиялық сессияда Компанияның 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекітті, сондай-ақ 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасының жобасы, Компанияның ірі мұнай-газ жобалары мен халықаралық активтеріне қатысты ҚМГ стратегияларының тұжырымдамалары қаралды.

ҚМГ Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында ҚМГ ДК Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті (СПБК) және ҚМГ ДК еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті (ҚЕҚОҚОДК) жанындағы консультативтік-кеңесші органдарда ұсынымдар әзірлеу үшін жыл бойы төмен көміртекті даму мәселелері бойынша талдамалық материалдар шығарылды, олар: Еуроодаққа көміртегі салығын және басқаларды енгізуден «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ үшін тәуекелдерді мейлінше азайту жолдары, сутегі негізінде жаңартылатын энергия көздері саласында жобаларды іске асырудың батыс-австралиялық тәжірибесін зерттеу қорытындылары.

Директорлар кеңесі экология және қоршаған ортаны қорғау, Компания қызметкерлері мен оның мердігерлерінің барлық өндірістік объектілердегі өмірі мен денсаулығы, кадрлық әлеуетті дамыту және орнықты даму саласындағы жалпы танылған жаһандық мақсаттарға бейілділік мәселелерінің жоғары басымдығын сезінеді, сондықтан ҚМГ-нің негізгі стратегиялық мақсаттарының бірінде өндірістің көміртегі сыйымдылығының орнықты дамуын және үдемелі төмендеуін айқындайды, бұл «Самұрық-Қазына» АҚ-тың пайымымен, Қазақстан Республикасының Даму стратегиясымен және әлемдік инвестициялық қоғамдастықтың күн тәртібімен келіседі.

## Басқару органының құзыреттілігі және қызметін бағалау

### Басқару органы мүшелерінің ұжымдық білімдері

102-27

Директорлар кеңесінің мүшелері өз дағдылары мен кәсібилігін, оның ішінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді басқару бөлігінде үнемі жоғарылатуға тырысады. Тағайындаулар мен сыйақылар комитеті тұрақты негізде Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен білімдерінің ағымдағы балансын қарайды. Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту туралы ақпарат Компанияның веб-сайтында үнемі жаңартылып отырады және келесі сілтеме бойынша қолжетімді: [http://www.kmg.kz/kaz/kompaniya/korporativnoe\\_upravlenie/treningi\\_chlenov\\_soveta\\_direkt/](http://www.kmg.kz/kaz/kompaniya/korporativnoe_upravlenie/treningi_chlenov_soveta_direkt/).

Директорлар кеңесінің отырыстарында, оның ішінде орнықты даму мәселелері жөніндегі Директорлар кеңесінің, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитетінің жекелеген жыл сайынғы отырыстарында мәселелерді қарау шеңберінде ESG аспектілерінің қамту периметріне кіретін неғұрлым өзекті тақырыптар, оның ішінде, халықаралық трендтер мен ел ішіндегі бастамалар туралы ақпарат тұрақты түрде талқыланып тұрады.

## Басқару органының қызметін бағалау

102-28

**2021 жылы жүргізілген тәуелсіз диагностиканың қорытындылары бойынша ҚМГ-ге «ВВВ» деңгейіндегі корпоративтік басқару рейтингісі берілді.**

Корпоративтік басқару кодексінә сәйкес және директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдарының төрағасы, Директорлар кеңесі мүшелері мен корпоративтік хатшысының қызметін бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Директорлар кеңесі төрағасының, мүшелерінің және ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ереже әзірленді (бұдан әрі – ереже). Ережеде Директорлар кеңесі, Комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануы тиіс деп көзделген. Бұл ретте бағалау үш жылда кемінде бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі. 2021 жылы ҚМГ-ні қоса алғанда, «Самұрық-Қазына» АҚ 11 портфельдік компаниясында «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС (бұдан әрі – РwС) командасы 2020 жылғы 1 қаңтар мен 2021 жылғы 31 мамыр аралығындағы кезеңде корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын жүргізді. Көрсетілген диагностика шеңберінде келесі бес бағыт бойынша қызмет бағаланды: Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит; орнықты даму; акционерлердің құқықтары; ашықтық. Осыған байланысты Директорлар кеңесінің қызметін келесі тәуелсіз бағалау 2021 жылы өткізілмеді.

Бұл ретте 2021 жылы Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес 2020 жылдың қорытындылары бойынша сауалнама жүргізу арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалауы жүргізілді. Өзін-өзі бағалауға арналған сауалнаманы Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің және Директорлар кеңесінің төрағалары бірлесіп әзірледі. Сауалнама екі бөлімнен тұрды – «Құрам және процестер», «Мінез-құлық және әрекеттер» және 30 сұрақ. Өзін-өзі бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің отырысында алдын ала қаралды, оның барысында Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесінің

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасымен бірлесіп Директорлар кеңесінің отырысы шеңберінде Директорлар кеңесінің 2020 жылдың қорытындылары бойынша қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін талқылау кезінде мынадай аспектілерді талқылау ұсынымы әзірленді:

1. ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасын тағайындау;
2. барлық аспектілердегі әртүрлілік;
3. сабақтастық жоспары және Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесі;
4. ҚМГ стратегиясы;
5. кәсіптік дамыту және оқыту.

2020 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеп (бұдан әрі – Есеп) Директорлар кеңесінің жабық отырысында ұсынылды және талқыланды, оған Директорлар кеңесінің мүшелері мен корпоративтік хатшы ғана қатысты. Есепті талқылау шеңберінде Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалау нәтижелерін талдауы көрсетілді және төрт балдан (ең жоғары бес балдан) (бұдан әрі – жетілдіру салалары) төмен бағаланған дағдылар мен құзыреттер көрсеткіштері қаралды. Осыған байланысты жетілдіру салаларына қатысты Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру мақсатында ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) әзірленді, сондай-ақ алдыңғы Жоспардың орындалу мәртебесі қаралды.

2021 жылғы қарашада ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің отырысында 2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға қатысты мәселе қаралды, оның шеңберінде директорлар кеңесінің төрағасы ҚМГ-дегі корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы жүргізілгенін, ол сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды қамтитынын айтты, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды да қамтиды, алайда 2021 жылдың қорытындысы бойынша өзін-өзі бағалауды жүргізуді де ұсынды. Жыл сайынғы негізде өзін-өзі бағалауды жүргізудің мақсаты Директорлар кеңесі мүшелерінің сауалнамаларды толтыру қорытындылары бойынша қарқынын анықтау болып табылады. ҚМГ Директорлар кеңесі корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасына қосымша назар аударуды талап ететін ережелерді анықтау, сондай-ақ нәтижелерді бұрын алынғандармен салыстыру мақсатында өзін-өзі бағалау жолымен 2021 жылдың

2021 жылғы сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясатын және ҚМГ Директорлар кеңесінің сабақтастық жоспарын бекітті. 2021 жылы ҚМГ-де жүргізілген корпоративтік басқару диагностикасының шеңберінде PwC-тен ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерінің сабақтастығы мен мерзімдері мәселелері бойынша ұсынымдар алынды, оларды 2022 жылы іске асыру жоспарланып отыр. Консультант ұсынған ҚМГ-нің корпоративтік басқаруын жетілдіру бойынша жоспарда мынадай ұсынымдар атап көрсетілген:

- акционерлердің өкілдері мен тәуелсіз директорларды Компанияның Директорлар кеңесінде ұзақ уақыт сақтау мақсатында Акционермен осы тәсілді талқылау мүмкіндігін қарастыру. Өкілдердің өкілеттіктер мерзімін Компанияның таңдалған Стратегиясы кезеңіне сәйкес келтіру туралы мәселені зерделеу қажет, бұл, егер Компания халықаралық листингті жоспарласа, корпоративтік жадының сабақтастығы мен компанияның инвестициялық қауымдастықтағы беделінің сақталуын ескере отырып, Компанияның артықшылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- кандидаттар тізімін, олардың құзыреттерін, қызығушылық ықтималдығын, артықшылықты сыйақыны және қазіргі директорлардың өкілеттік мерзіміне және талап етілетін дағдылар матрицасына негізделетін ықтимал өкілеттіктер мерзімін қоса алғанда, Директорлар кеңесі үшін ресми сабақтастық жоспарын әзірлеу мүмкіндігін қарастыру.

қорытындылары бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады.

Есеп жарияланған күні, атап айтқанда 2022 жылғы ақпанда Директорлар кеңесін, Директорлар кеңесі комитеттерін, Директорлар кеңесінің мүшелерін және корпоративтік хатшыны 2021 жылдың қорытындысы бойынша өзін-өзі бағалау тәсілімен бағалау процесі аяқталды. Нәтижелер 2022 жылғы 1 наурызда Директорлар кеңесінің отырысында қаралды. Осыларды ескере отырып, оның қызметіндегі жақсартуларды одан әрі талқылау жүргізілетін болады.

## Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді басқару

102-29

ҚМГ Директорлар кеңесі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді, тәуекелдерді және ілеспе перспективаларды басқаруда маңызды рөл атқарады. Компания тоқсан сайынғы негізде үнемі және жылдың қорытындысы бойынша экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді қамтитын тәуекелдерді басқару жөніндегі бекітілген әдіснамаға сәйкес тәуекелдерді бағалауды жүргізеді. Анықталған тәуекелдер негізінде оларды болдырмау, мониторингілеу және жою жөніндегі тиісті іс-шаралар жоспарлары әзірленеді және жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Директорлар кеңесінің құзыретіне тәуекелдерді басқару жөніндегі корпоративтік саясатты айқындау, тәуекелдер тізілімі мен картасын, сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын,

жалпы тәуекел-тәбетін, әрбір негізгі тәуекелге қатысты тәзімділік деңгейлерін бекіту, тәуекелдер жөніндегі есепті және ҚМГ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету саласындағы құжаттарды бекіту жөніндегі функциялар жатқызылған.

ҚМГ Директорлар кеңесі тиісті мінез-құлық нормаларын сақтауды қамтамасыз етуде «жоғарыдан екпін» түрін белгілейді және Компанияда қабылданған этикалық нормаларды регламенттейтін негізгі құжат ҚМГ іскерлік этика кодексі болып табылады, оны бекіту ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады. Осы Кодекстің нормаларын сақтау Компанияның беделін нығайтудағы, ҚМГ-нің орнықты дамуын қамтамасыз етудегі және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі қадамдардың бірі болып табылады.

ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму мәдениетін қалыптастыруды және арттыруды қамтамасыз етеді. Бұл үшін Компания үшін ең маңызды қызмет аспектілері бойынша «терең бату» мәселелері тұрақты негізде қаралады.

ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті комплаенс-жүйе жұмысының негізгі нәтижелері туралы есептерді, сондай-ақ «Жедел байланыс желісіне» және басқа да ресми арналар бойынша келіп түскен өтініштер туралы есептілікті тұрақты негізде қарайды. «Жедел байланыс желісіне» тәуелсіз оператор, KPMG компаниясы қызмет көрсетеді және ол арқылы ҚМГ іскерлік этика кодексінің кез келген бұзушылықтары, оның ішінде сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепсіз мінез-құлық

және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлауға болатын байланыс арнасы болып табылады. «Жедел байланыс желісі» арналары арқылы келіп түсетін релевантты өтініштер қаралады, қарау және тексеру жүргізу қорытындылары бойынша түзету іс-шаралары, сондай-ақ қажет болған кезде тәртіптік сипаттағы шаралар қабылданады. Компания тұрақты негізде қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың «Жедел байланыс желісі» мүмкіндіктерін пайдалануға тартылуына ықпал ететін жедел алдын алу іс-шараларын жүргізеді.

2020 жылы Комплаенс қызметі комплаенс тәуекелдеріне жүргізілген бағалау және комплаенс саласындағы ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және нұсқаулықтардың нормалары мен талаптарына сәйкестігі тұрғысынан талдау нәтижелері бойынша, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, парақорлық туралы Ұлыбритания Заңын, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының шетелдік жария лауазымды тұлғаларды параға сатып алуға қарсы күрес туралы конвенциясын өзірледі және ҚМГ Директорлар кеңесі іскерлік этика кодексін (2020 жылғы 10 желтоқсандағы 16/2020 хаттама) бекітті. 2021 жылы ҚМГ қызметкерлері үшін комплаенс мәселелері бойынша оқыту жүргізілді, оның барысында қолданыстағы заңнаманың талаптары, Компанияның негізгі комплаенс саясаты баяндалды, сондай-ақ комплаенс талаптарын бұзу салдары бойынша әлемдік практикадан мысалдар келтірілді. Бұдан басқа, ҚМГ қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы іскерлік этика кодексін және саясатты сақтау бойынша міндеттемелерді жазбаша түрде қабылдайды.

Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға және оларды басқаруға жәрдемдесу үшін мүдделі тараптармен консультациялар қажет болған жағдайда ҚМГ негізгі акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілдерімен ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстары шеңберінде, ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің ҚМГ сыртқы аудиторы – «Ernst & Young» компаниясымен отырыстары шеңберінде, сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің күн тәртібі мәселелерінің бастамашылары – ҚМГ басшы қызметкерлерімен отырыстары шеңберінде жүзеге асырылады.

## Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (ТБКЖ) қағидаттары

Компанияда тәуекелдерді басқару стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін тәуекел оқиғаларының туындауының алдын алуға және туындаған кезде олардың әсерін шектеуге мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару Компанияның стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару және қаржылық тұрақтылықты қолдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚМГ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) Компанияның бизнесті жүргізу және басқарудың негізгі процестеріне біріктірді. ТБКЖ Компания құнының өсуі, оның пайдалылығы мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы балансқа қол жеткізуге бағытталған. ТБКЖ барлық маңызды тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады. ҚМГ-нің ТБКЖ және оның ЕТҰ саясаты Компания қызметінің барлық түрлеріне қолданылады.

Компанияның тәуекелдерді басқару саласындағы саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

- әдіснамалық базаның бірлігі (процестер бірыңғай әдіснамалық тәсілдемелер негізінде іске асырылады);
- үздіксіздік (тұрақты негізде жұмыс істейді);
- кешенділік (қызметтің барлық бағыттарын және олардың шеңберінде туындайтын тәуекелдердің барлық түрлерін қамтиды);
- есеп берушілік (ТБКЖ ұйымдық құрылымы компаниялар тобының барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқару саласында шешімдер қабылдау және бақылау бойынша құзыретті айқындайды);
- хабардар болу және хабарламаның уақтылылығы (тәуекелдерді басқару процесі объективті, дұрыс және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелденеді);
- ұтымдылық (Компания тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың экономикалық тиімділігін қамтамасыз ете отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға ресурстарды ұтымды пайдаланады);

- ақылға қонымды сенімділік (ТБКЖ Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізудің ақылға қонымды кепілдіктерін ғана ұсына алады, бірақ сыртқы және ішкі ортаға тән шектеулердің абсолюттік кепілдігін және күшін бере алмайды);
- бейімділік (ТБКЖ қызметтің барлық ықтимал тәуекелдерін сәйкестендіру және бақылау мен тәуекелдерді басқару әдістерін барынша тиімді қолдану үшін үнемі жетілдіріліп отырады);
- нақты регламенттеу (барлық операциялар ІНҚ белгілеген оларды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүргізіледі);
- басшылықтың белсенді қатысуы (ТБКЖ енгізу және жетілдіру кезінде белсенді қатысады және қолдау көрсетеді).

## Тәуекелдерді басқару процесі

ТБКЖ ҚМГ қызметіне байланысты тәуекелдерді басқарудың дәйекті және нақты құрылымы ретінде қызмет етуге арналған. Компанияда тәуекелдерді басқарудың тік процесі және басқарудың барлық деңгейлерінде, жоғарғы деңгейден (ҚМГ) бастап желілік деңгейге дейін (ЕТҰ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшелері) тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуі жолға қойылған. Әрбір лауазымды адам шешім қабылдау кезінде тәуекелдердің тиісінше қаралуын қамтамасыз етеді. Тәуекелдер қауіп-қатер туындаған кезде пайда болу ықтималдығы мен әсерін ескеретін сапалық және сандық құралдардың көмегімен бағаланады.

ТБКЖ жұмыс істеуі ҚМГ компаниялар тобын басқарудың бизнес-процестеріне біріктірілген өзара байланысты жеті процесті қамтамасыз етеді:

1. мақсат қою (стратегиялық, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау мақсаттарын байланыстыру);
2. тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру (ҚМГ компаниялар тобы қызметінің барлық түрлерінің, бизнес-процестерінің басталуы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдердің әсеріне ұшырауын айқындау). Тәуекелдерді және оларға сәйкес келетін тәуекел факторларын анықтау үшін әртүрлі әдістер мен құралдардың комбинациясы қолданылады;
3. тәуекелдерді/тәуекел-факторларды бағалау және талдау (бағалау тәуекелдердің/тәуекел-факторлардың ҚНҚ-ге қол жеткізуге әсер ету дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі; өндірістік /өндірістік емес тәуекелдер және оларға сәйкес тәуекел-факторлар олардың туындау ықтималдығы (іске асыру ықтималдығы) және әсер ету дәрежесі (ықтимал залал) бойынша талданады);
4. тәуекелдерді басқару (тән тәуекелдердің және оларға сәйкес келетін тәуекел-факторлардың жағымсыз салдарын және (немесе) туындау ықтималдығын азайтуға немесе ҚМГ компаниялар тобы қызметінің тәуекелдеріне байланысты залалдар туындаған кезде қаржылық өтем алуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесі);
5. мониторинг және есептілік (тәуекелдер параметрлерінің өзгеру серпінін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар мен бақылау рәсімдерін іске асыру тиімділігін бақылау; мониторингті ҚМГ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі жүзеге асырады, тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына ҚМГ ЕТҰ жабылуын ескере отырып шоғырландырылған тәуекелдер бойынша есеп шығарылады);
6. ақпараттандыру және коммуникация (тәуекелдерді басқару процесіне қатысушыларды тәуекелдер туралы дұрыс және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, тәуекелдер, тәуекелдерге ден қою жөніндегі әдістер мен құралдар туралы хабардар болу деңгейін арттырады; тиісті ақпарат қызметкерлерге өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін белгіленген нысанда және мерзімде айқындалады, тіркеледі және ұсынылады);
7. ішкі ортаны құру (тәуекелдерді басқару процесінің жоғарыда баяндалған компоненттерін іске асыру ҚМГ компаниялары тобында тәуекелдер туралы, тәуекелдер иелерінің/тәуекел-факторлары иелерінің жауапкершілігі, тәуекелдерді белсенді басқару және уақтылы есеп беру туралы хабардар болудың жоғары деңгейінде және хабардар болудың тиісті «жоғары деңгейдегі екпінін» белгілеуге негізделген тәуекел-мәдениеттің дамуына ықпал етеді). ҚМГ ТБКЖ-ның барабар ұйымдық құрылымын құруға ұмтылады, ол тиімді корпоративтік басқаруға ықпал етеді, сәйкестендіру, бағалау, басқару және тәуекелдер бойынша есептілік үшін міндеттерді, өкілеттіктерді және жауапкершілікті тиісінше бөлуді қамтамасыз етеді.

## Тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігі

102-15, 102-30, 207-2

ҚМГ-де тәуекелдерді басқару стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін тәуекел оқиғаларының туындауының алдын алуға және туындаған кезде олардың әсерін шектеуге мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару ҚМГ стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару процесінде және қаржылық тұрақтылықты қолдауда ажырамас бөлігі болып табылады.

Тәуекелдерді, оның ішінде салықтық тәуекелдерді басқару тәсілдемесін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) белгілейді.

ҚМГ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) бизнесті жүргізу мен Компанияны басқарудың негізгі процестеріне ықпалдастырды. ТБКЖ ҚМГ құнының өсуі, оның пайдалылығы мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы балансқа қол жеткізуге бағытталған.

ТБКЖ барлық маңызды тәуекелдерді (оның ішінде салықтық тәуекелдерді) уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады.

ҚМГ-нің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының (ЕТҰ) ТБКЖ жөніндегі саясатының қолданысы ҚМГ қызметінің барлық түрлеріне қолданылады.

## Есептік жылда ТБКЖ дамыту және жетілдіру шаралары мен іс-шаралары

Компания ТБКЖ тұрақты жетілдіріп отырады және тәуекелдерді басқарудың нормативтік-әдістемелік базасын үнемі жақсартып отырады. ТБКЖ-ны үздіксіз дамыту мен жетілдіруге өзінің бейілділігін растай отырып, 2021 жылы Компания бірқатар шаралар мен іс-шараларды іске асырды:

- Компанияның Директорлар кеңесімен 2022 жылға бекітілген тәуекел тәбеті туралы өтініш, тәуекелдер тіркелімі және тәуекелдерді басқару

жөніндегі іс-шаралар жоспары, тәуекелдер карталары, тәуекелдерге төзімділік деңгейлері және негізгі тәуекел көрсеткіштерінің тіркелімі (НТК) шоғырландырылған негізде дайындалды және бекітілді;

- корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы шеңберінде «Тәуекелдерді басқару, бақылау және аудит» құрамдаушы бойынша BBB рейтингі алынды (анықтама ретінде BB – 2018 жылы);
- үйлестірушілердің тәуекелдер тіркелімі және Компанияның ұйымдық құрылымының өзгеруін ескере отырып, Компанияның тәуекелдер жөніндегі комитетінің дербес құрамы жаңартылды. Бір жыл ішінде Комитеттің 8 (сегіз) отырысы өткізілді, 26 (жиырма алты) мәселе қаралды және тиісті шешімдер қабылданды;
- Компанияның Директорлар кеңесінің әрбір отырысына ҚМГ қызметіне коронавирустық пандемия тәуекелдерінің әсері және қабылданып жатқан шаралар бойынша 7 (жеті) есеп-таныстырылым түрінде ақпарат дайындалды, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесімен нақты сұраулар бойынша (кибер тәуекелдер, климаттық тәуекелдер және өзге мәселелер) өзара іс-қимыл жасау қамтамасыз етілді;
- Компанияның Директорлар кеңесі ҚМГ кредиттік тәуекелдерін басқару әдістемесін әзірледі және бекітті. ҚМГ контрагент-банктеріне лимиттер, сондай-ақ ҚМГ ОКУ есептеу моделі үшін қаржы құралдары мен дебиторлық берешек бойынша PD PiT және LGD көрсеткіштері жаңартылды;
- апта сайынғы есеп беру форматы енгізілді және Қорды ақпараттандыру мақсатында Компанияның негізгі оқиғалары мен тәуекелдері бойынша деректерді ұсыну қамтамасыз етілді.
- кейбір ЕТҰ-ларда тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінің (ТБАЖ) жаңартылған нұсқасы тестілік іске қосылды;
- инвестициялық жобалардың тәуекелдерін бағалауға жобалар тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін имитациялық моделдеу (стресс-тестілеу) енгізілді;
- «Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу» ЕТҰ қызметкерлерінің сұрауы бойынша ТБЖІБҚ қызметкерлері онлайн-форматта екі оқыту семинарын өткізді;
- ТБЖІБҚ тәуекел менеджерлерінің кәсіби біліктілігін тұрақты арттыру қамтамасыз етіледі, 2020-2021 жылдар аралығында халықаралық сертификаттар алынды, атап айтқанда: бір қызметкер – PRM-дан PRM, бір қызметкер – CFA және бір қызметкер – PMP. ТБЖІБҚ-ның бес қызметкері ISO 31000:2009/2018 халықаралық стандарты бойынша сертификатталған

(қызмет басшысы АТ31000 сертификаттауынан, Қызметтің қызметкерлері С31000 сертификаттауынан өткен).

Сақтандырудың корпоративтік бағдарламасын әкімшілендіру шеңберінде:

- «Самұрық-Қазына» АҚ мен оның ЕТҰ тәуекелдерін сақтандыру өтелімін сүйемелдеу және жаңарту бойынша жұмыс атқарылды;
- ҚМГ ЕТҰ және бірлескен кәсіпорындарын қайта сақтандырудың корпоративтік бағдарламасын (БК) жабу кеңейтілді: ҚарашығанақПетролиумОперейтинг жобасы шеңберінде мүлтік тәуекелдерді сақтандыру шарты жасалды;
- АХҚО-мен және AFSA реттеушісімен валюталық реттеу, АХҚО құқықтық инфрақұрылымы және салық салу саласындағы мәселелер бірлесіп пысықталды;
- қаржылық есеп аутсорсингін, ішкі процестер мен бақылаулар құруды, соның ішінде сақтандыру, тәуекелдерді басқару және комплаенс, сондай-ақ ішкі құжаттаманы әзірлеуді қоса алғанда, KERC жұмысын ұйымдастыру және басқару жүзеге асырылды.

## Орнықты даму саласындағы есепті дайындаудағы корпоративтік басқарудың жоғары органының рөлі

102-32

Компанияның Жарғысына сәйкес орнықты даму саласындағы есепті бекіту ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті ҚМГ Директорлар кеңесі үшін орнықты даму саласындағы есепті бекіту туралы ұсынымды тексеретін және әзірлейтін ҚМГ органы болып табылады.

Орнықты даму туралы есепте келтірілген деректерді растау үшін тәуелсіз тарап оны растауды жүзеге асырады, бұл өз кезегінде Есепте ашылатын ақпараттың сенімділігін және инвесторлар тарапынан сенімді

арттыруға және нәтижесінде ҚМГ инвестициялық тартымдылығын жақсартуға ықпал етеді.

## Аса маңызды мәселелер туралы хабарлау

102-33

ҚМГ директорлар кеңесін аса маңызды проблемалар туралы хабардар ету төмендегілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, компанияның қызметі туралы тұрақты есептер арқылы жүзеге асырылады: ҚМГ Басқармасы төрағасының қызметтің негізгі өзгерістері жөніндегі есебі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпарат, қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері бойынша есеп, жасалуына мүдделілік бар, Басқарма олар бойынша шешімдер қабылдаған жасалған мәмілелер туралы есеп, стратегияны орындау мәртебесін, қызметтің негізгі көрсеткіштерін және инвестициялық жобаларды шолу, ҚМГ шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есеп, тәуекелдер бойынша есеп, Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау туралы есеп, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері.

Жоғарыда көрсетілген есептерге қосымша, ДК мезгіл-мезгіл хабардар етуі дереу талап етілетін мәселелерді айқындайды, мысалы, ҚМГ тобындағы ағымдағы жағдай туралы ақпарат, оның ішінде COVID-19 бойынша жағдай, операциялық қызмет және т. б., қаржылық көрсеткіштер туралы, өрт туралы есептерді қоса алғанда (тіпті мұндай оқиғалар есепті кезеңнен кейін болса да) ҚМГ тобы компанияларындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы елеулі оқыс оқиғалар туралы ақпарат. ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбек, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті ҚМГ мен оның бизнес-бірліктеріне орнықты даму жүйесін енгізу және негізгі бизнес-процестерге орнықты даму қағидаттарын енгізу туралы есептерді, сондай-ақ ESG рейтингінің деңгейін арттыру жөніндегі жұмыстардың мәртебесі туралы ақпаратты тұрақты түрде қарайды және талқылайды.

## Аса маңызды мәселелердің сипаты мен саны

102-34

Директорлар кеңесінің әрбір көзбе-көз отырысында қаралатын ҚМГ-нің еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратты қарау шеңберінде Директорлар кеңесінің мүшелерін есепті кезеңге қарамастан, ҚМГ тобының компанияларындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы кез келген оқыс оқиғалар туралы жедел хабардар ету тапсырмасы берілді. Бұдан басқа, Директорлар кеңесі еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы оқыс оқиғаларды тексеру рәсімі бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобында оқыс оқиғаларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді сұрады. Директорлар кеңесі ҚМГ Басқармасына өзгерген сыртқы ортаның жағымсыз факторларын (коронавирус пандемиясының әсері, мұнай бағасының төмендеуі, экспортқа газ жеткізудің төмендеуі және ішкі нарыққа газ жеткізуден болатын шығындардың тиісті ұлғаюы) сипаттауды қамтитын іс-шаралар жоспарын, осындай факторларға ден қою жөніндегі іс-шараларды, мерзімдер мен Директорлар кеңесінің қатыстырылуын дайындауды тапсырды.

Директорлар кеңесі ҚТГ «Самұрық-Қазына» АҚ-ға беру процесіне, оның ішінде ҚМГ үшін ықтимал тәуекелдерді талқылауға белсенді түрде қатыстырылды.

Тәуекелдер бойынша есепті тоқсан сайынғы негізде талқылау шеңберінде белгісіз тәуекелдер мен сценарийлерді модельдеу бойынша жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсыныстар дайындау тапсырмасы әзірленді. Сондай-ақ Директорлар кеңесі мұнайға әлемдік бағаның қазіргі құлдырауын және тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды ескере отырып, бедел тәуекелдері мен өтімділік тәуекелдеріне талдау дайындауды тапсырды. Директорлар кеңесінің назарына пандемия тәуекелдерінің ҚМГ қызметіне әсері туралы ақпарат жеткізілді.

ҚМГ-нің қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептерді талқылау кезінде Директорлар кеңесі таза пайда мөлшері деңгейінің төмендеу себептерін анықтау бойынша жұмыс жүргізуді тапсырды.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне ҚМГ компаниялар тобының қызметіне COVID-19 әсері жөнінде ақпарат апта сайынғы негізде жіберіледі.

Директорлар кеңесіне ҚМГ мұнай өңдеу зауыттарының негізгі көрсеткіштерін бәсекелестік талдау бойынша бенчмаркингтік зерттеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ Жаңаөзен қаласындағы жұмыспен қамту жағдайы туралы ақпарат ұсынылды.

## Сыйақы саясаттары

102-35

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру деңгейі ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелерімен жасалған шарттарға сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде белгіленеді.

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы тіркелген болып табылады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің Төрағасы үшін бекітілгеннен басқа, Директорлар кеңесінде Төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы да көзделген.

## Сыйақыны анықтау процесі

102-36


Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес «Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру деңгейі ұйымды табысты басқару үшін талап етілетін деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту, ұстап қалу және уәждеу үшін жеткілікті болуға тиіс. Бұл ретте ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу «Самұрық-Қазына» АҚ әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте ұйым үшін осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан күтілетін оң әсер назарға алынуға тиіс». Сондай-ақ, корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, бірде-бір тұлға өзінің сыйақысымен байланысты шешімдерді қабылдауға қатыспауы тиіс.

Сыйақы мөлшерін айқындау тәртібін «Самұрық-Қазына» АҚ айқындайды. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен (№35/16 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшелеріне



сыйақы белгілеу тәртібін көздейтін «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру жөніндегі қағидалар бекітілді. Қағидалардың «Сыйақы және шығыстардың өтемақысы» 3-бөліміне сәйкес сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттері назарға алынады. Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді. «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компаниялардың Директорлар кеңесінің құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде айқындалады.

2021 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін анықтау үшін консультанттарды тартпады.



## Еңбекке ақы төлеуге қатысты мүдделі тараптардың қатысуы

102-37

Сыйақы мөлшерін белгілеу тәртібін ҚМГ негізгі акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ айқындайды. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібін көздейтін «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттері назарға алынады. Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді. Ұйымдардың Директорлар кеңесінің құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде айқындалады. Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директорларға кандидаттарға сыйақы мөлшері жөнінде ұсыныстар енгізеді.

ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің отырыстарында қажеттілігіне қарай ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысына байланысты мәселелер талқыланады. Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті ҚМГ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін қарады, оның шеңберінде ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі бағаланды.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, бірде-бір тұлға өзінің сыйақысымен байланысты шешімдерді қабылдауға қатыспауы тиіс.

**GRI 102-15, 102-30, 102-35, 102-36, 102-37, 102-38, 102-39 көрсеткіштері туралы толығырақ ақпарат (тәуекелдерді басқару, Директорлар кеңесінің сыйақысы) ҚМГ сайтындағы <https://kmg.kz/kaz/investoram/reporting-and-financial-result/2021> жылғы ҚМГ-нің жылдық есебінде көрсетілген.**

# ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ



102-10



## 2021 жылдың қорытындылары

Цифрлық трансформация ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясының толассыз міндеті ретінде бекітілген, оның мақсаттарының бірі **өндірістің көміртекті сыйымдылығын тұрақты дамыту және үдемелі төмендету болып айқындалған.** Оған қол жеткізу үшін трансформация шеңберінде, атап айтқанда, ҚМГ тобы қызметкерлерінің арасында ұқыпты өндіріс мәдениетін қалыптастыру жөніндегі жобалар іске асырылуда. Мәселен, Lean 6 Sigma (LSS) бағдарламасын енгізу жобасы бойынша ҚМГ тобының өндіруші кәсіпорындарының қызметкерлерін одан әрі сертификаттай отырып оқытады. LSS әдіснамасы ресурстарды оңтайландыру кезінде қызметкерлерді Компанияның өндірістік көрсеткіштерін жақсарту бойынша тұрақты жұмысқа тартуға көмектеседі. Бағдарлама операциялық шығындарды қысқарту бойынша қарапайым, көп салымдарды талап етпейтін, қысқа мерзімді жобаларды тұрақты іздеуге және енгізуге ынталандырады. 2021 жылы мұнай өндіруде барлығы 13 LSS жобасы іске асырылды. Жақсартулардың негізгі бөлігі ұңғымалардың жөндеу аралық кезеңін ұлғайтуға және жабдықтарды жөндеу санын азайтуға қатысты болды.

Бұрын LSS жобасы мұнай өңдеу зауыттарында сәтті жүзеге асырылған. 2016 жылдан бастап МӨЗ-де бағдарламаның 156 жобасы енгізілді. Кәсіпорындардың 89 қызметкері оқытылды және сертификатталды. «Qazaqstan Project Management Awards» ұлттық байқауының қорытындысы бойынша «Lean 6 Sigma бағдарламасын «Мұнай өңдеу және мұнай-химия» бизнес-бағытына енгізу» жобасы 2021 жылғы Қазақстандағы үздік жоба деп танылды.

Байқауда Атырау мұнай өңдеу (АМӨЗ) және Павлодар мұнай-химия зауыттарында (ПМХЗ), сондай-ақ

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» (ПҚОП) компьютерлік тренажерлік кешендер (КТК) енгізілуде іске асырылатын компьютерлік тренажерлік кешендерді (КТК) енгізу бойынша жоба 3-ші орынға ие болды. Ол орнықты даму бойынша ұқсас міндеттерді шешеді. Цифрлық қосарластардың көмегімен МӨЗ қондырғыларының операторлары имитацияланған жағдайларда авариялық және штаттық жағдайларды пысықтайды, бұл адами факторға байланысты өндірістегі іркілістерді барынша азайтады, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігін күшейтеді.

КТК барлығы 13 АМӨЗ, 9 – ПМХЗ технологиялық қондырғыларында және 1 ПҚОП қондырғысында енгізу жоспарлануда.

**Орнықты дамудың 9-шы мақсаты (ОДМ) – «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым»** «АВАІ ақпараттық жүйесін әзірлеу» жобасын көздейді. Осы отандық цифрлық өнімді «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС толық күшімен енгізіледі. Жүйе ҚМГ тобының «Мұнай мен газды барлау және өндіру» бизнес-бағыты бойынша барлық өндірістік деректерді жасанды интеллект пен машиналық оқыту құралдарын қолдана отырып, оларды растау және талдау, сондай-ақ жедел визуалдау мүмкіндігімен біріктіреді.

АВАІ АЖ шамамен 20 дербес модульден тұратын болады, олардың әрқайсысы «КазМұнайГаз» еншілес компанияларының нақты өндірістік проблемасын шешеді. 2021 жылы жүйенің 5 пилоттық модулі пайдалануға берілді: «АВАІ деректер базасы», «визуализация орталығы», «Технологиялық режим», «Терең сорғы жабдықтарын таңдау» және «Шиеленістер мониторингі». Оларды тестілеу кезеңінің өзінде жақсы нәтижелер алынды.

Мысалы, «Техрежим» модулінің алгоритмдері ұңғымалардың көрсеткіштерін талдайды және олардың әлеуетін есептейді, бұл ай сайын ұңғымалар мен қабаттар арасында жоспарланған мұнай өндіруді тиімді бөлуге және сол арқылы кен орындарын игеруді ұтымды етуге мүмкіндік береді. Модульдің жұмысы

«Қазгермұнай» (ҚГМ) компаниясының ішкі базасынан алынған нақты деректерге негізделеді, ағымдағы және әлеуетті кенжарлық қысым, сондай-ақ өнімділік коэффициенті ескеріледі. Осы мәндердің негізінде қолда бар геологиялық-техникалық жағдайларда мұнайдың барынша мүмкін болатын көлемі есептеледі. Алгоритмді тестілеу кезеңінде 2021 жылғы мамырдан қазанға дейін ҚГМ 13 ұңғымасында 560 тонна өндіру өсімі алынды.

АВАІ жобасының екінші кезеңінде мұнай өндірудің негізгі процестерін – барлау мен бұрғылаудан бастап пайдалану мен экономикалық әсерді бағалауға дейінгі цифрландыруға арналған тағы 12 модуль әзірленетін болады. Жүйені толық ауқымды енгізу кезінде ҚМГ ЕТҰ операциялық шығындары 2-3%-ға төмендейді деп күтілуде.

Бухгалтерлік және салықтық есепке алу, қазынашылық, адами ресурстарды басқару, әкімшілік және құжаттамалық қамтамасыз ету бойынша күнделікті және транзакциялық процестерді жүзеге асыратын ҚМГ компаниялар тобының Көпфункционалды жалпы қызмет көрсету орталығын (ЖҚО) құру бойынша 2021 жылы басталған жобаны бірден бірнеше ОДМ қамтиды. Осылайша, негізгі бизнеске жүктеме азаяды және өндірістік компаниялар басшыларының тікелей міндеттері үшін уақыты босатылады. ЖҚО-ның кәсіпорындармен өзара іс-қимылының сервистік моделі қызмет көрсетудің жоғары сапасы мен жеделдігін қамтамасыз етеді. Кертартпа процестерді стандарттау мен автоматтандыру есебінен еңбек өнімділігінің өсуі ҚМГ ішінде ресурстарды тиімдірек бөлуге және жаңа процестерді енгізуге мүмкіндік береді **(ОДМ 8 – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу»)**.

ЖҚО-ның тағы бір артықшылығы – бүкіл холдинг шеңберінде ақпарат алу жылдамдығын арттыру, оның ішінде бірыңғай стандарттар бойынша өтімділік, дебиторлық берешек, қызметкерлердің қозғалысы және басқа да аса маңызды басқару деректері туралы ақпаратқа лезде қол жеткізу. Жалпы қызмет көрсету орталығы санамаланған функциялар бойынша АТ-архитектурасының негізгі функционалдық тапсырыс берушісіне айналатыны және АТ-технологиялар нарығында қолжетімді озық шешімдерді **(ОДМ 9 – «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым»)** орталықтандырып ендіре және көбейте алуы есебінен инновацияларды енгізудің жоғары жылдамдығы қамтамасыз етілетін болады.

ЖҚО-да жаңа цифрлық сервистердің қолжетімділігі қызметкерлердің, клиенттердің немесе жеткізушілердің

жұмыс шарттары мен өмір сапасына оң әсер етеді. Сондай-ақ, компания қызметкерлерінің және ҚМГ қатысатын өңірлердің қатардағы тұрғындарының цифрлық сауаттылығы артады **(ОДМ 10 – «Теңсіздікті азайту»)**.

Сонымен, ЖҚО құру кейбір бизнес-функциялар бойынша оларды сақтаудың барлық мерзімі ішінде электрондық құжаттарға толық көшуді көздейді **(ОДМ 13 – «Климаттың өзгеруімен күрес»)**.

## 2022 жылға арналған жоспарлар мен міндеттер

Келесі кезеңде трансформация геологиялық барлауда цифрлық технологияларды ілгерілету арқылы **ҚМГ-нің Орнықты даму мақсаттары мен Даму стратегиясын** қолдауды жалғастырады. Сейсмикалық барлау және машиналық оқыту мен жасанды интеллектті қолдана отырып ұңғымаларды зерттеу, жаңа активтерде цифрландыру («цифрлық қосарлас») бойынша корпоративтік шаблон жасау басымдыққа ие.

Lean 6 Sigma бағдарламасының назары цифрландыруға ауысады (Lean Digital), яғни LSS әдіснамасының құралдары арнайы цифрлық шешімдерді қолдану арқылы өндірістік процестердегі шығындарды азайтуға бағытталған бизнес бастамаларды дамыту үшін қолданылады.

Трансформацияның күн тәртібінде экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өндірістің сенімділігі, шығындарды қысқарту және ҚМГ қызметкерлері мен қазақстандық жастардың түрлі оқыту бағдарламалары мен тағылымдамалар шеңберіндегі цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру мәселелері қалып отыр.

## «Мұнай өңдеу және мұнай-химия» дивизионының цифрландыру жобалары

### Компьютерлік тренажер кешендері

Штаттық және штаттан тыс жағдайларда персоналдың жұмыс сапасын арттыру, қондырғылардың жұмыс сенімділігін ұлғайту және жоспардан тыс тоқтауларға жол

бермеу мақсатында 2019 жылдан бастап «Компьютерлік тренажерлік кешендерді (КТК) енгізу арқылы ҚР МӨЗ өндірістік персоналын даярлау және аттестаттау жүйесін енгізу» жобасы іске асырылуда. Жобаның мәні процестің математикалық моделіне және зауыттың технологиялық қондырғысын визуализациялауға негізделген технологиялық процестің динамикалық моделін жасау болып табылады. Көзбен шолу: 1) интерфейстің толық репликациясы және таратылған басқару жүйелерінің логикасы (RSU) 2) нақты жабдықты 3D немесе панорамалық интерфейс форматында көрсету есебінен жүзеге асырылады. КТК-де қондырғыларды операторлары имитацияланған жағдайларда авариялық және штаттық жағдайларды (іске қосу /тоқтату) ұдайы пысықтайды.

ПҚОП жаңғырту және қайта жаңарту кезінде каталитикалық крекинг және ауыр қалдықтар қондырғыларында (RFCC), каталитикалық крекинг бензинін гидротазарту (Prime G+), қаныққан және қанықпаған сұйытылған көмірсутек газдарын күкіртсіздендіру (Merox), қысқа циклді адсорбция (КЦА-2) және күкірт өндіру қондырғылары кешенінде КҚК өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.

2019 жылы басталған жобаның периметрі бойынша **КҚК он бір АМӨЗ** технологиялық қондырғысын, **тоғыз** ПМХЗ қондырғысын және **бір** ПҚОП қондырғысын қамтиды.

Жобаны іске асыру шеңберінде 2019-2020 жылдары баяу кокстеу, изоөлшеу және нафта сплиттері қондырғыларында, дизель отынын гидротазарту және керосинді гидротазарту ПМХЗ қондырғыларында, ПҚОП каталитикалық риформинг қондырғысында, каталитикалық крекинг (FCC), каталитикалық риформинг (CCR) қондырғыларында және АМӨЗ хош иісті көмірсутектерді өндіру кешенінде (PX) КҚК өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.

2021 жылы АМӨЗ (Sulfrex, Naphta HT, Prime D, Parisom) 4 қондырғысында, ПМХЗ күкірт өндіру жөніндегі қондырғылар кешенінде компьютерлік тренажер кешендері енгізілді.

Сондай-ақ, МӨЗ технологиялық персоналының білімін тексеру және тренинг өткізу барысында КҚК қолдану ережелері әзірленіп, бекітілді. Зауыттарда тренажерлер жұмысына, тренингтер өткізуге, сценарийлер әзірлеуге және КТК білімін тексеруге жауапты нұсқаушылар тағайындалды.

Бекітілген оқу-тақырыптық жоспарларға, тренингтер өткізу кестесіне, дайындалған апаттық және штаттық

жағдайлардың сценарийлеріне сәйкес КҚК пайдалана отырып, МӨЗ өндірістік персоналы үшін тұрақты негізде тренингтер өткізіледі.

## Технологиялық процестің жетілдірілген басқару жүйесі

Қондырғыда технологиялық режимді жүргізу процесін автоматтандырудың бизнес-міндетін шешу мақсатында пилоттық режимде АМӨЗ ЭЛОУ-АТ-2 мұнайын бастапқы өңдеу қондырғысында технологиялық процесті жетілдірілген басқару жүйесі (ТПЖБЖ) өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. Бүкіл әлемде бұл жүйе Advanced Process Control (APC) ретінде белгілі.

ТПЖБЖ-ның мәні: «автопилот» сияқты, бұл жүйе белгіленген шектерде орнатудың технологиялық режимін тұрақты қолдайды. Автоматты режимде қондырғының жүктелуі, бағандар мен пештердегі температура, қондырғыдан шығатын ағындардың сапа параметрлері бойынша тұрақты параметрлер бақыланады. Осылайша, технологиялық процесті басқаруда адам факторының әсері төмендейді.

АТ-2 қондырғысында ТПЖБЖ енгізудің арқасында отын сапасының көрсеткіштері бойынша бензин бойынша шашырау 67%-ға, дизель отыны бойынша – 73%-ға төмендеді. ТПЖБЖ бензиннің қайнау температурасына, сондай-ақ дизельдің шығымдылығына ең жоғары түрде жақындау есебінен бензиннің шығымдылығын арттыруды қамтамасыз етеді.

Жоба шамамен бір жылға созылды: 2019 жылғы сәуір айынан бастап АТ-2 зерттеуі, жабдықты жобалау, монтаждау, тестілеу және ТПЖБЖ-ны таратылған басқару жүйесімен (ТБЖ) біріктіру жүргізілді. АМӨЗ бейінді мамандары мен қондырғы операторлары жүйеде жұмыс істеу бойынша оқытудан өтті. Жүйе тәулік бойы жұмыс істейді, енді ол ТБЖ сияқты қондырғыны басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады.

АТ-2 қондырғысына ТПЖБЖ енгізу нәтижесінде айтарлықтай нәтиже алынды. Бензин мен дизель шығымының ақшалай мәнде 0,32-0,36%-ға (6,5 мың тоннаға дейін) ұлғаюы жылына шамамен 350 млн теңгені құрады.

Осы «ұшқыштың» табысын ескере отырып, 2021 жылы жүйе АМӨЗ АВТ-3 қондырғысында, ал 2022 жылы – каталитикалық крекинг қондырғысында және бұдан әрі – АМӨЗ басқа қондырғыларында енгізілетін болады.

2022-2023 жылдары ПҚОП-та ТПЖБЖ-ны тираждау жоспарлануда.

### 3D бас жоспары. МӨЗ-дің инженерлік деректерін басқару жүйесі

«Цифрлық қосарлас» үшін негіз ретінде дәлдігі жоғары МӨЗ-дің цифрлық бас жоспарын құру мақсатында «ҚР МӨЗ-дің цифрлық бас жоспары мен 3D моделін құру» жобасы іске асырылып жатыр.

Жоба мыналарды:

1. барлық объектілерді лазерлік сканерлеуді жүргізуді;
2. МӨЗ-дің барлық техникалық құжаттамасын цифрлауды;
3. нүкте бұлттары негізіндегі зауыттардың сандық 3D моделін құруды;
4. «Цифрлық бас жоспар» бағдарламалық кешенін – инженерлік деректерді сақтауға, оларды талдауға, өңдеуге, көзбен шолып көрсетуге арналған көп функциялы ақпараттық жүйені енгізуді көздейді.

Жоба шеңберінде жеке тұрған цифрлық бас жоспар мен зауыттың 3D моделін енгізу ғана жоспарланып отырған жоқ. Басты мақсат – 3D моделін зауыттың күнделікті бизнес-процестеріне ықпалдастыру. Өнімнің болашақ пайдаланушылары – тек өндірістік активтерді қайта құру бөлімінің қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар технологтар, механиктер, жөндеу жоспарлаушылары, сенімділікке жауапты мамандар. Жобаны іске асыру барысында жұмыстардың бастапқы көлемі зауыттардың инженерлік деректерін басқару жүйесін енгізу және ақпараттық стандартты әзірлеу арқылы кеңейтілді. Сондай-ақ, жаңа жүйені қолданыстағы IBM Maximo жөндеу жоспарлау жүйесімен біріктіру қарастырылған.

2021 жылы АМӨЗ және ПМХЗ-да «3D бас жоспар» инженерлік деректерді басқару жүйесі пайдалануға енгізілді, 3D пайдаланудың бизнес-процесі енгізілді.

### KPI цифрландыру

2018 жылғы шілдеден бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Атырау облысындағы алғашқы Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI) газ-химия кешенінің құрылысы бойынша жобаны іске асыруда.

Полипропилен өндіру зауыты («KPI» ЖШС) – бұл интеграцияланған газ-химия кешенінің (ИГХК) бірінші кезеңі, оны 2021 жылы іске қосу жоспарланып отыр. Оның

қуатты жыл сайын 500 мың тонна өнімді құрайды. Екінші фаза – полиэтилен өндіру зауыты.

KPI – бұл жаңа өнеркәсіптік объект, сондықтан оны «нөлден бастап» толықтай цифрлық актив ретінде құруға болады.

Көптеген ірі ағынды және химиялық компаниялар (BASF, BP, ADNOC) ұзақ уақыт бойы өз активтерін кезең-кезеңмен цифрландырды. Қазақстанда әзірше толық цифрландырылған кәсіпорындардың мысалдары жоқ. KPI даму – Цифрландыру 4.0. деңгейіне жетуді мақсат етеді. Болашақта базалық автоматтандырылған және цифрлық шешімдерді енгізгеннен кейін Атырау қаласынан зауытты басқару үшін ИГХК процестерін басқарудың қашықтағы орталығын құру мүмкіндігі қарастырылуда.

KPI цифрландыру екі кезеңде жүзеге асырылатын болады. Бірінші кезеңнің аяқталу мерзімі – 2021 жылдың 4 тоқсаны (ИГХК іске қосу мерзімімен синхронды). Екінші кезең ИГХК пайдалануға берілгеннен кейін басталады.

Бірінші кезең шеңберінде (ИГХК пайдалануға берілгенге дейін) мынадай элементтер мен жүйелерді енгізу іске асырылады: бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика, аварияға қарсы қорғау жүйесі (АҚЖ), таратылған басқару жүйесі (ТБЖ), жөндеуді жоспарлау жүйесі, LIMS зертханалық ақпараттық жүйесі, MES өндірісті диспетчерлеу жүйесі), өндіріс қызметкерлерін даярлау процесін автоматтандыру (компьютерлік тренажерлер), зауыттың 3D моделі, SAP S4/HANA кешенді енгізу тек базалық модульдерді (ERP) енгізуді ғана емес, сондай-ақ өндірісті жоспарлау жүйесін, өндірістік (MES, LIMS) жүйелерді және жөндеуді жоспарлау жүйесімен, сондай-ақ бірыңғай цифрлық терезені енгізу (бизнес-талдау құралы) іске асырылуда.

SAP S4/HANA енгізу жобасының мәні корпоративтік және өндірістік модульдер бөлігінде SAP жүйесінің KPI-ге соңғы нұсқасын кешенді енгізу болып табылады. Жоба шеңберінде мұнай-химия кәсіпорындары үшін үздік әлемдік практикалар мен халықаралық тәжірибе негізінде барлық бизнес-процестер жобаланған, үздік практикалар мен бенчмаркинг негізінде кәсіпорынның нысаналы ұйымдық құрылымы әзірленген.

Зауыттың ішкі жүйелерімен (MES, LIMS, IBM Maximo, ЭҚЖ) интеграциядан басқа, сыртқы жүйелермен интеграция қарастырылған: ЭШФ, банк-клиент, сатып алу жүйесі zakup.sk.kz.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап SAP ядросының модульдері іске қосылды: FI, TR, CO, MM, SD, HCM. «Бухгалтерия», «сатып алу және жабдықтау», «бақылау» және «персоналды басқару» бағыттары бойынша бизнес операциялар SAP жүйесінде жүргізілуде.

KPI цифрландырудың екінші кезеңі жабдықтың сенімділігін басқару жүйесін (APM жүйесі) енгізуді, Advanced process control (APC) жүйесі арқылы жетілдірілген автоматтандыруды енгізуді, SAP S4/HANA модульдері негізінде дамытуды қамтиды.

Цифрлық технологиялар мен шешімдерді енгізу ИГХК бизнесінің тиімділігін арттыруға: жабдықтың тұрып қалуы мен өндірістегі іркілістерді азайтуға, ақау деңгейін төмендетуге, еңбек өнімділігін арттыруға, операциялық шығыстарды (ағымдағы жөндеулер, шикізат, материалдар, реагенттер, утилиталар шығысы) қысқартуға, оңтайландыру нәтижесінде өнімнің шығын жақсарту есебінен кірісті ұлғайтуға мүмкіндік береді.

## ӘДЕП ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ

102-16

### Құндылықтар, қағидаттар, стандарттар және мінез-құлық нормалары

Корпоративтік жауапкершіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету Компания жұмысының маңызды қағидаты болып табылады. Корпоративтік жауапкершілік орнықты дамуға үлес қосатын және заңнамамен және халықаралық мінез-құлық нормаларымен келісетін ашық және этикалық мінез-құлықты көздейді. Компанияның бұл саладағы қызметі жүйелі сипатқа ие, осыған байланысты этикалық мінез – құлық стандарттарына және бизнесті адал жүргізу мақсатында ҚМГ-де этика мәселелері бойынша қолданыстағы құжатты жаңарту бойынша жұмыс жүргізілді – Іскерлік этика кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

Бекітілген Кодекске сәйкес ҚМГ қызметі мынадай корпоративтік құндылықтарға негізделген:

- **Әділеттілік**
- **Бейілділік**
- **Дамыту**
- **Қауіпсіздік**
- **Жауапкершілік**

ҚМГ-нің акционерлермен, қызметкерлермен, еншілес және тәуелді ұйымдармен, мемлекеттік органдармен, өріптестермен, өзге де мүдделі тұлғалармен іскерлік өзара қарым-қатынастарының негізінде іскерлік

шешімдер қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да мүдделердің үйлесімді үйлесуі, тараптардың әрқайсысының өзара құрметі, сенімі, жауапкершілігі және құқықтары мен міндеттерін сақтауы жатыр, Компания осы Кодекстің ережелерін бұлжытпай ұстанады.

Кодекс ашық құжат болып табылады және ҚМГ іскерлік серіктестері мен басқа да мүдделі тұлғалар арасында еркін таратылады. Сондай-ақ ол Компанияның сайтындағы «Корпоративтік құжаттар» бөліміне орналастырылған.

## ӘДЕПКЕ ЖАТПАЙТЫН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕҢЕСТЕРГЕ ЖҮГІНУ ТЕТІКТЕРІ

102-17

Қызметкерлердің құқықтарын сақтаудың алдын алу мақсатында қызметкерлердің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың тарапынан құқыққа қарсы әрекеттердің барлық фактілері туралы нақты уақыт режимінде құпия және қолжетімді ақпарат құралдары ұйымдастырылған.

Компания тобының кез келген қызметкері немесе өзге тұлға ҚМГ және оның ЕТҰ-мен өзара іс-қимыл жасайтын басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе

өзге тұлғалардың іс-қимылының заңдылығына күмән туындаған жағдайда бұл туралы басшылыққа, өзінің тікелей басшысына және комплаенс қызметіне хабарлай алады.

Осы хабарламалар құпиялылықты қамтамасыз ететін мынадай арналар мен байланыс құралдары арқылы берілуі мүмкін:

- ҚМГ ақпараттық сенім жүйесіне [doverie@kmg.kz](mailto:doverie@kmg.kz) электрондық пошта арқылы немесе сенім телефоны бойынша 8-(7172)-78-65-65;
- Омбудсменге (іскерлік этика, кемсітушілік, еңбек даулары және өзге де еңбек мәселелері және т. б. мәселелер бойынша) [ombudsman@kmg.kz](mailto:ombudsman@kmg.kz) электрондық поштасына немесе телефон арқылы 8-(7172)-78-65-60, 78-65-61;
- тәуелсіз оператор КРМГ компаниясы қызмет көрсететін, «Самұрық-Қазына» АҚ әкімшілендіретін бірыңғай орталықтандырылған «жедел байланыс желісі» арқылы Комплаенс қызметіне (сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, әдепсіз мінез-құлық фактілері туралы күдік туындаған немесе қолда бар ақпарат болған жағдайда):
- мына телефон арқылы тегін қоңырау: 8 (800) 080 47 47;
- WhatsApp: 8 (771) 191 88 16;
- мына интернет-портал арқылы: [mail@sk-hotline.kz](mailto:mail@sk-hotline.kz);
- мына интернет-портал арқылы: [www.sk-hotline.kz](http://www.sk-hotline.kz)

«Жедел байланыс желісі» байланыстары ҚМГ корпоративтік сайтында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылған. Осыған ұқсас мәліметтер ЕТҰ сайттарында бар.

Барлық, оның ішінде анонимді хабарламаларды операторлар қабылдайды және өңдейді, бұдан әрі олардың кәсіби және құпия қаралуын қамтамасыз ететін ҚМГ комплаенс қызметіне беріледі. Комплаенс қызметі тоқсан сайынғы негізде ҚМГ Аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне келіп түскен өтініштерді қарау нәтижелері туралы ақпаратты жеткізеді. 2021 жылы Жедел байланыс желісіне 76 шағым мен өтініш келіп түсті, 2020 жылмен салыстырғанда өтініштер санының төмендеуі 36%-ды құрады, бұл Жедел байланыс желісі операторының ауысуына, Жедел байланыс желісі операторының релеванттық емес өтініштерді қабылдауын қоспағанда, ҚМГ құрамынан кейбір ЕТҰ-ның шығарылуына байланысты.

Жедел байланыс желісіне келіп түскен өтініштердің арқасында сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы

іс-қимылға тікелей байланысты емес мәселелерді де реттеуге мүмкіндік туды. Мәселен, Жедел байланыс желісіне іскерлік мінез-құлықты бұзумен, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланумен байланысты өтініштер келіп түсті. Барлық келіп түскен өтініштер белгіленген тәртіппен және мерзімде, болашақта осындай жағдайлардың қайталану ықтималдығын төмендететін тиісті шараларды қабылдай және қарау нәтижелері туралы өтініш берушілерге хабарлай отырып, қаралды.



**КазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY ҚҰЛТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

#### Жедел байланыс желісі

Сіз Этика кодексін бұзу жағдайлары туралы, соның ішінде сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепсіз қылық фактілері және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлай аласыз

#### Біз кепілдік береміз

- Құпиялық және анонимдік
- Хабарламалардың 100% өңделуі

**Жедел байланыс желісі:** 8 800 080 47 47

**WhatsApp номері:** 8 771 191 88 16

**Интернет-порталы:** [www.sk-hotline.kz](http://www.sk-hotline.kz)

**Электрондық пошта:** [mail@sk-hotline.kz](mailto:mail@sk-hotline.kz)

Жедел желіге тәуелсіз оператор, КРМГ компаниясы қызмет көрсетеді

#### «Нысана» жедел байланыс желісі

**Телефон:** 8 800 080 30 30

**WhatsApp номері:** 8 702 075 30 30

**Интернет-порталы:** [nysana.cscck.kz](http://nysana.cscck.kz)

**Электрондық пошта:** [nysana@cscck.kz](mailto:nysana@cscck.kz)

«Нысана» колл-орталығы барлық әлеуметтік-еңбек бұзушылықтар бойынша тегін қоңырау шалу 24/7 қабылданады.

## Сенім болмаған жерде табыс жоқ

103-1, 103-2, 103-3, 410-1, 412-1, 412-2, 412-3

Адам құқықтарын мүлтіксіз және жан-жақты сақтау мен қорғау «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметінің сенімге, адалдық пен ашықтыққа негізделген түбегейлі қағидаты болып табылады. Бұл ретте осы нормалардың қолданылуы тек қызметкерлерге ғана емес, серіктестермен, өнім берушілермен, мердігерлермен және өзге де мүдделі тұлғалармен қарым-қатынастарға да қолданылады.

Компания қызметкерінің құқықтарын қорғаудың нормативтік-құқықтық базасы Директорлар кеңесінің 13.02.2020 жылғы шешімімен бекітілген ҚМГ Құпия ақпарат саясатында, №1/2020 хаттама (бұдан әрі – Саясат) және ҚМГ Басқармасының 30.07.2020 жылғы шешімімен бекітілген ҚМГ экономикалық қауіпсіздік регламентінде, №31 хаттама (бұдан әрі – Регламент) көрсетілген.

Аталған құжаттарға сәйкес құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен алдын алудың тиімділігін арттыру, Компания қызметкерлерімен, үшінші тараптармен (заңды және жеке тұлғалармен) өзара іс-қимылды жетілдіру және кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ заңды құқықтар мен мүдделерді қорғау үшін ҚМГ мен ЕТҰ-да қолжетімді, тәулік бойы (24/7 режим), құпиялылықты қамтамасыз ететін байланыс арналары мен құралдары: «Жедел байланыс желісі», «Сенім» телефоны мен электрондық поштасы жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының бұзушылықтары туралы өтініштерді қабылдау, тіркеу және қарау тәртібі ҚМГ төрағасының 18.04.2018 жылғы №129 бұйрығымен бекітілген ҚМГ ақпараттық сенім жүйесінің (бұдан әрі – АСЖ) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс нұсқаулығымен регламенттелген.

Осыған ұқсас құжаттарды ЕТҰ бекітті.

Бұл ретте көрсетілген құралдар Компанияның ашықтығын, өтініштерді берудің қолжетімділігін, оларды қараудың тиімділігі мен сапасын арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа, қызметкерлер мен үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жағдай жасайтын себептерді анықтауға және жоюға ықпал етеді.

Өтініштердің арқасында сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылмен ғана емес, сонымен қатар іскерлік мінез-құлқы бұзумен, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланумен, сондай-ақ әлеуметтік және жалпы бағыттылықпен және т.б. байланысты мәселелерді шешуге болады.

2021 жылы ҚМГ компаниялар тобының ИСД желісі бойынша 65<sup>18</sup> арыз бен өтініш түсті (2020 жылы – 210, 2019 жылы – 185), алынған өтініштер қызметкерлердің еңбек құқықтары, жалақы деңгейі, еңбек қауіпсіздігі жағдайлары



**Әлиасқаров Тұрысбек Жүнісбайұлы, ҚМГ корпоративтік қауіпсіздік департаментінің директоры:**

*«Біздің Компания қызметінің маңызды және негізін қалаушы қағидаттары: қызметкерлерге және басқа да мүдделі тұлғаларға заңдылықты бұзудың кез келген фактілері бойынша, өз құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша кедергісіз жүгінуге мүмкіндік беретін тиімді құралдардың болуымен қол жеткізілетін сенім, адалдық және ашықтық болып табылады. Бұл ретте қажетті көмек пен қолдау алу қажет».*

<sup>18</sup> ҚТГ деректері жоқ ақпарат



туралы, тендерлер өткізу кезіндегі бұзушылықтар және сатып алудың өзге де рәсімдері туралы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану және кәсіпорын басшыларының бейәдеп қылығы туралы мәселелермен байланысты.

Өтініштер электрондық пошта, телефон байланысы арқылы, сондай-ақ пошта жөнелтілімдері түрінде келіп түседі.

Өртүрлі байланыс арналарынан алынған барлық өтініштер бойынша есепке алу жолға қойылып, жан-жақты талдау жасалады.

Өтініштер мен шағымдар, оның ішінде анонимді түрлері өтініш иелеріне шараларды қабылдай және кейіннен хабарлай отырып, белгіленген тәртіппен және мерзімде қаралды.

Өз тиімділігін ескере отырып, жедел желіні, телефон мен электрондық сенім поштасын дамыту бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

2021 жылы, алдыңғы жылдардағыдай, ұлттық, жыныстық белгілері, діни нанымдары мен саяси көзқарастары бойынша кемсіту фактілеріне қатысты шағымдар түскен жоқ. Мәжбүрлі және міндетті еңбекті пайдалану, сондай-ақ осындай бұзушылықтарға байланысты сот талқылаулары мен қылмыстық қудалау фактілері тіркелмеген.

ҚМГ компаниялар тобында корпоративтік қауіпсіздік бөлімшелері қызметкерлер мен өзге де тұлғалар құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыс жүргізеді. Бұл ретте олар Қазақстан Республикасының заңнамасын және халықаралық нормативтік актілерді, сондай-ақ Қордың, ҚМГ мен ЕТҰ-ның жалпы корпоративтік және ішкі құжаттарын қатаң басшылыққа алады.



**2021 жылы саясатты сақтау және құқықтарды қамтамасыз ету рәсімдері мәселелері бойынша оқудан Компания тобының корпоративтік қауіпсіздік бөлімшелері қызметкерлерінің 5,1%-ы өтті (2020 жылы – 7,5%).**

Жалпы, ҚМГ және ЕТҰ басшылығы адам құқықтарын сақтау мәселелеріне көп көңіл бөледі, қызметтің осы бағытын жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жасауда.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

102-25, 103-1, 103-2, 103-3, 205-1

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – Компания) өз бизнесін заңдылық, адалдық және әдептілік қағидаттарында құрады. Компания адам құқықтарын қатаң сақтайды, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін барлық мүмкін әрекеттерді қабылдайды, мінсіз беделге қамқорлық жасайды және этика саласында жоғары халықаралық стандарттарды енгізуге тырысады.

ҚМГ-де Комплаенс қызметі (бұдан әрі – Қызмет) жұмыс істейді. Қызметтің жауапкершілік аймағына қызметкерлердің еңбек қызметі шеңберінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау мүмкіндігімен байланысты барлық тәуекелдерді жою кіреді. Компания қызметінің дербес бағыты болып қала отырып, Қызмет Компанияның барлық бизнес бөлімшелерімен біріктірілген.

Этикалық мінез-құлық стандарттарына және бизнесті адал жүргізу мақсатында ҚМГ комплаенс мәселелері бойынша қолданыстағы ішкі құжаттарды жаңарту және жаңаларын әзірлеу бойынша жұмыс атқарылды. 2021 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатқа және Құпия ақпарат беру саясатына түзетулер енгізілді. Өзгерістер сыйлықтар алуға, жақын туыстарының бірлесіп жұмыс істеуіне, сондай-ақ «Жедел байланыс желісі» операторының ауысуына тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына түзетулерге қатысты болды. ҚМГ компаниялар тобы контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі саясат қосымша бекітілді. Осыған ұқсас саясат компанияның 35 ЕТҰ-да бекітілді.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесін негізге ала отырып, компания тұрақты негізде қолданыстағы корпоративтік стандарттарды жақсартуға ұмтылады. Сонымен, Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмау үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі бақылау қағидалары» бекітілген болатын.

ЕТҰ-мен атқарылатын жұмысқа қатысты Компания жергілікті жерлерде функцияларды енгізе отырып және кәсіпорынның ерекшелігін ескере отырып, комплаенс-бағдарламалар қалыптастыра отырып, кәсіпорындарды корпоративтік мәдениетке ықпалдастыру процестерін жеделдетуге ұмтылып отыр. Осылайша, 14 кәсіпорында (ҚМГ, Өзенмұнаймаз, Ембімұнайгаз, Павлодар мұнай-химия зауыты, Атырау мұнай өңдеу зауыты,

КазТрансОйл, Қазақтеңізкөлікфлоты, ҚМГ-Инжиниринг, ӨзенМұнайСервис, Oil Service Company, KLPE, KPI, Қазақойл Ақтөбе, ҚМГ-Құмкөл) комплаенс тәуекелдеріне бағалау жүргізілді. Тәуекелдерді талдау және бағалау қорытындылары бойынша тәуекелдерді мейлінше азайту жөніндегі іс-шаралар қалыптастырылды. Бұған қоса, бухгалтерлік операцияларға тестілеу; туыстық байланыстарды талдау; «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ және комплаенс саласындағы саясаттарды орындау мониторингін өткізілді.

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ сақталуы жеке мүдделер мен байланыстардың ықпалымен шешімдер қабылдау тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік беретін қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын талаптарды айқындау шеңберінде 2020 жылдан бастап Компанияда ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлері бойынша мүдделер қақтығысын жалпыға бірдей декларациялау жүргізілді.

Көлеңкелі экономикамен және сыбайлас жемқорлық көріністерімен күресу үшін жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін тиімді бақылау жүйесін құру жөніндегі мемлекеттің мақсатын қолдай отырып, 2021 жылы жалпыға бірдей салықтық декларациялау рәсімі енгізілді. Жалпыға бірдей салықтық декларациялаудың бірінші кезеңі шеңберінде ҚМГ мен оның ЕТҰ-ның 303 қызметкері салық декларацияларын ұсынды.

«Жедел байланыс желісін» насихаттау шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ-пен бірлесіп, Маңғыстау облысы әкімдігінің өкілдерімен және Ақтау қаласындағы мердігерлік ұйымдармен кездесулер өткізілді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Oil Services Company» ЖШС, «Исатай Оперейтинг» ЖШС әкімшілік-басқару қызметкерлерімен комплаенс мәселелері бойынша кездесулер өткізілді.

Комплаенс саласында үздік әлемдік тәжірибені енгізу мақсатында ЕТҰ комплаенс офицерлері үшін Теңізшевройл қатысуымен воркшоп-сессия ұйымдастырылды.

**Жоғары этикалық нормаларға бейілділігі тиісті корпоративтік басқарудың негізі және Компания**

**мүдделерінің жеке мүдделерін қорғау мен қамтамасыз етудегі кепілгер болып табылады. Бизнес жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын ілгерілету және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін қабылдау шеңберінде 2021 жылы ҚМГ қызметкерлері үшін комплаенс бақылау мәселелері бойынша үш күндік онлайн-оқыту өтті.**

ҚМГ комплаенс қызметі және оның ЕТҰ қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ Компанияның бақылауларын күшейту және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында 2021 жылы ҚМГ компаниялар тобының комплаенс мамандарын келесі бағыттар бойынша оқыту жүргізілді:

- контрагенттердің сенімділігін тексеру;
- мүдделер қақтығысын анықтау және басқару;
- сұхбат жүргізу;
- Компания қызметкерлерін тексеру;
- тергеулерді жоспарлау және жүргізу;
- тергеу жүргізу нәтижелері бойынша есеп дайындау.

Бұл оқыту халықаралық аудиторлық ұйымның форензик саласындағы сарапшыларының қатысуымен өткізілді.

Комплаенс қызметі ҚМГ компаниялар тобы мамандарының кәсіби құзыреттерін дамытуды және біліктілігін арттыруды қолдайды. Бүгінгі таңда комплаенс командаларында Association of Certified Fraud Examiners (ACFE) және International Compliance Association (ICA) мамандандырылған халықаралық беделді сертификаттары бар мамандар бар және олардың саны үнемі өсіп келеді.

2022 жылы Компания комплаенс-жүйені одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырады. Жұмыстың негізгі бағыттары мыналарды қамтитын болады:

- контрагенттерді тәуекелге бағдарланған тәсілді ескере отырып тексеру;
- кәсіпорындарда комплаенс-жүйесін дамыту;
- Жеке АТ шешімдері негізінде мүдделер қақтығысын декларациялау бойынша комплаенс-рәсімін автоматтандыру;
- комплаенс-бағдарлама бойынша оқыту және коммуникациялық материалдарды әзірлеу.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК

Сыртқы факторлардың жиынтық әсері аясында 2021 жылы біз Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің пандемияға дейінгі кезең деңгейіне біртіндеп қалпына келуін байқадық. Әлемдік сұранысты қалпына келтіру, сондай-ақ ОПЕК+ тарапынан мұнай нарығын реттеу мұнай бағасының өсуінің негізгі факторларына айналды. Сыртқы сын-тегеуріндерге жауап ретінде уақтылы қабылданған шаралар Компанияға біз болжағаннан гөрі жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Есепті кезеңде Компанияның таза пайдасы **1 197 млрд теңгені** құрады.

Сонымен қатар, қатысу өңірлеріндегі ірі салық төлеушілердің бірі бола отырып, ҚМГ ел бюджетіне салықтар және басқа да төлемдер бойынша өз үлесін қосады. 2021 жылы **787 млрд теңге** салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленді.

Сондай-ақ Компания елдегі **55 мыңнан астам адамды** жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, қызметкерлер мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсетіп отыр. 2021 жылы қызметкерлер үшін Компанияның әлеуметтік аударымдарға және зейнетақы жарналарына жіберген қаражаты **54 млрд теңгені** құрады.

Отандық өндірушілерді қолдау бойынша бағдарламаларға қатысу және сатып алудағы жергілікті қамтуды ұлғайту ҚМГ басымды міндеті болып табылады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобы бойынша (ҚТГ есепке алмағанда) қазақстандық компаниялардан тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді **сатып алудың жалпы көлемі 1 216 млрд теңгені құрады**. Сатып алудағы жергілікті қамтымның үлесі **78%** құрады.

103-1, 103-2, 103-3

ҚМГ бизнес-жоспарын және бюджетін жоспарлау және орындау Компанияның құнын арттыруда және барлық мүдделі тараптар үшін оның қаржылық тұрақтылығын нығайтуда маңызды рөл атқарады. ҚМГ-дегі жоспарлаудың мақсаты Даму стратегиясында айқындалған басымдықтар мен мақсаттарға сәйкес ҚМГ қызметін орта мерзімді (бес жылдық) және ағымдағы (бір жылға) жоспарлау жүйесін қамтамасыз ету болып табылады.

ҚМГ шоғырландырылған және жеке даму жоспарын және бюджетін қалыптастыру және бекіту «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму жоспарын қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингілеу қағидаларымен регламенттеледі. Шоғырландырылған бизнес-жоспар ЕТҰ-ның 5 жылдық кезеңге арналған жоспарларын қамтиды және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕТҰ-ның бизнес-жоспарлары мен бюджеттерін әзірлеу, келісу, бекіту және мониторингілеу қағидаларымен регламенттеледі. ҚМГ-нің Даму жоспары мен бюджеті ҚМГ-нің бекітілген корпоративтік есеп саясаты мен қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының (ҚЕХС) талаптарына сәйкес автоматтандырылған жоспарлау жүйесінде қалыптастырылады.

ҚМГ басшылығы ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жылдық басқару есептерінің негізінде Бизнес-жоспарлардың орындалуына мониторинг жүргізеді.

Өзінің негізгі қызметін іске асыра отырып, ҚМГ жыл сайын елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға және Компания қатысатын өңірлерді дамытуға елеулі үлес қосады.

Компанияның экономикалық нәтижелілігінің төменде көрсетілген көрсеткіштері ел экономикасына осы салымды бағалауға мүмкіндік береді.

## ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

201-1,201-4,415-1

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019	2020	2021
<b>Бөлінген экономикалық құн</b>				
Жиынтық кірістер	млрд теңге	7 970	5 202	6 743
<b>Бөлінген экономикалық құн</b>				
Жиынтық шығыстар	млрд теңге	6 812	5 030	5 897
<b>Бөлінбеген экономикалық құн</b>				
Пайда	млрд теңге	1 158	172	1 197

Жиынтық кірістер – жиынтық кіріс туралы есептегі түсімнің және өзге де кірістердің жиынтығы.

Жиынтық шығыстар – жиынтық кіріс туралы есептегі шығыстар мен шығындар жиынтығы.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019	2020	2021
Өзге салықтар мен төлемдер (КТС-сыз)	млрд теңге	1 360	1 068	1 440
Өзге салықтар мен төлемдер (КТС-мен)	млрд теңге	1 522	1 156	1 551
Төленген табыс салығы	млрд теңге	162	88	111
Капиталдың өнім берушілеріне төлемдер	млрд теңге	318	331	306

Деректер ҚМГ-нің 2021 жылғы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есебінен (тікелей әдіс) алынған.

Капиталды жеткізушілерге төлемдер акционерге төленген дивидендтерден, бақыланбайтын қатысу үлесіне төленген дивидендтерден, төленген сыйақыдан және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ пайдасына бөлуден тұрады.

	Өлшем бірлігі	2019	2020	2021
Күрделі салымдар (есептеу әдісі бойынша)	млрд теңге	505	454	414

ҚМГ есепті кезеңде мемлекеттен ақшалай түрде қаржылық көмек алған жоқ және мемлекеттік/саяси мұқтаждықтарға қайырымдылықты жүзеге асырмайды.

201-3

## Қызметкерлердің зейнетақы жоспарлары

Ұлттық заңнамаға сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақтары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында орналасқан. Компания өз тарапынан Ұйымдардың ұжымдық шарттарына сәйкес жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау бойынша қосымша міндеттемелерді орындайды, оған сәйкес қызметкерлер зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты құрметті демалысқа шыққан кезде, сондай-ақ зейнеткерлікке шыққаннан кейін Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне материалдық көмек түрінде әлеуметтік қолдау алады, мерейтой жасына жетуіне байланысты олардың құнын ішінара өтей отырып,

санаторий-курорттық емделуге жолдамалар және т. б. алады. 2021 жылы Компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне жалпы сомасы 2 млрд теңгеден астам материалдық көмек көрсетілді.

ҚМГ кейбір кәсіпорындарында тараптардың келісімі бойынша еңбек қатынастарын бұзу кезінде өтемақы төлеумен, зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлермен еңбек қатынастарын бұзу кезінде өтемақы төлей отырып, зейнеткерлік жас алдындағы қызметкерлерге зейнеткерлікке ерте шығу мүмкіндігін беру жөніндегі жоба іске асырылуда.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019	2020	2021
Әлеуметтік аударымдар және міндетті зейнетақы жарналары	млрд теңге	52	53	54

## ҚМГ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕП САЯСАТЫ

207-1, 207-4

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) тобының компанияларында салықтық есепке алуды жүргізуді біріздендіру мақсатында **ҚМГ корпоративтік салықтық есепке алу саясаты (бұдан әрі – Корпоративтік СЕС)** әзірленді және енгізілді.

Корпоративтік СЕС қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен (ҚЕХС), «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңымен, ҚР өзге заңнамалық актілерімен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен, сондай-ақ ҚМГ/ еншілес ұйымның қызметін реттейтін ішкі құжаттармен өзара байланыста ҚР салық заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленді. Корпоративтік СЕС ережелері ҚМГ компаниялар тобының коммерциялық және салықтық құпиясы болып табылады.

Корпоративтік СЕС ережелері мен ҚР салық заңнамасының нормалары не ҚР ратификациялаған халықаралық шарттар арасында қайшылықтар болған кезде салық заңнамасының не тиісті халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

**Корпоративтік СЕС-ті еншілес ұйымдардан басқа, ҚМГ мен оның еншілес ұйымдары басшылыққа алады:**

- салық салудың ерекше тұрақты режимі көзделген Өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын;
- ҚМГ бақылау акцияларының пакеттерінің (қатысу үлестерінің) 50%-дан кеміне иелік ететін;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген, сондай-ақ ҚМГ филиалдары және ҚР шекарасынан тыс жерлерде оның еншілес ұйымдарының филиалдары.

Корпоративтік СЕС-тің мақсаты ҚМГ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының ұйымдық және салалық ерекшеліктерін ескере отырып, есептілікте ең жоғарғы толық, шынайы және расталған ақпаратты қалыптастыру үшін салықтық есепке алудың біркелкілігіне қол жеткізу болып табылады.

Корпоративтік СЕС міндеті салық заңнамасы мынадай жағдайда, салықтық есепке алуды жүргізу тәсілдерінің өзіндік ерекшелігін көрсету болып табылады:

- ҚР Салық кодексінде көзделген бірнеше нұсқаларды не әдістерді талап ететін немесе олардан таңдау жасауға мүмкіндік беретін нормаларды қамтиды;
- жалпы нормаларды ғана белгілейді және (немесе) салықтық есепке алуды жүргізу тәсілдерінде анықтықты және нақтылықты, салық салу объектілерін және салық салуға байланысты объектілерді айқындау тәртібін қамтамасыз етпейді;
- СЕС-ке жекелеген талаптар мен ережелерді көрсетуді талап етеді.

Корпоративтік СЕС ҚР Салық кодексінің келесі қағидаттарына негізделеді:

- салық салудың міндеттілігі қағидаты – ҚМГ және оның еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының бюджетіне салықтарды уақтылы және дұрыс есептеуге, ұстауға және толық көлемде төлеуге міндетті;
- салық салудың әділдік қағидаты – ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының операциялары бір кезеңде сол бір салық салу объектісі бойынша салық пен төлемнің бір түрімен қосарланған салық салуға ұшырамауы тиіс;
- ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының адалдық қағидаты – салықтық үнемдеуді алу және салық төлемдерін азайту мақсатында өздерінің заңсыз әрекеттерінен пайда алуға жол бермейді.

Корпоративтік СЕС негізінде ҚМГ-нің барлық еншілес компаниялары сияқты **ҚМГ-нің салықтық есепке алу саясаты (бұдан әрі – ҚМГ СЕС)** әзірленді және енгізілді.

Корпоративтік СЕС және ҚМГ СЕС, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту ҚМГ Басқармасының құзыретіне жатады.

### Корпоративтік СЕС және ҚМГ СЕС-ке өзгерістер мен толықтырулар мынадай жағдайларда енгізіледі:

- корпоративтік СЕС ережелерімен белгіленген салықтық есепке алу тәртібін қозғайтын ҚР Салық кодексінің нормалары өзгертілген;
- Корпоративтік СЕС ережелерінде белгіленген салықтық есепке алу тәртібін қозғайтын «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңының немесе ҚЕХС нормалары өзгертілген;
- ҚМГ/еншілес ұйым қабылдаған шешімдер салық есебін жүргізу, салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау тәртібіне әсер ететін ҚМГ компаниялар тобының бухгалтерлік есебін жүргізу әдістері мен қағидаттарын өзгерткен;

- ҚМГ/еншілес ұйым қабылдаған шешімдер ҚМГ компаниялары тобының бөлек салық есебін жүргізу тәртібі мен қағидаттарын және ҚР Салық кодексінде диспозитивтік нормалар қамтылған өзге де ережелерді өзгертуге алып келген.

Қалған жағдайларда корпоративтік СЕС және ҚМГ СЕС-ке өзгерістер қажеттілігіне қарай, бірақ жылына 2 (екі) реттен жиі емес енгізіледі.

ҚМГ салық салуға өзінің көзқарасында салықтық жоспарлау кезінде ҚМГ коммерциялық қызметінің ерекшеліктерін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясына толық сәйкес келетін осындай тәсілдеменің әлеуметтік әсерін ескереді.

ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған стратегиялық мақсаттары	Салық салу тәсілдемесінің стратегиялық мақсаттармен байланысы мақсаттармен
Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база	Мемлекеттік органдар тарапынан фискалды ынталандыру
ҚМГ-нің құн тізбегінің тиімділігін арттыру	Осындай кен орындарында өндіруді ұлғайту мақсатында жетілген кен орындары бойынша салық ауыртпалығын одан әрі оңтайландыру туралы мемлекетпен келіссөздер жүргізу
Бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту	Салықтық ортадағы өзгерістер және салықтық жеңілдіктер мен преференцияларды алу/ұзарту мүмкіндігі
Өндірістің көміртекті сыйымдылығын тұрақты дамыту және үдемелі төмендету	Салық органдарының түсіндірмелерін алу және қажет болған жағдайда салық заңнамасына өзгерістер енгізу арқылы салық салу тәртібін реттеу

2021

ҚМГ Даму стратегиясы ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Компанияның салықтары туралы толығырақ (207-4) 2021 жылғы Салық есебінде жазылған [www.kmg.kz/kaz/investoram/reporting-and-financial-result](http://www.kmg.kz/kaz/investoram/reporting-and-financial-result)

207-2

## Салықтық әкімшілендіру және бақылау, тәуекелдерді басқару

ҚМГ-де тәуекелдерді басқару стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін тәуекел оқиғаларының туындауының алдын алуға және туындаған кезде олардың әсерін шектеуге мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару ҚМГ стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару процесінде және

қаржылық тұрақтылықты қолдауда ажырамас бөлігі болып табылады.

Тәуекелдерді, оның ішінде салықтық тәуекелдерді басқару тәсілдемесін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) белгілейді.

ҚМГ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) бизнесті жүргізу мен компанияны басқарудың негізгі процестеріне ықпалдастырды. ТБКЖ ҚМГ құнының өсуі, оның пайдалылығы мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы балансқа қол жеткізуге бағытталған.

ТБКЖ барлық маңызды тәуекелдерді (оның ішінде салықтық тәуекелдерді) уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады.

ҚМГ-нің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының (ЕТҰ) ТБКЖ жөніндегі саясатының қолданысы ҚМГ қызметінің барлық түрлеріне қолданылады.

## Тәуекелдерді басқару процесі

ТБКЖ ҚМГ қызметіне байланысты тәуекелдерді басқарудың дәйекті және нақты құрылымы ретінде қызмет етуге арналған. ҚМГ-де тәуекелдерді басқарудың тік процесі және басқарудың барлық деңгейлерінде, жоғарғы деңгейден (ҚМГ) бастап желілік деңгейге дейін (ЕТҰ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшесі) тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуі жолға қойылған.

Әрбір лауазымды адам шешім қабылдау кезінде тәуекелдердің тиісінше қаралуын қамтамасыз етеді.

Тәуекелдер қауіп-қатер туындаған кезде пайда болу ықтималдығы мен әсерін ескеретін сапалық және сандық құралдардың көмегімен бағаланады.

ТБКЖ жұмыс істеу процесі ҚМГ компаниялар тобын басқарудың бизнес-процестеріне интеграцияланған, ТБКЖ-ның өзара байланысты жеті процесі арқылы іске асырылады:

1. мақсат қою (стратегиялық, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау мақсаттарын байланыстыру);
2. тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру (ҚМГ компаниялар тобы қызметінің барлық түрлерінің, бизнес-процестерінің басталуы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдердің әсеріне ұшырауын айқындау);
3. тәуекелдерді/тәуекел-факторларды бағалау және талдау (бағалау тәуекелдердің/тәуекел-факторлардың ҚНҚ-ге қол жеткізуге әсер ету дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі. Өндірістік / Өндірістік емес тәуекелдер және оларға сәйкес тәуекел-факторлар олардың туындау ықтималдығы (іске асыру ықтималдығы) және әсер ету дәрежесі (әлеуетті залал) бойынша талданады);
4. тәуекелдерді басқару (тән тәуекелдердің және оларға сәйкес келетін тәуекел-факторлардың жағымсыз салдарын және/немесе туындау ықтималдығын азайтуға немесе ҚМГ тобы қызметінің тәуекелдеріне байланысты залалдар туындаған кезде қаржылық

өтем алуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесі);

5. мониторинг және есептілік (тәуекелдер параметрлерінің өзгеру серпінін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар мен бақылау рәсімдерінің іске асырылу тиімділігін бақылау. Мониторингті ҚМГ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі жүзеге асырады, Директорлар кеңесінің қарауына ҚМГ ЕТҰ жабылуын ескере отырып шоғырландырылған тәуекелдер бойынша есеп тоқсан сайын шығарылады);
6. ақпарат және коммуникация (тәуекелдерді басқару процесіне қатысушыларды тәуекелдер туралы дұрыс және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, тәуекелдер, тәуекелдерге ден қою әдістері мен құралдары туралы хабардар болу деңгейін арттырады. Тиісті ақпарат қызметкерлерге өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін белгіленген нысанда және мерзімде анықталады, тіркеледі және беріледі);
7. ішкі орта (тәуекелдерді басқару процесінің жоғарыда баяндалған компоненттерін іске асыру ҚМГ компаниялары тобында тәуекелдер туралы, тәуекелдер иелерінің/тәуекел-факторлары иелерінің жауапкершілігі, тәуекелдерді белсенді басқару және уақтылы есеп беру туралы хабардар болудың жоғары деңгейінде және хабардар болудың тиісті «жоғары деңгейдегі түрін (реңкін)» белгілеуге негізделген тәуекел-мәдениеттің дамуына ықпал етеді. ҚМГ ТБКЖ-ның барабар ұйымдық құрылымын құруға ұмтылады, ол тиімді корпоративтік басқаруға ықпал етеді, сәйкестендіру, бағалау, басқару және тәуекелдер бойынша есептілік үшін міндеттерді, өкілеттіктерді және жауапкершілікті тиісінше бөлуді қамтамасыз етеді).

## Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл

ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына жылына кемінде бір рет мынадай құжаттар ұсынылады:

- Компанияның тәуекел-тәбеті бойынша ұсыныстар;
- шоғырландырылған тәуекелдер тіркелімі;
- тәуекелдер картасы;
- Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Бұдан басқа, ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайын тәуекелдер бойынша (ҚМГ ЕТҰ жабылуын ескере отырып шоғырландырылған), оның ішінде салықтық тәуекелдер бойынша есеп шығарылады, ол тиісті түрде толық көлемде қаралады және талқыланады. Директорлар кеңесі қолданыстағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін (ТБЖІБК) Директорлар кеңесі белгілеген қағидаттар мен тәсілдемелерге сәйкес келтіру үшін тиісті шараларды алдын ала қабылдайды.

Компаниядағы негізгі салықтық тәуекелдер мыналар болуы мүмкін:

1. Салық және кеден заңнамаларының әртүрлі түсіндірілуі.
2. Салық есептілігін және тауарларға арналған кеден декларациясын дұрыс жасамауы.
3. Салық есептілігін уақтылы ұсынбауы.
4. Трансферттік баға белгілеуге байланысты тәуекелдер.
5. Бақыланатын шетелдік компаниялардың салық салуы (ҚМГ салық салынатын кірісіне ҚИК жиынтық пайдасын қосу).
6. Бейрезиденттердің (бейрезиденттермен шарттар шеңберінде жеке тұлғалардың) салық салуы.

Компаниядағы негізгі тәуекел факторлары (себептері) мыналар болуы мүмкін:

1. Ішкі факторлар:
  - 1) ҚМГ ЕТҰ нашар салықтық әкімшілендіру;
  - 2) Бухгалтерияға бағдарламалардың әкімшілерімен құжаттар мен ақпаратты уақтылы ұсынбауы/ бермеуі;
  - 3) Салық есептілігін жасау және тауарлардың кедендік декларациялау кезіндегі қателер;
  - 4) Салық заңнамасы білімінің жеткіліксіз деңгейі;
  - 5) Келісімдер/шарттарды тиісінше салықтық сараптау;
  - 6) Салық заңнамасында салық преференцияларын/ өзгерістерін уақтылы дайындамау/жеткіліксіз негіздеу.
2. Сыртқы факторлар:
  - 1) Салық заңнамасын әртүрлі түсіндіруі;
  - 2) ҚР салық заңнамасын ретроспективті өзгеруі;
  - 3) Салық органдары АТ-инфрақұрылымының жаңылысуы;
  - 4) Трансферттік баға белгілеу туралы заңнаманы әртүрлі түсіндірілуі.

Компаниядағы ескерту әсерінің негізгі іс-шаралары:

1. ҚР салық заңнамасындағы өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізу және оларды жұмыста ескеру.
2. Қызметкерлердің семинарларға, форумдарға қатысуы, салық заңнамасы және трансферттік баға белгілеу саласында өздігінен оқуы.
3. Салық есебінің енгізілуіне және салық есептілігінің жасалуына кейінгі бақылау жасау.
4. Тұрақты негізде салық органдарымен салыстырып тексеру жүргізу.
5. Ірі мәмілелер бойынша салық сараптамасының қорытындыларын ұсыну (шарттардың жобаларын келісу).
6. Салық, кеден және трансферттік заңнама мәселелері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының түсіндірулерін алу.
7. Салық есептілігінің аудитін жүргізу (қажет болған жағдайда).
8. Нормативтік-құқықтық актілерді түсіндіру бойынша уәкілетті органдармен хат алмасу жүргізу.
9. Сот тәртібінде компанияның мүдделерін қорғау.
10. Ірі мәмілелерде бағалардың ауытқу тәуекелдерін талдау (ТЦ).
11. Мемлекеттік органдар бастамашылық жасайтын трансферттік баға белгілеу туралы заңнамаға өзгерістердің жобаларын мониторингілеу.

## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау және салықтарға байланысты проблемаларды басқару

 207-3

ҚМГ салық заңнамасына сәйкес салық мониторингіне жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілді.

ҚМГ-де тұрақты негізде ҚМГ тобының компанияларында туындайтын салық заңнамасын қолданудың проблемалы мәселелерін талдау бойынша жұмыс жүргізіледі, кейіннен заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірленеді, сондай-ақ ҚМГ тобы компанияларының қызметіне салық салу үшін қолайлы жағдайлар жасау, салық заңнамасын, Кеден одағы мен ҚР кеден заңнамасын, ҚР трансферттік баға белгілеу




туралы заңнамасын жүйелі жетілдіру, сондай-ақ операциялық тиімділікті арттыру және жалпы ҚМГ құнын ұлғайту мақсатында ҚР заңнамасына өзгерістер енгізуге бастамашылық етеді.

Мемлекеттік органдармен қарым-қатынастар мен өзара іс-қимылдар салық саясатының дұрыстығын айқындау, мемлекеттік органдармен, сондай-ақ акционермен, салалық қауымдастықтармен ұйымдастырылатын кездесулерге, талқылауларға қатысу мақсатында іскерлік хат алмасу арқылы ҚР Салық кодексінің нормалары шеңберінде құрылады.

Заңнаманы жетілдіру арқылы ҚМГ компаниялар тобының мүдделерін қорғау мыналарды:

- салық салу бөлігінде заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар (оның ішінде негіздемелер, таныстырылымдар және есептеулер) әзірлеуді;
- салық заңнамасын және жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы орындау бөлігінде тиісті мемлекеттік органдар әзірлеген нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қорытындыларды қарауды және ұсынуды;
- салалық қауымдастықтар (Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы (ҚСҚ), KAZENERGY қауымдастығы, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҰКП) жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары мен ҚР Парламентінің қатысуымен жұмыс топтарына тікелей қатысу арқылы ҚМГ компаниялары тобының заңнамалық бастамаларын сүйемелдеуді қамтиды.



## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

203-1, 203-2

**ҚМГ қосылған құнды құру тізбегінің барлық кезеңдерінде толық біріктіріліп, Қазақстанның мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшысы болып табылады.** Мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшысы және тігінен біріктірілген компания бола отырып, ҚМГ өзінің ұзақ мерзімді орнықты дамуы үшін тұрақты платформаға ие. ҚМГ активтері барлау, өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу және маркетингтен тұратын көмірсутектердің қосылған құнын құру тізбегінің толық циклін қамтиды. Қызмет Қазақстан мен Румыния аумағында жүргізіледі.

ҚМГ-нің жоғарыда көрсетілген бағыттары шеңберінде көмірсутегі қорларын өсіруге, жаңа өндірістерді құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және жаңартуға бағытталған 50-ден астам инвестициялық жоба іске асырылуда.

Келесі инвестициялық жобаларды іске асыру Қазақстанның орнықты дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді:

### ҚР ӨҢІРЛЕРІН ГАЗДАНДЫРУ, МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖӘНЕ ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУ, РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ ҰЛҒАЙТУ ЖОБАЛАРЫ

**2021 жылы мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру табысты аяқталды:**

- **Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласындағы газ тарату желілерін жаңғырту, реконструкциялау**  
Жоба Алматыдағы экологиялық ахуалды жақсартуға ықпал етеді және 4 мыңға жуық жаңа абоненттерді газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, олардың жартысынан көбі 2021 жылдың соңына қарай газ тарату желісіне қосылған, қалған үй шаруашылықтары да газға қол жеткізе алады және мүмкіндігіне қарай қосылатын болады. Жобаны іске асыру басталғаннан бері барлығы 265 шақырым жаңа газ құбырлары салынды, 94 шақырым қолданыстағы газ құбырлары қайта жаңартылды, 35 газ реттегіш шкафтық пункт орнатылды.

- **Нұр-Сұлтан қаласында 2-кезектегі 1 және 2 іске қосу кешендерінің газ тарату желілерін салу**  
1-ші іске қосу кешені шеңберінде АГТС-2-ден «Восток» бас газ тарату пунктіне (БГТП) және «Оңтүстік-шығыс» БГТП газ беру қамтамасыз етілді; 2-ші іске қосу кешені шеңберінде «Восток» БГТП-дан Интернациональней, Мичурино, Күйгенжар тұрғын аудандарына және қазандықтарға газ беру қамтамасыз етілді.

2021 жылы жалпы ұзындығы 100,581 км газ тарату желілері салынды, 5 газ реттегіш блок пункті, 5 газ реттегіш шкаф пункті орнатылды.

Жоспарланған абоненттер саны – 1 644. 2021 жылдың соңында «Интернациональней», «Мичурино», «Күйгенжар» тұрғын алаптарында 71 абонент және 1 коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорын қосылды.

**2021 жылы ҚТГ басым жобалары бойынша жұмыстар басталды:**

- **Сарша жерін және «Жылы жағажай» курорттық аймағын газдандыру**  
Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің тапсырмасы бойынша туристік саланы дамыту шеңберінде Маңғыстау облысының Сарша жерінде көпфункционалды қонақ үй-туристік кешеннің құрылысы жүргізіліп жатыр.  
Сарша жеріндегі қонақ үй-туристік кешеннің және «Жылы жағажай» курорттық аймағының жаңа тұтынушыларын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін 2021 жылы өткізу қабілеті сағатына 80,000 м<sup>3</sup> автоматты газ тарату станциясын орната отырып, ұзындығы 85 км «Жаңаөзен-Ақтау» магистральдық газ құбырынан бұру газ құбыры салынды.  
2022 жылы Сарша жері мен «Жылы жағажай» курорттық аймағына дейін ұзындығы 59 км тарату желілерінің және екі бірлік газ реттегіш блокты пункттердің құрылысын аяқтау жоспарлануда.
- **Қолданыстағы «Мақат – Солтүстік Кавказ» МГ-ге Лупинг құрылысы.**  
Атырау қаласы мен Атырау облысының халқы мен ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарын газбен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету, авариялық жағдайлардың алдын алу және «Ұлттық индустриялық мұнай – химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын газбен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында ҚТГ 2021-2023 жылдар кезеңінде «Мақат – Солтүстік Кавказ» газ құбырында лупинг салу жөніндегі жобаны іске асыруды жоспарлап отыр.

- **«Бейнеу – Жаңаөзен» магистральдық газ құбырының 2-ші тармағын салу.**

Маңғыстау облысында газ тұтынудың жоспарлы ұлғаюына байланысты «Бейнеу – Жаңаөзен» магистральдық газ құбырының өткізу қабілеті газдың болжамды қосымша көлемдерін айдау үшін жеткіліксіз. 2021 жылы Маңғыстау облысының газ тасымалдау жүйесін қайта жаңарту бойынша жұмыстар басталды, бұл өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін және өңірдің табиғи газға өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өткізу қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді.

Аталған міндеттерді шешу үшін ҚТГ 2021-2023 жылдар кезеңінде «Бейнеу – Жаңаөзен» магистральдық газ құбырының екінші тармағын салуды жоспарлап отыр.

- **«Қашаған» ГКӨҚ-дан компрессорлық станциясы бар «Мақат – Солтүстік Кавказ» МГ-ге дейін магистральдық газ құбырын салу.**

Сондай-ақ, ресурстық базаны және ҚХР-ға газ экспортының көлемін ұлғайту мақсатында «Қашаған» ГКӨҚ-дан компрессорлық станциясы бар «Мақат – Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбырына дейін магистральдық газ құбырын салу жобасы басталды. Бұл жоба Қашаған кен орнында газ өңдеу зауытын – газды кешенді дайындау қондырғысын (ГКӨҚ) салу жөніндегі ауқымды жобаның бір бөлігі болып табылады, оның қуаты жылына 1 млрд текше метрге дейін шикі газды қайта өңдеу.

Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде, оны 2023 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

### 2021 жылы келесі инвестициялық жобалар бойынша жұмыстар жалғасты:

- **«Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбырын салу**

2021 жылы өткізу қабілеті жылына 15 млрд м<sup>3</sup> дейінгі «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбырын салу инвестициялық жобасы шеңберінде жұмыстар жалғастырылуда. Осы газ құбыры арқылы тасымалданатын газ ҚР өңірлерінің тұрғындары үшін де, ҚХР-ға экспорттау үшін де жеткізіледі. Қазіргі уақытта қажетті (мәлімделген) қуатты қамтамасыз ететін газ құбырының барлық негізгі объектілері пайдалануға берілді.

2021 жылы «Бозой – Шымкент» МГ учаскесінде «Бейнеу» газ өлшеу станциясы және 1-кезектегі SCADA жүйесі пайдалануға берілді. «Интергаз Орталық Азия» АҚ салған «Түркістан» компрессорлық станциясы сатып алынды (барлығы

2021 жылға салынған 4 станцияның 2-уі сатып алынды).

2022 жылы «Бейнеу» ГӨС және «Бозой» КС кеңейту жөніндегі іс-шараларды аяқтау және қалған 1 және 2-кезектегі объектілерді салу (жөндеу-пайдалану учаскелері, SCADA жүйесі және трасса бойындағы өткел), газ құбырының қуатын жылына 15 млрд м<sup>3</sup> дейін кеңейту шеңберінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ салған «Арал» компрессорлық станциясын сатып алу жоспарлануда.

- **«Аманкелді» кен орнының Бархан – Сұлтанқұдық құрылымында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу**

Барлау тобы бойынша 2021 жылы 690 км<sup>2</sup> алаңда 3Д сейсмикалық барлау жұмыстары аяқталды, ағымдағы сәтте Бархан құрылымында №Б-5 бағалау ұңғымасын бұрғылау бойынша жұмыстар басталды, оны сынау нәтижелері бойынша КСШ қорлары есептелетін болады.

- **«Аманкелді газ кен орындары тобын игеру» жобасының өндіру тобы**

Өндіру тобы бойынша жұмыстар Жұмыс бағдарламасы мен ҚЭМ сәйкес жүргізілуде, Анабай кен орнын 2022-2023 жылдары іске қосу жоспарланып отыр.

- **Қостанай облысының үш елді мекенін (Жітіқара қ., Тобыл ауылы және Үлкен Чураковка ауылы) газдандыру**

Жоба 2021 жылы басталды, Жітіқара қаласының кейбір аудандары мен Тобыл және Үлкен Чураковка ауылдарын газдандыруды көздейді. 2022 жылы осы елді мекендерге жалпы ұзындығы 127,8 км жоғары, орта және төмен қысымды газ тарату желілерінің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Жоба экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етіп, 3 275 жаңа абонентті қосуға мүмкіндік береді. 2021 жылы 52,4 км газ құбыры салынды, 3 газ реттегіш блок пункті орнатылды. 42 жаңа абонент қосылды.

### Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Саймасай, Қайнар к. жоғары қысымды жеткізетін газ құбырын және газ тарату желілерін салу» (1 және 2 ПК)

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Саймасай және Қайнар елді мекендеріндегі тұтынушыларды (1 150 тұрғын үй, 36 әлеуметтік нысан) одан әрі Еңбекшіқазақ ауданының жақын

маңдағы 25 елді мекенінің (12 144 тұрғын үй, 288 әлеуметтік объекті мен бюджеттік ұйым) газ тасымалдау желісіне қосу перспективасымен газбен жабдықтау жоспарлануда.

Жоба шеңберінде жалпы ұзындығы 89,79 км болатын жоғары, орта және төмен қысымды газ тарату желілерінің құрылысы жоспарланған. 2021 жылдың қорытындысы бойынша 13 км газ құбыры салынды. Жобаны аяқтау 2022 жылға жоспарланып отыр.

## МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ЖОБАЛАРЫ

- Өнімділігі жылына 20 млн тоннаға дейін мұнайды ұлғайта отырып, «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі бірлескен жобасы шеңберінде **«Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырының реверсі» жобасы**. Жоба Батыс Қазақстан мұнайын жылына 20 млн тоннаға дейін ПМХЗ, ПҚОП тасымалдауға және ҚХР-ға мұнай экспортын арттыруға бағытталған. 2021 жылғы 30 маусымда екінші іске қосу кешенінің объектілерін («Аман» МАС технологиялық мақсаттағы объектілері) пайдалануға қабылдау жүзеге асырылды, бұл мұнайды реверсті режимде тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етті. Кешеннің барлық объектілері 2022 жылдың наурыз айында пайдалануға берілетін болады.



## МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДЕУ ЖОБАЛАРЫ

### • Tazalyq

Еңбекті, қоршаған ортаны қорғауды және қауіпсіздікті басқару (HSE) мәселелері бойынша үздік практикаларға бейілділікті растай отырып, «АМӨЗ» ЖШС 2020 жылы Tazalyq жобасы шеңберінде зауыт үшін жаңа механикалық тазарту құрылыстарын жобалау және салу бойынша жұмыстарды жалғастырды. «Tazalyq» жобасы мемлекеттік басқару органдарының экологиялық талаптарын орындау үшін Атырау қаласының сол жағалауында орналасқан сарқынды суларды механикалық тазарту құрылыстарын жаңғыртуды және «Сасыған сай» булану алаңдарын қайта жөндеуді көздейді. Жаңа механикалық тазарту құрылыстарын өткізудің экологиялық әсері мұнай өнімдерінің булануының 8 мың м<sup>3</sup> ашық алаңдарын жою және тазартылған ағындардың 15%-ын өз өндірісіне қайтару болып табылады. Булану алаңдарын қалпына келтірудің экологиялық әсері атмосфераға, жер асты суларына, жергілікті флора мен фаунаға теріс әсерді болдырмайды.

Кіші жобаларды іске асыру мерзімдері:

1. «Атырау МӨЗ-де механикалық тазарту құрылыстарының қондырғыларын қайта

жөндеу» – 2019–2022 жылдар; 2. «Нормативті-тазартылған ағын суларды қайта реконструкциялау және булану алаңдарын қалпына келтіру» – 2019-2023 жылдар.

- **Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу Жаңаөзен қаласындағы** жұмыс істеп тұрған газ өңдеу зауытының негізгі технологиялық жабдығының, техникалық құрылғылары мен инженерлік желілерінің барынша тозу дәрежесін, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етумен, қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтаумен, экологиялық салдарлары бар техногендік қатермен байланысты елеулі тәуекелдерді, жер қойнауын пайдаланушыларда газды кәдеге жарату жөніндегі тәуекелдерді, Маңғыстау облысының халқын газды қайта өңдеу өнімдерімен қамтамасыз етудің мүмкін болмау тәуекелдерін ескере отырып. 2021 жылы pre-FEED жобасы әзірленді, жобаның ТЭН әзірленді және Мемлекеттік сараптамаға жіберілді. 2022 жылы зауыт құрылысына EPC-келісімшартқа қол қою, ЖСҚ әзірлеу, жабдыққа тапсырыс беру және құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау жоспарлануда. Зауыт құрылысын аяқтау 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына жоспарланған.



## СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖОБАЛАРЫ

- ҚМГ Қаражанбас кен орнында қабатты суды тұщыландыру бойынша зауыт салу жобасын іске асыруға, сондай-ақ суды тұщыландыру бойынша зауытқа инженерлік желілерді жүргізуде СІТІС ENVIROTECH LTD компаниясына жәрдем көрсетеді. Қазіргі уақытта инженерлік желілерді жүргізу бойынша жұмыстарды орындау мәртебесі 98%-ды, ал зауыттың өзі 80,5%-ды құрайды. Сондай-ақ, 2021 жылы және ағымдағы жылдың басынан бастап зауыттың желдету жүйесі мен химиялық реагенттерден басқа, жоба бойынша барлық технологиялық жабдықтар жеткізілді (жолда). Зауыт құрылысын аяқтау (ОЗПВ) мен пайдалануға берудің жалпы мерзімі 2022 жылдың екінші тоқсанына жоспарланып отыр.
- Сондай-ақ ҚМГ Қазақстан Республикасы Атырау және Маңғыстау облыстарының қолданыстағы тапшылығын және су тұтыну көлемінің перспективалық өсуін қанағаттандыру үшін **«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық сұтартқышының өткізу қабілетін ұлғайту және тозған жабдықты жаңарту бойынша жобаны** іске асырады. Жобаның 1-ші кезегі шеңберінде су беру қуатын 2024 жылдың соңына қарай жылына 30 100 мың м<sup>3</sup>-ден жылына 68 388 мың м<sup>3</sup>-ге дейін ұлғайту жоспарлануда. Қазіргі уақытта жобаның ЖСҚ әзірленді және жобаны қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жасалды.

- ҚМГ Маңғыстау облысын дамытудың кешенді жоспарына сәйкес қуаты тәулігіне 50 мың м<sup>3</sup> **Кендірлі демалыс аймағы ауданында теңіз суын магистральдық құбырмен тұщыландыру бойынша зауыт салу жобасын** іске асыруда. Аталған зауыттың мақсаты су тапшылығын қанағаттандыру үшін Жаңаөзен қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету болып табылады. Зауыт құрылысын аяқтау мерзімі 2024 жылдың соңына жоспарланып отыр.

## САТЫП АЛУ ПРАКТИКАСЫ

103-1, 103-2, 103-3, 204-1, 102-9, 102-10

Орнықты даму қағидаттарына сәйкес келуге ұмтыла отырып, тиімді сатып алу қызметін қамтамасыз ету стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін ҚМГ қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚМГ компаниялары тобының сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары заңнамалық және ішкі талаптарды сақтау, сатып алудың ашықтығы, адал бәсекелестікті дамыту және контрагенттер үшін тең мүмкіндіктер беру болып табылады. Сонымен қатар, ҚМГ қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға



жәрдемдесу бағдарламасын іске асыру шеңберінде отандық өндірушілерді қолдау үшін сатып алу қызметінде бірқатар бастамаларды жүзеге асырады.

ҚМГ компаниялары тобының сатып алу рәсімдеріндегі ең озық халықаралық стандарттар мен технологиялар негізінде ашықтық пен тиімділік деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін сатып алудың барлық қатысушыларына арналған мүмкіндіктер теңдігіне, барлық мүдделі тұлғалардың сатып алу туралы ақпаратына (жекелеген жағдайларды қоспағанда, бірінші кезекте мемлекеттік құпияға байланысты) кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ететін «Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі» порталы <https://www.skz.ru/regulations/> (бұдан әрі – ЭСАЖ) қолданылады.

ЭСАЖ сатып алу циклінің барлық рәсімдерін автоматтандыруға және стандарттауға (жоспарлау процесінен бастап шарттарды басқаруға дейін), міндеттерді орындау кезінде уақытты қысқартуға және адам факторының әсер ету дәрежесін әлсіретуге мүмкіндік береді. Электрондық сатып алу нарыққа қол жеткізуді жеңілдетеді және осылайша тиімділікті арттыруға, бәсекелестіктің өсуіне және әкімшілік жүктеме мен операциялық шығыстардың төмендеуіне ықпал етеді.

Сауда-саттыққа қатысуға шақырулар және шарттар жасасу талаптары туралы ақпаратты қоса алғанда, сатып алу рәсімдері мен сатып алуға арналған келісімшарттарға қатысты сатып алу туралы ақпаратты жария таратудан басқа, ЭСАЖ іріктеу өлшемшарттары мен сауда-саттықты өткізу қағидаларын және оларды жариялауды қоса алғанда, бәсекелес сатып алуға қатысу үшін талаптарды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ретте ЭСАЖ нормативтік құжаттарда белгіленген қағидалар немесе рәсімдер сақталмаған жағдайда сатып алу нәтижелеріне шағым жасауды қоса алғанда, тиімді ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, ЭСАЖ мемлекеттік деректер қорымен біріктірілген, бұл сатып алуға қатысушылардың ресурстарын үнемдеуге мүмкіндік береді: уақыт, тендерлік құжаттаманы дайындауға арналған қағаздың үлкен көлемі, құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін дайындауға арналған ақша қаражаты, құжаттаманы жіберуге арналған пошта шығыстары, иссапар шығыстары.

## Сатып алудың жалпы көлемі

ҚМГ сатып алу қызметінің маңызды аспектілерінің бірі бір көзден сатып алуды қысқарту және бәсекелі сатып алу үлесін арттыру болып табылады. Осыған байланысты ҚМГ және еншілес және тәуелді қоғамдардың (ЕТК) басшы қызметкерлерінің жауапкершілігі, оның ішінде басшылар қызметінің негізгі көрсеткіштері картасында нысаналы индикаторды (ҚНҚ) белгілеу арқылы көзделген.

Бәсекелес нарықты дамытуға ұмтылуға қарамастан, холдингшілік кооперация шеңберінде және (немесе) бір көз арқылы жүзеге асырылатын бәсекеге қабілетсіз сатып алу үлесі айтарлықтай басым, бұл, ең алдымен, бәсекелес ортаның болмауына (мысалы, мұнайды магистральдық құбырлармен тасымалдау, қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында мұнайды қайта өңдеу және т. б.) және орналастыру өңірлеріндегі (мысалы, мұнай-сервистік қызметтерді сатып алу) әлеуметтік жағдайды қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты.

Есепті кезеңде жеткізілген тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жалпы сомасы (жылдық және ұзақ мерзімді сатып алуды ескере отырып) **1 216** млрд теңгені құрады, оның **78%**-ы жергілікті қамтым үлесіне келеді.

## ТАУАРЛАР, ЖҰМЫСТАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ, МЛРД ТЕҢГЕ

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Жиыны	
	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамтым үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамтым үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамтым үлесі, %
2019	473	63	1 659	83	2 132	81
2020	472	71	1 354	86	1 826	82
2021	273	57	943	85	1 216	78

Ескертпе: ҚТГ шығарылған компаниялар тобы бойынша 2021 жылғы тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жалпы сомасы және жергілікті қамтым үлесі: тауарлар – 201 млрд теңге, ЖҚ үлесі – 97%, жұмыстар мен қызметтер – 341 млрд теңге, ЖҚ үлесі – 86%, жалпы сомасы – 541 млрд теңге, ЖҚ үлесі – 90%.

2021 жылмен салыстырғанда тауарларды сатып алудағы жергілікті қамтым үлесінің 14%-ға төмендеуі 2021 жылдың басында ҚМГ құрылымынан ҚТГ (газ сатып алу) шығарумен байланысты.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі және «Самұрық-Қазына» АҚ реттейтін сатып алу рәсімдерінің субъектілері болып табылатын ҚМГ-нің барлық еншілес ұйымдары бойынша шоғырландырылған деректерді көрсетеді.

## Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеу

Сатып алу қызметі саласындағы халықаралық практика әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеуді


жүргізу тетігінің кеңінен дамуын көрсетеді. Қазақстандық және халықаралық практиканың талаптары мен стандарттарын ескере отырып, сатып алу қызметін тұрақты жетілдіру ҚМГ үшін басым міндеттердің бірі болып табылады.

Алдын ала біліктілік іріктеу (АБИ) – әлеуетті өнім берушілерді сауалнама және аудит арқылы жүзеге асырылатын, Стандартқа сәйкес айқындалған біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан бағалау процесі.

АБИ негізгі мақсаттары:

1. белгіленген біліктілік өлшемшарттары бойынша өнім берушілерді бағалаудың қарапайым, ашық және тиімді процесін ұйымдастыру;
2. нақты жергілікті өндірушілерді қолдау;
3. сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің (ТЖҚ) сапасын арттыру;
4. өткізу мерзімдерін қысқарту және сатып алу рәсімдерін оңайлату.

## ПКО РӘСІМІ



\* ҚТГ-нің активтер құрылымынан шығуына байланысты көрсеткіштер деңгейінің төмендеуі



## Санаттық сатып алулар

Сатып алу санаттарын басқару басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметіне және пайдалануға байланысты шығындарды азайтудың кешенді тәсілдемесін әзірлеу процесі болып табылады.

Санаттау сатып алу нысанасының және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің бірыңғай нарығының жалпы белгілері бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу санатына біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Санаттар тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бір және бірнеше атауын қамтуы мүмкін. Басымдықтар ретінде шығындар деңгейі жоғары, сыни, үнемдеу және басқару әлеуеті бар санаттар анықталады.

Санаттық басқару сатып алудың санаттық стратегиясын әзірлеу және бекіту арқылы егжей-тегжейлі талдау арқылы үнемдеу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл стратегия ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективада пайданы барынша көбейтілуін негізге ала отырып, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға оңтайлы тәсілдемені айқындайды. Сатып алудың санаттық стратегиялары мақсаттар мен міндеттер, ішкі және сыртқы ортаны талдау, сатып алу санаттарын басқару тәсілдемелері, жеткізушілерді дамытуға қойылатын талаптар, пайданы есептеу және іске асыру жоспарын қамтуы тиіс.

Санаттық басқару стратегиялық жоспарлауды қолдану, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді егжей-тегжейлі талдау және меншіктің жалпы құнын есептеу арқылы, сондай-ақ бизнестің өртүрлі құрылымдық бөлімшелерімен кросс-функционалды өзара әрекеттесу арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу және пайдалану шығындарын едәуір төмендетеді. Жабдықтаудың бұл әдісі сенімді өндірушілермен және жеткізушілермен жұмыс жасай отырып, сапаны да, ашық бағаны да қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндер үшін тиімді.

Сатып алудың санаттарын басқару өзінде мыналарды қамтиды:

- сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді санаттауды және сатып алудың басым санаттарын айқындауды;
- басым санаттар бойынша сатып алудың санаттық стратегияларын әзірлеуді (актуалдауды) және бекітуді;
- сатып алудың санаттық стратегияларын іске асыруды;
- сатып алудың санаттық стратегияларын іске асыру мониторингі;
- жеткізушілерді дамытуды.

ҚМГ бойынша 2021 жылы санаттық сатып алу көлемі 117 436,49 млн теңгені құрады. Осы әдісті қолдану кезінде басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде 13 527 млн теңге сомасында экономикалық тиімділікке қол жеткізу жоспарлануда.

### 2017-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ САНАТТЫҚ САТЫП АЛУДЫҢ КӨЛЕМІ МЕН ПАЙДАСЫ:

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Санаттық сатып алудың көлемі, млн теңге	41 531,68	49 716,04	117 436,49
Сатып алуды санаттық басқару пайдалары, млн теңге	4 101,81	7 011,23	6 494,76

## Импорт алмастыру

Мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін білдіретін компания бола отырып, ҚМГ оффтейк-шарттар жасасу арқылы жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде импортты алмастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты жаңа өндірістерге

бастамашы болған жеке кәсіпкерлерді қолдау, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компанияларында сұранысқа ие өнім шығару мақсатында технологиялық қайта жарақтандыру болып табылады.

Оффтейк-шарттардың тетігі жобаны іске асыру нәтижесінде өндірісі құрылатын тауарларды сатып алу мен жеткізудің кейінге қалдыру шартымен импортты алмастыратын жобаларды іске асыруды көздейді.

## Тұрақты сатып алуға бейілділігі

ҚМГ-нің орнықты даму саласындағы қағидаттары заңдылық пен ашықтық, шарттар талаптарын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік негізінде контрагенттермен өзара іс-қимылды жүзеге асыруда, сондай-ақ факторларды: үздік баға, сапа және шарттар, контрагенттің іскерлік беделі негізінде контрагенттерді іріктеуде көрініс тапты.

Бұл ретте ҚМГ өз кезегінде контрагенттерге қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтау, қызметкерлерге әділ қарым-қатынас жасау, балалар еңбегін пайдаланбау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және этикалық мінез-құлықтың өзге де қағидаттарын ұстану бойынша қарсы міндеттемелер ұсынады.

Бұл шарттар ҚМГ-нің контрагенттермен еңбек құқықтарын сақтау және Қазақстан Республикасы азаматтарының қолайлы еңбек жағдайларын жасау, балалардың құқықтарын қорғау және экологиялық қауіпсіздікті сақтау мақсатында жасасатын шарттарының талаптарына енгізілген. ҚМГ-нің пікірінше, бұл шаралар ҚМГ-мен ынтымақтасатын компаниялардың заңсыз қызмет ету жағдайларының санын азайтуға көмектеседі.

Тауарларды сатып алуды жүзеге асыру кезінде ҚМГ сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификаттарын беру туралы әлеуетті жеткізушілерге қойылатын талаптарды да белгілейді.

## Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау және мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қамтамасыз ету

103-1, 103-2, 103-3, 414-1

Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері үшін еңбек қатынастары саласында белгіленген кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында **ЕТҰ-ның ҚМГ объектілерінде қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен өзара іс-қимылы кезіндегі қызмет жөніндегі үлгілік регламент бекітілді** және қазіргі уақытта оны ҚМГ ЕТҰ-ға енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Регламент жеке персоналы бар мердігерлік ұйымдармен шарттар жасасу және олардың орындалуын мониторингілеу кезінде ЕТҰ-ны орындау үшін міндетті және ЕТҰ-ның мердігерлік ұйымдармен



шарттарының құрамдас бөлігі болып табылады. Аталған регламенттің негізгі мақсаты мердігер ұйымдар қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

ЕТҰ-дағы жағдай ҚМГ-нің тұрақты мониторингінде тұр және салыстырмалы тұрақтылықты сақтайды. Пандемия кезеңінде мердігерлік ұйымдардың тоқтап қалуынан туындаған ықтимал жағымсыз салдарларды сезіне отырып, ҚМГ қызметкерлердің жұмыспен қамтылуын сақтау үшін жұмыс көлемін бөлу арқылы мердігер ұйымдарды барынша қолдау, компания мүдделері мен әлеуметтік-экономикалық жағдай арасындағы балансты қолдау жөнінде шаралар қабылдады.

ҚМГ мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің жалақысын арттыру үшін ЕТҰ мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің айлық тарифтік мөлшерлемелері/ лауазымдық жалақылары ҚМГ ЕТҰ кәсіптерінің ұқсас атауларының айлық тарифтік мөлшерлемелерінің/ лауазымдық жалақыларының 70%-ынан төмен болмауы және ең төменгі әлеуметтік пакетті енгізуі үшін шарт жасасу кезеңінде мердігерлерге қойылатын талаптарды белгілеуді ұсынады. Осы мақсатта ҚМГ тобы 2021 жылы 3,8 млрд теңге сомасында қаражат бөлді.

## БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАРСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

206-1

Есепті кезеңде ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарына қатысты монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты 26 әкімшілік іс қозғалды (бәрі ЕТҰ-ға қатысты).

Оның ішінде 1 әкімшілік іс ЕТҰ пайдасына ішінара қаралды, 12 әкімшілік іс ЕТҰ пайдасына қаралмады, 13 іс қаралуда.

Бәсекелестікке қарсы мінез-құлыққа, трастқа қарсы және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты азаматтық істер жоқ.

## ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІК


419-1

Әлеуметтік және экономикалық реттеу саласындағы заңнамалық және нормативтік актілермен сәйкессіздік, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтармен даулар болған азаматтық және әкімшілік істер болған жоқ.



2021

# ҚОСЫМШАЛАР



ТӘУЕЛСІЗ ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП	164
1. ЕСЕП БЕРУ ШЕКАРАЛАРЫ, ӨЗГЕРІСТЕР, ЕСКЕРТПЕЛЕР	166
2. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР	168
3. GRI CONTENT INDEX МАЗМҰНЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ	171
4. АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	183
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	188



«Эрнст энд Янг – кеңестемелік қызметтер» ЖШС  
 Әл-Фараби д-лы, 77/7  
 «Есентай Тауэр» ғимараты  
 Алматы қ., 050060  
 Қазақстан Республикасы  
 Тел.: +7 727 258 5960  
 Факс: +7 727 258 5961  
 www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг – консультационные услуги»  
 пр. Аль-Фараби, 77/7  
 здание «Есентай Тауэр»  
 г. Алматы, 050060  
 Республика Казахстан  
 Тел.: +7 727 258 5960  
 Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young Advisory LLP  
 Al-Farabi ave., 77/7  
 Esental Tower  
 Almaty, 050060  
 Republic of Kazakhstan  
 Tel.: +7 727 258 5960  
 Fax: +7 727 258 5961

## Тәуелсіз жұмыс істеп жүрген маманның сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмасы туралы қорытындысы

«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның акционерлеріне, Басшылығына және мүдделі тараптарына

### Тапсырма мәні

«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі «Компания») тапсырмасымен біз Компанияның қоса беріліп отырған 2021 жылғы (бұдан әрі - «есепті кезең») тұрақты даму саласындағы есебіне (бұдан әрі - «Есеп») қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін, Халықаралық тапсырмалар стандарттарында айқындалғандай шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы (бұдан әрі - «Тапсырма») орындадық. Осы тапсырманың шеңберінде біз келесі аспектілерге:

- ▶ Компания қызметінің болашақ оқиғалары мен нәтижелеріне қатысты мәлімдемелер;
- ▶ «КазТрансГаз» АҚ-на қатысты сандық және сапалық ақпарат;
- ▶ мердігерлік ұйымдардағы жұмыс уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR) мен өлім оқиғаларының коэффициенттеріне (FAR) қатысты сандық және сапалық ақпарат; және
- ▶ Есептің Тұрақты Даму Мақсаттары мен БҰҰ-ның Жаһандық шарт қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпаратқа қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін процедураларын жүргізбедік.

### Қолданылатын критерийлер

Есепті дайындау кезінде Компания қолданудың Негізгі нұсқасында есептілік бойынша Жаһандық бастаманың тұрақты даму саласында есептілік стандарттарының жүйесін (бұдан әрі - «Стандарты GRI») және «Есеп туралы» бөлімде, Есептің «1-қосымшасында», сондай-ақ Есеп мәтініндегі көрсеткіштердің ескертпелерінде (бұдан әрі - «Критерийлер») баяндалған тұрақты даму саласындағы Компанияның есептілік жөніндегі қағидаттарын қолданды.

### Компанияның жауапкершілігі

Компания басшылығы Критерийлердің таңдалуы және Есептің осы Критерийлерге сәйкес барлық елеулі қатынастарда шынайы түрде ұсынылуы үшін жауапкершілік көтереді. Мұндай жауапкершілікке ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, ендіру және қолдау, тиісті құжаттаманы жүргізу және Есеп теріс пиғылды әрекеттерден немесе қатеден туындаған елеулі бұрмалануларды қамтымайтындай етіп, оның дайындалуына қатысы бар бағалау мәндерінің есебі жатады.

### Жұмыс істеп жүрген маманның жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз Есептің біз алған дәлелдердің негізінде ұсынылуы туралы тұжырымның жасалатындығында.

Біз сенімділікті қамтамасыз ету бойынша осы тапсырманы «Өткен кезеңдердің қаржы ақпаратының аудитінен және шолып тексеруден өзгеше болатын сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» 3000-шы (қайта қаралған) сенімділікті қамтамасыз ететін Халықаралық тапсырмалар стандартына (бұдан әрі - «3000-шы СҚХТС») сәйкес орындадық. 3000 СҚХТС біз Тапсырманы Есептің Критерийлерге сәйкес барлық елеулі қатынастарда ұсынылуында шектелген сенімділікті алатындай және Қорытындыны шығаратындай етіп жоспарлауымызды және орындауымызды талап етеді. Таңдалған процедуралардың сипаты, мерзімдері мен көлемі, теріс пиғылды әрекеттердің немесе қатенің салдарынан ақпараттың айтарлықтай бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, біздің кәсіптік пайымдауымызға байланысты болады.

Біз қолдағы дәлелдер шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін тұжырымымыз үшін негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылады деп есептейміз.

### Біздің тәуелсіздігіміз және сапаны бақылау

Біз 1-ші Халықаралық сапаны бақылау стандартын (1-ші ХСБС) қолданамыз және тиісінше, сапаны бақылаудың сенімді жүйесін, оның ішінде маңызды этикалық талаптар мен кәсіптік стандарттардың, сондай-ақ заңмен немесе нормативтік актімен белгіленген талаптардың орындалуын құжаттай растайтын саясаттар мен процедураларды қолдаймыз.



Біз тәуелсіздік талабын және бухгалтерлер үшін Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес шығарған Кәсіптік бухгалтерлердің халықаралық этика кодексінің басқа да этикалық талаптарын сақтаймыз, әрі ол адалдықтың, объективтіліктің, кәсіптік құзырлықтың және лайықты мұқияттылықтың, құпиялылық пен кәсіптік мінез-құлықтың фундаменталды қағидаттарын белгілейді.

#### **Орындалған процедуралардың сипаты**

Сенімділікті қамтамасыз ететін орындалған тапсырма шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы білдіреді. Шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың шеңберінде орындалатын процедуралардың сипаты, мерзімі мен көлемі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмаға қарағанда аз болады. Тиісінше, шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейі бұдан да төмен болады.

Процедураларымыздың сипаты мен көлемін анықтау кезінде басшылықтың ішкі бақылау құралдарының тиімділігін назарға алсақ та, сенімділікті қамтамасыз ететін біздің тапсырмамыз ішкі бақылау құралдарына қатысты сенімділікті қамтамасыз етуге арналмаған. Біздің процедураларымызға бақылау құралдарын тестілеу немесе шоғырландыруды тексерумен немесе ақпарат жүйелеріндегі деректерді есептеумен байланысты процедураларды орындау кірмеді.

Шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмаға, бірінші кезекте Есепті және тиісті ақпаратты, сондай-ақ талдау және басқа да қажетті процедураларды дайындауға жауапты адамдардың арасында сауалнама жүргізу жатады.

Біздің процедураларымызға мыналар жатады:

- ▶ тұрақты даму саласындағы саясаттар, қызмет пен нәтижелер үшін, сондай-ақ тиісті есептілікті дайындау үшін жауап беретін Компанияның басшылары мен мамандарының арасында сауалнама жүргізу;
- ▶ Компанияның тұрақты даму саласындағы саясаттарына, қызмет нәтижелеріне және есептілігіне қатысты шешуші құжаттарды талдау;
- ▶ Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметінің көрсеткіштері бойынша есептілікті дайындау процесінің түсінігін алу;
- ▶ есепті халықаралық және қазақстандық мұнай-газ саласындағы компаниялардың бірқатары дайындаған тұрақты даму саласындағы есептермен және мүдделі тараптар қозғаған салаға тән болатын тұрақты даму саласындағы тақырыптар тізбесімен салыстырмалы талдау;
- ▶ Компанияның есепті кезеңдегі тұрақты даму саласындағы саясаттарын, оқиғаларын және қызметінің нәтижелерін қозғайтын бұқаралық

ақпарат құралдары мен Компанияның корпоративтік баспа басылымдарындағы іріктелген жарияланымдарды зерделеу;

- ▶ Компания анықтаған тұрақты даму саласындағы елеулі мәселелерді талдау;
- ▶ жоғарыда аталған процедуралардың негізінде Компания үшін елеулі болатын тұрақты даму саласындағы мәселелерді анықтау және бұл мәселелердің Есепте көрсетілу амалдарын талдау;
- ▶ мұнай мен газды өндіру, тасымалдау мен қайта өңдеу, экономика және қаржы, персоналды басқару, энергетикалық ресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, есепті кезеңде әлеуметтік және қайырымдылық қызметі саласында шешуші көрсеткіштер бойынша деректерді Компания деңгейінде көрсетілген деректердің лайықты түрде жиналуына, дайындалуына, біріктірілуіне және Есепке қосылуына көз жеткізу үшін талдау;
- ▶ Компанияның корпоративтік орталық деңгейінде Есепте қамтылған сапалы және санды ақпаратты растау мақсатында дәлелдерді жинау;
- ▶ Есептің және оны дайындау процесінің Компанияның тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі қағидаттарына сәйкестігін бағалау;
- ▶ Есептегі ақпарат пен деректердің ашылып көрсетілуінің GRI Стандарттарына «сәйкес» Негізгі нұсқа дәрежесінде дайындау сәйкестігін бағалау.

Сондай-ақ біз бұл жағдайларда орынды деп санаған басқа да процедураларды орындадық.

#### **Тұжырым**

Жүзеге асырылған процедуралардың және қолдағы дәлелдердің негізінде Есеп Критерийлерге сәйкес барлық елеулі ара қатынастарда шынайы ұсынылмаған деп есептеуге мәжбүрлейтін еш факторлар назарымызды аудартады.

*Ernst & Young Advisory LLP*

Алматы қ.  
2022 жылғы 30 мамыр

# 1-ҚОСЫМША. ЕСЕП БЕРУ ШЕКАРАЛАРЫ, ӨЗГЕРІСТЕР, ЕСКЕРТПЕЛЕР

102-45, 102-46, 102-48, 102-49

Есептің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі ҚМГ еншілес пен тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ қызметін ҚМГ-нің бақылау құқығы бар заңды тұлғаларды қамтиды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген заңды тұлғалардың тізбесі мынадай маңызды тікелей еншілес ұйымдармен берілген: «КазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «КазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС, «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ,<sup>20</sup> Cooperative KazMunaiGaz U.A., «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, KMG International N.V., TOO «KMG Drilling & Services».

## «Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру» бөлімінің шекарасы

14 ЕТҰ құрайды, олар топтың энергия сыйымды кәсіпорындарын барынша толық көлемде көрсетеді.

- **«Мұнай мен газ өндіру»** – «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «ҚазақОйл Ақтөбе» ЖШС.
- **«Мұнай және газ көлігі»** – «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы (10 айдағы деректер) «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Аманкелді Газ» ЖШС, «Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС ұсынды.
- **«Мұнай және газ өңдеу»** – «АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «ПҚОП» ЖШС, «Caspi Bitum» БК» ЖШС.

## «Су ресурстарын пайдалану» бөлімінің шекаралары:

«Қаражанбасмұнай» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «ҚазақОйл Ақтөбе» ЖШС, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «Caspi Bitum» БК» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК»

ЖШС, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азия газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Аманкелді Газ» ЖШС, «Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС, «СӨТБ» ЖШС – осы еншілес және тәуелді компаниялар ҚМГ-нің негізгі операциялық активтері болып табылады және Қазақстанның су ресурстарын пайдалануға елеулі әсерін тигізеді:

ҚТГ компаниялар тобы «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Аманкелді Газ» ЖШС, «Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС ұсынылған.

## «Атмосфералық ауаға шығарындылар» бөлімінің шекаралары ҚМГ мынадай еншілес және тәуелді ұйымдарын қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС,

«Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС және мұнай сервистік ұйымдар.

ҚТГ компаниялар тобы «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Аманкелді Газ» ЖШС, «Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС ұсынылған.

## «Шикі газды тиімді пайдалану» бөлімінің шекаралары мынадай ҚМГ еншілес пен тәуелді ұйымдарын қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС,

«Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ.

## «Қалдықтарды басқару» бөлімінің шекаралары:

«Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС, «Орал Ойл энд Газ» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Жамбыл Петролеум» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС,

<sup>20</sup> 2021 жылғы 8 қарашаға дейін ҚТГ қызметі «Газды өткізу және тасымалдау» операциялық сегментіне кірді. ҚТГ-ны бергеннен кейін «Өткізу және тасымалдау» сегменті бұдан былай сегменттер туралы ескертпеде берілмейді.



